

**ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ:
ХАТТАР СӨЙЛЕЙДІ**

**КАЮМ МУХАМЕДХАНОВ:
ПИСЬМА ГОВОРЯТ**

Алматы 2016

ӘОЖ 821.512.122-6
КБЖ 84 (5 Каз-Рус)
М 86

Құрастырғандар:

«Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры.

Пікір жазған:

Шаяхметұлы Қ. Ш., филология ғылымдарының кандидаты,
профессор.

Жауапты редакторы:

Смағұлова А. Т., филология ғылымдарының кандидаты.

Мұхамедханов Қ.

М 86 Хаттар сөйлейді. - Письма говорят. – Алматы. 2016. –
336 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-280-651-9

Ғұлама ғалым Қайым Мұхамедхановқа жолданған хаттар топтастырылған бұл кітап өткен тарих беттерін парақтайды. Хаттардың тақырыбы да, мазмұны да әр алуан. Бірі ұлы тұлғалардың өмірінен сыр шертсе, бірі ел-жер тарихынан мағлұмат береді. Ұлы тұлғаның қаламынан шыққан бұл жазба материалдар әркезде тағлымның бастауы болып қала берері сөзсіз. Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

Книга издается к 100 летию Каюма Мухамедханова.

Она включает часть установленных нами на сегодняшний день писем. Это переписка Каюма Мухамедханова с интересными людьми XX века, с библиотеками, музеями и архивами на темы нашей истории и культуры. Книга будет интересна педагогам, школьникам, студентам и широкому кругу читателей.

**ӘОЖ 821.512.122-6
КБЖ 84 (5 Каз-Рус)**

© Мұхамедханов Қ., 2016
© «Қайым Мұхамедханов атындағы
білім және мәдениет орталығы»
қоғамдық қоры, 2016

ISBN 978-601-280-651-9

ӨМІР ТАНЫМДЫҚ ҒИБРАТ ПАРАҚТАРЫ

Шығармашылық еңбекпен есімі мәшһүрленген тұлғалардың көзі тірі күнінде оқырман жұртшылық назарына ұсынылмайтын бір сала жазба материал бар. Атап айтқанда, ол – ғұмырнамалық маңызы айрықша бағаланатын, ой мен сезімді бірдей баурайтын ерекше тартымды эпистолярлық мұра.

Атақты ғұлама, сарабдал қаламгер, ардагер азамат Қайым Мұхамедхановтың ақындық, аудармашылық, әдеби-тарихи зерттеушілік туындылары көптомдық басылыммен жарияланып келе жатқаны белгілі. Сол шоғырдың келесі жалғасы ретінде, міне, ол кісінің хат жазып, хат алып, жан сарайындағы мың сан сұрақтардың жауабына қанығуға ұмтылғандығын айғақтайтын жеке том жарыққа шығып отыр.

Хат жазудың дәстүрлі үлгілері ағайын-туғанның, жақын-жуық таныстардың амандық-есендік білдірулерінен бастау алады. Мұнан әрі қарай түрлену хат жолдаушылардың қоғамдық-әлеуметтік мәртебелеріне сәйкестенеді. Мазмұн мен мән тиісінше зияткерлік құндылыққа айналады.

Қайым Мұхамедхановтың эпистолярлық мұрасы осы тұрғыдан қарағанда заманауи дәрежесін өзінен-өзі айқындайды. Адамдық ішкі сыр хат арқылы мейлінше терең, нәзік, өткір, таза жеткізіледі. Хат иесінің бейнесі қайтпас қайсар жайсаңдық сипатқа иеленеді.

Біреп мысал сілтеме жасасақ, барлығы да ұғынықты болар: Абай шығармаларының тұңғыш жинағын шығарған баспагер Ілияс Бораганскийдің кім екендігін

анықтауда жиырма жыл бойы хат жазысу арқылы жүзеге асырған.

Сондай-ақ Ілияс Молдажановтың өмір жолын ізерлеп ашуға ұмтылысында да хат арқылы хабарласуға бекем ден қойғандығы көрініп тұр.

Ең өкініштісі, әрине, «Абай жолы» эпопеясын фактілік деректермен қуаттандырған хаттардың, Мұхтар Әуезовтің ризалығына бөленген хаттардың тағдыры... Кім біледі, әлі де үміт үзбеген жөн.

Тұтастай алғанда, Қайым Мұхамедхановтың хаттары жинақталған бұл кітап ұлттық игілік қорына елеулі үлес болып қосыларына сеніміміз кәміл.

Қинаят Шаяхметұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
профессор, Семей қаласы.

БІРІНШІ БӨЛІМ

СССРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ БАСТЫҒЫ САТПАЕВ ЖОЛДАСҚА

Сізге Семей қаласындағы кітапханалардың саналы төзбестік аянышты халін аз сөзбен баяндап өтуді мақұл көрдім.

1. Гоголь атындағы кітапхана. Бұл кітапхананың бағалы кітаптарының көбі соғыс кезінде талан-таражға түсіп кетті. Араб әрпімен жазылған кітаптардан бірде кітап жоқ, құртылған.

2. Облыстық музейдің кітапханасы иесіз. Соғыс кезінде оның да бағалы кітаптары әркімнің қолында кеткен. Кітаптарды түгелдемек болып барған комиссия барлық кітапты орнынан алып, жерге үйіп қойып тексерген. Бұл жағдай кітапты түгендеуді мүлдем қиындатып жіберген.

Музейдің библиотекары жоқ. Осы кітапхананы Абай музейіне қосса пайдалы болар еді.

3. Бүкіл Қазақстан үшін тарихи маңызы зор Семейдегі педтехникумның кітапханасы шашылып біткен. Техникумді Аякөзге көшіріп, орнына физкультурный техникум ашқан еді. Кейіннен ол жойылды. Педтехникум қайтадан Семейге келіп қазірде орыс, қазақ педучилищесі болып отыр. Бірақ өзінің тарихынан айырылған деуге әбден болады.

Осылар сияқты талай кітапханалар, мысалы екі жылдық мұғалімдер курсының кітапханасы шашылып кетті.

Осы айтылған аз ғана мәлімдемелерден Семейдің мәдениетінің хал-жайын топшылауға болады.

Осы жайларды сіздің есіңізге саламын.

Қайым Мұхамедханов.

27. 11. 1945 ж.



**Председателю Совета Министров
Каз. ССР
товарищу УНДАСЫНОВУ Н.Д.
Секретарю ЦК КП(б)К
товарищу ОМАРОВУ И.О.
Президенту Академии наук Каз. ССР
академику САТПАЕВУ К.И.**

Опыт двух юбилеев Абая – 1940 и 1945 гг. – показал, что каждый раз подготовка юбилея производилась наспех, в результате чего ряд намечавшихся мероприятий или вовсе не был выполнен или выполнен неудовлетворительно.

Это, прежде всего, касается наиболее трудоемких работ, по своему характеру требующих времени для исполнения. В основном – это строительство капитальных мемориальных сооружений, а также намечавшиеся мероприятия по художественному увековечению Абая.

Широкая программа этих мероприятий, утвержденная Правительственным и областным юбилейными комитетами, с окончанием юбилейных торжеств, была забыта. Однако по своему содержанию она остается актуальной и для настоящего времени. Ее можно и необходимо выполнить к 50-летию со дня смерти Абая – в 1954 году. Для этого необходимо приступить к ее выполнению, заранее начав подготовку уже в текущем году:

1. Сооружение общенациональных памятников:

- а) постройка мавзолея над могилой Абая;
- б) сооружение бронзового памятника в г. Семипалатинске и г. Алма-Ате;

Ввиду ответственности задач было бы целесообразно объявить закрытый конкурс эскизов с достаточными премиями для привлечения лучших архитекторов и художников Союза. При условии объявления конкурса в 1950г. со сроком исполнения эскизов к концу 1951г. сама постройка может быть осуществлена в 1952-54 годах.

2. Реставрация зимовки Абая в Жидебае и ее озеленение.

В 1945 году были составлены проект и смета. В зимовке Абая необходимо открыть мемориальный дом-музей Абая – по типу местных домов-музеев Пушкина, Лермонтова, Толстого, Чехова и др. Работы могут быть осуществлены в 1950-51 гг.

3. Установление 4-х мемориальных досок, в домах, где жил Абай и 12 надгробных плит на могилах друзей Абая.

Ввиду отсутствия декоративного камня в Семипалатинске необходимо заказать требуемый камень на Урале или в карьерах Турксиба.

4. Художественное увековечение Абая в скульптуре и живописи.

Бюсты:

а) бронзовый бюст Абая на гранитном постаменте для установки во дворе музея Абая;

б) комнатный бюст Абая в дереве для музея Абая;

в) комнатные бронзовые и гипсовые бюсты Абая для массового потребителя;

г) кабинетные настольные фарфоровые бюсты Абая для массового потребителя (заказ Ломоносовскому фарфоровому заводу в Ленинграде).

Картины (масло и акварель) на темы:

1) Абай-поэт;

2) Абай в русской школе;

3) Абай и Токжан;

4) Абай и его русские друзья;

5) Знакомство Абая с Михаэлисом;

6) Абай и Абдрахим (приезд Абдрахима из СПб);

7) Абай и Кунанбай (борьба с феодальным мировоззрением) и другие темы.

Картины имеются в виду использовать для экспозиции в музее Абая и в государственных и научных учреждениях Казахстана.

Опыт показал, что поспешные юбилейные заказы художественных произведений не дают удовлетво-

рительного результата. К ним трудно также привлечь серьезных художников. Между тем, абаевские темы интересуют и казахстанских художников (Кастеев, Ходжиков, Урманче, проф. Черкасский, Урал Тансыкпаев) и московских (лауреат Сталинской премии Чуйков, скульптор Мананникова и др.).

Для их привлечения и создания условий для успешного творческого исполнения необходимо, прежде всего, предоставить художникам достаточно времени (2-3 года) для исполнения. Во-вторых, необходимо создать организованный заказ.

Для этого мы считаем целесообразным:

1) для бюстов Абая и наиболее важных живописных тем объявить в 1950-51 гг. конкурс;

2) для других произведений создать постоянный денежный фонд на приобретение наиболее удачных из них в художественном отношении.

Приобретенные в таком порядке художественные произведения могут быть переданы музеям, государственным и научным учреждениям Казахстана.

Программа мероприятий по монументальному и художественному увековечению Абая, принятая решениями Правительственного и областного юбилейных Комитетов еще в 1945 г., не потеряла своей актуальности, а в связи с предстоящим 50-летием со дня смерти Абая в 1954г. приобретает особое значение.

Интерес к Абаю в самых широких кругах растет не только у нас в Союзе, но и в зарубежных странах, особенно после выхода в свет романа лауреата Сталинской премии М.О.Ауэзова.

Работники музея Абая по своему положению более чем другие чувствуют в своей ежедневной работе этот прилив широкого интереса к Абаю.

В 1954г. на предстоящую 50-летнюю годовщину со дня смерти Абая, мы можем ожидать прибытия делегаций из зарубежных демократических стран. Если не приступить сейчас же к подготовительным работам, то

мы вновь можем оказаться в неловком положении как в 1945г., когда при праздновании юбилея на родине поэта – гостям не пришлось даже показать могилы Абая: могила и, особенно, зимовка были в состоянии полного запустения и разрушения. Они не исправлены и по сей день.

Мы должны принять все меры к тому, чтобы монументальное увековечение Абая соответствовало действительному месту, занимаемому им в развитии казахской культуры и тому почету, с которым имя Абая чтится в сердцах советских народов¹.

Директор Государственного
Литературного Музея Абая
Академии наук Каз. ССР

Г.Мухамедханов



14.06.1949

Прим. сост. В конце письма автором сделана заметка о том, что копия письма была выслана М.Ауэзову и Б.Кенесбаеву для информации. К. Мухамедханов неоднократно приезжал в Алма-Ату для встречи с адресатами этого обращения.



¹ После нескольких личных встреч в Правительстве это обращение в итоге дало результат. Однако воплощение предлагаемых автором письма планов по увековечению Абая происходило не сразу. В другом письме К.Мухамедханова к Секретарю ЦК КП(б)К Омарову, в котором он поднимал нерешенные за несколько лет существования Музея Абая проблемы, он продолжил тему увековечения, предложил конкретные шаги и сроки по сооружению мавзолея Абая, реставрации зимовки в Жидебае и организации там музея, установлению Мемориальных досок, сооружению бронзового памятника поэту в Семипалатинске и в районе.

Қайым!

Сәлеметсіз бе? Сізге хат жазып отырған Әзілхан Нұршайыховтың қарындасы Мәлике Нұршайыхова.

Хат жазу себебім: жазда өзіңізге де айтқан едім: «Әзілханның газеттерге басылған өлең, әңгімелерінің жинақталуы туралы. Рас, сіз, әкел, басатын да болар» деген едіңіз. Мен үйден алғызып апарғанша сіз Абай ауданына командировкаға шығып кетіп, бірталай жүріп келдіңіз. Сіз келген күннің ертеңінде мен қайтып кетіп, ешбір мүмкіншілік болмаған еді. Ал қазір Әзілханның 15.01.1944 жылы жазған (соңғы) хатында: Мәлике Қайымға хат арқылы айтып, менің шығармаларымның жинақ болу жағына тырыс. Сол туралы Қайымға хат жазып жауабын маған жібер, – деп жазған еді, сол себепті сізге осы хатты жазып отырмын. Болған мүмкіншілігіңізше сол туралы жазушылар союзының алдына қойып, маған хабарын жіберсеңіз, мен Әзілханға жіберген болар едім. Әзілхан әлі фронтта, дені сау, алға басудамыз, сондықтан көңіл көтеріңкі дейді.

«Мен барып, жинақ болып шығармаларым шыққанша ұзақ уақыттар өтер», – дейді. Осы туралы хабарын сізден күтемін.

Хош-сау болыңыз! Сәлеммен **Мәлике**.
04.02.1944 ж.

г. Семипалатинск, редакция «Екпінді» уполномоченному Союзу писателей Семипалатинской области тов. Мухамедханову К.

Семипалатинская область, Жарминский район, колхоз Акбузау средняя школа имени А. С. Пушкина. От **М. Нуршаиховой** (учительница).¹



¹ Стилистика авторов писем здесь и далее по всей книге сохранена.

Дорогой Каюм!

В июне месяце с. г. Правление СПК созывает совместно с ЦК ЛКСМ конференцию молодых и начинающих литераторов республики.

Для того, чтобы на эту конференцию собрать самых способных, самых талантливых товарищей, Вам надо срочно выслать в ССПК лучшие произведения поэтов и писателей из Вашего актива (казахских и русских) для того, чтобы наша комиссия смогла отобрать нужных людей.

Второе: у Вас в Семипалатинске, по улице Коминтерна 23 живет старый партизан, занимающийся поэзией, тов. Чупин. У него, судя по письмам, чрезвычайно тяжелое бытовое положение (сам он и семья болеют, с питанием плохо).

Я прошу Вас посетить т. Чупина, ознакомиться с его положением и помочь через соответствующие областные организации.

О том, что Вы зайдете к т. Чупину я ему сообщил. До встречи в Алма-Ате.

Дмитрий Снегин.
12.V.1947 года.



СССР

МИНИСТЕРСТВО ПРОМЫШЛЕННОСТИ СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ
ГЛАВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ ПРОМЫШЛЕННОСТИ СТРОИТЕЛЬНОЙ КЕРАМИКИ

ГЛАВСТРОЙКЕРАМИКА

Москва, Дьяковский пер., 4

Телефон К 3-55-54

45

М 06339

6. Октября 1949 г.

ДИРЕКТОРУ ГОСИТМУЗЕЯ АБАЯ АКАДЕМИИ НАУК
КАЗАХСКОЙ ССР

тов. МУХАМЕДХАНОВУ

на Ваш № 23-9-7 от 23/IX-49г.

К 105-летию со дня рождения основоположника Казахской литературы великого поэта Абая Кунанбаева Ленинградский фарфоровый завод им. Ломоносова может выпустить юбилейные чайные сервизы и вазы с тематикой посвященной творческой деятельности Абая.

Для этой цели необходимо:

- а) представить в распоряжение завода им. Ломоносова соответствующие материалы о творческой деятельности Абая, имеющиеся у Вас казахские орнаменты и др. материалы.
- б) выделить организацию для оформления договора на реализацию указанных изделий.
- в) получить разрешение Совета Министров СССР и Министерства финансов СССР на выделение заводу им. Ломоносова целевым назначением необходимого количества металлического золота для разделки юбилейных ваз и сервизов.

Количество золота необходимого для Вашего заказа будет сообщено дополнительно после утверждения образцов изделий, намечаемых к выпуску.

и.о. Начальника Главстройкерамики *И. Миняков*
МПСМ СССР Миняков

ВВ



Президенту Академии Наук Каз. ССР
Академику Канжи Имантаевичу Сатпаеву.

В связи с наступающим в 1950 г. 105-тилетием со дня рождения Абая, нами еще в сентябре с/г был поставлен перед Главстройкерамкой вопрос об изготовлении на заводе имени Ломоносова в Алматы ~~для~~ юбилейных чайных сервизов, ваз и пиал с тематикой, посвященной Абаю.

Как видно из прилагаемой нами копии ответа, для этого необходимо:

1/ договориться с Министерством Торговли Каз.ССР о заключении договора с торговыми организациями на обит готовой продукции;

2/ получить разрешение Совета Министров СССР и Министерства Финансов СССР на выделение заводу необходимого количества золота;

Заводом из Семипалатинска не имеет возможности самостоятельно довести до конца начатое дело.

Если оно найдет с Вашей стороны принципиальную поддержку, прошу Вашей помощи в осуществлении этого мероприятия через соответствующие правительственные органы.

Директор Гослитмузея Абая
Академии Наук Каз. ССР.

Г. Мухамеджанов
Мухамеджанов/



Қадірлі Мұхтар аға!

19/ х. Москвадан жазған хатыңызды бүгін алдым.

Менің ойымды да өзіңіз айтып қойыпсыз. Бірақ кінәнің салмағы менде жатқанын сезіңкірей түскен жайым бар.

Науқастанып үйде жатыр едім, Сіздің хатыңыз сергітіп жіберді. Енді бұдан былай хат жазудан Қайым ініңіз қажиды екен деменіз.

Үй-іші аманшылық.

Бұл арада үй-тұрмыс жайларын араластырмай, алдымен романға қажетті білгендерімді айтайын.

«Көктемдегі көбең желіс» үстінде шынында да Долгополовтың Л.Н.Толстой жайында жазған кітапшасын, Х. Шурдың «Воспоминаниясын» оқымаған екенсіз.

Бұл екі кітаптан Н.И.Долгополовтың Л.Н.Толстоймен таныс, көріскен, біліскен адам екені айқын көрінеді.

Тегінде, уақытыңыз болса, осы екі кішкене кітапты, Долгополовтың ісін (Дело Долгополова) қарап шықсаңыз деймін! Оны өзіңіз білесіз. Егер қажет деп тапсаңыз, ол материалдарды жіберуіме болады.

Әзірше Долгополовтың Л.Н.Толстоймен таныстығын дәлелдейтін және Х.Шур кітабының әр жерінен көшірме жібердім (Хася Шур. «Воспоминания», издание автора, Курск – 1928, тираж 2000). Ішкі бетінде: «Посвящается памяти Н.Н.Нариманова» делінген. Көлемі XV глава, 213 бет.

Енді осы кітаптан үзінділер келтірем.

Беттерін көрсетіп отырам.

Әуелі Л. Н. Толстойға байланысты:

«Вскоре мы должны были переехать из Курска в Тулу, где жилось тяжело (айдаудан қайтқан соң ғой. Қ. М.). Поэтому пробыли мы там недолго и переселились в Москву (стр. 173).

Упомяну между прочим, что в Туле мы близки были с чрезвычайно ценными общественниками – П. П. Бе-

лоусовым, известным своими трудами по статистике и новыми прикладными практическими работами в этой области, и домашним врачом Льва Николаевича Толстого – Марией Михайловной...»

2 Мухоморниц 19 [х] 1949 г. г. Москва - дан жазған хаттына, менің акайы хаттымың (көлемі 14 бет) ұзындығы. Хат Мұқада 12 [х] 49 г. г. жіберілген.

М. Б.



Мұхтар аға!

Сізге Н.И.Долгополовтың өмірі мен шығармашылығы жайында музей архивінен және басқа дереккөздерінен табылған мол мағлұматты анықтаманы, міне, жолдап отырмын. Борис Александрович (Б.А.Акерман, – мақала авторының ескертпесі) Мәскеуге барып, Нифонт Ивановичтің отбасымен, туған-туысқандарымен танысып қайтқан болатын. Ондағылар бізге Долгополовтың кітаптары мен фотоларын беріпті. Ал былтыр Н.И.Долгополовтың қызы әкесі туралы естелік жазбасын және фотолар салып жіберді.

Біз Горький қаласындағы облыстық музейге хат жазып, жауап алдық. Музейде Долгополов бөлімі бар екен. Қаланың бір көшесіне және ауруханасына Долгополовтың аты беріліпті. Бұл Н.И.Долгополовтың құрметті адам болғанын көрсетсе керек.

Бұл бағыттағы жұмысымызды жалғастыра береміз.

Қысқасы: бізге Долгополов туралы анау-мынау сөздерге құлақ асудың керегі жоқ. Долгополовты

қорғауымыз керек. Жиреншин десек, ол аман-сау, өзін қорғай алар. Ол айтқанынан қайтпас...

*«Күшік асырап ит еттім,
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болып, мені атты».* (Абай).

28-маусым, 1950 жыл.
Қайым.



**Қазақстан Совет Жазушылар Одағы
Президиумының председателі
Сәбит Мұқанов жолдасқа.
Поэзия Секциясының жетекшісі
Таир Жароков жолдасқа.**

Сіздердің 25.09.1948 ж. жазған жолбасшылық хатыңызды алдым. Кейін толық есеп беретін болғандықтан әзірше қысқаша мәлімдеме жасамақпын.

Облыстық партия комитетінде Қазақстан Орталық Партия Комитетінің 1948 жылғы 31 августағы шыққан қаулысымен толық танысып, іске кірістік.

1. Облыстық партия комитетінің үгіт-насихат жөніндегі секретарымен байланыс жасап, облысымыздағы әдебиет жұмысының жайы туралы бюрода мәселе қоюды талап еттік.

2. Қазақстан Орталық Партия Комитетінің соңғы қаулысына байланысты қалалық жиналыс өткізу мәселесін ұйымдастыру айтылды. Бұл екі мәселе жайында да облыстық партия комитетінің үгіт-насихат жөніндегі секретарі жақын күндердің ішінде облыстық партия комитетінің қашан, қандай тәртіппен өткізу туралы пікірін айтпақ.

Бұл екі мәселені сіздер ұсынған бағытта мәнді етіп өткізуге ниет қылудамыз.

3. Облысымыздың әдебиетке жақын мәдени орталығы педагогика институты. Сондықтан қазақ совет жазушыларының жаңа басылып шығып жатқан шығармаларын талдау, талқылау, пікір, сын айту мәселесін қала интеллигенциясының қатысуымен институтта өткізіп отыруды мақұл көрдік. Әдебиет кружоктарының жұмысынан тыс жаңа шығармаларға кеңірек көлемде диспут өткізуді ұйғардық. Бұл жөнінде іске кірістік. Бірінші диспутты өткіздік те. Студенттердің, әдебиетшілердің қатысуымен екі күнге созылған қызу диспут болды. Онда комсомолдың 30 жылдығына арналған, студенттер тұрмысынан жазылған жолдас Имановтың «Жас өмір» атты пьесасы талқыланды. Сөйлеген жолдастардың сөздері – қолжазбалары жиналып отырды. Бұл жөніндегі материалдарды сіздерге Қазақстан Орталық Партия комитетінің үгіт-насихат бөліміне, комсомол Орталық комитетіне жібермекпіз. Және диспуттың қорытындысы жайында баспасөз бетіне жазбақпыз.

Бұл тұңғыш қадамымыз аса жақсы нәтиже берді. Қатысушы да, сөйлесуші де көп болды, ынтасы да өте зор.

Сондықтан, осындай диспутты бұдан былай үнемі өткізіп отырмақпыз.

Облыстық ақын, жазушыларының ауыз ақындарының дайын және жазылып жатқан шығармаларын есепке алу, 1949 жылдың баспасына әзірлеу мәселесінде мынаны айтқым келеді:

Осы соңғы жылдарда түбінде нәтиже шықпайтын ақын, жазушылардың тізімін алып, санын көбейтуден бас тартамыз. Ондай мол тізім болған еді. Ол тізімнің ешбір қажеті болмады. Сондықтан облысымызда алдымен «халық ақыны» – деп келген ақындардың өзін іріктеуге тура келді.

Іріктелген кімдер:

1. Төлеу Көбдіков – Шар ауданы.
2. Сапарғали Әлімбетов – Жарма ауданы.
3. Шәкір Әбенев – Абай ауданы.
4. Есенсары Құнанбаев – Аякөз ауданы.
5. Жақсылық Төленов – Абыралы ауданы.
6. Иса Биназаров – Абыралы ауданы.
7. Тәңіберген Әміренов – Семей.

Бұлардың бәрі де хат танитын, шығармаларын өз қолдарымен қағаз бетіне түсіруге шамасы келетін ақындар. Сонымен қабат, күнделікті өмірге араласып, үзбей өлең жазып, уақиғалы дастандар жазуға да халі келетін ақындар. Қысқасы әдебиетімізге пайдалы деген ақындарымыз осылар.

Бұлардан басқа Нұрғали, Рахимбай, Ботабай, т.б. ондаған ақындар бар. Олар өздері тұрған колхоз, ауыл аймағына өлең-жыр айтып жүретін ақындар. Нұрғали нағыз айтыстың ақыны, бірақ аса қарт, құлағы кем, хат біледі.

Сонымен іріктелген оншақты ақындарымыз бар. Бұлардың 1949 жылдың баспасына ұсынуға жарайтындары бар.

1. Төлеудің өлеңдер жинағы қолдарымызда.

2. Сапарғали – өз елінің адамы, Советтер Одағының Батыры Қойкелді туралы поэма бітірді.

Осы кісінің еңбектерін бастыруды аса орынды да, қажетті деп білеміз. Шәкірдің поэмалар жинағын ұсынамыз.

Есенсарының мүмкін болса, поэмалар жинағында 4-5 тәуір поэмасы бар, болмаса «Мәлік» поэмасын бастыру керек.

Жақсылық та, Иса да поэма жазатын ақындар. Екеуінің де бітірген екі үлкен поэмасы бар. Тәңібергеннің таңдамалы өлеңдерін басуға болады.

Ал енді бір мәселе, Нұрлыбек жайы. Ол кісі қазір де Павлодар облысының бір колхозында деп естиміз. Бұрынғы үй-іші Семейде. Өзі сол жақтан үй салып,

әйел алған көрінеді. Сондықтан ол кісі туралы еш нәрсе айта алмаймыз.

Сәду Машақов, Тілековтен басқа жас жазушылар деп есептейтініміз:

1. Кәмен Оразалин – жазушы, Абай ауданы.
2. Кәшәф Туғанбаев – ақын, Абыралы ауданы.
3. Самат Әбдібаев – ақын, пединститут.
4. Әділғазы Рахымжанов – ақын, әдебиетші, пединститут.
5. Әзілхан Нұршайықов – Шар ауданы.
6. Бейсенғали Кірбетов – Аякөз.

Бұл да іріктелген оншақты адамымыз деп есептейміз. Бұлардан басқа жаңа бастап жаза бастаған, әлі оның бетін айқындамаған жастар бар, олармен біраз жұмыс істеп байқау қажет.

Біздің қалам өнері бар ақын-жазушыларымыздың алдында тұрған басты мәселенің бірі, білімін көтеру мәселесі деп білеміз.

Меніңше, жазатын жас-ақындар, жазушылар оқуға түсіп оқысын, сырттан, не экстерный болсын, қайтсе де институттың литфагін бітіруі шарт болса деймін.

Кәмен Оразалин өткен жылы пединституттың литфагін экстернат болып жүріп бітірді. Рахымжанов биыл өте жақсы бітіріп, институттың өзінде мұғалім болып қалды.

Әбдібаев келесі жылы бітіреді. Сәду Машақов биылдан бастап сырттан оқымақ, Тілековтың да сондай ойы бар.

Осы мәселені біздің жазушылардың алдына сіздер қойсаңыздар, мәнді де, орынды болар еді.

Ал, орыс жолдастары жайында ерекше жазбақпын. Жастарымыздан 1949 жыл жоспарына Оразалиннің өздеріңіз оқыған повесін ұсынамыз. Үзінділерді облыстық газетте басуға келістік, бірер бөлімін радиодан бергіздік.

Басқаларының дайындаған шығармаларын оқып, талқылап ұсынуға тура келеді.

«Сөзді іске айналдырғаннан істі сөзге айналдыру әлдеқайда оңай» деген ғой Горький. Сондықтан, семіз сөйлеп, арық шықпайық дедік.

Енді сіздерден сұралатын түсінік тілек:

1. Съезд қарсаңында бізге президиум мүшесінен кісі келе ме? Съезге даярлық, қатысу мәселесі қандай тәртіппен өтпек.

2. Жоғарыдағы айтқан ақындарды облысқа шақыртып, шығармаларын даярлауды қалай іске асырамыз. Қаражат беріле ме?

Өткен жылғы қалалық жйылыстың қаулысында: Семейде жазушылар Одағының бөлімшесін ашып, ол межобластное бюро есебінде Өскемен, Павлодарды да қамтитын болса деген талап қойылған еді. Ол қалай шешілді? Семей облысы әлі де осы пікірде.

3. Менің съездің алдын ала, яғни декабрьдің аяғына таман Алматыға баруыма бола ма?

4. Біздің облысқа неше адамға делегаттық орын белгіледіңіздер. Бұл жөнінде алдын ала ертерек даярлық керек деп білеміз. Жауап күтеміз.

Қазақстан Жазушылар Одағының
Семей облысындағы өкілі.
Қ. Мұхамедханов. 29.X.1949 ж.



**Президенту Академии Наук Каз. ССР
Академику Каныш Имантаевичу Сатпаеву**

В связи с наступающим в 1950 г. 105-летием со дня рождения Абая, нами еще в сентябре с/г был поставлен перед Главстройкерамикой вопрос об изготовлении на за-

воде имени Ломоносова в Ленинграде юбилейных чайных сервизов, ваз и пиал с тематикой, посвященной Абаю.

Как видно из прилагаемой нами копии ответа, для этого необходимо:

1/ договориться с Министерством Торговли Каз.ССР о заключении договора с торгующими организациями на сбыт готовой продукции;

1/ получить разрешение Совета Министров СССР и Министерства Финансов СССР на выделение заводу необходимого количества золота;

Музей из Семипалатинска не имеет возможности самостоятельно довести до конца начатое дело.

Если оно найдет с Вашей стороны принципиальную поддержку, прошу Вашей помощи в осуществлении этого мероприятия через соответствующие правительственные органы.

Директор Гослитмузея Абая Академии Наук Каз.ССР.
Мухамедханов. 09.12.1949 г.



Құрметті Қадыр!

Мен Семейге қайтып барам.

Мағауияның «Медғат Қасым» дастанын бастырып, 1908 ж. көшірілген қолжазбаның суретін «Қазақ еліне» бастырарсың деп қалдырдым.

Абай шәкірттері туралы мақала, Мағауияның өмірі мен еңбегі жолында мақала, өзінің суретін Семейге бара салып жіберем. Оған дейін мына дастанды сақтап тұрарсың. Барлық материал толық қолыңа тигенде баспаға жіберерсің.

Өзіңнен өтініш, тез хат жазып, әрбір мақаланың көлемі қанша болсын (машинкаға басқанда) соны хабарла.

Бұдан соң осы ретпен Абай баласы Ақылбайдың да-
станын, суретін, ол туралы мақала жіберем.

Абай музейі жайында да мақала жіберермін.
Журналға басу, одан соң жеке кітапша етіп шығаруды
қатты ескерерсің.

Абай музейін есіңнен шығармауыңды өтінем. Жур-
нал, кітаптар жіберіп тұр.

Өзімді де есіңе аларсың.

Біздің адрес:

г. Семипалатинск, ул. Комиссарская, 96
Государственный Литературный музей Абая АН Каз ССР.

Мұхамедханов Қайым.

10.04.1948 ж. тел. 8-48.



**Государственная ордена Ленина Библиотека СССР
имени В.И. Ленина**

№ 23/930

3 апреля 1950 г.

г. Семипалатинск. ул. Комиссарская, 96.
Государственный Литературный Музей Абая
Академии Наук Казахской ССР

В ответ на Ваш запрос за № 11-1-7 сообщаем, что ин-
тересующий Вас роман «Голубой Дик» ни на английском,
ни на русском языке установить не удалось, хотя нами
были обследованы многие библиографические указатели.

Чтобы можно было продолжить поиски, просим вас
сообщить, какие-либо дополнительные данные об этом
произведении, хотя бы примерно, время написания, со-
держание и т.п.

**Зав.отделом справочно-библиографической
и информационной работы.**

/Щеголева/



**ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ
ПРЕЗИДИУМЫНА
Қ. Мұхамедхановтан
Өтініш**

«Жаяу-Мұса» атты пьеса жазу мақсатымен соңғы жылдары ақын-композитор Жаяу-Мұсаның өмірі мен басынан кешкен оқиғалары жайында мағлұмат, деректер жинаған едім.

Сол мақсатты іске асыруға осы 1951 жылы кірісейін. Өзім Семей қаласында тұрамын.

Осы пьесаны жазып шығу үшін астананың көрнекті драматургтарының, көркемөнер қайраткерлерінің ақыл-кеңестері қажет. Осы айтылған менің творчестволық планымды еске алып, маған Алматы қаласына бір жарым-екі айға творчестволық командировка беруді Президиумнан өтініп сұраймын.

1940 жылдан Жазушылар Одағының мүшесімін. Осы күнге дейін одақ тарапынан не командировка, не басқа жағдай жасалған жоқ.

Қ. Мұхамедханов.
10.02.1951 ж.



Прокуратура СССР

ПРОКУРАТУРА

Казахской Советской Социалистической Республики
г. Алма-Ата, ул. Фурманова, дом № 85

31 января 1952 г. № 5-325

При ответе ссылаться на наш
номер и дату

г. Семипалатинск ул. Сталина, дом 125, кв. 13
МУХАМЕДХАНОВОЙ ФАРХИНУР

По Вашему заявлению, адресованному в ЦК КП (б) К, сообщаю, что в настоящее время по делу Вашего мужа Мухамедханова Габдулкаюма производится расследование, по которому изменить меру пресечения нет оснований.

Пом.прокурора КазССР по спецделам
Советник юстиции

/В.Тимофеев/



Из сохранившихся писем из Карлага

... Чистота моей души и совести дает мне силу и надежду, что я вернусь к вам. Я надеюсь, что наше Правительство не допустит, чтобы человек был привлечен к наказанию за преступление, которого он не совершал, и чтобы будущее моих ни в чем не повинных детей было омрачено.

Говорят, что все приходит вовремя для того, кто умеет ждать.

Да, мои дорогие, будьте спокойны. Все внимание сосредоточьте на учебе!

“Богатство, счастье, покой
Познав науки, найдешь!” –

говорит мудрый Абай.

(письмо написано предположительно в 1952 г.)



Балалар бір-бірімен жан жолдастай, бірін-бірі жақын көріп сыйлап, ақылдасып, көмектесіп тұратын болсын. Өзді-өзі тату-тәтті болсын. Ауыздарына жаман сөз алмасын!

Тәртіпті, тәрбиелі болсын! Осыны өздеріңе оқып ұғындар. Мені шын жақсы көрсе, аман-есен қайтуға

тілектес болумен бірге осы айтқандарымды бұлжытпай орындасын!

Саған көмектесіп, айтқаныңды істеп, сыйлап тіліңді алып тұрсын. Екі қайтара айтқызбайтын болсын! Осы айтылғандарды орындап жүрсе маған да жеңіл болады. Менің де көңілім көтеріліп жүдемей жүрем.

Тағы да ең қатты айтатын нәрсе – ешкімге де бір ауыз өтірік айтудан, алдаудан аулақ болсын. Не болса да шынын сөйлейтін болсын.

Сүйікті балаларым! Сендердің маған қазіргі көрсеткен көмектерің осы болады. Сендерге менің борышым өте көп. Бірақ амал жоқ.

Аман-сау көріселік! Өмірде бәрі де кездеседі. Шыдау керек. Жабырқап, жасымау керек.

Адал жандармыз ғой, ақыры қайырлы болсын.

Беттеріңнен сүйдім!

Қайым. Теміртай.

16/II 1953 ж.



Зам.начальника по политчасти 9-го Тортаульского
лаготделения

От з/к Мухамедханова Габдулкаюма (Каюма)

л/д № 425383

Заявление

Шайка воров на лагпункте Кула-Айгир во главе с зав.спецбюро¹ з/к Шумиловым процветает.

Они систематически занимаются грабежами заключенных.

¹ Заявление написано карандашом на тетрадном листке.

В июне месяце они присвоили мою посылку на сумму 380 руб. (подделали и «оформили» квитанцию почты).

Обнаглевшие жулики вскрыли и вторую мою посылку и вынули оттуда письмо, 100 руб. и 7 пачек папирос.¹ (Все подробности я вам изложил устно. А материалы о «проделках» этих воров находятся у оперуполномоченного). И таких фактов множество:

У з/к Султанова Паша в посылке не оказалось 400 руб.,

у з/к Радишевского - 2 раза по 50 руб.,

у з/к Баталова Р. – 100 руб.,

у з/к Халилбекова обокрали бандероли и т.п.

Шумилов, злоупотребляя своим служебным положением, лишает нас, тех заключенных, которые смеют жаловаться на него, разрешенного минимума.

Он – пойманный с поличным вор. Казалось бы, пойманного с поличным вора и его сподвижника по преступным деяниям, должно было ждать суровое наказание. Однако администрация Лагпункта и оперативные работники смотрят на проделки Шумилова сквозь пальцы. Какое-то покровительство спасает Шумилова от всякого рода неприятностей.

У меня нет чувства мести, но оскорбленная моя человеческая совесть толкает меня довести до вашего сведения вышеизложенное.

Г. Мухамедханов.



¹ Заключенным изредка в определенное время разрешалось получать посылки.

Уважаемая!¹

Прошу Вас печатать на одной стороне через 1.1/2 или 2 интервала.

В тексте моей жалобы встречаются имена двух исторических личностей, очень близкие в орфографическом отношении.

Это – поэт Абай и хан Аблай. На что особо обращаю Ваше внимание.

Это жалоба – моя судьба. Это Вы, конечно, глубоко понимаете.

Отпечатав мою жалобу, Вы сделаете мне великое добро.

Надеюсь, что Вы не откажете несчастному в этой любезности. Разрешите Вас заранее поблагодарить.

1952 г. Карлаг.



Фая, сүйікті балаларым!

Мен есен-саумын.

Сенің 25.08.1953 ж. хатыңды, балалардың 24.09.1953 ж. жазған хатын баяғыда алғамын.

Сентябрьде бір хат, 07.10. екінші хат, октябрьде тағы үшінші хат, 29.11.1953 ж. төртінші хат жаздым. Міне, бесінші хат жазып отырмын.

Содан бері бір хат алғаным жоқ. Күліштерден де солай.

¹ Это записка Мухамедханова из Карлага к машинистке с просьбой отпечатать заявление. Тогдашние власти Казахстана не ответили ни на одно обращение. Единственный ответ был получен из Москвы в 1954 г. от Фадеева, а письмо Мухамедханова туда было отправлено с помощью жены одного заключенного.

Амансындар ма? Балалар есен-сау ма?
Менің хаттарым қолдарыңа тимей жатыр ма? Бұл қалай?

Сендерден еш хабар болмай, жүдеп жүрмін.

Басқа хал-жайым жаман емес. Мұндағы ел үзбей хат-хабар алысып жатыр.

Амандық білдіріп, хат жазындар. Өздеріңнен хат алған соң, толық хат жазармын.

Адрес бұрынғы:
Карагандинская область,
п/о Карабас, л/к п/я№246 т-3 мне.



Из письма детям

... Телеграмму и письмо мамы я получил еще в январе. После бани простудился и заболел гриппом. Сейчас уже я совершенно здоров и пишу вам письмо.

Я глубоко благодарен тем людям, которые не забыли протянуть руку своему ближнему в трудном случае жизни. Особенно я благодарен им за то, что они помогают вам, моим детям. Пусть они живут долгой, богатой и счастливой жизнью! Честь и слава им!

... Моя просьба к вам всем в отношении вашего чтения. Читайте только те книги, которые рекомендуют ваши преподаватели.

Между прочим, здесь один мой товарищ по несчастью подарил мне книгу, в которой оказалась повесть «Бедная Лиза» Н.Карамзина. Карамзина и «Бедную Лизу» вы будете проходить, наверное, в 8 классе. Я перевел это произведение на казахский язык в стихах. Получилась интересная повесть – около 1000 стихотворных строк.

Пишите только в свободное от занятий время.
Напишите, когда придет время весенних каникул.

До скорой, радостной встречи!
Крепко целую всех.
Ваш папа Каюм¹.



Амандық хабар. Игібай. 20/V – 53 ж.

Құрметті ағай!

Қалай, денсаулықтың арқасында жүріп жатқан боларсың? Біз елге аман-есен келіп, ағайын-туыстарды көріп, қуанышты түрде жүріп жатырмыз. Сізді бүгінгі күні еске алып, ақ қағаздың жүзімен амандық білдіріп отырмын. Ал бізден амандық білмек болсаңыз, әкешешем, тағы басқа туыстар да тегіс аман. Ал мен әлі ешқайда жұмысқа орналасқам жоқ, себеп ауру бұрынғы қалып, сондықтан ешқайда бара алмай отырмын. Сізге хат жазбай жатырмын. Далаға шыққан кісі керек қылмай кетеді деп жүрген шығарсың, мен Сізді ұмытып жүргем жоқ, әзір жағдай болмай жатыр.

Ал өзіңізде қандай жағдай, не істейсіз, ешқайда жаздыңыз ба, осыны толық түрде жазып, амандық білдіріңіз.

Ал басқа жазар жоқ. Сау болыңыз. Жазушы аз күн дәмдес болған ініңіз Игібай Жанахиденов.

Қасыңыздағы мені білетін жолдастарыңызға тегіс сәлем де.

Хат күтуші **Игібай.**

¹ Письмо из Карлага написано зимой 1954 г.: в январе 1954 г. за 15 дней К.Мухамедханов перевел повесть Н.Карамзина «Бедная Лиза» стихами на казахский язык. В казахской литературе существуют всего три случая перевода прозы поэзией. Это - Лермонтов «Вадим» (Абай); Пушкин «Дубровский» (Шакарим); Карамзин «Бедная Лиза» (Каюм).



Ақсақал Қайым!

Деніңіз сау аман-есен бір жалғыздардың панасында жүріп жатырсыз ба, жаңыңыздағы азаматтардың дені сау тегіс аман ба, кімдер бар сізбен? Қойшыбайдың дені сау ма, Сізбен бірге ме?

Мені сіздердің арттарыңыздан сол Топардың бір майоры шақырып, сол отделенияға алмақшы болып еді, бірақ Сіз менің ол кездегі жағдайымды жақсы білесіз ғой. Сондықтан бара алмай Қарабаста қалдым. 27 маусым күні мені 2-ші Долинкенің больницаына салған. Сонан бері жатырмын, емдеген жоқ, тек қана жатырмын.

Ал денсаулығым қазір сонша жаман емес. Сіз көргеннен гөрі аздап тәуірлеу, қазір таяқпен өзім жүрем, тамақты жақсы ішем.

Сентябрь айында балаларды алып келінііз келген. Қаражат әкелді. Сонан кейін күшті тамақтарды пайдаланып, аздап күшейдім. Шешем тірі, балалар аман көрінеді. 7 күндей бірге болдым. Өйткені менің жатқан ауруханам өте жақсы. Осы Абдразақов Сізге басқа жағдайды айтар.

Менімен бірге қазақ жігіттерден ешкім болған жоқ.

Қазір Алматыдан Кузнецов деген жігіт жатыр (қазақ). Сіздің амандық хабарыңызды Топардан келгендерден естіп жатырмын.

Нендей жаналығыңыз бар? Жұмысыңыздан не хабар бар?

Үй іші аман ба, хат бар ма? Қойшыбай жұмысы не болды?

04.12.1953. күні Верховный Совет менен помилования сұратып алдырды. Үйден шешем жазса керек. Қандай қорытынды шығарады? Оған сеніп отырғаным жоқ. Ал хат жаз.

2 ой Долин. отд. п/я 244. (маған)

Қош алла амандықпен.

Елде жолыңуға бұйырсын!

Топарское отделение.

От Даниярова Амеркена. 10.01.1954 г.



Сәлем хат!

Ардақты Аға Қайымға Төлеу мен Дәметкеннен сағынышты сансыз сәлем. Сіздің 18.01. күнгі хатыңызды 2 март күні алып, амандық хабарыңызды естіп, өте қуанып қалдым.

Сізге мен де көптен бері хат жаза алмадым, сізден хат ала алмаған соң, ойладым сізді бір жерге жіберген болар деп.

Ал, енді мұнда біз де аман-есен жүріп жатырмыз, орынша, ешқандай өзгеріс, жаңалық жоқ.

Әлібектен хат келіп тұрады, аман-сау орынша жүріп жатқан көрінеді. Аман-сау болғаныңызға мұнда біз де тілектеспіз. Әлібек нағып сізге хат жазбады, мен сіздің адресіңізді берген едім ғой.

Ал енді осымен аман болыңыз. Денсаулығыңыз тәуір болса, хат жазып тұрыңыз.

3.03.1954 ж.

Жазған Дәметкен.



Прокуратура СССР

ПРОКУРАТУРА

Казахской Советской Социалистической Республики

г.Алма-Ата, ул.Советская, дом № 44

8 июня 1955 г. № 3-589 ж

При ответе ссылаться на
наш номер и дату

Гр-ну МУХАМЕДХАНОВУ Г.

Гор. Семипалатинск, ул.Сталина, дом № 125, кв. 13.

На вашу жалобу по вопросу возвращения Вам квартиры разъясняем, что этот вопрос может быть решен судом, поэтому Вам необходимо обратиться с заявлением в Народный суд.

В суде примет участие Прокурор и даст соответствующее заключение.

Начальник отдела гражд-судебного
надзора, старший советник юстиции

/М.Таминдаров/.



РЕШЕНИЕ

Народный суд I участка г. Семипалатинска

В составе Председательствующего Осьмакова
Народных заседателей Кореньковой и Сидоренко
При секретаре Коноваловой

Рассмотрев в открытом судебном заседании в г. Семипалатинске 17.06.1955 г. дело по Иску

МУХАМЕДХАНОВА ФАРХИНУР к Сем. Горжилуправлению¹

Об аннулировании ордера

НАШЕЛ:

Истица обратилась в суд об аннулировании ордера на квартиру № 13 в доме № 125 по улице Сталина на 36 кв.м. Оценив материалы дела, суд находит. Квартиру в 51 кв.м., по улице Сталина № 125 ранее занимал истец. Однако, в связи с его осуждением, его семья² получила

¹ Стилистика писем сохранена

² Сразу после ареста Каюма Мухамедханова его супругу Фархинур с семерыми детьми переселили в самую маленькую комнату, а две большие комнаты в их квартире занимали другие люди.

ордер на квартиру № 13 в доме № 125 по ул.Сталина на 15 кв.м., а 36 кв. м. были переданы гражданину Гаврилову, который проживал в ней с января 1952 года, с момента оформления ордера на него на площадь в 36 кв.м. Суд находит, что жилая площадь не была изъята у истца¹ в связи с осуждением, а по другим причинам, которые неизвестны, передача другому лицу в январе месяце 1952 года и до настоящего времени не имел претензий истец. А поэтому на основании вышеизложенного и руководствуясь Постановлением ЦНК и СНК и ст.5-118-176 ГПК РСФСР суд

РЕШИЛ:

В иске Мухамедхановой к Сем.Горжилуправлению об аннулировании ордера на квартиру по улице Сталина № 125 кв. 13 на площадь 36 кв.м. ОТКАЗАТЬ. Решение может быть обжаловано в облсуд в 10 дневный срок, через нарсуд I уч-ка г. Сем-ска.

Пред- щий Осьмаков
Нарзаседатели: Коренькова и Сидоренко
Нарсудья
Секретарь



Құрметті Қайым!

Хатыңды, Шыңғыстың қарточкасын алдым. Өте қажет қарточка еді, көп-көп рахмет.

Ал, енді, осы қарточканың түскен тобы табылса, тіпті жақсы болар еді, оны да тездетуіңді өтінем.

¹ Репрессии распространялась на всю семью осужденного. Еще не один год после освобождения из Карлага надо было бороться за возвращение своего жилья.

Табылмаған күнде, қай кітапта, қайда, қай жылы, қай бетте жарияланғанын тез хабарла, іздестіріп көрейін.

Мен аманшылық болса 16–17 октябрьде Москваға жүрем, онда айға жақын болам. Жүргенге дейін хабарлас. Егер үлгере алмасаң, Москваға, Союздың адресіне (Воровского 52) жаз.

Сәлеммен, Сәбит.

4,1955 жыл.

Академия наук Казахской ССР



Гражданину Мухамедханову Габдулкаюму, проживающему в гор. Семипалатинске, по ул. Сталина, в доме № 125, кв. 13.

ПОВЕСТКА

Вам предлагается 9 декабря 1955 года выехать в гор. Алма-Ату и явиться в Комитет Государственной Безопасности при Совете Министров Каз.ССР к товарищу ИШМУРЗИНУ.

При себе необходимо иметь документы, удостоверяющие Вашу личность.

Начальник УКГБ при Совете Министров Каз.ССР по Семипалатинской области,
полковник

/Тониянц/

8 декабря 1955 года.
гор. Семипалатинск



Институт языка и литературы

г. Алматы, ул. Кирова, 89. тел 25-92, 26-28, 13-32

№ 58-173 25 октября 1956 г.

Директору Семипалатинского педагогического института
Копия: Тов. Мухамедханову.

В плане Института языка и литературы АН КазССР предусмотрено рассмотрение доклада тов. Мухамедханова о новых стихотворениях Абая, а также его перспективные планы научно-исследовательской работы в области абаеведения. При первой возможности мы просили бы командировать его в Алма-Ата сроком на один месяц.

Директор Института языка и литературы
АН КазССР, академик Академии наук
КазССР

С.Кенесбаев



Қайым!

Хатыңды алып, амандық хабарыңды біліп қуанып қалдым, тапсырмаларыңды орындап жатырмын. Сенің ісіңді Москваға жіберткенім жоқ, демек М.С.Сильченконың отзывы жоқ – ол іздеп жатыр, егер де көшірмесі сенде болса, тез маған бастырып жібер, басқа мағлұматтарың дұрыс, түгелдей қарадым, жіберуге әзір.

15 февраль күні Сметтің туғанына 50 жыл толуымен байланысты Академияда салтанатты мәжіліс өтеді соған қарсы (10 шамасында, егер де пошта арқылы жіберілетін болса қазірден бастап институтқа, әр

жерлерден – өз институтың, әдебиет қоғамы, Абай музейі, педагогикалық училища, бірнеше орта, орта-лау мектептерінен (аудандық жерлердің мектептерімен болса тіпті орынды – оларда Сметтің оқу құралымен оқыды ғой). Құттықтау хаттар, телеграммалар ұйымдастырылса орынсыз болмайды ғой – бұл есінде болсын, кеш қалып жүрмеңдер.

Басқа сөз жоқ. Үй-ішіне көп-көп сәлем айт, тілек-теспін.

Қош бол, хат жаз.

Бек Сүлейменов, 01.02.1957 ж.

Валиядан, Жаннадан сәлем.

P.S. Бірнеше Қазақ мектептері пионерлерінің аттарынан құттықтау алғыс ұйымдастыр. Сол бағалы болар еді.

Сен кеткелі мұндағы таныс жастарға жолыққаным жоқ.



Қайым,

Біз есен-сау Алматыға келгенбіз. Оған да бүгін бес-алты күн болды. Сен, Жұмаш, Мәукен, Балтабек бәріңнің көрсеткен құрметтеріңе, құрметтеп шығарып салғандарыңа өте риза болдық. Мұнда соны, Ертісте шомылғанымызды айтып жүрміз.

Сенің қаламақың жөнінде мен Қуандықпен, олардың бухгалтериясымен сөйлестім. Кешіккен себебі сенің қаламақыңды Мұхаметжанов дегенге жазып қойған екен. Музей, саған жібереміз дегенде ақшалары болмай қалыпты, сонан әлі ақшалары жоқ екен. Мен бухгалтериясына сенің адресіңді бердім. Ақша болысымен жібер деп өтіндім.

Қайникен сенің мақаланды Қуандыққа беріпті. Ол маған: бұл мақаласы журналдың 8 санында болады. Бұл

туралы, қаламақысы туралы өзім Қайымға хат жазамын деді. Бәлкім, жазған да болар.

Кандидаттығың туралы ештеңе ести алмадым. Өйткені Есмағамбет те, Бек те жоқ, тіл институтындаа ешкім жоқ, ремонт болып жатыр.

Мен мұнда келгелі бірді-екілі жұмыстарымды реттедім. Институтта шықса оқисың ғой. Енді үш-төрт күн болып, сонан кейін ауыл жаққа кетеміз.

Қасимановтан әлі хат жоқ. Ол жақпен де хабарласады ғой деп ойлаймын. Бірер күнде тағы бір хат жазамың. Оған да жауап бермесе, қоям ғой деймін.

Келінге, балаларға, Жұмаш пен Қадишаға, Маукенге, үй-ішіне, Музейдегі жігіттерге бәріне көп-көп сәлем. Хат жазып тұр. Мұнда келгендей болсаң, хабарлас.

25.07.1956 ж. **Бейсенбай Кенжебаев.**
г.Алма-Ата, ул, Фурманова, 114, кв.12, тел. 52-71.



Здравствуйте Каюм - абзый!

Получил Ваше письмо. Очень рады, что работы о Сабыржане Вы закончили. Поздравляя Вас с окончанием этой работы, мы сами также счастливы.

Вы пишете, что 10-15 сентября будете в Алма-Ате. Я бы попросил, если можно, ускорить Ваш приезд, потому что скоро - числа 20 ноября я уезжаю в командировку дней на 20. И мама уезжает 16 ноября. А встретиться с Вами мне бы очень хотелось.

В последнее время я не смог следить за литературой и не знаю, вышло ли чтонибудь в печать о Сабыржане.

Из Аягуза приезжала родственница (жена Ахметжана – брата Сабыржана) и привезла фото Сабыржана в военной форме и фото его жены.

Я ещё хочу попросить Вас, если есть, привезти статьи, которые Вы помещали в газеты, так как у нас ниче-

го нет, даже того первого очерка который был в газете «Семей правдасы».

Передайте привет Вашей семье от всех нас. Ждём Вас, приезжайте.

До свидания.

Анварбек Файзулин.

14 сентября, 1958 г. Алма-Ата.



Қайым,

Алматыда біраз болып, маған жолықпай кеткеніңе өкпелеген едім. Сонда да қимадым. Мына кітабымды өзіңе арнап жіберіп отырмын. Мақұл көрсең, кафедраларыңда қарап, осы жөнінде университетке пікір-отзыв жібер. Қорғаймын деп жүрмін, бәлкім соған сеп болар. Ондағы жолдастарға, үй-ішіңе көп сәлем. Хат жаз.

Бейсембай Кенжебаев.

Алматы, 16.02.1959 ж.



Сәлем хат!

Аса қадірлі көретін, құрметті оқытушы Кәке, қалай үй-ішіңіз тегіс аман ба, балалардың және жеңгейдің халы жақсы ма? Өзіңіз аман-сау қызмет істеп жатқан боларсыз.

Ал, менен хал-жай білмек болсаңыз, деніміз сау, хал жақсы, Ақшатау жеті жылдық мектепте оқытушы болып қызмет атқарып жатырмын. Былтыр августе дәл кетерде сізге жеке жолыға алмай кеттім, кінәлі болдым. Семейге бара қалсам, іздеп барамын.

Кәке, сіздің тапсыруыңыз бойынша Оспанов Өзбехан ақсақалмен кездесіп, бірге суретке түсіп, сізге жіберіп отырмын. Сабыржанның қабірін көрсетемін және өзіме қандай көмек бересіздер деп келгенде, ештеңе көмек бере алмаған көрінді.

Революция кезінде Өзбехан ақсақалдың өзі де көп еңбек етіп, Сабыржанның жанынан бір адым айырылыспапты. Сабыржанның ең сенімді жолдасы екен: үйінде бірге өскен. Тіпті достығы, сенімділігі, берілгендігі соншалық – мал-мүлікті, бала-шағаны ойламай бірге жүре берген.

Сізден өтініп сұрайтыны: «пенсияға қалай өтемін, көмектесер ешкімім жоқ, өзім науқастымын, тамақты талғап ішемін», – дейді.

Бар үміттеніп жүргені сіз көрінесіз. Балаларына батамды беремін деп, аузынан тастамайтын көрінеді.

Айтқанын толық жасап берсеңіз бір күн керек, мен бұл жолы бір-ақ күнге сұранып келіп едім. Асығыстау болып отырмын.

Кейбір деректер: Қашқан кісілер: 1. Сабыржан; 2. Маклаков деген қазақ орыс баласымен; 3. Челябин деген орыс; 4. Сабыржанның қарындасы Шәмшірейдің күйеуі Ахмеджан; 5. Сабыржанның інісі Самат т.б. басқасын ұмытып қалған.

1916 жылы Сабыржан алғаш әскерге алынып, Бақтыда ойнап жүріп, сол жердің врачына ақша беріп, балтырына пышақ салғызып, оны құтырған ит қапты деп, документ жасатып Алматының больницасына барып түскен. Сол жерден больницадан жазылып, ішкі Россияға қашып кетіп, содан 1917 жылы июнь айында келген.

Келгеннен кейін Совет үкіметінің орнайтыны жөнінде үгіт жүргізіп, осы үгіттің нәтижесінде халық екіге бөлінген (Большевик және меньшевик болып). Қарсы болған Кинаш деген бай Боранбай баласы ноғай, ежелден Сергиопольдікі. Бұл кезде Сергиопольда – атаман Либоптанов Леонти.

Айғыз Бақы деген кісінің әйелі, баласы болмаған. Бақы ерте өліп, жесір қалған. Айғыз сол кезде 60-қа келіп қалған адам.

Сабыржан тіпті жас кезінде бай ағаларының пиғылына көнбей, ақылын алмай жүретін.

1917 жылы 2 полк қызыл әскер келіп, қарсылықсыз алынып, Сабыржан елге жиылыс ашқаннан июнь айында екеуіміз Алматыға қарай барып, Лепсіде 20 күн жаттық, мен кейін қайтып, Сабыржан Лепсі губерниясының Шұбарағаш деген жерінде үгіт жүргізіп, ұйымдастыруға кеткен. Содан келіп соғысқа қатысып, мені шақырып, үйдің ішін алып кет деп еді, оған үлгере алмадық. Өздері қашып кетіп, біз қалып қойдық. Жароллалар ұстап бергеннен кейін (Апошке) Ахметша Сабыржанды жалғыз атып кетіп, басқа жолдасын Сергиопольға айдап әкеліп атты. Ал сіздің газетке жазған мақалаңызда ешбір өтірік жері жоқ деп бекітіп, рахмет айтады.

(Алматыдағы қызыл әскер бастығы Мураев Иванов отрядын Сергиопольға қарай аттандырып, соның алдынан барғанбыз. 1917 жылы июнь айының ішінде мұны жоғарыда айтқан).

Кәке, тағы сұрақтарыңыз болса осы хатты алысымен толық жазыңыз. Өзбехан ақсақалдың қойған тілегіне қандай көмек көрсетесіз? Әлде, өзі барып қайта ма, толық маған жазып жіберіңіз. Қысқасы, сіздің көмегіңізбен пенсияға өткісі келеді.

Ал, Кәке, хаттың соңында мына хат беріп отырған жігіт Кенжебаев Тілеухан менің жездем, бірге істейміз, өзі Отан соғысының мүгедегі, алты баласы бар. Семьясы ауыр. Көз қырыңызды салып жүріңіз. Тірі жүрсем ұмытпаймын.

Біреуге біреу көмектесу арқылы өмірдің қандай шыңынан асуға, жақсы өмір сүріп, дұрыс бағыт алатынын мен ұмытпаймын.

Сау болыңыз, балаларыңыздың ғұмырлы болуына тілектеспін.

Хат жазушы **Қали Смағұлов**. 29.05.1959 ж.

Уақыт тауып, хат жазуыңызды сұраймын.



Қайым Мұхамедхановқа!

Қосымша. Сабыржан Ғаббасов 1914 жылдың күзінде, әскерге алынды. Бақты қаласында тұрды. Шешесі Патима кенже бала еді, кенже бала өте ыстық болады. Мен балама барып қайтамын, сіз ертең ат жегіп әкеліңіз деді. Сол уақытта мен қолындағы жұмыстамын. Шешесін Бақтыға алып бардым. Жатақхана жалдап, шешесі бір жұма жатты. Сабыржан да, бос уақыттарында бірге болды. Патима енді қайтамын қызмет істе, таза жүр деп ақылын айтты. Баласы Сабыржан: «Әни, осы Николайдың қызметінен бас тартқым келеді», – деп жағдайын айтты. Шешесі бас тартсаң, түрмеге түсіреді, қор болып өлесің, мұндайыңды айтпа деп ұрсып тастады. Бір жарым айдан соң Сабыржан келді. Доктордан қағазы бар, Алматыда емделмесе, ауруы өте жаман, келе жатқанда құтырған ит қапқан делінген. Алматыда емделіп, жазылып сол бетімен, үйіне де келместен, 1917 жылы май айында келді. Сергиопольға келе-ақ жиналыс ашып, Совет үкіметі орнайды. Түгелдей совет жағында болыңдар. Совет үкіметін орнатушы адамымыз мынау деп Лениннің портретін қалың жұртқа көрсетті. Үйге келгенде, «Әни, мына суретті көрдіңіз бе, таза ұстап, әйнекке салып қойыңыз. Ақсақал, сізге де біреу берейін, суретке тамаша түскен адам екен» деп, қолыма бергені сол мен көпке апармадым, жоғалттым.

1918 жылдың июнь айында Алматыда жиналыс болады. Бұл жиналысқа Сабыржан да қатысуға ұйғарды. Пар атпен Сабыржанды апардым. Жаңа Алматыға. Жаңа Алматыда халық жоқ, қалың тоғай еді. Алматыдан Ивановтың отряды да келе жатыр екен. Бастығы бізге қарап шауып келді. Сабыржан да арбадан түсіп, сумкасынан Лениннің суретін тағы да, книжкасын көрсетіп еді, рұқсат баруға деп қолын алып амандасып, бір-бірін

сұрап тарасты. Сол бетпен сұрастырып, Муравьевтың конторын тауып алып мені қасыма әскер қосып пәтер үйге жеткізді. Он күн күтіп, он бірінші күні Сабыржан да келді. Сабыржанды алып қайтып келе жатқанда, мені Лепсіге уәкілдікке сайлады, мен сонда 15 күндей шаруам бар, Сіз жүре беріңіз деп, сол арада бөліндік.

Үйіне келісімен мені шақырып, менің семьямды өз семьяңызды да алып, Ұржардағы Ивановтың отрядына бара беріңіз, өйткені соғыс болады. Ат-арбаларды түгелдей даярлап, ертең жүреміз деп едік, таң сәресінен Битен тауынан зеңбірек атқылап шыға алмай қалдық.

Өз аузынан жазып алған Жұмаханов К.

Газет бетіне жарияланған Сабыржан Ғаббасовқа әлі де көрген-білген ұсыныстарым көп-ақ, өзім қолым хат білмеген соң көптеген сөздерім қалып қойды. Жасым сексен төртте Сабыржан туралы тағы да материалдар керек ететін адам болса, өзім Семей облысы, Аякөз ауданы, Ақшәулі ауылсоветіне қарасты Карл Маркс колхозында тұрамын.

Мен **Оспанов Азбахан.**
20.01.1959 ж.



Письмо-записка учёных Бека Сулейменова и Есмагамбета Исмаилова¹

Қайеке!

Жаңа келген жылыңмен құтты болсын айтамыз. Дипломды 31-күні кешкі 10-да алып, саған қолма-қол телефон соғып едім (ей), үйінде болмадың. Қазір кеңседе қол мен мөрінді бастырып, жіберіп отырмыз.

¹ Это письмо, написанное арабской графикой, было переведено и подготовлено к печати ученым А.И.Исиным.

Жаңа еңбекпен, жаңа бақытпен өмір сүруіңе тілектес достарың. Үй-ішіңе түгел сәлем.

Бек, Есет.

3/І 1960.

Отметка Каюма Мухамедханова на письме:

«3/І 1960.

Бек Сүлейменов, Есет (Есмағамбет) Ысмайылов хаты».



Қайым інішек !

Сіздің «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» деген кітабыңызды оқып шықтым, таба алмай жүретін едім. Маған бір ғажап сезілгені – данасы 1200. (Бұл қалай ?)

Өзім Ибраһим Құнанбайұлын бала кезімнен (үй ішімізбен) жақсы көретін, ұстаз тұтатын, кемеңгер санайтын едім. Бірақ Абайдың өлендерін бұзып басылуына, кей жерлері мүлдем қате екеніне ызаланатын едім. «Толық жинақ» деп басып, біздің ғалымдарымыз «Қол қойғанына» әсіресе радио арқылы «бәһрә» деген сөзін «бәһәр» деп ән салатынына ішім удай ашитын. Кітабыңызды оқығанда, өзімше талдап-тексергенде (менің көзқарасымша) көп жері (95%) – дұрыс, әрі мақұлдаймын, әттең, тарамы неге аз?.. Ең болмағанда, Қазақстанда 36 мың мұғалім бар емес пе? Біз сияқты оқушылар қанша десеңші?.. Студенттер, жастар қанша?..

Басқа әңгіме жоқ. Бәріміз де аманшылық. Ептеп жазып, өлең шұқылап жүрген жайымыз бар.

Келінге, бала-шағаларға менен көп сәлем!

Кітабыңызды қанағаттана оқыған:

Жақан Сыздықов.

г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 69, кв.3

P.S. Машақов с. ге¹ сәлем! 14 декабрь, Алматы, 1960г.

¹ Стилистика авторов писем сохранена.



Қадірлі Қайым!

Бұл хатты жазушы Рахманқұл Бердібаев деген ініңіз ғой. Мені білетін боларсыз. «Қазақ әдебиетінде», одақта талай сәлемдескен, сөйлескен кісілерміз.

Мен әдебиет институтындамын. Қазақ романдарынан диссертация жазып едім. Авторефераттың бірі – сіздің институтқа, әдебиет кафедрасының атына жіберілген. Соған кафедра қарайтын, отзив жіберсеңіз есте қалар бір іс болар еді. Қорғау КазГУ филфагінде, декабрь аяғында болмақ.

Ісіңіздің жемісті болуына, саламат жүруіңізге тілектес.

Рахманқұл Бердібаев.
30.XI.1961ж.



Қадірлі Кәке!

Алдымен амандығыңызды сұрауым абзал болар. Денсаулыққа өкпеңіз жоқ па? Фая жеңгейіміз тың ба? Батырлық атақты қолға берік ұстағаны қуаныш. Балалардың бетінен сүйіңіз. Мен хат жазуға келгенде барынша салақ, көкжалқау жанмын ғой, сондықтан да әркез өкпелетіп алатын жайларым болады. Шәкір, Кәмендерді анда-санда көріп тұрамын. Қайнекей қазір С-да¹ литконсультант. Балалар академиясына келгелі жүр. Мұзафар орынша. Майдың 29-да академияның ғылыми сессиясы болады. Шар салудың күресі жүріп жатыр. Қажым ба, Есмағанбет пе, біреуі мықты болмақ қой. Болыс, старшина сайлаудың айла-тәсіл, амал-

¹ Стилистика авторов писем сохранена

жолдары 250% мөлшерінде қарастырылып, қолданылып жатса керек. Пендешілік, қайдан қалсын! Моквадан Келдыш, Руднев келмек. Тегі, үлкен, қызықты мәслихат мәжіліс боп өтеді-ау деймін. Өзімді ЖенПи, инст.иняз аға оқытушылыққа қолқалаған еді, бармадым, жөн көрмедім.

Сізге бір тілек бар. Мұханның не жылына, не туған күніне (сентябрьде 65-ке толады ғой) естеліктер жинағы шыққалы жатыр. Комиссия (мықтысы Есмағамбет) осы іске кірісіп кетті. Сіздің тікелей қатысыңыз бар. Кішігірім бір қызық детальді жазып жіберіңіз. Уақытыңыз келсе біздің ақсақалға да шаруа-тапсырыс беріңіз. Ол кісінің уәдесі бар еді. Балтақай, Ермұса секілді (сізге тіпті таныс адамдар бар ғой Мұхаң туралы естелік айта алатын) кісілерге де қамшы салсаңыз тәуір болар еді. Бұл комиссия пікірі.

Хатпен тауысып айтуға болмайтын күнбе-күнгі жаңалық, тірлік әңгімелері көп қой. Әзірге осымен тындырайын.

Құшақтай амандасқан **Әділғазыңыз.**

Алматы 13.08.1962



Сәлем-хат

Құрметті Қайым аға, келінге және балаларға біз – туысқандарыңыздан көп-көп сәлем.

Қайым! Аман-сау, күйлі, жақсы жүріп жатырсындар ма? Үй-іші тегіс аманшылықта ма?

Айыпқа бұйырмассыздар, тегі, хат жазып хабарласып тұруымыз сондай сараң, міне бүгін бір рет хат арқылы амандық білейік деп осы хатты жазып отырмын.

Мұнда біз де аман-есен жүріп жатырмыз. Балалар оқуда, өзім сол орнымда жүріп жатырмын. Анда-санда

Жұмабаладан хат алып тұрамыз. Сіздерден хат келмейді. Абылқасым қайда, аман-есен бе? Қанапияны ана жолы сұрай алмай қалдым, оның мәселесі шешілді ме?

Өзім анада сізге аэропортта жолыққаннан кейін Алматыға барып, одан Украинаға барып қайттым, одан кейін Целиноградқа (Акмолинск) бардым...

Күліштердің халдары қалай, аман-есен бе? Олардың адресін де білмейміз.

Туған жерден не жаңалық естуге болады? Баяғыдағы тас-Көкенде не өмір бар? Дәл маған өте қиын білуге, ел жігіттерінен кімдер бар? Мүмкін болса соларды айтшы. Анада айтып едің, елдің біреулерінің балалары үлкен қызметтерде істейді деп. Айқынбайдың балалары қайда екен, Айтқандайын, ана Ғизаттың баласы Қабиден не істеп жүр? Олар аман-есен бе? Какеннің өзі аман-есен бе?

Қайым! Сенің ана шыққан «Комиссар Ғаббасов» атты романында екі рет радиодан естідім, театрда қойды деп. Тегі, өте жақсы болған шығар... елге ұнады дейді ғой. Мұнда шығыстың жігіттері сол шығарманы көруге құмармыз. Мүмкін болса маған бір-екі кітабын жіберші. Анада жіберген екі кітабыңды оқып, өзім өте қуандым.

Кейде ойлаймыз, енді саған бір романдар жазса да болар еді деймін. Өмірдің соқпақ жолдары көп емес пе. Осы кейбір шыққан шығармаларды оқығанда ойлаймын – қалайда авторлар өте сұйық, өте жеңіл жаза салып, бастырып шығады.

Егер де біз жазсақ (ха...ха...) маңайымды көрмей қалуға мүмкін-ау деймін. Осында бір жігіт қолжазбасын оқып шығып «ал қалай қарайсың» дегенде, мен оған жақсы-ақ екен, бірақ жарыққа шығып ел оқиды деп айтуға болмайды дегенде... не қайту керек, не айыру керек деп сенімсіздік білдіреді...

Меніңше, сенің қолыңнан да, ойыңнан да, жолыңнан да келеді, егер күрделі темаға кірсең деймін ғой.

Басқа не жазуға болады, мұның бәрі жай әңгіме ғой...

Ал енді сөзбен туған-туысқандарға сәлем айт. Біздің хал-жағдайымыз осы.

Ел азаматтарына сәлем айтыңыз.

Хабарласып, хат жазысып тұрыңыз.

Сағынышты көп сәлем. Жаңа жылмен құттықтаймыз: өмірлерің, еңбектерің бақытты, қызықты болсын!

Усть-Каменогорск, ул. Красных Орлов, 33. кв. 17.

Кудайбергенов Ж.К.

25/ХІІ-61 г.



Кәке!

Пьесаны көрдім. Құттықтағаннан, қуанғаннан басқа не дейін!

Көрші жұртшылық та түгелдей бас шұлғып, ұнатып жатыр...

Телестудиямен сөйлестім. Сәкен Сейфуллин туралы телеочерк (суреттерімен) және сол кісінің бір фельетонын инсценировкалауды сұрады. 30–40 минуттық передача болса жетіп жатыр.

Өзім Семейге осы айдың аяғына таман барып қалармын.

Басқа жаңалық жоқ. Үй-ішіне, жеңгейге мың да бір сәлем!

Шын жүрекпен **Әбдікәрім.**

Өскемен 8.01.1962ж.



Құрметті Қайым інім!

Саған осымен екінші хат жазып отырмын. Бірінші хатта үй нөмірі көрсетілмепті (ескі 123), сондықтан қолға тимеуі де мүмкін. Соңғы адресіті облтеатрдың артистерінен бүгін естідім.

Өзім қыстай бір күн ауру, бір күн сау әурешілікте болдым. Мүмкіндік болған әредікте Сапекеңнің өлеңдерін көшіріп, енді 3–4 күнде қолымдағысын бітіргелі отырмын. Ретті бір жай кездесіп, машинкаға да бастырып отырмын. 4–5 / VI шамасында толық басылып та (6 мың жолдай) болмақ.

Енді қарап шығып, алғы сөз жазуға, сұрыптау туралы ақылдасуға өзіңе жеткізбекпін. Сондықтан қол бостығың қалай, қашан апаруға болады? Осы туралы өзіңнен хат күтемін. Екінші бір жәйт, бұл жинаққа кірмей қалған өз қолыңдағыларың да қосу керек қой.

Мен 10–15 VI шамасында отпускаға шығамын. Онан соң емделуім де керек. Бәрінен бұрын Сапекең туралы жұмысты ыңғайлағым, реттеп алып Алматыға апарғым келеді.

Тез жазуыңды сұраймын. Ағалық сәлеммен, Нүрпейіс.

27/V-1961 ж.

Ақжал. Паралельная, 44.

Смағұлов Нүрпейіс.



Құрметті Қайым!

Бүгін қағаздарым арасынан тауып алып, «ЖК» деген кісінің таршылықта жазған өлеңінен, өзіме тиген қалпын өзгертпей, тарих үшін керек болар деген мақсатпен өзіңе жіберіп, автордың өз жазғанынан жол,

сөз аралығы ауысқан, қалып қалған болуы мүмкін. Бұл 1932 жылдар шамасында жазылған болуы керек.

Өз халым, қартайғанда жесір қалғандықтан, өте ауыр...

Інішек, азғантай уақыт бөліп, тілектес ағаңа амандық білдіруіңді сұраймын.

Ағалық сәлеммен: Н.С. 30.06.1969 ж.

Қайым, бұл хат ерте жазылса да, жіберуге сәті бүгін ғана түсті.

Ағалық сәлеммен: **Нұрпеис Смағұлов.**
25.01.1970ж.

Ел едік егер ежелден¹,
Елірдік ел бар дегенмен.
«Ел» дегенім, ел болмай,
Еңіредік ақыр негеннен.

Теңі жоқтар теңелген,
Тепсінген тентек көп көпеді,
Тепті кеп мені төбемнен.

Көк мойын туып көбеңнен,
Көкілді шулап көгеннен
Көкіген емей немене?
Көгенделді.

Бейнетке сатып беделден,
Бет бақтырмай безерген.

Қылмыспен жатқан кісі жоқ,
Содырлы сойқан ісі жоқ.
Соқтығып бекер жынды ма,
Соққанда сойыл күші жоқ.

¹ Рукопись этого стихотворения на арабской графике была переведена К.Мухамедхановым на графику современного казахского языка

Соққанда иман, құран жоқ,
Соғатын аруак, құдай жоқ.
Жайрасаң жан жоқ жақ жазар,
Ұлыста ұран жоқ.

Шықпаса жаным денемнен,
Не болса да көрем мен.
Бір басым үшін өлмеймін,
Бір ғана саған сенем мен.

Кеудемде кәміл жүрек бар,
Тілек бар онда сезем мен.
Артымда қыруар ауыз бар,
Өлсе де денем, тез өлмен!



Уважаемый Мухамедханов!

Мне – как фотографу¹ Казанского государственного университета научная библиотека попросила сфотографировать и отпечатать 6 рукописей на казахском языке.

В письме Вы пишете и беспокоитесь, как выйдет.

Посылаю Вам начало одной рукописи. Если вас такое качество устраивает, высылайте 20 рублей по адресу:

Казань ТАССР

ул. Ленина, 18, Университет, учебная часть

Толокнову Алексею Павловичу.

При получении денег высылаю Вам немедленно фотоконии и негативы 6 рукописей размером 13x18 см.

Присланное Вам начало одной рукописи за № 1295т.5124 сохраняйте.

С уважением, **Толокнов**. 19 мая 1964 г.

¹ Стилистика автора письма сохранена.



Сәлеметсіз бе, мұғалім!

Мен сізге хат жазбады деп ұрсып жүрген шығарсыз. Бірақ мен хат жазбайын демеймін. Ал жазбайтымның ең үлкен себебі мынау. Хатты орысша жазуға сізге лайықсыз көремін. Қазақша жазу ауырлау сияқты. Кеше менің өмірімде бір жақсы оқиға болды. Сондықтан тәуекелге басып сізге қазақша жазып отырмын. Осында И. М. - Л. И. им. Горькогода Совет әдебиетінің тарихының проспекты бойынша бүкіл одақтық кеңес өтіп жатыр. Мен де соған барып едім. Е.Исмаилов сөз сөйледі, үзілісте сол кісімен таныстым. Өте жақсы қарсы алды. Тамаша адам екен. Мені сүйрелеп жүріп ана дәймен де, мына дәймен де таныстыра берді. Зоя Кедрина қатынасып тұр, консультация беріп тұрамын деді.

Кешкі заседанияға келсем, залда бір өте таныс адам тұр. Алғашқы кезде қай жазушы екенін еске түсіре алмай қойдым. Бірақ оқулықта портреті бар екенін білемін. Осы не Абишев, не Тажибаев деп отырдым. Сүйтсем Тажибаев екен. Есет-ағай салып отырып ол кісімен де таныстырып, жағдайдың бәрін айтып берді. Менің қазақ драматургиясын орыс тілінде жазатыным, ол кісіге өте ұнады ғой деймін. Кетерде Алматыға кел, көмектесеміз, деді. Қуанышым қойыныма сыймай жүр. Бірақ Сіздерді еш уақытта ұмытпаймын. Әрі-әредікте бір пьесаны ойластырып жүрмін. Москваның студенттері туралы. «Жас қанат» деп атадым. Бұл әшейін ішім аурғаннан кейін қарайып кетпейін деген жағдай ғой. Қазір әрине ең алдыңғы мәселе – диссертация. Бірақ сонда да әрі тақрыбы, әрі сюжеті, әрі образдары көңіліме өте ұнайды. Тегінде, бірдеме болып шығатын түрі бар. Онан басқа күнделік дейтін бір ауру тауып алдым. Мұның тағдыры, болашағы қазақ тілсіз ойдағыдай болады деп ешбір санамаймын. Қазақ кітаптарын жинап оқып, сөздікті пайдаланып, мақсатыма қайтсем де жету жолындамын

қазір. Ал осымен хатымды аяқтаймын. Сіздің үй-ішіне және барлық мұғалімдерге менен және Аймановтан сансыз көп сәлем! Егер Ленин кітапханасынан бірдеме керек болса, жазып жіберіңіз. Тапсырмаларыңызды қуана орындаймын.

Хош-сау болыңыз.

Хат жазушы **Мұрат Сұлтанбеков.**
Москва қаласы. 16.11.1961 ж.

P.S. Шаталин осында біраз уақыт болып, Бакуге кетті.



Қадірлі інім Мұрат!

Сенен екі хат алдым. Амандығыңды, әдебиет әлемімен жақын танысып, мәдениет қайраткерлерімен кездесіп, көңілің өсіп жүргенін біліп, мен де қуанып қалдым.

Біз де тегіс аман-саумыз.

Саған хатты кешігіп жазып отырмын. Семей театры менің пьесамды «Комиссар Ғаббасов» сахнаға шығару жұмысына кіріскеннен бастап мен театрмен жұмыс істедім. Пьесаның премьерасы 16.12.1961ж. болды. Халық жақсы қарсы алып жатыр. Өскеменнің телевидениясының шақыртуымен барып «Комиссар Ғаббасовты» біздің театр Өскемен телевидениясынан да көрсетіп қайттық.

«Приыртышская Правда», Өскемен облыстық газетінде, «Социалистік Қазақстанда» пьеса туралы жазылды.

Саған бұл жолы хатты ұзақ жазбаймын және тапсырма да бермеймін, ең алдымен өзіңнен хабар алмақпын. Әскерге шақыру не болды? Хат жаз. Егер әскерге

шақырудан қалып, Москвада жүрген болсаң өзіңнен хат алған соң мен де хат жазармын. Шаталинды көрсең, көп-көп сәлем айт.

Ағалық көңілмен **Қайым**.
18.01.1962ж. Семей.



Мұрат!

Сенің хатыңды алып, аман-саулығыңды біліп, қуанып қалдық. Өткен жылы жазған хаттарың менің қолыма соншама кеш тиді. Ол кезде мен Алматыда едім. Жылға жақын жүріп қайттым.

Өзіміз тегіс есен-саумыз. Қазір үйде жұмыс істеп жатырмын. Алдағы январьда қолжазбамды тапсыруым керек. Жұмыс ауыр. Шама келгенше істеп жатырмын.

Шаталин аман-сау. Өткен жылы кандидаттық қорғап шықты. Осы күні общежитиеде (ком. 16) тұрады. Сабақ беріп жүр. Сәлемінді айттым.

Сенің көп ойланып, өткен өкінішті мойындап, сабырлы салқын ақылға келіп, өмір таразысын дұрыс аңғарып, нағыз адамгершілік қалыпқа түскеніңе қатты риза болдым. Саған әлі кеш емес. Әскерлік қызметті жақсы атқарып, аман қайтып оралуыңа тілектеспін. Сен қазір аса бір үлгілі-өнегелі мектептен өтіп келесің. Өте пайдалы. Бастаған ісіңді естен шығарма. Қайтып келген соң бәрі де орнына келеді ғой. Хат жазып тұр. Жолдастарыңа сәлем!

Ағаң **Қайым**.
Семей. 10.04.1964 ж.



Қадірлі інім Мұрат!

Үй-іші, келін, бала-шаға есен-сау, тегіс аманшылықтасыңдар ма?

Біз де тегіс аман-есенбіз. Сен ана жолы Семейге келген сапарыңда, өзіміз жаққа қайта оралғың келетінін айтқан едің. Және қызмет жайын қарастыруды да айтқан болатынсың. Мен өзіміздің институт басшыларының пікірін білдім. Қайтадан өзімізге келу үшін бекінсең, олар қарсы емес. Үй-ішіңмен ақылдасып, хабарын берерсің.

Менің мерекемді өткіземіз деп жатыр. Жергілікті орындардың ұйғарымы бойынша, комиссия құрыпты. Январь айының аяғына таман өткізбек. Ол жөнінде сендерге алдын ала хабарлармыз.

Басқадай айта қоятын жаңалық жоқ.

Есен-сау болыңдар!

Сәлеммен **Қайым**.
Семей. 23.12.1975ж.



Қайым аға!

Жазған хатыңызды алдым. Үй-ішімен есенсіздер ме? Бізде де саушылық, оқып жатырмыз.

Тапсырмаңызды мүмкіншілігінше қарап шықтым.

Пушкин атындағы библиотекада Шәкерім ақынның «Боран» атты аудармасы бар екен «Әдебиет майданы» журналының №2–3 санында (2–3 екені бір кітапта етіп түптелген) 1936 жылғы инвентарь № 8399977

Шәкерімнің «Ләйлі–Мәжнүн» поэмасында аударма бар екен. Тек іздегенде Сәкен Сейфуллиннің шығармаларынан іздеу керек. Қазақ поэзиясы картотекинде. Шыққан жылы 1935 КкӘБ. шифр книги 894-342 с РК.

Семейден шыққан «Еңбек» атты әдеби альманах библиографический отделінде жоқ, мүмкін редкий фон-

дыда болар. Оны бос уақытта барып тағы да қарармын. Қазақ журналынан іздеген едім. Онда ол журнал жоқ.

– Высылаются ли эти книги по МБА? – деп сұрадым. Высылаются дейді.

Ал Ахат Құдайбергеновтің үйіне демалыс күні әдейі іздеп барып хабарын берермін. Қазір сабақтан босамай жатырмын, оның үстіне 1-курстан бастап практика жүреді. Орыс драма театрына белгіленген еді. Кешкісін сағат 2-ге дейін сонда жүрмін.

Басқа айтарлықтай өзгеріс жоқ. Семей қалай, не жаңалық бар?

Сәлеммен **Мамырбек Бакенов.**

Алматы, 2 октябрь 1964 ж.



Құрметті Кәке!

Бәрімізге ортақ Абай мен Мұхтардың туған жерінде шығарылып келе жатқан «Абай ұрпақтары» қолжазба журналының осы жылғы 6 майда 25 жыл толуы атап өтілмек.

«Абай ұрпақтары» жастардың тек таланттыларын ғана өз маңына топтастырып қоймай, бәр-бәрінің оқуда да, еңбекте де лайықты табысқа жетуіне жәрдемдесті. Журналдың алға қойған мақсаты өзінің атымен тығыз байланысты болып келеді.

«Абай ұрпақтары» қолжазба журналының мүшелі күнін Сізге хабарлай отырып, деніңіздің сау, еңбекте табысты болуыңызға тілектестік білдіреміз.

Семей облысы, Қарауыл селосы,
Ленин көшесі 27. «Совхоз туы» газетінің редакциясы.

15 апрель, 1964 жыл.



Құрметті Қайым аға!

Сау-сәлеметсіздер ме?

Жеңгейдің, балалардың, үй-ішінің халі жақсы, аман-есен бе?

Аға, сіздің тапсырмаңызды уақытында орындауға мүмкіндік болмай, кешігіп жіберіп отырмын. Оған фотолaborатория кінәлі болды.

Естіп жатқан боларсыз, 12 декабрьде қорғағам.

Сіздің жіберген пікіріңізге аса разы болдым. Ғылыми советте басқа рецензиялармен қосып уч. секретарь оқыды. Үлкен рахмет!

Жеңгейге, балаларға көп сәлем.

Қарындасыңыз **Үшкүлтай**
Алматы, 9/II-65 ж.



Глубокоуважаемый тов. Мухамедханов!

Специальных работ по интересующей Вас теме, к сожалению, ещё не создано. «Стихотворения в прозе» и комментарии к ним будут опубликованы в 12 томе академического издания полного собрания сочинений Тургенева. Сообщаем Вам несколько литературных источников, которые, надеемся, смогут облегчить Ваши дальнейшие самостоятельные разыскания.

1. Созерцатель /Оболенский Л. Е./ Стихотворения в прозе. – «Русское богатство», 1983, №-1

2. Куприевич А. А. «Стихотворение в прозе» Тургенева и «Диалоги» Леопарди. – В кн. Minerva, вып. 1 сб., изданный при ист. – филологич. Семинарии Высших женских курсов в Киеве, Киев-1913.

3. Томашевский Б. В. «К истории «Стихотворений в прозе», – В кн.: Тургенев. «Стихотворение в прозе». Akademia, 1931.

4. Кулагина Н. Д. Жанровое своеобразие «Стихотворений в прозе» И. С. Тургенева. – Докл. научно-теоретич. конференции аспирантов. Ростов н/Д, 1962, стр. 52-59.

5. Шаталов С.Е. «Стихотворения в прозе» И. С. Тургенева. Арзамас, 1961.

С уважением зав. Тургеневской группой Института русской литературы АН СССР Л. Н. Назарова.
8.V.1964 г. Ленинград.



МОСКВА
ИЗДАТЕЛЬСТВО ВОСТОЧНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Прошу прислать Тематический план Вашего издательства на 1964 год и сообщить о времени выхода из печати второго тома сочинений В. В. Бартольда.

Нельзя ли приобрести через Вас :

1. Л. З. Будагов «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (в 2-х томах)

2. «Тюрко-монгольское языкознание и фольклористика»

г. Семипалатинск.
Мухамедханов Каюм.
7 февраля 1964 год.



Әліні ішіңе алдың адам құсап,
Қас қылдың ағайынның малын асап.
«Малыңды ұрлап алған қайтарам», – деп,
Қолыңнан подпескені бердің жасап.

Осымен саламын деп Әліні отқа,
Тигіздің кеселінді тамам жұртқа.

Сәтбайдан жүз теңгені алып ем деп,
Үш биді тандырғалы бердің сотқа.

Адам ғып Әлі ағайды алдырып ең,
Балшы ғып пәдпескені салдырып ең,
«Біз пешетті басқанымыз жоқ» дегізіп,
Жәйсәң, Мәйке, Сейлханды тандырып ең...

Мұндағы аталғандар ауыл билері (бір болыстың). Сәтбай бай адам. Қайса бастаған билер шет жақтан мал ұрлатып, «оны ұрлаған Әлі» деп көрсетеді. Әліні Ақылбек қолдаған. Билердің қай ауылдыкі екенін нөмірледім. Қайса үш жылға жер ауады. Бұл ұзақ болу керек, қалғанын қолға түсіріп жіберермін.

Бірі Ақылбек, бірі ақсақ екі атым бар,
Сөзім жаман болса да ұнатындар.
Ақсақты құдай берген жазам десен,
Биік таудың басынан құлатындар...

Енді Ильяс Молдажанов туралы бірер сөз: Ильястың туған ағасы Ыдырыс Молдажанов деген қазір Семейде бұрынғы Некрасов 40-та тұратын көрінеді. Ильяс мұрасы болса сонда болады, не тығылған жерін сол кісі анық біледі деп Өндірісте тұратын қарындасы айтты. (Баймолда Дайыровтың жұбайы) Ильястың туған қарындасы. Басқа адамнан табылмайды-мыс.

Ал, ағай, менің әзірге жаңалығым осы. Табылғаны алдыңызға жайылып отырылады. Осы тақырыпқа байланысты нұсқауларыңызды жібере беріңіз. Шамамның келгенінше көмегімді сарқа салармын. Экспедиция жасағанда да хабарласыңыз, телефонмен, не хатпен бірге болып көмек көрсетермін.

Сәлеммен: ініңіз **Уәлихан Туқусов.**

Бесқарағай ауданы,
Беген он бір жылдық мектебі.
20.01.64



Қайым аға!

Үй ішіңіз сау-сәлеметсіздер ме?

Мен де келіп, орналасып сабаққа кірісіп жатырмыз. Он шақты күн колхозға жұмысқа барып келдік.

Уәде бойынша хат жазып отырмын, кешіктіргеніме кешірім өтінемін.

Менің адресім: г. Алма-Ата, проспект Абая, 56, ком. 67. Бакенову Мамырбеку десеңіз болды. Керекті материалдарыңызды жазып тұрыңыз, бос уақытымда пайдаланып, табылса мүмкіншілігінше жәрдемдесуге әзірмін.

Сәлеммен **Мамырбек.**
22.11.1964ж.



Уважаемый Алексей Павлович!

Ваше письмо от 20.05.1964 года я получил с большим опозданием. С мая по июнь находился в командировке.

Фотокопии начала рукописи, полученные от Вас вместе с Вашим письмом, меня устраивают. Прошу сообщить, вернулись ли Вы из отпуска?

С получением от Вас письма сразу же перевожу Вам 20 рублей и буду ждать фотокопии с 6 рукописей и негативы.

Я очень и очень просил бы Вас сделать фотокопии с небольших статей, помещенных в журнале:

1. «Beznen jul», Казань, 1923, №6-7, стр. 41-46, статья Жамала Валиди – «Buz iedet» Хакында...

2. . «Beznen jul», Казань. 1929, №-5, стр.31-32. статья I.Raxim – «Buz jeget» beläu «Tahir – Zöhra” jazusket bulgan». Эти журналы имеются в научной библиотеке им. Лобачевского, о чем писал мне тов. Фатхиев.

Алексей Павлович, можете ли Вы в дальнейшем выполнять наши заказы по изготовлению фотокопий с книг, журналов, газет и рукописей из фондов вашей библиотеки?

Как здоровье товарища Фатхиева? Вышел ли он на работу? Прошу передать ему от меня привет. Передайте ему, что я жду от него письма.

С уважением **Мухамедханов**.
17 октября 1964 года, г. Семипалатинск.



ИНСТИТУТ ЛИТЕРАТУРЫ И ИСКУССТВА
имени М.О.АУЭЗОВА

Глубокоуважаемый Каюм Мухамедханович!

В 20 числах июня текущего года на Объединенном Учёном Совете Института языкознания и Института литературы и искусства АН КазССР состоится защита Т.Нуртазиным докторской диссертации. К защите им представлена книга «Писатель и жизнь», вышедшая в конце 1960 года, положительно оцененная в печати, поэтому авторефератов не высылаем.

Т.Нуртазин – один из видных, высококвалифицированных критиков и литературоведов республики. Он автор ряда литературоведческих книг: им теоретически осмыслены, освещены важные проблемные вопросы истории и творческой практики казахской советской литературы, фольклора, дореволюционной казахской литературы. Тов. Нуртазин создает и художественные произведения, занимается переводами.

«Писатель и жизнь» Т.Нуртазина - высококвалифицированная, глубоко научная книга, широко освещающая важнейшие проблемы казахской советской литературы.

Было бы желательно иметь Ваши отзывы о книге и о критической и литературоведческой деятельности Т. Нуртазина. Отзывы можно присылать в адрес Института литературы и искусства АН КазССР.

Ученый секретарь
Объединенного Ученого
Совета

О. Нурмагамбетова



МОСКВА
**В БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ ОТДЕЛ
ГОСУДАРСТВЕННОЙ БИБЛИОТЕКИ СССР
имени В. И. ЛЕНИНА.**

В «Киргизской степной газете» № 29, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, и 40 за 1992 год опубликованы очерки «Незабытое прошлое и настоящее Киргизов» со ссылкой на «Сибирской Вестник», №-60

Прошу Вас выяснить, имеется ли в Вашей библиотеке «Сибирской Вестник» №60, где были опубликованы вышеуказанные очерки? Если имеется у Вас названный журнал, прошу также сообщить, высылается ли он по МБА?

С уважением,
К. Мухамедханов.
8 август 1964 год.



МОСКВА
В БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ ОТДЕЛ
ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПУБЛИЧНОЙ
БИБЛИОТЕКИ имени В.И.ЛЕНИНА

В «Киргизской степной газете» №№ 46-50 за 1900 год, издававшейся в Омске, опубликована «Легенда про былое киргизское» со ссылкой на журнал «Природа и люди» («Природа и люди». Курс географии, содержащий описание частей света в физическом, этнографическом и политическом отношениях, книга 1, СПб, 1861, книга 2, 1861). В Семипалатинске имеются только эти два выпуска.

Прошу Вас выяснить, в котором из выпусков (номеров) названного журнала была помещена вышеуказанная легенда и кто является ее автором.

Если это возможно, сообщите, высылается ли этот журнал по МБА?

Мой адрес:
г.Семипалатинск,
ул.Карла Маркса, 155, кв. 13.
Мухамедханов Каюм.

*Заметки на полях: отправлено 10/IV 1964 г¹.
8/VIII 64 г. сделан запрос в Ленинград, б-ка им.
М.Е.Салтыкова-Щедрина*



Дорогой Каюм!

Весь этот месяц решались мелкие, но чрезвычайные неприятные дела. Теперь всё позади, говорю об этом с

¹ Заметки на конвертах, на полях своих ответов об отправке материалов, о выполнении многих просьб - пример аккуратности ученого в работе и уважительного отношения к просьбам людей.

единственной целью оправдать свое долгое молчание. Ты, наверное, знаешь, как тяжело переносить именно мелкие неприятности. Хотя, в общем-то, никаких неприятностей как будто и не было.

С 1-го сентября я работаю, читаю лекции, веду семинары. Нагрузка почти такая же, как в Семипалатинске. Вместо «Введения в литературоведение» принялся читать XX век (рус.). Что может быть лучше?

Пока ещё я не акклиматизировался, не осмотрелся. Поэтому твою просьбу выполнить не смог. Но думаю, что ещё в сентябре я смогу выслать тебе кое-какие книги.

Было бы здорово, если бы ты мне выслал Синявского. Я хожу, работаю в библиотеке. Здесь такой книги нет.

Привет Фае и детям.

Твой Мстислав.

09.09.1964 г. Баку.



Дорогой Каюм!

С радостью получил твоё письмо. Разумеется, вполне понимаю тебя. У тебя так мало времени. Желаю тебе всяческих успехов. Как только освобожусь, пойду по книжным магазинам, посмотрю, может быть, есть то, что тебе нужно. По первому списку, к сожалению, ничего нет. Даже календарей.

Работаю. Здесь немного иначе строится весь учебный процесс. Это непривычно и утомительно, нужно много читать.

Синявского ещё не получил. С нетерпением жду со дня на день. Как твои дела с диссертацией?

Привет всем домашним и особо Фае.

Твой Мстислав Шаталин.

23.12.1964 г. Баку.



АКАДЕМИЯ НАУК СССР И
ИНСТИТУТ НАРОДОВ АЗИИ
ИЗДАТЕЛЬСТВО ВОСТОЧНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Уважаемый тов. Мухамедханов!

Книга «Тюрко-монгольское языкознание и фольклористика» будет Вам выслана. Словаря Л. В. Будагова, также как и тематического плана на 1964 г. в Издательстве нет. I часть второго тома сочинений В. В. Бартольда уже вышла из печати. Посылаем Вам список книг по языкознанию, имеющийся у Издательства в наличии.

С уважением,
Редактор Новакова.
12 марта 1964 г.



Москва, Л, В,-164, Менделеевская линия, д.1,
Издательство АН СССР
**В редколлегию Полного собрания сочинений
И. С. Тургенева**

В цикле «Стихотворения в прозе» И.С.Тургенева есть произведение «Восточная легенда». Не будете ли Вы так любезны сообщить имеющиеся в Вашем распоряжении сведения об источниках /фактических, литературных и т. д./ этого произведения? Эти сведения необходимы мне для научной работы, связанной с изучением творчества великого казахского поэта Абая.

С уважением **Мухамедханов**, доцент,
кандидат филологических наук.
г. Семипалатинск. 26. 04. 1964 г.



г. Казань, ул. Ленина, 18.
**Государственный университет
им. В.И. Ульянова-Ленина.**
Научная библиотека им. Н.И. Лобачевского

Прошу проверить, имеются ли у Вас следующие источники и выслать по возможности по межбиблиотечному абонементу. Заранее благодарен.

Рамиев С. «Уакытылы татар матбугаты». Казань, 1926 г.
«Шаир». Собрал и издал Габдулла Муштах. Оренбург, 1911 г.

«Мурат акынның Омар казига айтканы». Казань, 1908 г.
Дулат. «Өсиет наме». Казань, 1880 г.

С уважением, **Каюм Мухамедханов.**
28/VII 64 г.



Москва, 3-й проезд Марьиной рощи, д. 4.
Издательство Учпедгиз

Прошу выслать следующие книги, указанные в Тематическом плане на 1964 год:

Белецкий А.И. «Труды по теории литературы».

Бельчиков Н.Ф. «Пути и и навыки литературоведческого исследования».

Волков А.А. «Русская литература XX века».

Браже Т.Г. «Пути целостного изучения эпического произведения».

Дремов А.К. «Специфика художественной литературы».

Райхин Д.А. «Белинский в школе».

Асадуллин А.М.и Хайруллина М.Г. «Хрестоматия по истории методики преподавания русского языка в национальной школе».

Бублейников Ф.Г. «Галилео Галилей».

Рубинштейн Р.И. «О чем рассказывают памятники древнего Востока».

Ковтун Е.Ф. «Как смотреть картину».

Оплату наложенного платежа гарантирую.

С уважением, **Мухамедханов.**

8/VIII 1964 г.



Москва, К-62, Подсосенский пер., д. 21

Издательство АН СССР

Прошу выслать наложенным платежом книги из Тематического плана 1964 г. Оплату наложенного платежа гарантирую.

История

Румянцев Г.Н. Этногенез монголов.

Якобсон А.Л. Средневековый Крым.

Философия

Гете И.В. Избранные философские произведения.

Литературоведение

Историческое развитие жанров русского фольклора.

Проблемы классического наследия.

Материалы к библиографии ученых СССР

Виктор Максимович Жирмунский. (серия литературы и языка)

Сергей Иванович Соболевский. (серия литературы и языка)

С уважением, **Мухамедханов Каюм¹.**

¹ К.Мухамедханов постоянно заказывал новинки из многих издательств СССР. В данной книге представлено лишь несколько примеров такой переписки.



В Издательство «Наука» Узбекской ССР,
г.Ташкент, ул. Куйбышева, 15

Согласно Тематическому Плану Вашего издательства на 1964 год, прошу выслать наложенным платежом следующие книги:

1. О.А.Сухарева, И.М.Джаббаров, М.А.Бекжанова и др. «Узбеки ССР (историко-этнографические очерки), вып. 1 на русском языке.

2. К.Ш.Шаниязов.«Узбеки-карлуки» на русском языке.

3. Т.Кадырова. «Из истории крестьянских движений в Узбекистане» на русском языке.

4. И.М.Муминов, М.М.Хайруллаев, А.Батунский и др «Очерки по истории прогрессивной общественно-философской мысли в Узбекистане» на русском языке.

5. М.И.Афзалов. «Об узбекских народных сказках» на узбекском языке.

ДАСТАНЫ:

6. «Балагардан»

7. «Бахрам Гуляндат»

8. «Саядхан»

9. «Райно и Сухангуль»

10. «Равшан»

11. «Сахибекиран»

12. «Базирган»

13. Т.Н.Кары-Ниязов, А.Рамазанов. «Русско-узбекский и узбекско-русский терминологический словарь по математике».

14. Н.А.Альхамова. «Русско-узбекский и узбекско-русский терминологический словарь по лингвистике».

15. А.Валиев. «Русско-узбекский и узбекско-русский терминологический словарь по философии».

16. Х.Хасанов. «Русско-узбекский и узбекско-русский терминологический словарь по географии».

17. Н.М.Муратов. «Русско-узбекский и узбекско-русский словарь общественно-политических терминов».

18. Очерки истории Каракалпакской АССР, т. 1. «С древнейших времен до 1917г.» на русском языке.

19. И.Джаббаров. «Этнография узбекского народа».

20. А.Ирисов. «Арабисты Узбекистана».

21. Я.М.Менаджиев, Х.А.Азаматов. «Что означает ваше имя».

СЕРИЯ «Классики науки»

22. А.Файзулаев. «Мухамад Хорезми».

23. И.М.Муминов. «Мирза Бедиль».

24. П.К.Анохин. «И.Павлов».

СЕРИЯ «Жизнь замечательных людей»

25. М.Шамухамедов. «Саади».

26. Х.Хасанов. «Хафизу Абру».

27. Н.Наркулов. «Бехзад».

28. А.Урунбаев. «Абдураззак Самарканди».

29. Вопросы тюркологии (коллектив) на русском языке.

30. Н.Б.Байкова. «Из истории торговых связей России с Востоком».

19/VIII-64 г. **Мухамедханов.**



Мәжит Даулетбаев

(Інісі Хамзаның берген мағлұматы)

Мен Алматы телевидениесінен Мәжит туралы сөйлеген соң¹ (30.X.1965) Мәжиттің інісі хат жазыпты:

¹ Каюм Мухамедханов собрал и исследовал ценные материалы о Мажите Даулетбаеве и пропагандировал его творчество.

В студию «Казахтелевидения». г.Алма-Ата, ул. Мира, д. 175 а.

В одной из передач на казахском языке по казахскому телевидению говорили о Даулетбаеве Мажите, одном из старейших писателей, поэте Казахстана и переводчике классиков, погибшем в 1937 году в период культа личности Сталина.

Эту передачу я сам не слышал, о ней мне сообщили знакомые, знающие меня как брата М.Даулетбаева.

Вы просили знающих о нем, о его биографических данных сообщить заинтересованным исследователям.

Я – брат М.Даулетбаева. С 1950 г. живу в Алма-Ате, инвалид Отечественной войны, пенсионер в настоящее время. Прикован к постели (парализован левый бок).

Если такая передача была и кто-то заинтересован в сборе данных о М.Даулетбаеве, и если найдут полезным мои сообщения о нем, о его биографии и т.п., прошу выслать представителя по адресу: Алма-Ата, Тастак, ул. Рахманинова, №31. Беркин Хамза Даулетбаевич или выслать по этому адресу вопросник.

Беркин Х.Д.
11 XI. 1965 г.



Глубокоуважаемый тов. Мухамедханов!

Андрей Николаевич Кононов получил Ваше письмо, в котором Вы просите сообщить имеющиеся у нас сведения об Ильясе мурзе Бораганском (или Бараганском), и поручил мне ответить Вам.

Пока могу сообщить Вам немного, т.к. статья об И.Бораганском еще не написана.

Если у нас появятся дополнительные сведения, я Вам их пришлю.

В IV томе «Материалов для истории факультета восточных языков СПб университета (обзор деятельности ф-та 1855-1905 г., составленном В.В. Бартольдом и изданном в СПб в 1909 г. на стр. 194 сказано следующее:

«Лекторы языков ... турецкого (Шевкат Абдурахман с 15 авг. 1886 до 1897 г., Ильяс Мурза Бораганский с 20 авг. 1898 г.) назначались только исправляющими должность на определенный срок, причем это назначение несколько раз возобновлялось».

В «Списке профессоров и приват-доцентов СПб университета» Н.И.Веселовского на стр. 27 отмечается, что Ильяс Мурза Бораганский с 20 VIII 1898 г. по 20 VIII 1908 г. исполнял должность лектора турецкого языка на факультете восточных языков СПб университета, образование получил в Стамбуле.

Благодарю Вас за указание на статью из «Герджимана», мы о ней не знали¹.

С уважением, **Нинель Александровна Дулина.**

11 X- 66 г.

Ленинград, Д-41, Дворцовая, 18.

Институт народов Азии.



Копия²

Ленинград, Садовая, 18.

Государственная ордена Трудового Красного Знамени
Публичная **Библиотека имени М.Е.Салтыкова-Щедрина.**

Справочно-библиографический отдел.

¹ Более двадцати лет К.Мухамедханов вел поиск, чтобы вернуть из мрака забвения имя И.Бораганского, ученого-востоковеда, первого издателя Абая.

² Будучи чрезвычайно аккуратным и точным в любом деле, автор сохранял черновики своих писем для того, чтобы можно было отследить выполнение множества заказов, получение и возврат материалов, а также выполнение просьб многих людей.

Уважаемые товарищи!

В газете «Заря свободы» за №68, 2 июня 1918 г., г.Верный (Семиреченский областной революционный орган Советов) напечатана статья Сабиржана Габбасова (Аягузи) – «Кто виноват?». А в № 12 этой же газеты за 22 марта 1918 г., на странице 2-ой – сообщение с примечанием редакции К.Валиева об организации 7 февраля 1918 г. в ст. Сергиополе русско-мусульманской солдатской организации.

В газете «Курултай» (*Прим. сост.: далее автор письма пишет арабской графикой*) № 9 от 4 августа 1917 г. (г.Казань. Орган мусульманского комитета) опубликованы два сообщения (на татарском языке):

1. «Идарэгэ Мәктүб. Качкан курс мөдәрәсе». (О бегстве учителя женских учительских курсов Сабиржане Аягузи (С.Габбасова).

2. «Казанда 2-мүгалимәлер курсының һәйһат тәчһлимәсе» - тоже о Сабиржане Аягузи.

Разрешите, уважаемые товарищи, прибегнуть к вашей помощи в изготовлении фотокопий с указанных материалов и заголовка этих двух статей. («Заря свободы» №12, 68 и «Курултай» № 9).

Оплату наложенного платежа, когда фотокопии будут сделаны и присланы вместе с негативами, гарантирую.

Одновременно прошу сообщить, имеются ли у Вас подшивки татарской газеты «Халык сөзі» («Народное слово»), изд. в г.Семипалатинске в 1917-1918 гг. и журнала «Суюм-Бика» (Казань. 1917.гг.)?

Буду весьма признателен Вам за помощь.

13./XI-66. Мухамедханов.



БИБЛИОТЕКА СССР ИМЕНИ В. И. ЛЕНИНА

г. Москва, Армянский пер. д.2, Институт народов Азии АН СССР.

Учёному секретарю.

Копия: г. Ташкент ул. Навои, 55 Институт Востоковедения им. Абу Райхана Бируни. Директору института тов. Азимджановой.

Копия: г. Семипалатинск ул. Карла Маркса, д.155, кв.13 тов Мухамедханову

Уважаемый товарищ!

По договоренности с Вами пересылаем Вам запросы Института Востоковедения им. Абу Райхана Бируни (Ташкент) от 12.04. 1966. и Мухамедханова Габдулкаюма от 24. 04. 1966 г.

Просим оказать им необходимую помощь и ответ направить по адресам, указанным в прилагаемых письмах.

Зав. отделом справочно-библиографической работы
научно-информационной библиотеки Багрова.
14 мая 1966 год.



Аға, мына бір өлең жолдарын сіздің 60-қа толған мерекенізге арнап жазған едім. «Семей таңы» облыстық баспа деп баспай қойды. Енді өзіңізге жолдап отырмын.

Жырақтап кетсе отынан жүрген жылынып,
Жылбыскы жанның жүзі ұмыт.
Алыстаған сайын биіктей беред екен ғой,
Қарапайым ұлылық.
Сол ұлының бірі деп сені таныдым,

Алпысқа келген алыбым.
Бөлісіп алып болашаққа біздер аттандық,
Елім деп соққан жүрегіңнің жарымын.
Бөлістік тағы жүрмеген өзің жолдарды,
Бастаған ісің жалғанды.
Бағбан едің баптаған сенің бағыңда,
Жайқалып өсіп аққайың, терек, тал қалды.
Содан да сенің қартаймас мәңгі жаның жас,
Жақсының бәрі қарындас.
Құшағың жайлау, көңілің дастан, шежіре,
Кезім жоқ аңсап, сағынбас.
Алпысқа келдің, артыңда талай із қалды,
Қыстар да болды ызғарлы.
Көктем де болды көк өзендері тасыған,
Селдер де болды сілкінтіп өткен құздарды.
Ал енді міне жайқалған жасын келіпті,
Далаңдай мынау көрікті.
Ұлан барад аузына салып тамсанып,
Бағыңда піскен өрікті.

Шәкіртіңіз **Оралбек Бөкебаев**



Многоуважаемый товарищ Мухамедханов!

С большим интересом мы прочли Вашу статью о Всеволоде Иванове в газете «Иртыш». Особенно привлек наше внимание Ваш рассказ о том, как Всеволод Иванов относился к Достоевскому. Нам, музею, очень нужна фотография, о котором Вы упомянули. Всеволод Иванов - возле дома Достоевского. Помогите нам разыскать её.

Посылаем извещение «Библиография о Достоевском» и каталог фондов музея. Хорошо было бы, если бы Семипалатинский пединститут прислал много зая-

вок. Это поддержит издание. Извещение это можно повесить в библиотеке института.

С искренним уважением,
директор музея Ф. М. Достоевского –
Кац Галина Владимировна.
Москва, А 30 ул. Достоевского, д 2.
1 апреля 1965 год.



Кәке!

Мен марқұм Т.Тәжібаевтың әйеліне жолықтым. Аты Әзиза екен. Бұл кісінің ағасы Ярмухаметов Шаяхмет Шамхамедович, 1902 жылы туған, тағы да Ғани, 1903 жылы туған, қалғандары бұдан да жас ағалары бар екен. Ең үлкен ағасы Шаяхметтің қызметтері: Түркменстанда ЦК комсомолда; Қазақстан, Өзбекстан және Түркменстанда болған; 1925 жылы Ақмолада окружкомда істепті, нарком турда да істепті, 1930 жылы Алматы обком партиясының секретары болыпты; Қызылордада (Ақмешітте) комсомол жұмысында істепті.

Бұл айтылғандарды Әзиза жеңгей жеңгейінен (ағасы Шаяхметтің әйелі Мария Ивановна) телефон арқылы сөйлесіп білді. Тегі, Мария Ивановна қартайған адам болуы керек. Көпшілігін ұмытып қалыппын депті. Сонда да мынандай бір жағдай айтыпты. Сол кездерде (Шаяхмет қызмет атқарып жүрген кез) тағы да бір Ярмухаметов деген үлкен қызметтер істеп жүр дегенді естуші едім депті. Бірақ есінде ештеңе қалмапты.

Әзиза жеңгей мүмкін аты қате жазылған шығар, жалған аты шығар, қайтадан жазсын дегендейді айтды.

Менің білгенім әзірше осы.

Үйге қайтқанша тағы да іздестіріп көрем ғой.
Бірдеңе табармын.

Сау болыңыз, үй-ішіне сәлем айтыңыз.

Ахметжанов. Алма-Ата.

14/ XII- 66 ж.



Құрметті Қайым!

Жақсы жүріп жатырсыз ба? Өзіңізбен қоса үй-ішіңіздің денсаулығын тілеп, сізге арнайы хат жазып отырған Қарқаралының Ғабдиман Игенсартов дейтін бір ақбас шалы.

Мен Сізге Алматыға жазушылардың 7-съезіне барғанда мейманханада кездескенім есіңізде болар. Сол кездесуде Сізге «Ақ бидай» атты поэмам мен «Екі жыр» дейтін өлеңім «Екпінді» газетінің 1934 жылғы күзгі айларында шыққан сандарында басылғанын, бірақ ол екеуі қазір қолымда жоқ екенін айтқанымда, Сіз «ол екі шығармаң менде бар» деп мені қатты қуантқан едіңіз. Өйткені, ол екеуі баспа бетін алғаш көрген туындыларым болатын.

Мен 1968 жылы басылатын кітаптардың жоспарына қосуға деп таңдамалы жинағымды ұсынғанда, қолымда жоқтықтан сол екі шығармаңды кіргізе алмадым. Осыған байланысты мына жәйтті айта кетейін.

Сәбит Мұқанов жолдас Әбділда Тәжібаев туралы естелік очерк жазғанда Әбділданың «Мұнда саған орын жоқ» атты өлеңі баспада шыққан ең алғашқы туындысы екенін айта келіп: «Өз еңбектерінен баспа бетіне бірінші рет шыққан осы өлеңді соңғы таңдамалы жинақтарына Әбділданың неге кіргізбей жүргеніне қайранмын. Жаман болсын, жақсы болсын, ол өлең Әбділда ақындығының тұңғышы еді. Адамға тұңғыштан ыстық туынды бола ма?» деп жазды. Міне, көрдіңіз бе, Қайым?! Жоғарыда

аталған екі шығармамды ұсынған жинағыма қоса алмағанымна қиналуымның мәнісі осында жатыр.

Енді Сіздің көп үшін еңбек етіп келе жатқан ғалым азаматтығыңызға қол артып, өтінерім: сол екі өлеңімнің көшірмесін маған тезірек жіберуіңізді өте-мөте сұраймын. «Екпіндіде» басылған айы-күнін көрсетсеңіз қандай жақсы болар еді. Семейге баруға өзімнің ешқандай мүмкіндігім жоқ.

«Екпінді» газеті 1934 жыл бойына өзі жариялаған өлеңдердің таңдамалысын жеке жинақ етіп шығарғанда «Ақ бидай» поэмасы да сол жинаққа қосылғанды. Сыншы Өтепов Құлмырза марқұм ол жылдары «Екпінді» газетінде істеп еді ғой. Аталған екі туындымды қарап, газетке бастырған да сол кісі еді. Құлмырза кейін «Еңбекші қазақ» газетіне ауысқанда, маған: «Екі жыр» саяси лирика да күшті жазылған өлең, ал «Ақ бидайыңыз» әрі қысқа, әрі көркем жазылған ұстамды поэма» деп еді.

Міне, менің Сізге асыла тілек қоюымның себебі осындай екі жағдайға байланысты жатыр.

Құрметтеушілік сәлеммен – **Ғабдиман Игенсартов**¹.

21/II [19]67.

Менің адресім:

Карагандинская область, г. Каркаралинск, ул. Трудящихся, 38.

Ғабдиман Игенсартову.

Отметка Каюма Мухамедханова на письме:

«9/III 1967. «Ақ бидайының», «Еңбектен» фотокопирмесін жібердім. Қайым».



¹ Это письмо, написанное арабской графикой, было переведено и подготовлено к печати ученым А.И.Исиным.

9 февраля 1966 г.

Дорогой Каюм Мухамедханович,

К Вам обращаются учащиеся школы № 243 г. Аягуза. Мы, ученики одиннадцатого класса, решили собрать материал о жизни и деятельности нашего земляка Сабыржана Габбасова. К, сожалению, книгу Вашу, посвященную С.Габбасову, мы не смогли найти. Мы очень просим Вас помочь нам. Ваше участие в нашем деле необходимо.

С уважением к Вам, **ученики 11 «А» класса.**



Құрметті Қайым!¹

Есмағамбетсіз, Зейінсіз жылдың аяғы жақындап келеді. Қар жауды, халық қысқы киімге ауысты. Тірілер тіршілігі баяғы арнада: кейде ілгері, кейде кері қимылдап жатыр. Қарттық дами түсіп келеді.

Күзгі жауын суықтау,
Жазғы жауын жылы еді.
Қар да жауар жуықта,
Мұздай берер күн енді, –

деп мен де отырмын. Кейде көңіл-күйі буалдыр [бұлдыр] тартқанда, шаршаған, тозған дененің жүйкелері қыңсылап, ойды да дел-сал етеді. Ондай тұста шабыт та томағалы бүркіттей тұғырда ғана сілкінген болады. Онысы әншейін тірлік белгісі сияқты. Әрі-бері толғанғанда өзінді-өзің қанатсыз күшеншек сияқты сезінесің. Амалсыз да ше.

¹ Это письмо, написанное арабской графикой, было переведено и подготовлено к печати ученым А.И.Исиным.

Жел сынды, көңіл тынды, толқын өлді,
Көмескі көзімнің де нұры сөнді.
Қыңсылап жетім күшік жатыр шабыт,
Ағайын, не тілейсің менен енді, –

дейсің. Дұрыстап, тереңірек аңғарсам, осының бәрі тегін емес. Әртүрлі меңдей қозғалған ойлардың, соның ішінде шал бола бастағанның да салдары. Алпыстан әлдеқашан асса да көңілдері басылмайтын, жәрмеңкелері тарқамайтын ағалардың қуатты қасиеттері маған бітпепті ғой. Өкінішті-ақ, үлкен өкініш. Әйтсе де, екі қол да, тұншығып соғатын жүректе дамыл жоқ. Қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбыр тоқтамайды. 50 жылға қарсы сахналық поэма бітірдім. Жаңа өлеңдер жинағын әзірледім. Былтырғы «Жартас» атты көбін өлеңмен жазылған пьесаны қосып, жақында баспаға ұсынамын. Содан соң драматургиямыз туралы монография жазуға кірісемін (октябрьдің 15-нен бастап осыны жазуға 6 айлық бостандық алдым). Мінеки, өзім туралы қысқа ғана самоотчёт осы.

Енді кейбір істер жайлы ойлар:

Семейде орыс труппасы (әлде халық театры ма?) менің «Майрамды» қойыпты (газеттерден көрдім). Уақытың болса, Қайым, соны сұрастыр. Егер қайта қойылса көруге тырыс. Мен қатты толқып қалдым. Олар пьесаның аудармасын қайдан алды екен? Ілгеріде «Майраның» бірінші нашарлау вариантының аудармасы болған. Бірақ оны тараттырмаған сияқты едім. Мүмкін семейліктердің өздері аударды ма екен? Онда олар маған неге көрсетпеген? Мен тірі автор емеспін бе? Қысқасы, менің осы аманатыма да құлақ ас. Егер мүмкін болса орысша текстін жіберсе, онда олардың не қойғанын, қалай қойғанын толық аңғару маған да оңай соғар еді.

Үй-ішіміз түгел аман. Өлгеннен қалған жолдастар да аман. Сайлау қышымасы (академия сайлауын айтамын) басталған көрінеді. Қоздыратын, жындандыратын күндері де алыс болмаса керек. Оны кезінде көріп,

білерсің. Кәзір екі немереміз бар. Үйдегі әндеріміздің көбі тербетілген бесік ырғағына көшіп болды, рахатын да, бейнетін де қоса көріп жатырмыз.

Сонымен қолыңды қысып қош деймін. Келінге, балаларға дұғай сәлем. Ерінбесең, хал-жайыңды қысқа да болса толығырақ түсіндіретін хат жаз. Байсалды егде ағайлардың бірі болғаныңа, сабыр-ұстам иесіне айналғаныңа яки айналатыныңа күмәнданбайтын ағаң.

Әбділда Тәжібаев

26 / XI 1966 ж.



ПИСЬМО СОБРАТУ ПО ПЕРУ

Уважаемый Каюм Мухамедханович!

Записано со слов внука Базаралы Кауменова – Бекежана Кенесарина, родного брата моей матери Турар Кенесариновны Козбагаровой.

Козбагаров Алаш¹.
1982 г.



Директору музея Абая г. Семипалатинска

Поздней осенью 1946 года, в Алма-Ате, моя мать Турар Кенесариновна Козбагарова сдала в Республиканский музей саблю - сапы Базаралы Кауменова, которая хранилась многие годы в нашей семье.

Этот экспонат описан в произведении М.О. Ауэзова «Путь Абая» в эпизоде сражения Базаралы с недругами.

Было бы целесообразно запросить Республиканский музей об этом экспонате и выставить его на обозрение посетителей Музея Абая в г. Семипалатинске.

О том, каким образом это оружие попало к Базаралы, может рассказать его единственный внук – Бекежан Кенесарин, родной брат моей матери. Он проживает в настоящее время по адресу: г. Семипалатинск-35, 14 микрорайон, дом 3, кв. 65, телефон 5-20-46.

¹ Козбагаров Алаш – врач, сын алашординца, общался с Каюмом Мухамедхановым на многие темы истории и культуры. Он впервые увидел фотографию своего отца и многих алашординцев в доме Каюма Мухамедханова.

В случае утери реликвии, я мог бы опознать надпись на экспонате, потому что Бекежан Кенесарин является инвалидом Отечественной войны 1 группы по зрению.

Такое заявление директору музея Абая я подавал первый раз 17 марта 1979 г.

Настоящее заявление является копией первого.

С уважением, **Козбагаров Алаш Ахмеджанович.**

Семипалатинск, ул. Октябрьская, 9, кв. 2. Тел. 62-71-15.

Р. С. К, сожалею, Бекежан Кенесарин скончался 5 января 1984 г. Алаш Козбагаров.



Ардақты Қайым, көп сәлем!

Бір балаң қайтыс болғанын естідім. Топырағы торқа болсын. Өздеріңе қуанышты өмір берсін.

Бұхар жырау мен Мұхтар туралы жазғандарың зор ақылға келеді, ғылым жүзімен жақсы жазған екенің байқалады.

... Мен үш том етіп жазған қазақ халқының өнері әлі шыққан жоқ. Басқа бір елдің типографиясына бастыру үшін кешігіп жатыр. Сал мен Серілер туралы бір кішкене кітап жаздым. О да шықпақшы, кейін аларсың, оларыма да көз саларсың.

Әлкей Марғұлан



Құрметті Қайым!

Сәлеметсіз бе? Бүгінгі және алдағы мереке тойға орай құттықтап, ізгі тілек білдіремін.

Мен сізбен сырласпақ түгіл, онша пікір алыспаған да адаммын. Сөйтсе де алыстан іш тартып, ара-тұра хат жазып қоятыным бар. Сол дағдымен бүгін хат жазып отырмын.

Мен жасымда аздап балдыр-батпақ өлең жазып көрдім де, оны ілгері апаруға не тіл, не ой жетпей тастап кеткенмін. Көбінде қоғамдық жұмыста болдым да, бір есептен өлең жазуды ұяттанған да едім. Бұдан кейін ауру-сырқау, күнделікті жалақы міндеті, балашаға дімкәстігінің реніш-кейістігі кездесті. Сөйтсе де кәрібоз қартайғанда шабады деп ара-тұра өзім үшін бірдеңелерді түртініп жүруші ем, соның бірін қасымдағы жігіттер түрткі болып, бірін Қарағандының газетіне жариялап та қойдым. Әрине, бұдан екі-үш жыл бұрын жазғанымды ешқайда басуға ұсынармын деп ойламап едім, бұлай ойлағанда кім туралы жазылғанын сәл бүркемелеу үшін басындағы орта кезіндегі үш-төрт шумақты басқашарақ жазған болар едім. Ақыры сол бастапқы өзім үшін жазған қалпында шықты, тек редакция тарапынан кейбір өткірлеу сөздер аздап өзгеріске ұшырады, оның үстіне әдеттегі біраз әріп қателігі бар. Дегенмен жарық көріп қойды.

Арамзаның да, ақынның да кім екенін біліп отырсыз. Біздегі арамза былтыр көктемде өлген. Басшы қызметте жүрген бір баласы бар еді, барды ұсына алмадым. Сол «кейіпкермен» сөйлескім де, кездескім де келмеген. Оны да түсінуге болар. Заман, уақыт әркімге әртүрлі салық салды. Ол адаммен өлер алдында біздегі Е.Букетов әңгімелескен, ол оның әңгімесін магнитофонға жазып алған, ол өзінің іс-қылығын тікелей мойындамаған. Әрине заман өзгергенде мойындау қиын ғой. Егер әңгіме жүргізген мен болсам, оны еріксіз мойындататын едім. Өткен іске себеп, жол, сөз табуға болатын еді. Мына толғауымды сол адам өлген күні Е.Букетовке, бізде Сіздің елден қызмет істейтін полковник Милләт Құсайыновқа оқып бердім.

Жазуын жазсам да, бастыруын бастырсам да, қайсыбір қырағылардың, күштілердің тегіс көзіне

түсемін бе деп қобалжулысыз да емеспін, өйткені 1978 жылы қазақ ақындарының өлеңдері орысша шыққанда осы бір ақынның аты-жөні қазақ әдебиетінен сіздің рецензияға бөгет болғанын білуші ем. Оны маған редактордың өзі айтып қалып еді, телефонда өзге бір мақалаға байланысты. Ол кезде мен өзіміздің газетке көбісін-ақ атап рецензия жасаған едім. Әгерігім тәуекел. Осы жаз біздің жаққа Қарқаралы мен Баянға Ғабит ағамыз келіп кетіп еді. Сол кісі кешікпей осы ақын жайлы мақала жазармыз дегендей емеурін білдіріп еді. Соны да ептеп арқа тұтып отырмын.

Құрметті, Қайым құрбым, оқып көріңіз, жоғарыдағыдай күдік-қобалжуымды еске алып, әзір онша хабарламауыңызды сұраймын. Сонда да бір газетті көзі тірі болса ана өз жазғаныңызды ақсақалға берерсіз. Ол кісілерді де ескерткен жөн болар. Кім біледі, жыланның үш кессең де кесірткелік әлі бар дегендей, ана өліп жатқан өзі жоқ болса да көзі, жақтаушылары, сыбайластары бар, армазалар әлі де аяқтан шалып жүрер. Зұлымдық пен ізгілік ежелден күрес, бұның тамыры таптық күрестен терең жатады, бұл намыс, бақталастық күрес, бұл кекпен, өштікпен тегіс-қисық болса да, өз істерін жамбастары жерге тигенше қорғап, дұрыстап бағатын күрес, сондықтан мұндай күрес ешқандай қаулымен, даумен тоқталмайды, пасықтықты, арамдықты, озбырлықты жақтаушылар әлі көп, өйткені олардың істеген зұлымдығы көп, ендеше мұны олар оңайлықпен бетіне шығартқысы келмес болар. Ана ақсақалмен мен сөйлесіп көрген емен, ана бір жылы Алматыда бір ғана көрдім.

Құрметпен **Жайық**.
г. Қараганда, 470061
бульвар Мира, 7, кв. 24
Бектурову Ж.
Тел: 57-20-62

P.S. Хаттың 1-бетінің сол жақ шетінде былай делінген: «Оқып шықтым. Шіркін үрей жайлаған дүние-ай. 11 октябрь, 1980. Қайым».



Құрметті Қайым!

Кеше газеттен оқып, сонша қайғырдық. Қайғыңа ортақпыз – Қазбек ерте кетті ғой, ажалға не істейміз.

Саған хат жазып, өміріңе кездескен өте ауыр қайғыңды аталық-аналық сезіммен сезе отырып, келешекте қайғысыз болып, қалған бала-шағаларың есен-сау болуын тілейміз. Келін мен өзің денсаулықтарың жақсы болып, көп жасаңыздар.

Ағаң Сәлкен, жеңгең Қапуза Субханбердиндер¹.
15/II 1982.



Құрметті Кәке! Сәлем!

Өткен күзде Алматыда балаңыз түсірген суретті алғамын. Рахмет!

Қартайып қалдық. Сексеннің бір шетін кеміре бастадық. Ақыл да ортайды, ауру-сырқау көптен ауыл-үй қонды.

Өзіңізді жуырда телевизиядан көріп, тыңдадым. Абаймен мен Шәкерімнің шын көзі болдыңыз, шын-нымды айтсам, бұл ретте сіздің ісіңіз Ғылым академиясының арнаулы институтынан артық болар. Абайдың, Шәкерімнің, Мұхтардың, Жүсіпбектің, Ахметтің, Мір-жақыптың, Әлиханның, Семейде болуы, бұл жолда сіздің Семейде еңбек еткеніңіз бүгінгі әдеби тіршіліктеріміздің бақыты болар. Семейде азды-көпті архив қорының сақталуы да бақыт болды. Алматыда бұндай қор кейін жиналады, шындық іздеген кісіге та-

¹ Это письмо, написанное арабской графикой, было переведено и подготовлено к печати ученым А.И.Исиным.

былады, Қызылжардан да табылып, Орынбордан, Оралдан, Ақмоладан да, Қазаннанда да, әлі күнге мұралар табылар. Өзімізді қинаған НКВД-дідегі біраз жәйттер шығып жатыр, тіпті үлкен ағалардың қанды жаспен жинаған, айтқан сөздері жүрегімізді елжіретіп жатыр.

Газеттен «Абай» атты журнал шығарғаныңды оқыдым, тек әзірше менің қолыма түсе қойған жоқ. Баяғыда Жүсіпбек ағаның қандай көргендікпен айтқан десеңші сол кездің журналында! Біз отызыншы жылдардың бас кезіне дейін Абайды байдың, феодалдың ақыны деп те қорлағамыз, кеміткеміз ол естен кетер емес.

Қарағандыда көмір, темір, дегеніңіз ерте кезден бар, бірақ рухани ештеңе жоқ. Көмір мен темір қажет, бірақ соның жанжалы да жетіп жатыр. Алматыға жөнді шыға алмасам да бұлардан газеттен Әлихан, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкерім, Міржақып, Мәшһүр-Жүсіп, Балуан-Шолақ, тағы басқа да ағалардың, аталардың жайы жөнін Алматқан туралы жазып қойдым. Көбісін нақты дерексіз (архивсіз) көңілдің көк дөнені қанаты-мен жаздым. Қазір жариялап жатқан нақты деректерден онша қиғаш кете қоймайтындай. Тек жалғыз шапқан ат жүйрік дегендей, тек өзіңмен-өзің ғана болу жақсы емес екен. Ақылдасып, пікірлесіп, көмек күтетін, сөз сұрайтын адал ағаларым жоқ.

Сіздің «Абай» журналыңызға өз «Абайымды» жіберіп отырмын. Аздап қысқарттым, бұл сіздің «Семей таңына» басылар еді. Мақалада сырттай ықылас білдірген жігіттерге алғыс айтқамын.

Бәлкім, бұл сіздің көзіңізге түскен де болар. Реті келсе, қолы жетпес ешбір өкпе жоқ, әйтеуір ұлы аталыққа сүйіспеншілік белгі ғой. Сөзім ішінде аттары аталмаған кейбір ақындарға сыным да бар. Бір белгілі жазушы «Нәділет» дейтін қазақтың біз білмейтін сөз-атауы бар екен деп де жазды. Бұл жерде базарда бас-бас мал айырбастап, ат айырбастайтын орыстардың «на взгляд» деген сөзі содан шықты деп ойлаймын. Өз «Абайымды» жақсылап бастырудың жөні, дұрыс машинистка да болмады.

Мына бір күйкі ғана жинағымды жіберіп отырмын, әріп қателері көп. Кіріспе ескертуде баспаға өзімше іске жарар деген бір еңбегімді «Шәкерім өмірі соңғы жылдары» деппін. Бұлай дегенім ішіндегі түсінігі ғой. Мұны мен әуелі Қарағанды жеріне 1978 жылы тұрақтап едім, мындағыдар ол кезде ештеңенің мәнін онша түсіне қойған жоқ. Содан 1988 жылдың басында «Қазақ әдебиеті» газеті басты. Екі күнде де біраз қысқартылуы болды.

Ал мына кішкене кітабымда олар толық бар. Мұндағы аты аталмай айтылған өзіңізге белгілі басты жағымсыз кейіпкердің інілері, ұрпақтары мені жұрт көзінше біраз тиісіп тілдеп бақты. Ұлтшыл, алашордашыл, көшеде атып өлтіреміз дейді. Оған мен онша кейіген жоқпын. Олардың намыстарына түсінік болады, тек олардың бұл ашуы, ызасы менің ұстағам жолымның, сөзімнің дұрыстау болар деп түсіндім. Ақыры олардың көп арпылдары, былапыт сөздері біздің обкомның бір бөлімінде талқыланды. Талқылауға қазақ қызметкері басқаратын он шақты адам, кім екендерін білмеймін жалпы біздің қазақ елінің иісін білмейтін кісілер болғанын ана құлдардың шұқшиуынан да ауыр тиді. Тек көңіліме қанағат еткені сөзімнің зұлымдығы деп тиген болды.

Ақын мен арамыздағы біраз тарқатқам шерім, күлкім жалпы жауыздыққа атылған оғым еді. Бір еңбегімнен өзіме іштей біраз күш алдым. Сіз бен бізді бір кезде түк жазықсыз айыпқа салды, бұған күйіндік, қапаландық, жәбірлендік, кегін, өшін ала алмадық. Жалған нақақ кінәланған, жазықсыз жапа шеккен. Ал зұлымдарға сөйтіп, олардың бет пердесін жыртқанымыз үшін олардан былапыт сөз есту, қиянат көру одан да үлкен қорлық емес пе. Ондай оңбағандардың біздің сөздерімізді өздері-өздерін тануы, кектенуі өз ойымен жалпақтау бізді қуантпаса, ренжуге тиіс емес.

Жұмыс арасында менің локіт пышақтың қырындай кішкентай кітабыма көзіңізді саларсыз. Тағы бір га-

зет беріп жіберемін, салып отырмын. Өз газетімізде өзімше әртүрлі өлең де жазып жүрмін. Үлкен бәйгеге қосылуға жарамайтын ауылдың көкпарына ғана, тайқұнан жарысына ғана жарайтын адам біз ғой. Бірақ әрі ақынның өздерінен берер, өздеріне сенер жәйттері бар. Ал ауылда жүйріксымақтардың аттары да болады, менде сондайлардың бірімін деп көремін. Жұртқа артқан өзімді бастап кешкен сондай қиындықтарының бір тобы болғанда газетке жіберіп отырмын.

Сөзім көп болды, қолымда нашар, осы өзімнің қисық қолым сияқты. Қол ауру, жан сырқат, көңіл жетім, өмір өкініш...

23.03.1993 жыл. Қарғанды.
Құрметпен **Жайық Бектұров.**



Дорогой Габдулкаюм!

Обращаюсь к Вам с большой просьбой.

Подошлите мне, пожалуйста, в редакцию одну-две книги своих или любых сборников с Вашими публикациями – можно и на казахском языке: с добрыми пожеланиями нашему подшефному Нуреку «Интернациональной баруздинской библиотеке «ДН» в героическом г.Нуреке «от»...» и т. д. Хорошо?

О нашей уникальной коллекции книг с автографами в Нуреке Вы, видимо наслышаны? О ней много пишут и говорят. Сейчас она насчитывает 10 тысяч томов и по мнению специалистов не имеет себе равных в мире. Свои книги нурекчанам подарили Л. И. Брежнев, другие члены ЦК, включая Д. А. Кунаева.

Очень хотелось видеть в этой библиотеке и Ваши книги.

Буду ждать!

Заранее благодарен Вам!

О Вашем даре мы непременно сообщим на страницах «ДН»

Пользуясь приятным случаем, чтобы от души поздравить Вас с новым, 1980 годом и пожелать счастья!

Искренне Ваш **Баруздин С.А.**

Главный редактор журнала «Дружба народов».

Москва, ул. Воровского, 52.

7 января 1980 г.



МОСКВА
**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ОРДЕНА ЛЕНИНА
БИБЛИОТЕКА СССР ИМЕНИ В.И.ЛЕНИНА**

Зав. Отделом микрофотокопирования

Разрешите, уважаемый товарищ, прибегнуть к Вашей помощи в изготовлении фотокопий с нижеуказанных книг:

1. «Жакси угит», Казань, 1908 г.

2. «Мурат акынын Гумар казига айтканы», Казань, 1908 г.

3. «Коксилдер», Оренбург 1910 г.

4. «Шаир яки казах акындарынын басты жырлары», Оренбург 1910 г.

5. «Акын», Казань 1912 г.

Фотокопии и негативы прошу выслать наложенным платежом по адресу:

490050, г. Семипалатинск, ул. Карла Маркса, 155, кв. 12.

Мухамедханову Каюму

Оплату наложенного платежа гарантирую.

30.01.1980 г.



Здравствуйте, Каюм-абзый!

Приношу свои глубокие извинения за задержку своего письма. У нас бывают периоды, когда работы бывает особенно много. Кроме того, много времени отнимает работа с дипломниками, а также занятия в заочном институте усовершенствования инженеров.

Вас я искренне поздравляю с успешным окончанием Вашей работы, несмотря на все трудности. Ваш успех для нас особенно ценен тем, что в нем мы видим залог успеха над работой по книге о Сабиржане.

Благодарю Вас за присланный мне автореферат с авторграфом и одну из Ваших книг об Абасе.

В начале своего письма я должен просить извинения за то, что до сих пор не смогли выслать Вам деньги, которые заняла у Вас мать в очень трудный момент. Признаться, я об этом узнал позже, я никогда бы не разрешил этого делать. Однако же, когда я узнал, то тоже не смог помочь, провели еще одну свадьбу (сестра вышла замуж) и практически выполнить свое обещание мать не смогла. При первой возможности мы будем стремиться исправить свою вину.

Я рад за те материалы о Сабиржане, которые Вам удалось найти. У одних наших знакомых в Семипалатинске – Хамитовых (Усмановы знают) была газета «Вақыт» за 1917 г., где должны были быть со слов Хамитова статьи о Сабиржане, однако их мать не нашла, поэтому она не зашла к вам перед отъездом. Мама говорит, что газета была в очень плохом состоянии. Мне кажется, что найти ту или другую газету, с которой сотрудничал Сабиржан, не трудно. Все эти газеты имеются в Москве, в библиотеке имени Ленина и могут быть присланы по запросу местных библиотек в микрозаписи, с помощью фотографирования. Причем, любопытно, целая годовая стопка газет будет представлена в виде небольшой книжки, которую нужно читать специальным прибором. Недавно такое сообщение КАЗТАГ

было в «Ленинской правде» об одной газете издававшейся в Северном Казахстане до революции. Такая возможность получения газет была бы очень кстати. Ведь Сабиржан был большим пропагандистом, и по найденным материалам можно было бы раскопать революционную деятельность Сабиржана казанского (или русского) периода его жизни. Некоторые родственники говорят, что есть большой смысл произвести изучение имеющихся материалов и исследовать архив в Казани.

Один из наших родственников утверждает, что в годы учения в Казани Сабиржан знакомится и сближается с передовой интеллигенцией: писателями - Габдуллой Тукаем, Фатихом Амирхановым, Каримовым, драматургом Галиаскаром Камалом, Галимом Ибрагимовым, поэтом Мажит Гафуром, историком Зана Валидиным. Сабиржан в эти годы (1910-1914) сотрудничает в журналах «Чаян», «Санак». Он изучает русский язык, выписывает литературу и составляет целую библиотеку, которую впоследствии он привез в Сергиополь. Это была первая библиотека. Утверждается также, что в период его жизни в Казани Сабиржан впервые встал на политический путь борьбы, вступает в ряды большевистской партии. Известно, что Сабиржан распространял в Казани большевистскую газету «Урал».

В 1912 году Сабиржан возвратился в Сергиополь и был призван на службу в Капал. За агитационную работу среди солдат ему грозила расправа. Он бежит в Казань через полгода жизни в Сергиополе. В Казани он сотрудничает в газетах «Вақыт» и «Юлдуз». Он входит в круг артистической молодежи благодаря хорошим данным, приятному и сильному голосу и способностью к поэзии.

Таким образом, казанский период жизни Сабиржана особенно интересен. Изучение этого периода раскрыло бы становление Сабиржана как высокоидейного революционера, пришедшего в революцию в силу своего понимания истории.

Я готов помочь по мере своих сил Вашей работе над книгой о Сабиржане. Я целиком разделяю Ваше мнение о том, что о Сабиржане трудно писать, опираясь только на имеющиеся материалы и не переставая искать новые.

Я очень сожалею, что по профилю своей специальности (профессии) плохой Вам помощник. Однако, по мере возможности, считаю своим долгом содействовать изучению этого замечательного человека.

В скором времени я поеду самолетом в Усть-Каменогорск. Однако, если бы пьеса ставилась в театре Семипалатинска, я на обратной дороге мог бы приехать поездом в Семипалатинск. О чем я бы просил Вас сообщить мне.

До свидания. С приветом всей Вашей семье.
Анварбек Файзуллин. 8.06.80. Алма-Ата.



Қадірлі Қайым аға!

Сізге хат жазып отырған Қазақстанның Мемлекеттік Орталық музейінің бөлім меңгерушісі Әбдешев Марат.

Сізден сұрайтынымыз: біздің музей С. Торайғыровтың 1913 жылы Троицк қаласында түскен суретін тапқан едік. Жанында (оң жақта) бір кісі тұр. Оның кім екенін біз анықтай алмай қойдық. Бірталай кісілерге көрсеткем (С.Қожамқұлов, Д.Әбілев, Б.Кенжебаев және т.б.). Олар да ажырата алмады.

Ағай, Сіз көпті көріп, түйген адамсыз ғой. Бір білсе Сіз біле ме деп жіберіп отырмын.

М. Кәсимов, Ә. Ғалимов, Ә. Алдияров және т.б. С.Торайғыровпен сол уақытта Троицкіде болды-ау де-

ген адамдардың суреттерімен салыстырып шығып едім.
Оларға ұқсас болмай шықты.

Сізден жауап күтуші ініңіз Марат.
Адресіміз: г. Алма-Ата, Парк им. 28
Панфиловцев. Центральный
Гос. музей Казахстана. **Абдешев М.**
21.12.1982 ж.



Құрметті Кәке аға, жеңгей Фая!

Есен-сау жүріп жатырсыздар ма, балалардың дендері сау ма?

Осы кеше Мұрымбайдан хат алып едім, хатта бір аса ауыр, қиын-нашар хабар естідім. Қазбек ініміз қайтыс болды деген, егер де рас болса, арты жақсылығын берсін, иманды болсын, жатқан жері мамық болсын, жас азаматтың ана дүнияға кеткені қиындау соғады барлығымызға да, қайтеміз, қолымыздан келетін күш жоқ табиғаттың ісіне қарсы тұруға...

Қазбектің жасамаған жасын, көре алмай кеткен қызықтарын, артында қалған балаларына, жақындарына берсін!

Сіздерге, бауырларымызға зор денсаулық, аса ғұмырлы, бақытты өмір тілейміз!

Біз есен сау орынша жүріп жатырмыз, жаңалық жоқ. Мәскен мен Мұраткіде орынша. Ленинградтан Мұраттың баласы Болат каникулге келіп кетті. Сонда мединститутта оқиды, былтырдан бастап.

Енді көп не жазамын, қош-қош сау болыңыздар, амандықпен көрулерімізге бұйырсын, құшақтай беттеріңізден сүйемін.

Сағынышты сәлеммен ініңіз **Ешмұхамет.**



Каюм Мухамедханович, здравствуйте!

Вы, наверное, уже потеряли надежду на ответ. Ответ задержала из-за сборника Лермонтова. С него снимают копию, обещали через полмесяца, а теперь отодвинули еще на месяц, не знаю, дождусь ли. Но такой сборник есть, по межбиблиотечному абонементу его не высылают.

Теперь о Гази-Вали Хане. В справочнике о личных архивах его нет. Так что напишите в военный архив, может, там что и есть. В этой библиотеке никаких данных нет. Газеты «Салават» тоже нет.

Вот такая «помощь». Может, к середине мая сборник Лермонтова вернется в библиотеку, тогда посмотрю его.

Поздравляю, Каюм Мухамедханович, Вас и всю Вашу семью с Первомая! Желаю весеннего настроения, солнца, тепла, мирного неба!

С уважением, **Галина Максимовна**¹
20 апреля 1983, Ленинград.



ГОСУДАРСТВЕННАЯ ОРДЕНА ЛЕНИНА БИБЛИОТЕКА ССС ИМЕНИ В. И. ЛЕНИНА

Уважаемый тов. Мухамедханов!

В ответ на Ваше письмо сообщаем, что в фондах нашей Библиотеки имеется газета «Сибирский вестник политики, литературы и общественной жизни». Томск.

¹ Это письмо коллеги К.Мухамедханова по пединституту, доцента Нестеровой Г.М. Переписка К.Мухамедханова с учеными, архивами, научными центрами, библиотеками Москвы, Ленинграда, Ташкента, Оренбурга, Казани, Уфы, многих других городов составит не один том. Все исследования Мухамедханова, будь то фундаментальные труды или небольшие статьи, строились на глубоком анализе оригинальных архивных источников, на точных фактических данных.

В № 60 этой газеты от 27 мая 1882г. на стр. 1-3 был опубликован очерк: «Незабытое» прошлое и настоящее киргизов. Подпись: Забытый.

По существующим правилам газеты по межбиблиотечному абонементу не высылаются.

В отделе микрофотокопирования нашей Библиотеки можно заказать фотокопию этой статьи, гарантируя оплату наложенным платежом.

Зав. Отделом
Справочно-библиографической
и информационной работы

Багрова

Библиограф

Щербелева



Құрметті Қайым аға!

Байлықтың зоры денсаулық, ден-сау, аман жүрсіз бе?

Ақын бабамыз Абай тойына дайындық жүріп жатқанын «Қазақ әдебиеті» газетінен хабарланып жатырмын. Сол той күндеріне арнап Абай творчествосы – мұрасын әлі күнге дейін зерттеп өрескел қате басылымдарды ғылыми түзету, яки түп-нұсқа, Абай өзі жазған, айтқан стильге келтіру жөнінде соңғы кезде шыққан статьяларды түгел оқып, өзім де соны қолдап, үміт-тілектерімді жаздым. Бір данасын «Семей таңы» газетіне жіберіп отырмын. Бұл тұңғыш редакция есігін ашуым. Жігіттерге хабарласып, білерсіз, Мүмкін танысарсыз – газеттік мақала ғана.

Абай ақынның 140 жылдық юбилейі июльдің басында өтетінін білем, бірақ өтетін күнінен бейхабармын.

Ал, Иса туралы екі очерк «Жұлдызда» жатыр жылдан асты, №8, №9 береміз деп уәде берген. Құдайберген Әлсеитов туралы очеркім «Қазақ Әдебиетінен» көлемді,

қалың журнал «Жұлдызға» ұсынғаныңыз абзал деп қайтып келді.

Ө.Канахин де оқып танысып, жақсы лебіз айтып, ол да «Жұлдызға» жіберіңіз деп арнайы жазып жіберіпті.

«Қызыл туым» әлі созуда «Діни ақы ғой» деп ескертеді, сүйтсе де Керекуде өткен ақын айтыстарынан бұл статьяны бір нөмірге ғана беріп, кейін қысқартып басамыз деп уәде беруде.

Мен очерктердің жарық көруіне қарамай 5-тарау «Исаның т.б. В. И. Ленинге жазған өтініш хаты» деген тарауын жазып бітіріп отырмын.

Жаяу Мұса тойы Павлодарда, Баянауылда жақсы өтті. Ол жөнінде Банудың мақаласын оқыған шығарсыз.

Маған Семейге бір жол түспей қалды, енді осы Ұлы той 140 жылдықта сапар түссе деп үміттеніп отырмын.

Сәлеммен ініңіз **Ханафия.**

25.06.1985 ж.

P.S. Естай жөнінде 4–5 жерде лекция өткізіп кетсеңіз – нұр үстіне нұр болар еді. Өзім Сізбен үнемі бірге болып, көп жаңалық алар едік.

Естай елі «Шұға», Аққөлді аралатып көрсетер едім.

Ертіс «Краснокутск, Екібас деген үлкен аудан ол үшін таласар еді.

Хош-сау болыңыз, ініңіз Ханафия.

Есімов Ғарифолла, Әмірғазин Қайыржан бауырларға сәлем.



Қадірлі Альберт інім!

Сенің есен-сау жүргеніңді «Қазақ әдебиеті» газетінің 15 октябрьдегі (1982 ж.) нөміріндегі жарияланған «Қазандағы қолжазба қоры» деп аталатын мақаладан көріп, қатты қуандым. Ол мақаланы жазғандар Қазанға

барып қайтқан Қазақ ССР Ғылым академиясының жас қызметкерлері Мақсұт Шафиғов пен Әзілхан Аманов. Ол адамдар өзінді көріп сөйлесіпті.

Мен өзіңе ертерек кезде хат жазып, 1964–1966 жылдар хабарласып тұрған едік. Сен маған көп достық көмек көрсетіп, маған керекті материалдар жіберген едің. Алексей Павлович Толокнов сен арқылы көп қолжазбалардың фото көшірмесін жасап жіберіп, екеуіңіз маған үлкен адамгершілік көрсеткен едіңіздер. Сол жақсылықтарыңыз үшін қазір тағы да көп-көп рахмет айтамын!

1966 жылдан соң жақсы бастаған байланысымыз үзіліп қалды. Мен өзіңнен хабар ала алмадым.

Енді міне сенің есен-сау қызмет істеп жатқаныңды біліп, хат жазып отырмын. Мен де есен-саумын. Сол баяғы әдеби зерттеу жұмысымен шұғылданып жатырмын.

Альберт інім, енді мүмкін болса, тағы да достық көмегіңді аямассың деп сенем.

Қазіргі өтінішім:

1. Өздеріңнің кітапханаларыңызда қазақ ақыны «Турабаев Ақылбек Сабалұлы» деген картотека бар екен.

2. Ақылбек ақын 1913 жылы Ш.Хусаиновпен өзінің қиссаларын жіберіп тұрмақ болып шарт (договор) жасасыпты.

3. Ақылбектің Ш. Хусаиновқа жазған 20-дан астам хаты бар көрінеді

4. Ш.Хусаиновтың Ақылбек Сабаловқа қолжазбаларын өзіне қайтарғаны туралы (1917ж.) жазған хаты бар екен.

Осы көрсетілген 4 материалдың толық фотокопиясын түсіртіп жіберуіңді өтінем. Және сіздерде Илияс Молдажановтың жіберген 18 қиссасының қолжазбалары сақтаулы көрінеді. Сол қиссалардың ішінен 6 қолжазбаның фотокөшірмесін А.П.Толоконовқа жасаттырып, 1964 жылы маған жіберткенсіз.

Енді мына қолжазбалардың фотокөшірмесін жіберуіңді өтінемін:

1. «Қарабай»
2. «Ғибрат намә»
3. «Мұса намә»
4. «Ақтам сөзі»
5. «Төрт мезгіл»
6. «Ғалым мен Сұлтан»
7. «Садуақас»
8. «Еділ-Жайық»
9. «Жақсы мен жаман»
10. «Бала мерген»
11. «Жолсоқпақ»
12. «Жалғыз бас».

Осы жоғарыдағы көрсетілген материалдарды А.П.Толоконов болса, сол кісіге не басқа фотографияға түсіртіп жіберер деп сенем. Ақшасын төлеймін. Әзірше өтініш осы. Қадірлі Альберт, өзіңнен хат күтемін.

Тілектес ағаң **Қайым Мұхамедханов.**
Семей. 13.12.1982ж.



Государственный комитет Совета Министров СССР
По делам издательств, полиграфии и книжной
торговли

**ВСЕСОЮЗНАЯ ОРДЕНА «ЗНАК ПОЧЕТА»
КНИЖНАЯ ПАЛАТА**

119816, г.Москва, Г-19, Кремлевская набережная 1/9

490050, г.Семипалатинск, ул.К.Маркса,
155, кв. 12. Мухамедханову Г.

Уважаемый товарищ Мухамедханов!

К сожалению, во Всесоюзной книжной палате нет ни одного номера журнала «Жетісу әйелдері» («Женщины Семиречья»).

Зав. отделом периодики **И.Я. Левин**

МОСКВА
ГОСУДАРСТВЕННАЯ БИБЛИОТЕКА
ИМЕНИ В.И. ЛЕНИНА

В «Киргизской степной газете» за 1892 г., №№29, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40 опубликованы очерки «Незабытое прошлое и настоящее киргизов» со ссылкой на «Сибирский вестник» № 60.

Прошу сфотографировать и отпечатать в двух экземплярах очерки «Незабытое прошлое и настоящее киргизов, опубликованные в «Сибирском Вестнике» № 60, а также сделать фотокопию с титульного листа.

Фотокопии и негативы прошу выслать наложенным платежом. Оплату гарантирую.

Мухамедханов.



Ленинград, Д-69, улица Садовая, дом 18.
Государственная Библиотека имени
М.Е.Салтыкова-Щедрина
Отдел внешнего обслуживания

Прошу изготовить фотокопии с книги «Стихотворения М.Лермонтова», Санкт-Петербург. В типографии Ильи Глазунова и К., 1840 г.

Оплату наложенного платежа, когда фотокопии будут изготовлены и присланы мне вместе с негативами, гарантирую.

Габдулкаюм Мухамедханов,
член Союза писателей СССР.
22 июля 1984 г.

Мой адрес:
490050, г.Семипалатинск, ул.Карла Маркса, 155, кв. 12.
Телефон 2-26-30
Мухамедханову Габдулкаюму.



Сәлеметсіз бе, құрметті Қайым Мұхамедханович!

Сізді Барақ есімді әлде сұлтан, әлде батырдың өмірі қызықтырып жүруші еді ғой. Мен сосын Бараққа байланысты іздестірген едім. М.Кушников деген шалда материал бар екен. Ол бұрын академияға жіберген көрінеді. Бірақ жауап болмапты. Сосын ол материалды сұрап алып, сізге жіберіп отырмын. Шалдар Барақтың ата-тегін былай таратады екен. Оны да Сізге жіберіп отырмын. Бұл Барақтан басқа тағы сұлтан Барақ бар. Әбілхайырды өлтіргеннен басқа.

Оның әлде әкесі, әлде баласы Әбілпейіс төре дегеннің қыстауы бар. Ол да бір үлкен тас көтерген. Ол тас Қалғыты селосының маңында. Бұл Барақ бертінге дейін өмір сүрген.

Егер Сіздің назарыңызды аударса, мен бұл Барақ туралы да іздестірейін, аңыздарды сұраймын. Ал басқа не жазам.

Сау болыңыз.

1983 жылы бітірген шәкіртіңіз **Д. Қаирбеков**¹.

Менің адресім: ВКО. 493460

Село Курчум, ул, Духовича 2.

04.07.1984 ж.



Қарағым Қайым,

Жазған хатыңды алдым. Қартайып, қалжырап отырмын.

Бірақ сөзің жерде қалмасын деп біраз білгенімді жазып отырмын. Қазір сексен төрттемін.

¹ Педагог-наставник К.Мухамедханов учил студентов вести тщательный поиск для установления научной истины.

Оның үстіне үлкен балам соғыстан оралмады. Кіші балам қайтыс болды. Енді қолымда бала қалған жоқ. Ал, Тұраш ағам туралы көп не жазайын. Ол кісі өмірдің көп қиындығын көріп кешті ғой. Жебеш пен Зубаир деген екі баласының артында қалып, қиналып кешті ғой. Жұмыс бермеді. Аударған кітабын басуға рұқсат жоқ. Ол кезде Мұхаң да *(Мұхтар Әуезовті айтып отыр. Қ.М.)* жоқ, өмірде қиыншылықта жүрген кезі ғой.

Ал Мекеш *(Мекаил Абайұлы, Тұраштың інісін айтады. Қ.М.)* ағадан екі баласы болатын. Үлкен баласы Ғұзайыр, кіші баласы Ғалишер. Ол балалар да мына соғыстан келмеді. Ізқайыл деген ағамыздан *(Ізқайыл Абайдың Әйгерімнен туған кенже баласы, Тұраш пен Мекештің інісі. Қ.М.)*. Тоқташ деген баласы бар болатын, өлеңді жаңа айтып жүргенде соғысқа кетіп, келмеді.

Ақыр біз біткен ауыл болдық қой. Ал қарағым, мұндай ауыр сұраққа дәлдеп айтып беру маған қиын болады. Әлдеқашан ұмыт болып кеткен дүние ғой.

Ал мені он жетінші жылы ұзатқан. Онда Кәмәш *(Мағауияның қызы, Кәмиляны айтады. Қ.М.)* үйде болатын. Ал Мұхаң қай жылы алып, қай жылы айырылысқанын білмеймін. Мен кейін Мұханың өзіне айттым.

Ал, Райханның *(Мұхтардың екінші әйелі. Қ.М.)* Торғай Кәкен қызы рас. Екі баласы болған: Мұғаш деген қызы, Шоқа деген ұл. Мұхандар екі ауыл, біз екі ауыл. Ақыл ағамның *(Ақылбайды айтады. Қ.М.)* ауылмен біздің ауыл жақсы сыйласып отыратын.

Танертең Қожа-екең *(Әуезді айтады. Қ.М.)* келетін. Біздің шешеміз Айгерім екеуі әңгімелесіп отыратын. Кешке жақын қайтатын. Мал сойылатын. Ет асулы, қымыз сапырулы. Сонда ол кісілер өздерінің өткен өмірлерін сағынатын шығар, біз қайдан білейік.

Мен, Мәкен, Жебеш үшеуіміз бір шешеденбіз. Шешеміздің аты – Сақыпжамал. Екінші шешеден – Ғалима мен Зубайыр. Ғалима қазір сексенге келді. Балаларымен тұрып жатыр Сарыағашта.

Мұхан мен Тураш ағамның ақырғы кездесуі отыз үшінші жыл болатын.

Тураш ағам Алматыға келіп, Исаевқа арыз жазып: «Балаларым жоқ, қалай күн көрем, жұмыс бермейді, рұқсат жоқ. Переводым басылмайды, не істеуім керек деп. Со жолы Мұханның үйіне түскен. Исаев: Әзір ештеңе дей алмаймын, кейін көрерміз, – деп қайырған.

Өзімнің баларақ кезімде, Тураш көп кісімен сөйлесіп отырып, Мұхаңнан қатты үміт күтіп: бұл Мұхтар дүниеге белгілі адам болады деп еді. Кейін сол ойлағандай болды. Өзім әкемнің сыншылығына қуанамын».

Ал қарағым, осымен риза болып тұр. Қанша түзеп жазам деп ойласам да қолымнан келмеді. Кейін біреуге айтып отырып жазғызбасам болатын емес. Өзім ауырып та жүрмін.

Жаксы-жаман жазған Ақыш апаң.
Алма-Ата, проспект Ленина 30, кв.2.
Оразбаева Ахилия Турагуловна.
01.06.1985 ж.



Қадірлі Ғаббас!

Сенің 50 жасқа толған мерекенді ағалық адал жүрекпен, достық ақ көңілмен құттықтаймын! Әдебиет майданында сәтті басталған сапарың ұзақ болсын! Өмірлі бол! Жазушылар одағының құттықтауын, Т. Қожакеевтің мақаласын сүйініп оқыдым.

Науқастанып жатыр едім, құттықтау хат жазуға бүгін ғана мұршам келіп отыр. Ағалық, достық көңілмен, –

Қайым Мұхамедханов.
Семей. 20.04.1985 ж.



Құрдасым, бір жыл туған төлім Қайымым!

Өкінішке қарай, Шақыру билетінді бүгін ғана алып, катты өкіндім! Менің әулетімнің атынан саған ақылдым, парасаттым, рухани байлық қоймасы зор денсаулық, ұзақ, жарқын өмір тілейміз. Ғылыми, педагогтық, жазушылық, халыққа қажет еңбек жолында гүл бітіп, қаламың ұшты болып, үй-іші, бала-шағаң түп-түгел аман болғай! Біз күннен-күнге азайып, селдіреп келеміз ғой, әйтсе де саулығымызды, абыройымызды алмасын да, ырзық-несібемізді азайтпасын! Енді құдай қаласа 95–96 жылдар аман-есен қауышып, құшақтасып, сүйісіп, бірімізді-біріміз ыстық жүрек, таза ықыласпен құттықтайтын болайық!

Жан жарыңа, үрім-бұтақ, зәу-затыңа Жаңыл екеуімізден миллион сәлем!

Құшақтай, қысып сүйдім асылым!

Асқар Тоқпанов.

20 январь. 1986 жыл.



Қадірлі Хаке!

Сәл кешіксем де, Сізді мүшелі тойыңызбен хат арқылы құттықтауға рұқсат етіңіз. Соңғы бір кездерде науқас айналдырыңқырап, жұмыста болмап едім. Уақытында болмаса да, хат арқылы хабарласуды борыш санап отырмын.

Сізді мен Абайтану мен сол дәуірдің әдебиетінің үлкен маманы, білгір деп қадір тұтам. Жазғандарыңызды үнемі қадағалап оқып жүрмін. Қазіргі кезде, Абай мен оның дәуірін зерттеушілер тіпті азайып кеткен тұста, Сіздің қадіріңіз тым бағалы.

Ұзақ өмір, табысты еңбек тілеймін.
Үй-ішіңіз, бала-шағаңыз аман болсын!

Сәлеммен,
Серік Қирабаев.
25.01.1986 ж.



Құрметті Қайым!

Ден-сау, аманбысың? Үй-ішің тегіс аман ба? Фаяның дені сау ма? Бізде есен-сау жүріп жатырмыз.

Мен биыл 75 жасқа толамын (27.11.). Соған орай, «Жазушы» баспасы таңдамалы өлеңдерімді 12 баспа табақ әзірлеп, баспаханаға жібергелі отыр. Оған 3–4 бет алғы сөз бермекші еді. Оны Қалижан не Ғафу жазбақшы болатын. Олар кезінде жазып бере алмады. Сондықтан осындағы білетін жолдастармен ақылдасып, алғы сөз орнына сенің «Сәду ақын» деген (09.12.1966 ж.) «Семей таңында» басылған мақаланды беруді лайық көрдік. Оған сен қарсы болмас, деп ойладық.

Ал менің 75 жасымды юбилей етіп өткізбек емес. Бірақ газет, журналдар аздап беріп жатыр. («Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс» 11 нөмірге). Осы туралы Семей газетіне өзің жазсаң теріс болмас.

«Жұлдыздың» тоғызыншы нөмірінен Мұхтар туралы мақаланды оқыдым. Әркімдерге ұнаған көрінеді.

Естеліктерімді «Жалын» баспасына тапсырдым. Әлі карап болған жоқ.

Басқа айтар жаңалық шамалы.

Хош бол! 03.11.1981ж.
г. Алмата, ул, Джамбула 165, кв. 14.
Машакову С.



Қайым!

Денің сау ма, үй-ішің аман ба? Біз де есен-сау жүрміз.

Газеттерді алдым. Саған көп рахмет. Бірқатар еңбек жасапсың. Редакцияларға да алғыстан басқа айтарым жоқ. Мұнда «СҚ»¹ газетіне мақаланы ұсынған еді. Орынбасары 75-ке мақала бере алмаймыз, сондай қаулы бар, өлеңдерін береміз депті. Орысшасын «Веч. Алма-Ата» басуға алған, әзір басылған жоқ. «Л. Жас» газетіне Бүркіт Ысқақов мақала берген, шығарамыз депті.

Ақмола ақынның 150 жылдығын Одақ пен институт бірігіп өткізді. Мен қатысып, сөз сөйледім.

Басқадай айта қоярлық жаңалық жоқ. Мақала басылса газетін жіберемін.

Үй ішіне сәлем!

Қош! Сәду,

04.12.1981ж.

Алматы.



Құрметті інім Қайым!

Үй-іштерің, бала-шаға аман ба? Фаяның дені сау ма? Өз денсаулығың қалай? Сенің хатыңды бүгін алдым. Көп рахмет!

Сен жазда Алматыға келгенде мен «Просвещенец» демалыс үйінде едім. Сенің келіп кеткеніңді естідім. Бірқатар шаруа бітірген екенсіз, «Өнер» баспасына кітабыңды өткізіпсің. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Бұқар жырау», М.Ауэзов туралы көлемді материалдар, Ж.Саин туралы естелік жариялапсың. Соларды оқып қатты қуандым, осылай жаза бер, бастыра бер!

¹ Стилистика автора письма сохранена.

Мен биылғы «Ақ көңіл» кітабымды саған жіберіп едім. Бірақ сенен хабар болмады. Мына хатыңызда да алғаныңды жазбағансың. Егер бірер себеппен қолыңа тимесе, айтыңыз, тағы данасын жіберейін.

Сәду Машақов.

Алматы. 18 декабрь, 1982 ж.



Құрметті Қайым аға!

Қазір заман жақсы, әйтпесе бір кездегі сүргінді сағынатындар әлі де табылады. Солар газеттен жылт еткен тәуір материал көрсе, дереу нысанаға алып, домалақ арыз айдайды. «Қазақ әдебиеті» үстінен түскен сондай арыздарды біреу архивтен алып қарар болса, жағасын ұстап: Апыр-ай, жиырмамыншы ғасырдың сексенінші жылдарының өзінде де зұлым жүректілер бірен-саран кездесе де болған екен-ау деп таң қалар.

1983 жылы 15 апрельде жарияланған мақалаңыздағы ақын Молдажановты «Алаш Орда армиясының қатарында болған» деген арыз түсірілді. Жағдайын жасаңыз, өйткені бізден түсініктеме талап етіп жатыр.

Сәлеммен, **Шерхан Мұртазаев.**

«Қазақ әдебиеті» 17 апрель, 1985 ж.



Шерхан!

«Қазақ әдебиеті» жариялықтың нағыз айнасында болып, жарқырай түскені кам көңілді жадыратып, өкпемізді жандырып, өлгенімізді тірілтіп, мерейімізді үстем еткендей рухымызды көтере бастады. «Қазақ

әдебиеті» алған бетінен, адал ниетінен айнымай-танбай, әділет пен шындықтың шамшырағындай жайнап, жақсылықтың жағы танымайтын, жігері мұқалмайтын, жалынды жаршысы болып, абыройы арта берсін!

«Шәкерім шежіресі жайында» деп аталатын мақала жіберіп отырмын. Ол кісі туралы әлі де жаза беруге болады. Тағы бір ірі қайраткеріміз туралы мақала жазып жатырмын. Ақаң (Ақымет), Жүсіпбек, Мағжандардан да құралақан емеспін. Жүсіпбек туралы, алғашқы ретте, жариялап жіберуге лайықтап, жинастырып, даярлап қойғандарым бар. Бұларға да Шәкерімнің жолын беретіндей болса, қажет десең, алдын ала, Жүсіпбектен бастап, жазып жіберуіме болады.

Хабар өз тарапыңнан болар.

Өзім лекция оқитын курстардың студенттері «Қазақ әдебиетіне» түгелдей жазылды.

«Советская степь» газетінде 1929 жылы жарияланған, Тұрар ағамыздың шағын хатының көшірмесі жатушы еді. Саған қажет болар деп, жібердім. Мүмкін өзінде де бар болар.

Ағалық, достық көңілмен,
Қ. Мұхамедханов.



Қадірлі Кәке!

Саламатсыз ба? Үй ішіңіз тегіс амандықта болар?

Емханаға түскен балаңыздың емі шипалы болып, сауығып, ордасына есен-сау оралуына тілектеспіз.

Сіздермен қоштасқан күннің кешінде мекенімізге жетіп, аман-сау оралғанымызға шүкіршілік еткендейміз. Қайтқанға көңіл, тіріге сәлем беріп келген сапарымызға көңіліміз дауаланғандай болды. Денсаулықтың кемдігінен үйде мешел болып қалған адамға ондай сапар үлкен ғанибет қой.

Әртүрлі күйбең шаруа салдарынан (дачамыз бар). Сізге іле осы хатты бастай алмадым. Астма деген пәле қайталап жазуға жар бермесе де, Сізге уәде еткен қосымша мәліметтерді білдіруге асықпын.

Нұралин К.
14.09.1984 ж.



Мен жеті-сегіз көйлекті бұрын тоздырыппын, ендеше Қайымға «Сізден» гөрі «Сен» деген сөзді қолдану әрі жарасымды, әрі жүрекке жақын болар.

Құрметті Қайым 70-ке келген торқалы тойың қайырлы, құтты болсын. Мен сені жас шағыңнан жете білемін. Өмір сені еркелетіп, шолжыңдатқан жоқ еді. Оның ыстық-суығында алмас қылыштай шыңдалдың. Тағдырдың қатаң үкіміне бас имедің. Қайта оны өз ырқына еріксіз көндірдің. Соның дәлеліндей, қоғамымыздың әрі көрнекті жазушы-драматургі, әрі белгілі ғалымы деген лайықты атаққа ие болып отырсың.

Ұлы Мұхтар келешегіңнен зор үміт күтіп, саған «талантты, талапты інім» деп жоғары баға беріп еді ғой. Дана Мұхтардың сол бағасын ақтап келесің, ақтай бер.

Бір кездері сені көре алмаған пәлекорлар бұл күнде санын соғып, қарауға беті шыдамай жүрген жоқ емес пе?

Ардагер ұстаз, терең ойлы ғалым, көрнекті жазушы-драматург, Кәке!

Творчествоның адамы қартаймас болар. Жұрт сенен алдағы уақытта да елді таң қалдыратын талай-талай шығарма мен ғылыми еңбек күтеді.

Солардың бірі қарт аған
Төлежан Мусин.
15.01.1986ж.



Қадірлі Қайым аға!

Павлодар облысы, Май ауданы,
«Қызылқұрама» совхозы
шәкіртіңіз Хайруллин Шаймарданнан

Сіздің 30 марттағы 1984 жыл аса баға жетпес хатыңызды алдық. Қуаныштың шегі жоқ. Ініңіз бір мақтанып, шалқып тасып қалды. Осы ілтипатыңыз бен құрметіңізге, соншама тәптіштеп, көп адамдар туралы хабардар еткеніңізге ризамын, мұнан да ыстық сөз таба алатын емеспін.

Оның үстіне ұлы Мұхаң мен Сіздің жас талап кезіңіздегі (әрине ол кезде Мұқаң үшін жас талап канат жас талап көрінген шығарсыз... Ал көзі көрген, алдыңыздан дәріс алған біздер мен (1947–50-жылдарды айтып тұрмын). Сіздер, сіздің әріптестеріңізді еске алып отырмын... Сәду Машақов, марқұм Қасым Аманжолов. Б.Ысқақов, Әділғазы Рахымжанов, кейіннен Жұмағали (педагогика ғылымдарының кандидаты атағын алды ғой) Шәкенов, бұрынғы актёр Төребаев Қалиәкбар, Аманов (математика-физикадан доктор болды ғой) өте үлкен адамдар екенсіздер... Студенттік толқымалы шақ, көп нәрсенің қадірін білдік пе?.. Бірді айтып, бірге кетіппін, ол үшін кешірім сұраймын.

...Хаттың кешігуі жайында бірер сөз... Ақын Шөже Бәсентиін Қазанғаптың асына келіпті: асқа көп ел жиналған... Жеті күн жаңбыр жауып, елдің ас-суы таусылып, ат шабыс, т.б. болмай, ел ренжіп, тарап кетуді де, күтуді де білмей дағдарыпты.

Шөже:

Қазанғап сөйлейді екен елдің дауын,
Жасынан басылмаған омырауын,
Парасы елді жеген жұртқа тиіп,
Асылда жеті күндей болды жауын, –

депті дейді. Ас қай жерде өтті, белгілі адамдардан кімдер болыпты деген сияқты мәселелерді іздестіріп:

Сізге қолға түскендерді жазып жібермек болып едім... Ондайды біле қоятын адамдарды әзірге кездестіре алмадым. Оның үстіне, біздің облыстың мәдениетті дегендері қазақ мәдениеті мен әдебиетін жинастыруға, оған қамқор болуға шорқақ ел. (Қазақ институты, қазақ драм. театры жоқтығы да соның салдары). Онан кейін біз Бәсентин руымыз, соның ішінде Жұмабай ақын болыпты. Бәсентиннің Қозықбақ-Қайсары руынан, кезінде кітабы да шыққан дейді. Қазіргі Қарағанды каналы басталатын жерде «Путь Ильича» совхозы бар, Ермак ауданында, ондағылар да ол кісі туралы көмескі біледі.

Менің өзімде біраз сөздері бар (мүмкін сіздің өз қолыңызда олар туралы мәлімет бар шығар). Тағы да біздің үйде біраз қонақтар болуы да мүмкін. Армиядағы кенже баламды күтіп отырмын. Тағы да сұрастырып, кімдер біледі, архиві болса кімдердің қолында іздестіремін... Деректі материал аз-көп қолға түссе сізге жіберемін.

Ал қазір Сізге газетке шыққан оңды кездегі (әдебиетке қатысы барларын айтып отырмын). Осы хатпен бірге жібергелі отырмын. Бір кәдеге жараса, пайдасы тиер, болмаса архивіңізде жатар. Онан басқа біздің не пайдамыз тиеді?

Онда «Ақын Бақы», «Әнші Байғоба» (Бесқарағай колхоз-совхозының халықтық театрының жетекшісі болған, өзі Біржан, Майра, Естай әндерінің орындаушысы болған). «Ел іші-өнер кеніші». Біздің елде болған ауыл ақындарының ел аузынан жиналған сөздері... Мақала сақталған жоқ, кейіннен шығу керек, оны күтемін деп Сізге жауап хатты кешіктіре беретін түрім бар. Соңғы мақалада Нұрлыбек Баймұратов пен жергілікті ақын Тұрғанбайдың сөздері бар. Сіз ол кісі туралы да жазғансыз.

Фархинұр жеңгейге, Қарлығашқа көптен-көп сәлем.

Уақыт қалай келеді, қазақ айтатын Семейдің дәмі тартса, келініңіз Бәтеннен сәлемдеме алып, барып та

қайтармын... Басқа ойым жоқ, бір әңгімелескім келеді ғой, Қайым аға, таусылмас сағыныш қой. Мен көп сөйлеп Сіздің уақытыңызды да алдым, оған да кешірім сұраймын.

Ғалымдардың Сіз туралы ілтипатпен Сіз туралы еске алып жазғанын оқығанда мақтанамын... Бірақ біздің елде ондайды ұғып, түсіне қоятындар некен-саяқ, бәрі де білімді, дипломды... бірақ өздерін танымайды.

Сәлеммен шәкіртіңіз,
ыстық ниетпен, зор ілтипатпен **Шаймардан**.
18 июнь 1984.



*Письмо К. Мухамедханову от жителя г. Караганды
О. Имамбаева с просьбой содействовать справедливой
оценке собранных им материалов казахской словесно-
сти и шежере¹*

Қайым!

Үй-ішіңмен түгел аман-сау жүріп жатқан боларсың. Әмсе аман болыңдар. Кішкентай балапандармен қосылып, қызықты, бақытты өмір сүрулеріңе көптен-көп тілектеспін.

Сенің қай рудан екеніңді, қай жерде өсіп-өнгеніңді Кәрімнен естіп білдім де, қолма-қол түйдім. Менің де руым Уақ. Біз жеті атадан бері қарай Баянауылда өсіп-өнген қырық шамалы аз үй Айдабол деген жуан, күшті атаның (рудың) ішінде болыппыз. «Ойда он бірдің мүйізі

¹ Это письмо, написанное арабской графикой, было переведено и подготовлено к печати ученым А.И.Исиным, который также обозначил: Отметка Каюм-аги на конверте письма: «Кәрім Ақбергенов әкелген хат. Қай жылы екен? Кәріммен сөйлесу керек. 21.06.[19]84». К. Акбергенов был в 60-70-е годы директором республиканского музея Абая в г. Семей.

сырқыраса, қырда қырық бірдің мүйізі сырқырайды» дегендей, біреу уақ десе-ақ болғаны, делебем қозып, ес-түсімнен айырылып, сол уақ деген адамның асты-үстіне түсіп, айналып-толғанып, үлкен әбігер боламын да қаламын. Олардың жанында басқаны адам екен-ау деп елеп-ескермей кететін де мінезім бар. Мұнымды кейбіреулер тым қаншылсың деп ескертпек те болады. Онысы менің құлағыма кіріп те шықпайды.

Уақ – бір-ақ кісі, анамыз да бір-ақ адам. Ал, Уақтан туған он үш – он төрт ұл бір әке, бір анадан туып өсіп-өнді. Өсіп, көбейе келе әр ұл өздері бір тайпа елдің басы болды. Өсіп-өніп, арамыздың алыстағанына ешкім де айыпты емес. Ол табиғат заңы, кім де болса бағынады. Адамның барлық киімінің ішіндегі адамға ең жақыны ішкі көйлегі емес пе?! Олай болса, әр рудың өз анасы өзіне ішкі көйлектей жақын. Сондықтан, уақты қатты сүйемін. Уақ туралы әңгіме көп, хат арқылы жазып тауыса алмаймын. Сондықтан кейінге қалдырдым. Кәрім сені уақ жігіті, Көкен болысынан деп таныстырды. Сол жақтағы екі болыс уақ-керейден шыққан екі-үш аяулы, қадірлі, бағалы адамдар болған көрінеді. Әлімқан мен Төлтай уақтан шыққан қазақ асқан кемеңгерлер, Бегеш керейден шыққан кемеңгер көрінеді. Міне, осылардан қалған үрім-бұтақ, жұрағат бар ма, болса қандай күйде және осылардан қалған сөз бар ма? Ол жақтағы уақтар Уақтың қай баласынан тараймыз дейді. Осы сұрақтарыма жауап қайыруыңды сұраймын.

«Атадан ұл туса – игі, ата жолын қуса – игі» деген екен бұрынғылар. Ата-бабаларымыз қаражаяу болмаған, өз замандарында топты жарып жолды алған ел қорғаған батырлар көп шыққан, көпке олжа салған, жауына бас имеген, асқанға тоқтау салған, сасқанға пана болған көрінеді. Саған сол бабаларымның жолын, бағын берсін деген тілеудемін.

Менде азды-көпті жинап жүрген шешендік сөз, тапқыр, ұтымды, қанатты сөздер бар және екі түрлі шежіре бар. Сол жинап жүргенімнің бәрін емес,

біразын, шежіремнің бір түрі түгел, екінші түрінен аздап бердім. Әрине, біреудің еңбегін жеп кетпейтін шығар. Кем бағаламай, тиісті бағасымен қабылдар деген ойым бар. Мен қомағай, ашқарақ дүниеге жақын адам емеспін. Өзімше адалдың адалымын. Дұрыс жолдан тайған, уағдадан тайған адам болса, үлкен-кішілігіне қарамаймын, қолма-қол сөзбен болса да өшімді аламын. Кегімді жібермейтін қисықпын. Адалдықты жақтау атамыздан қалған мирас болу керек.

Аман-сау болындар. Балапандардың беттерінен сүйдім. Келінге сәлем айт. Жасым 67-де. Бұрын мұғалім болдым, қазір пенсиядамын. Ержеткен балаларым бар. Хат жазып тұр. Амандығыңа тілектеспін.

Қамқор ағаң – **Омар Имамбайұлы.**

Ескерту: алжыған шал екен деп сөгіп жүрме.
Адресім: г. Караганда, ул. Жамбула, 45, кв. 6.



Амандық хабар!

Қайым аға! Сау-саламатсыз ба? Үй-іші, жеңгей, Қарлығаш аман ба? Бәріңізге ізгі тілекпен ыстық сәлем.

Сәлем жолдаушы сонау 1947–1951 жылдағы шәкіртіңіз Хайрулин Шаймардан, келініңіз Бәтен Батталова.

Сізге өткен жаз, институтқа іздеп барып, сәлем беріп қайтқанмын. Онан кейін хат жазуға, Семейге қайта бармақшы болып едім, соның сәті түспеді, дәрігерлердің емдеуінде біраз ауырып жүрдім. Қазір денсаулық қалпына келді.

Бір ертеде 150 жыл шамасында өткен Бақы деген кедей ақынның ел аузында қалған өлеңдерін жинап, мақала етіп бастырғамын, және «Әнші Байғабыл» деген көлемді мақала аудандық газетте шығып еді, егер

де Сіздердің бір кәделеріңізге жараса, келесі хатта жіберемін.

Ал хош сау болыңыз. Осы хатты алысымен хабарларсыз,

Уақытыңызды алғанымға кешірім сұраймын.

Сәлеммен, қайта-қайта сәлеммен **Шаймардан**.

Алдағы мейрамдарыңызбен құттықтаймын, қуанышты өткізіңіздер. Әрине, хат мейрамнан соң барады ғой.

Хатымды аяқтаймын, Қайым аға,
Мен үшін Сіз биіксіз жетпес баға,
Енбегің баспасөзден көрінгенде,
Үйдегі түгел оқит бала-шаға.

6 март. 1984 жыл.



Құрметті Кәке!

Есен-саусыз ба?

Бұл хатты жазып отырған – Алматыдан, Ақселеу Сейдімбеков деген тілеулесіңіз. Сыртыңыздан көп көрген, көп білетін, көкірек көзі ояу, ой-ниеті түзу қарттарымыздың бірі деп естуші едім. Семей жақтан қара көрінсе Сіздің саушылығыңызға алаң көңілмен құлақтас болып отырамыз. Пейіл ниет солай болғанмен де, дәл қазір хат жаза қоярмын деген ой жоқ еді. Алайда Сіздің «Бұхар Жырауыңызды» оқыған соң үнсіз қалудың ретін таппадым.

Ел өмірі, халық тағдырына қатысты мысқалдай болса да игілікті істің тындырылуы зор қуаныш қой. Көп оқушының бірі ретінде Сіздің мақалаңызға деген қуанышымды, алғыс-рахметімді білдіріп отырмын.

«Бұхар Жырау» – сәтімен тындырылған, әлі талай-талай ұрпағымызды мойын бұрғызатын елеулі еңбек. Пікір-дәлелдеріңіз шығар, күндей шыншылдығымен

баурайды. Жазып отырған тақырып жөніндегі хабар-дарлығыңыз, бұрынғы-соңғы мағлұмат иелеріне деген кісілікті жүгінулеріңіз, ойды жүйелі өрбітіп, қатқатымен түсіруіңіз, кесек-кесек ұсыныс пікірлермен ой түйіндеуіңіз – Сіздің мақалаңыздың бағын ашып, көптің көңіліне қонақтаумен бірге, Сіздің өзіңіздің де үлкен жүректі ақсақалымыз екеніңізді мойындатып отыр. Тәңірім бойыңызға қуат беріп, көкірек көмбеңдегі асылдар сәтімен баршаның қуаныш-игілігіне айналуына жар болсын!

Хатымның соңында өзіңізге деген өтінішімді айтқым келеді. «Бұхар Жырау» мақаланызда Ерәлі жазған Қанжығалы Жантай батыр туралы, Көкбай ақын жазған Абылай туралы «Сабалақ» атты поэмаларды айтасыз. Сондай-ақ Қаныжағалы Бөгенбай батыр туралы да отызыншы жылдары жарық көрген поэманың бар екенін білесіз ғой. Егер мүмкіндігіңіз болса осы поэмалардың бір-бір көшірме басылымын салып жібере аласыз ба? Бір айға алған шаруа бар еді, сол үшін 18-ғасырдағы батырлар, хандар, жырау-шешендер, билер, ару-айелдер туралы жазылған өлең, дастан, жыр нұсқалары мейлінше қажет болып отырғаны.

Әрине, түрлі себеппен мүмкіндігіңіз келмесе ешқандай өкпе жоқ.

Құрметті Кәке, осы хатпен бірге мына бір шағын еңбегімді салып отырмын. Біріншіден, өзіңізбен таныстығыма дәнекер болсын, екіншіден Сізге деген құрметіме белгі болсын деген ниет еді.

Хатыңызды күтемін.

Сау-саламат болыңыз!

Құрметпен – **Ақселеу Сейдімбеков.**
12.08.1982 ж. Алматы.



Құрметті аға Қайым!

Сіздің «Қазақ әдебиетіндегі» «Бұхар жырау» (30.VI-82) атты мақалаңызды сүйсіне оқыған едім. «Әр қилы пайымдар» деген бастамасы көп күдік ой тудырған еді не бары (8 түрлі) дерекке табыну ма деп те күдіктендім.

Ал «Деректер не айтады?» деген бөлімді оқығанда (4. VIII. 82 №32) күдіктер кетіп, дәлелдеу (математиканың аксиомасындай) шүбә туғызбас болған соң, енді газетіміз не қорытынды шығарар екен деп күткенмін.

Өзім ауыл арасындағы той атаулыда көптеу жүргендіктен «Деректер не айтады?» деген тараудағы Абылайға байланысты Бұхар сөздерін көп алдында айтып та жүрдім. Тыңдаушыларға ұнағаны Бұхар жыраудың ауырып жатқан Абылайға айтқан сөзі, Абылайдың ақынды тоқтатуы өте ұнап отырды:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы баққан, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құшқызған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай.

Абылайдың ишара тоқтау ескертіп, «бұдан артық сөйлесең, мен мақтанған (махруп) боламын, сен жалғаншы боларсың» деген сөздеріне ерекше мән беріп, тыңдап отырды.

Енді 1/І 83. №1 «Қазақ әдебиеті» газетінен дейтін ғылыми мақал үшін газет сыйлығына ілінгеніңді, фотосуретіңді көріп, ерекше қуанып отырмын.

Сіз Кереку өңірінен шыққан өнер қайраткерлеріне де назар аударып, көлемді мақалалар жаздыңыз (Естай т.б.).

Сізге зор денсаулық, творчестволық сәтті ізденіс тілеймін.

Ханафия Асқаров 14. І. 1982

Павлодар қаласы,

Калинин көшесі, 31, кв. 164



PS: Өзім 1967 жылдан бері Иса ақынның өміріне байланысты ерекше ел қызығатын оқиғаларды (қоғамдық, ақындығы) жинап жүрмін. Иса өмірінен хронологиялық бірнеше дәптер толды. Соның 1921-1922-1923 (X) жылдары Семейде «Білімге сапар», «Оқыған азаматпен кездесу» (Мұқаңмен кездесу), «Атақты әншімен қанаттасу» (әсіресе, Мұқаң, Ж.Жаниндердің игі әсері). Бұларды Семей мем. архивінен, Абай музейінен қарап білу керек еді. Пенсияда қолым бос, әзірше денсаулық жақсы болған соң, осы ойымды іске асырғым келеді. Ал, сізге арнайы жолығып, дәрістей ғылыми-жоба сабақ алуым керек.



Қайым Ағай!

Сәләмат-саусыз ба!

Сіз Ақыш тәтемнен Камиля жайында сұрапсыз. Ол кісі толық ештеме айта қоймас.

Камиля жайында жақсы білетіндер, Уасиля тәтем, Фафура. Камиляның Мұхаңға косылған уақыты 1921 ж. деп жүреміз. Камиля Мұхаңмен айырылысқанда Мұғаш үш жаста екен. Мұғаш 1918 ж. туған.

Сармурзинмен сөйлестім. Тағы бір білетін адам Исакаова Кадиша 1910 ж. туған, Күлбадан апамыздың қызы. Аырылысқандары 1927 ж., мұны өзім де білем. Мұхаңмен айырылысқаннан кейін Семейде Абдола деген бір татардың үйінде тұрып оқыған. Сонда мен қолында болдым. 1927 жылы Валентина Николаевна Ленинградта тұрғанда Елдос баласына екі қабат уақытында Камиля бір қыз туып өліп қалған. Мұхаңнан екі қыз болды (Мағаш, Зере). Фафура айтушы еді «Семейде Мұхаңның қолында оқып жүргенде (Мұғаш, Мағыш, Зере үшеуінде мен күтіп жүрдім) деуші еді. Уасиля тәтемнің айтуынша Жағыпар менен сегіз жас

кіші. Камиля Жағыпардан үш жас кіші, Ал Мұхаңның айтуынша «Жағыпар менен үш жас кіші» дейтін сонда Камиля Мұхаңнан алты жас кіші болғаны. (Камиляның фамилиясы Ауэзова).

Райхан Мұғаштың қолында 1975 жылы Алматыда қайтыс болды. (Райхан Мұхаңнан 2 жас кіші екен) Шоқан 1920 жылы туған.

Ділдә әжемді де көрдім. Тұрар апамыздың 1927 жылы Саржан деген ұлы туып, өліп қалған. Саржан туған жылы Ділдә өледі. Менің ойымда әжем «Сар қызым» деп мені алып жүретін.

Жағыпардан үлкен Құтайбан бір-ақ ұл болған Берекехан 1921 жылы туған. Ол соғыста 18.02.1943 ж. өлді. Құтайбаның әйелі Тактиді де көрдім. Өлген жылы 1927 жыл. Айгерім, Ділдә, Такти үшеуі де Арал төбедегі бейітте.

Құтайба 1919 ж. өлген.

Дамегөй 1931 ж. өлді.

Камиля 1933 ж. өлді.

Жағыпар 1934 ж. өлді.

Құлманар (шешем) 1935 ж. өлді

Құлманар Абай романындағы Ғабитханның немересі.

Уасиля 21.05.1954 ж. 64 жасында өлді.

Менен үлкен Рапила деген апам болды (1921 ж. туған) Алматыда 1938 ж. өлді.

Жолдасым Искаков Ғымыран соғыста 1942 ж. өлді.

Искаков Бастамидың інілері:

Қадыр 1904 ж. туған. (тірі) әйелі Қадиша.

Ғымыран 1912 ж. соғыста 1942 ж. өлген.

Екеуі де бізге жезде.

Кұлбадан апамыз Аягөзде 1932 жылы өлген. Балалары: Қамза, Мұхтар, Мұштар, бір қызы Қадиша. Қадишадан басқасы өлген.

Абдрахманнан: (немерелері) Батима 1912 жылғы, Еніғаным 1918 жылғы, Есхан 1920 жылғы, Айдын 1922 жылы туған. Айдыннан басқасы өлген. Әкелері Бастами. Айдың жолдасы Джаймурзин Абдрахман.

Мұхтар аға ертерек уақытта Шаған аулында мұғалім болыпты. Мұны Сармурзин мен Ақыш тәте айтты. Жылын білмейді. Шаған аулы Ақынжанов М. аулы екен.

Әкем Жағыпар 1928–1929 жылы болар деп ойлаймын.

Елде өз қаражатына мектеп ашып, кедей балаларын оқытқан. Онда мен де оқыдым. Арал ар жағы дей ме Шабеп, Бағыш ағалардың бір комнатасында оқыдық. Бұдан бұрын председатель колхоз ба осының біреуінің бастығы болды. Член КПСС болу керек, Шемонайха жақта тұрғанда айтып отыратын.

Жағыпардан: Рапия 1920 ж.

Ишағы 1924 ж.

Жошыхан 1925 ж. 1943 ж. Соғыста өлді.

Фазел 1927 ж.

Наркес 1929 ж.

Ләйля 1929 ж.

Менің шын атым Ишағы. Жазған адамдар атымды ертүрлі жазады.

Мағауия атамиздың екінші әйелі Мөржан (Камиляның шешесі). Мұхаң айтушы еді «Мөржан, сұлу, шашы ұзын, ақылды болды, мықты байдың қызы» (төркіні сыбан). Қамыштың сұлулығы, шашының ұзындығы Мөржанға тартқан дейтін. Тұлғажанов Разиясын Мөржанымен шатастырып жүр ме деп ойлап қалдық. Мұндағы туысқандар Мағауия біреуге ғашық дегенді естіген емеспіз дейді.

Екі газет (арабша, қазақша) және өз жазғаным «Туған жер әсерлері» алты бет, 1980 ж. «Семей таңында» шыққан. Мүмкін осылардың ішінен бірдеңелер керек болып қалар деп жіберіп отырмын.

«Білім және Еңбек» №5, 1985 ж. журналында, «Счастливая судьба» 1975 ж. кітабында жазылған, осылардың ішінде Абайдың соғысқа қатысқан ұрпақтары бар.

3.12.1970 ж. Абусағит «Ұлы ақынның ұрпақтары» «Лениншіл жас» газетінде шыққан. Мұндағы кейбір жағдайларды менен сұрап алып еді.

Фотокарточкаларды кейін жібереміз.

Сізге түсінікті болсын деп әр жағдайды дәлелдеп жазғаным. Орысша, қазақша болса да жаза бер дегендей. Білгенімді жаза бердім.

Менің статьямның керегі жоқ болса, қайтарып жіберерсіз. Түсінбеген жерін хатқа жазарсыз. Өзім де звондаймын. Биыл Абай аталарыңыздың 140 жылдығына дайындалып жатқан боларсыздар. Қашан өткізесіздер?

Тұраш ағаның әйелі Сахужамал 1941 жылы Жамбыл қаласында өлген. Абай районының «Совхоз туы» деген газетін жіберіп отырмын. Осында Тұраш ағаның жайындағы Ақыш тәтенің сөздері бар. Ол кісі қатты ауырып жатыр. Басқа ештеме айта алмаймын дейді.

Сәләмат сау болыңыз.

Ишағы Жагипарова.

11.06.1985 жыл.

Менің адресім: 480064 г. Алма-Ата, ул Фурманова 163, кв 10.

Жұмысымның адресі: ул Панфилова, 106.

Министерство Мелиорации и водного хозяйства Каз ССР.

Старший инженер. кв. тел. 63-25-59. сл. тел. 63-19-73

Ғазел: г. Алма-Ата ул. Панфилова, 51 кв, 40.

кв. тел. 32-41-93. сл. тел. 44-97-20

Киностудияда зав. музея им. Ш. Айманова.

Сармурзинның кв. тел. 39-21-31



Қайым ағай!

Сәләмат-саусыз ба.

Сіздің кейінгі хатыңызға кей жеріне жауап.

1. Тураш ағаға байланысты мақала және Бөпебай Тұлғажановтың мақаласы. «Қазақ әдебиетінде» шыққан – (12.IV.1974ж).

2. Тураш аға, Жебеш аға туралы Макеннің сөзі. Бұл хаттың ішіндегі мен сізге жазғамын. Ақыш, Макен тәтелер екеуі екі түрлі айтады. Ақыш «1917 ж. тұрмысқа шықтым, ал Жебеш 1919 ж үйленді дейді. Макен былай дейді: «Жебеш үйленді 1918 ж. Сонда баласы Алпаш сегіз ай еді», ал Ақыштың айтуынша Алпаш алты ай дейді. Меніңше Ақыш тәтенікі дұрыс па деймін.

Алпаштың фамилиясы неге Оспанов деп біреу сұраса, Оспановтың баласы жоқ болған соң, атасының атына жазылды дейміз. Өткен уақыттың егжей-тегжейін қозғамай-ақ қояйық дегеніміз ғой. Бұл жөнінде Макен тәте дұрыс айтады.

3. Жақында Қауаш тәтемен сөйлестім. Қаміш тәтенің үлкен қызының аты Зере 1925 ж, кішісінің аты Мағрипа – 1927 ж туған дейді. Камиля Шыныбаймен 1922 ж. айрылысып, соттасып, Мұхаңа баратын болып келіседі (Бұл қыстың күні).

II

Мұхаң Семейге кетіп қалады да, 1923 ж. Қаміш тәтені алып кетеді. Қауаш тәте өзі айтар.

4. Ділде әжемді 1927 ж. өлді деп жазып едім Тұрар апаның айтуынша. Ал Қадиша апай әжем 1924 ж. 80 жасында өлді дейді. Күлбадан шешем бата ғып барғанда еріп бардым дейді. Қайсысынікі дұрыс кім білсін.

5. Үміш апайдың көзі көрмейді, құлағы естімейді. Ернармен бір үйде, бірақ тамағын бөлек ішеді. Мұхаңнан кейін В.Н-да Үмішті бөліп тастаған...

6. Бағыш ағаның Ғафурамен түскен суреттері. Алған фотоларды қайда қоясыз? Мұздыбай да Алма-Атыға келген сайын бізден сүгіреттер алады. Ешбір жерге ілмейді екен. Ғазел айтып келді «Жидебайдағы музейде Ақылбай, Мағауиядан басқа ешкімнің де сүгіреті жоқ» деп.

Жіберген фотолардың ішінде менің жалғыз бауырым (Жошыхан) бар. Соның сүгіретін Семейдегі болса

да музейге қойғызыңыз. Бұл бауырымда ақындықтың дәмі бар сықылды еді. Жазған өлеңдерін өзімен бірге алып кетіпті. «Жыр аманат жыр» деген кітапта біраз өлеңі бар. Қазелде ғана сақталып қалған.

III

Сізден Ақыш тәтеме хат келді, Кәмиляні сұрапты деп естіген соң, білгенімді айтайын деп звондадым. Басқа сұрақтарға жауап берем деп ойлағамын жоқ. Бірі олай, бірі бұлай болса да білгенімізді жазып жатырмыз.

Мұхтар Кәмиляні тастаған соң, Жебеш Райханды тастады деген сөз жалған сөз, мұны Мәкен тәте айтушы еді. Жебеш аға Райханды бұрын тастаған. Осы оқиғадан кейін Жебеш аға Мұхаңды, Ұлықбекті көрмей кеткен.

Тегінде, Мұхтар ағаңыз Каміш тәтемді тастаған жоқ. В.Н. Семейге (үйіне) қайта-қайта хат жаза берген. Кәміш тәтем орыс әйелімен байланыстың деп елден менің әкемді шақыртып алып, өзі кетіп қалған. Кейін Мұхаң кешірім сұраса да, Дамегөй қайта бермеген. Ол уақытта басқа ұлтты кәпірдей көрген заман.

Мұхтар ағаңыз үш тамаша әйелдерін балаларымен В.Н. үшін қайғыға салып жылатып кеткен. Бұл әйелдердің ақылы, түрі, тәрбиесі В.Н. несі кем еді деген ой туады. Сізге Кәміш тәтем туралы жаза бастасам, көзіме жас келеді. Мен қолында өстім. «Мұхаң Мұхаң» деп ылғи жылаған көзінің жасын көрдім. Қауаш тәтем мен Ұлықбекпен де Каміш тәтемдей екеуінің мұңы, сыры бір еді. Екеуі де елге бармай Семейде оқып жүрді. Сұрасаңыз менен көп айтады. Каміш тәтемнің Мұхаңа «Сағыныш» өлеңін жатқа біледі.

Сау-сәләмат болыңыз.

Жеңгеге сәлем.

Ишағы 5.07.1985ж.

7.07.85. санаторияда болам 24 күн.



Қайым ағай!

Сіздің хатыңызды 18.06 алдым. Сізге жазып жатқан хаттарымда түсініксіз жерлері бар екенін өзім де сеземін. Себебі мұндағы апайларым (Ақыш, Макен, Мұғаш, Қадиша) барлығы да әртүрлі айтады. Олардың айтқаның сізге жазып жатырмын. Ақыш, Макен апайларым екеуі де екі түрлі айтады. Өзім де апайларымның сөзінен қорытынды жасай алмадым. Камилянің Мұхаңға шыққаны 1922 ж. деп тоқталыңыз. Мұның дұрысын айтқан Қадиша апайымыз. Осы жылы Күлбадан шешесімен (біздің үйге) еріп келіпті.

Мұғаштың үш жасы дегеніміз, өзіңізге жіберіп отырған сүгіретке түскендегі уақытта. Бұл сүгіретті қай жылы түскенін ешкім де білмейді. Ғафура айтушы еді, ол уақытта мен үшінші класта оқып жүрдім деп (Ғафура – 1913ж). Ол уақытта алты жастан мектепке түссе, үшінші класс тоғызда десек сонда бұл сүгірет қай жылы екенін өзіңіз де жобалап білесіз. Айырылысқан уақытында 1927 жыл деп Ғафура айтатын. Сондықтан өзіңіз жобалап бір уақыттарын белгілеп аларсыз.

Қадиша апайымызда 1921 немесе 1922. Ақыры әр жағдайларды ойына түсіріп 1922 болар еді. Бір жылдың арысы-берісі жоқ, оны кім білер дейсіз. Өзіңіз бір жылын ойыңызға ұстарсыз. Мұқаш шешесін 1948 ж. қолына алған. Мұхаң мен Райханның қай жылы қосылғанын, қай жылы айырылысқанын ешкімде білмейді. Бұлар айырылысқанда екі жасқа толғаным жоқ дейді Мұғаш. Шоқа емес Шоқан. Ақыш тәтем бұлар жайында ештеме біле қоймайды. Камиляның екі қызы Мұхаңмен айырылыспай тұрғанда өлген. Кішісі туғаннан кейін көп тұрмай өлген. Бұл фотода Құрманбек деген кісі жоқ болар. Ол Гикебаев Ахметбек. Баянаулының жігіті Мұғаштың жолдасы Сүтжанов осы Ахметбектің немере інісі. Сүтжанов Бөпебай Ленинграда Зооветинсти-

тут бітірген. Мұғаш осылардың қолында жүріп інісіне алып берген.

Бұл жездеміз өлгеніне 5–6 жыл болды. Осы хатты асығыңқырап жазып отырмын, отпускіге шығайын деп уақыт болмай қалды. Совминнің «Алма-Ата» немесе Ала-Тауда дем алуға кетемін. Екеуінің біріне путевка бермекші. Екі хатыңызға жауапты кейін толық жазармын.

Сау-сәләмат болыңыз.

Ишағы. 25.06.1985ж.

Тоғыз фото жіберіп отырмын.

Қай уақытта күндіз үйіңізде боласыз, сол күні звондар едім жұмысымнан.



Многоуважаемый Каюм ага!

Получил Ваши письма, датированные 24.12.1984 г. и 25.01. 1985 г., за что большое спасибо. К сожалению, не смог своевременно ответить на них, за что прошу извинения: долгое время обдумывал вопросы, которые серьезно озадачили меня.

Прежде, хочу выразить искреннюю благодарность и признательность от имени всех родственников за Вашу добрую инициативу, неукротимую энергию и отзывчивость, которые Вы проявили в дни юбилея.

Решил написать Вам на русском языке: может быть, полнее удастся выразить мысль. Написать, однако, не так просто. Описать в последовательном порядке эту далеко не простую жизнь отца не удастся. Разрыв между последними годами жизни отца и настоящим временем - это более 47 лет. А мать, которая могла бы рассказать многое, скончалась в 1950 году в Джекказгане.

Разве только о том, что сохранилось в памяти за короткие отрезки его жизненного пути. Если нижеиз-

ложенное окажется полезным в какой-то мере, я буду рад.

Моя сестра Сагида Акиш также обещала прислать Вам воспоминания об отце.

С приветом, Ваш **Узбек Жомартбаев.**
Алматы, 7 февраля 1985 г.

Прим составителей:

Узбек и Саида – дети Таура Жомартбаева.

В архиве К.Мухамедханова имеются впервые им установленные ценные материалы о Т.Жомартбаеве, а также переписка с его детьми, которые выразили благодарность ученому Мухамедханову за глубокие исследования об их отце, достойное проведение его 100-летнего юбилея и вклад К.Мухамедханова в увековечивание имени Т.Жомартбаева.



Ардақты Кәке!

Сау-саламаттытықта боларсыз. Мүшелтойыңызбен құттықтаймын!

Мына газетті сіздің архивіңізге жолдап отырмын.

Кәкен Серікбаев бір кезде сізден оқыған шәкіртіңіз екен. Ол да өз ниетін өлеңмен білдіреді.

Менің өмірімде пәлендей өзгеріс жоқ. Баяғы сол аудандық газетте істеп жүрмін. Пенсияға екі жыл қалды. Басқа не жазамын.

Көріскенше күн жақсы!

Жаңа жыл алдында Семей пединститутына барып қайттым. Бірақ өте асығыс болып, сізге жолыға алмадым. Оныма ғафу етіңіз!

Сәлеммен тілеулес ініңіз
Қалихан Алтынбаев.
Көкпекті. 13.01.1986 ж.



Дорогой и любимый юбиляр Каюм ага!

Ваше приглашение пришло к нам очень поздно. Мы в эти дни проводили в Казани и в республике мероприятие, связанное со 100 летием со дня рождения великого просветителя, учёного, писателя-классика Фатиха Амирхана. 13 января в здании Татарского Академического театра имени Г. Камала проводилось торжественное собрание, посвященное этой дате. Присутствовало все наше правительство. Если бы мы знали о юбилее раньше, хотя бы в конце декабря, то ктонибудь из нас обязательно приехал бы чествовать и приветствовать Вас, славного юбиляра дружеского нам народа. Мы выслали Вам поздравительную телеграмму.

До сих пор живу светлой памятью о Ялтинском периоде нашего отдыха. Было прекрасно! Я обещал вашей дочери написать лирическое стихотворение посвященное ей. Свой долг выполнил с большим удовольствием назвал его «Карындасым Карлыгаш». Организуйте его перевод на казахский язык и напечатайте в газете «Семей таны». Если моё желание осуществится, то номер этой газеты пришлите, пожалуйста мне.

Большой саям Фархинур ханум и Карлыгаш. Напишите, как прошел Ваш юбилей, читали ли наши телеграммы на торжественном вечере?

Обнимаю. Ваш **Махмут Хусейн**.
15 января 1986 года.



Соловмалейким, Каюм ага!

Обращаюсь к Вам по-туркменски, я думаю, Вы не будете возражать, если скажу, что основа восточных на-

родов все же одна. Это мы сейчас стали забывчивыми о нашей истории, традициях и обычаях. Ну, ничего, скажем спасибо той возможности, которую даёт нам наша встреча в Пицунде.

Мы добрались благополучно, к двум часам московского времени мы уже были дома. Надеемся, что Вы тоже добрались благополучно и с облегчением вдохнули воздух очага родного.

Как я обещал Вам, высылаю пьесу «Холостяки», которая, как я Вам сказал, идёт в нескольких республиках и в Москве апробирована, так сказать, прошла все цензуры на содержание, мысли, на драматургию и на профессиональную завершенность.

Прочтите, скажите честно, если вдруг не понравится, или же что-то не подойдет, не испытывайте неудобства, скажите прямо, я не обижусь. А если в целом она Вас устроит и придется что-то, согласно специфике казахского театра, изменить, убавить или прибавить, я не буду возражать. Это уже будет творческий процесс.

Я Вам, Каюм ага, желаю всего наилучшего, здоровья, успеха и бодрости, а семье всяческих благ. Передайте от меня и Оли большой привет Вашей супруге и Карлыгаш. Всем остальным тоже.

Всего доброго **Байрам**.
Ашхабад 13.09.1987 г.



Құрметті Қайым Мұхамедханович!

Сізге хат жазу себебім менен Айғанша, Баязит туралы сұраған едіңіз. Менің әкем Қапыр түрмеде жатқанда, Ахат аға аралда қоян бағу жұмысына кесілген сияқты. Айғанша әжем Семейге бізден кейін келіпті. Кім әкелгенін білмейміз. Семейде тұратын руы тобықты

Дүйсенбі деген кісінің үйінің жанына келіп, сонда қайтыс болған дейді. Сол кісілер қазіргі переездің жанында зират болған екен, сонда қойыпты. Қазір зират жоқ. (Ахат ағада жазылған шығар). Атамыз атылғаннан кейін бәрімізді Қарауылға әкелді.

Баязит түрмеден босап келе жатып, «Тымақ» деген жерде (Бөрліге жақын) Ырзықбайдың ұлы Медеухандікіне келеді. Медеухан аға елдегі жағдайға байланысты Семейге қайт деп ақыл береді. Шешемді, қарындастарымды көргім келеді деп атасының қорасына келіп, бірнеше күн ағаш арасында тығылып жүріп, өз еркімен өмірмен қоштасқан. Қойған жерінде белгі тас бар. 1931 жыл болу керек.

Өз өмірім туралы жазуды сұрағаныңыз бойыма үлкен қуат бергендей. Бірақ өте қиын екен. Ахат аға бастаған туыстар өз ара өткенді еске түсірмеуге, атамауға тырысатын едік. Семейге елден ерте келгендер сол кездегі Ахаттың семьясы, Қабыштың әйелі Мәшім екі баласымен және Медеухан әйелі Қазиза т.б. Барлығы Райханның үйіне келіпті. Райханның күйеуі Жәмшырбай үлкен баласын алып үйінен кетіп қалыпты.

Аз уақыттың ішінде біздің туыстардың жеті балалары шешектен қайтыс болыпты. Бұл жағдай Ахат ағаның қолжазбасында жоқ болса, жазудың қажеті жоқ шығар. Бар болса балалардың аты аталған шығар. 1931 жылдың күзінде шешем екеуіміз бұл үйге келгенде балалар жоқ сияқты. Семейдегі Райханға (Шәкеннің қызы) үйіне жиналғандарға қамқор жан, асырайтын Медеухан екен (Ырзықбайдың баласы). Туыстардың ішінде өте пысық, адамгершілігі мол, сөзге шебер адам болған екен. Қапыр түрмеде жатқанда тамақ апарып тұрған. Өлгеннен кейін Үдері қажының қырдағы жері «Ұлыңызға», – деп өз қолынан қойған екен.

Тағы бір туысы Дүдіри болу керек. Сот кесімі бойынша ағаш кесуге жібергенде, Медеухан барып, ағаш кесіседі екен. Шешем екеуіміз қаңғырып Семейге барғанда, біреуден түйе, арба сұрап алып Нағима тәтем

тұрған жерге апаруға көмектескен осы кісі, өзі кедей болған. Медеухан 1885–1961 жылы қайтыс болды. Әйелі Қазиза 88 жаста көзі нашар көреді, құлағы естімейді. Естелігі (памяты) өте күшті. Ертедегі туыстардың әйелдерінің атын, руын біледі. Ол кісімен мен көп отырып, құлағына жақын айтып сөйлесемін. Ахат аға әкесі туралы жазғанда әйелдердің сипаттарына көп тоқталмаған, өзінің өмірбаяны біздің қолға түспеді.

Қазиза апай Қажының келіндері Суфияның әйелі Зағипаны, Қапырдың әйелі Мәкейді қалай әкелгенін айтқан әңгімесі өте қызық. Сізге керек болса, әлі де ол кісіге барамын. Медеуханның аты жазылса жақсы болар еді. Құдайбердіден тараған ұрпақтар тізімін Төкенге ауданға жібердім. Қапез фотоларды қосып жібер деп айтқан еді. Академияға әлі бергеніміз жоқ. Кешіріңіз, өз өмірімді жазсам, баспаға бастырамын. Үлкен балам Габдулин, телефоны өзгерген машинный зал. Тел. 61-37-35 (Түстен кейін сонда болады)

Қапырқызы **Кәмилә,**
Шәкерім немересі.
15.08.1988 ж.

P.S. Қайым Мұхамедханович дем алуға кеткен болса, келген соң өз қолына берулеріңізді өтінемін. Ол кісінің өзіне керек болар. Бөтен адам мені түсінбейтін шығар.



Құрметті Қайым,

Өзіңіз Құдайбердіден тараған ұрпақтың немерешөберелерін жазуды өтінген едіңіз. Мына тізімді жіберіп отырмын. (Сүфиянның Балхашта тұратын қызы Қалима, баласы Закария деп жазылды. Осы жерін

анықтарсыз. Семейде Қабыкеннің балалары бар ғой, солар білуге тиіс). Өзім көзім ауырып көп жаза алмайтын болдым. Өз үйім бұрынғы жұмыс істеген жерде. Алматыға жақын, жасы 70-ке келген соң ауылды жерде тұру қиын екен. Сондықтан көбінесе Т-Қорғанда, Алматыда боламын жазда, өзіңіз Алматыда болғанда жолыға алмадым. Қазиза апамен документальный фильмге атамыз түскенде көптеген (туыстары туралы) анықтама беріп, сіздің материалыңызды толықтыруға мүмкіншілік бар еді. Бұл кісі біздің туыстармен жақсы қарым-қатынаста болған.

Шәкерімді көзі көрген келіннен қалған Қазиза, немереден жалғыз мен. Менің әкемді қолымен қойған осы кісі. Құлағы дұрыс естімейтін болғандықтан мен ғана ептеп сөйлесе аламын.

Балалардың өз семьясы бар, жасы 70-ке келді, көз нашарлап, қол дірілдейді. Мүмкін болғанша Қазиза апа екеуіміз туыстар туралы естелік қалдырсақ деп ойлаймын. Ол үшін тыныштық керек екен. Сондықтан үш қаланың бірінен үй сұрамақшымын. Учетым Т-Қорған облысы, ауылдық жерде. Жұмысты 36–37 жылдарда «сауатсыздар» оқытудан бастадым.

Сұрақ қойған жерлерін өзіңіз анықтаңыз. Сүфиян туралы Жданов совхозындағы Пану не біледі екен. Біз екеуіміз де жасымыз келген адамдармыз ғой. Жаңылуымыз мүмкін. Басқа көзі көргендер толық-тырар.

Атамызды көзі көргендерден қалған екеуіміз болғандықтан, өзіңіз сеніп тапсырған соң жинастырып жаздым. Әрине бұл өте жауапты жұмыс екенін түсінемін. Ел өзіңіздікі ғой, толықтырарсыз.

Мен соғыстың алдында Жәлеш ағаның үйінде тұрған едім. Ол кісінің ерекше мінездері туралы кейін берермін. Ахат ағаның жазғанымен салыстырыңыз. Ол кісінің өз өмірі туралы жазбасы менің қолыма түспеді.

Көп жазғаным үшін кешіріңіз.

Алматыдағы бір баланың адресі алдыңғы хатта көрсетілген. Екінші баланың адресі:

480012. г.Алма-Ата
Сейфуллина 472, кв. 42.
Капарова К. (Габдуллин Мейрам)



Мен «Семей таңына» мақала берген едім. «Кешір кінәмді, ата-бабамның туып-өскен топырағы – Шыңғыстауым» деген. Өзіңіз айтқаннан кейін, тілші суретке түсіріп шығады деген еді. Зам.-да өз ықыласын білдірді. Сол мақала шыққан-шықпағаны туралы хабар ала алмадым. Шықпаса республикалық газетке бермекші едім. Атамыздың тойына үлес (уақытында өтуіне) қосқан Матаев Қапез бастаған бүкіл аудан еңбекшілеріне ризалығымызды білдіріп, бір ауыз сөз айтпай, не баспа бетіне жазбай кеткеніміз өте қолайсыз болды. Хатты алсаңыз, мына телефонға хабарлаңыз.

А-Ата. 67-54-83. Габдуллин Мейрам.

«Жұлдыз» журналындағы Жұртбаевтың мақаласында (Мұхтар туралы) Кәрімқұлдың аты аталған екен. Ол кісі Қажының атынан құрдасы Оразалыға шығарған елеңі бар екен.

Ел үй десе бүй десін,
Мен үшін ешкім күймесін.
Өздері жүрсін шұбырып,
Ұлыққан иттей күйлесін,
Партия құмар емес қой,
Кәрімқұлға тимесін,
Оразалының түйреп қойсын инесін...

Кешіріңіз, бәрін жаз деген соң жазып отырмын.



Құрметті Қайым!

Сізге хат жазғанда орынсыз уақытыңызды алдым ба деп ыңғайсызданамын. Менің өмірім туралы сізге керекке жарайтыны болса өте қуаныштымын. Мен де дүниеге жаңадан келгендей сезінемін. Оған сіздің бірауыз сөзіңіз себеп болды. Июнь айында Сара екеуімізді Абай бөліміне шақырған соң барғанбыз. Қарамолдин деген кісі адресті берген екен. Жармұхамбетов М. деген кісі қарсы алды. Атаны көзі көрген немереден мен, келіннен Қазиза апа екен. Бірақ мен өте жас болдым. Ескі дәстүр бойынша Қазиза апа ол кісіге көрінбейтін. Қазиза апаны көрсетуді өтінді. Ол кісінің көзі көрмейді, құлағы жөнді естімейді. Өте сергек адам. Мені шын қуанышпен қарсы алды. Әрине бұл жағдай біз үшін өте қуаныш қой. Бірақ білеріміз шамалы болған соң, Қарауылға барып келгеннен кейін кездесуді дұрыс көрдік. Мен денсаулығыма байланысты жаз кезінде Алматыда тұра алмай, Талдықорғанға кетіп қалдым. Шәкәрім және Ахат аға туралы естелікті айтуға тиіспіз. Мен Атамызды (үш рет) көрген жағдайым, Ахат ағаның әліппе әкеліп бергені, өзімнің шешем туралы айтатын шығармын. «Қазиза апа» деген тақырыпқа біраз жазып қойдым. Атамыздың үйіне барып қонғанда, шидің ішіне тығылып отырып көрген екен. Соған байланысты өз шешемнің де атасына көрінбейтіндігі туралы жаздым. Ниязбек аға туралы да айтуым керек.

Алғашқы кезде «Қазақ әдебиетіне» мақала жазбақшы едім. Енді одан да бас тарттым. Көз бұлдырлайды. Қол дірілдейді.

Өтірікті жазуға икемім жоқ еді. Тек шындық айтуым керек екенін түсінемін. Бірақ өз білгенімді толықтыру үшін, туыстарымызбен қатынас жасаған ел аузынан жинастыруға тура келеді.

Өз өмірім туралы жазғанымды толықтыру.

1) 1932 жылы шешем Мәкей таныстарымен еріп Сибирьге кетті деп жазған едім. Мәкей детдомға берілген

балалар үйінде күзетші болып, Ауылнайда (Красно Ауыл) біраз болып, шыдай алмай береулермен еріп Сибирьге кетіпті. Бұл жағдайды шешем өлгеннен кейін Красно ауылдағы бір әйел өзіме айтты, бірақ аты-жөні есімде жоқ. Біз семьямызбен 64–70 жылға дейін сонда тұрдық. Жолдасым Ғабдуллин Жаппархан «парализовать» етіп, жұмысқа жарамай қалғаннан кейін үйренген жерге Алматы жаққа көштік, ол кісі жеті жыл ауырып, 75-ші жылы қайтыс болды.

2) Өзімді 37-жылы партшколдан жұмыстан шығарғаны туралы жазған едім. Осы жағдайды дәлелдеу үшін қосымша айтайын. Сол партшколда оқитын татардың қызы маған облисполкомға барсам (ұмытпасам) Орджонокидзенің өлген күні екен. Залда қарамен шеттелген суреті тұр. Барған отделдің бастығы парткомға телефон соқты. Партшколдың секретары қазақ еді. Сол уақыттағы қиыншылыққа байланысты ол кісі де өз басының амандығын ойлаған шығар. Мен жұмыстан шығып кеттім. Өз бетіммен тіршілік етіп, шешеме көмек көрсетпекші болған алғашқы қадамым сәтсіз болды. Сол уақыттан бастап өз еркіммен тіршілікпен қоштаспақшы болып, қатты ренжіген уақытта бір-ақ ауыз өлең жазатын едім:

Жаным менің сонша неге жаралы,
Адамдаймын жақыны өлген қаралы.
Өкінішті болса дағы айтайын,
Жақсылық жамандықты жеңе алмады.

(Бұл кейінірек жазылған).

Бір баламның басына қиыншылық түскенде жазғаным:

Анаң едім жарыққа көзіңді ашқан,
Жасыңнан қуат көріп бағып-қаққан.
Шұғыл шешім жарамас бұл жағдайда,
Ең алдымен, құлыным, содан сақтан.

Кешіріңіз, тек сізге ғана жазып отырмын. Өмірімнің қиыншылықпен өткенін дәлелдеу үшін.

3) Жалғыз қалып Семейде училищеде оқып жүрген кезде, базарда аш қазақтар қолымнан нанымды тартып алғанын жазған едім. Базарға нан сату себебін айтайын. Шамасы 32-жылдың аяғы шығар. Кейде асханада бірнеше күн нан болмайды. Ондай жағдайда жатақханада шемішке шағып, асханадан капустадан жасалған нашар көже ішеміз. Кейбір балалар көжені еденге төгіп кететіні есімде, шемішкеге ақша таппақшы болып базарға нанымды сатуға барған едім. Сол менің қолымнан нанды жұлып алып жеген адам, нан бойына куат беріп тірі қалды ма екен деп есіме түседі. Біз училищеден шыққан соң асханаға жеткенше жүгіретін едік. Әлде аштықтан немесе тоңғандықтан ба? Ол уақытта «арты кім?» деген сөз жоқ. Ұзын очереттің артында тұрған адамды (сүрініп-жығылып барып) белінен құшақтап тұрамыз.

35-жылдарда ес жиналып, жатақханаға қыздар мені қараңғы үйде қалдырып өздері киноға баратын болды. Себебі мен бәрінен жаспын және жақыным жоқ, киген киімім де нашар. Бір күні есіктің тұтқасын төсекке байлап, бар төсекті бірін-біріне ормалмен байладым. Өтірік өлдім. Балаларды ертіп келіп есікті жұлып алғанда, барлық төсек дүр еткенде, бәрі қорқып қашты. Күзетші әйел менің өлмегенімді білді, тез жатып қалуға бұйырды. Сол бес жылда не киім кигенімді есіме түсіре алмаймын.

4) Мен әкемнің қарындасы Гүлнар тәтемді жақсы білемін. Ұзын бойлы, қыр мұрын, өнді адам еді. Оқымаса да өте зейінді, зерек адам болған. Әкесі атылғаннан кейін жауап алған ГПУ қызметкерлерінің ішінде руы керей Айтмырза болған екен. У ішіп, жанының қиналғанына шыдап, өте ұстамдылықпен әкесі туралы жаңылмай жауап беріпті. Райханның үйінде өлген алты бала кім екені анықталды. Мәуен әженің мінезі Ботантай сияқты өте шайпау болған екен. Көптеген мәліметтер бар. Айғаншаны, өз шешем Мәкейді, Зағипаны (Суфиянның әйелі) қалай әкелгені туралы кейін жазамын. Үміт

деген жеңгесі барлық қайындарына ат қояды екен. Ахатты— Қосбармақ, Ғафурды – Төрем т.б. керек болса оны да жазамын. Сол сияқты Мәуен әжем де барлық келіндеріне ат қойған.

Кешіріңіз. Сау болыңыз. **Кәмилә.**
30/IX. 1988 ж.



Құрметті Қайым!

Сіздің 26/XI жазған хатыңызды төрт айдан кейін алдым. Талдықорғандағы балалар сақтап қойыпты. Редакция 25 сом жіберіпті. Олардан газет келген жоқ. Өзіңіз жіберген газетті алдым. Көп рахмет! Семейдегі Бәтима жеңгей бір газет әкелген екен Алматыға келгенде. Сапаралин алыпты. Сара менің қолыма тимеді деп өкініп отыр. Әжелерім туралы естелік жазғанымда өзіңізге айтқан едім. Мәуен әже (руы торғай) ерекше мінезді адам болған екен. Мүмкін бұл жағдайлар Ахат ағаның өз өмірі туралы жазғанында бар шығар. Балалар жетті, арман жоқ деп айтылады ғой. Өзім өмір бойы сәтсіздікке ұшырап жүретін адаммын. Сіз Алматыға келіп кетіпсіз. Бақытжанның үйінің қасында бір актер біз Семейге барғанда Ахат ағаның өз өмірі туралы жазбасын оқи алмадық. Музейден Жұртбаев алып кетіпті. Көп жағдайларды ол кісі ашып жаза алмаған шығар. Сағила туралы, өлген екі баласы туралы жазбаған болса, мен де жазуға тиіс емеспін. Өз өмірім туралы жазғанда Баязитті қолынан көмген Талғатбек екені жазылмады. Әкем Ғафур Исабай деген кедейдің балаларына өз жерінен жер бөліп берген екен. Әлі сізге айтатын бірсыпыра анықтамалар бар. Мүмкін күзде өзім барып қалармын. Зиятты Дүдіридің 37 ж. ұсталған баласы Бәғдаулет болған жерде Сібірге апарған екен. Ол туралы Жәлештің қызы Макшупаға хат келген.

Шәкәрімнің бірінші әйелі Мәуеннің мінезі туралы айтарлықтай естеліктер айтылды. Гүлнардан әкесі туралы жауап алғанда, сол кезде Кепеуде істеген руы керей Айтмырза болыпты. Біздің әжеміз Айғаншаны құда түспей өзімен келісіп, руы сақ Әйнекбай ұрлап алып келген екен. Менің шешем Мәкейді әкелуге барғанда, Батырбай қолға түсіп қалыпты. Сол сияқты Суфияның әйелі Зағипаны әкелуі де өзгеше. Бұл жағдайлар біздің тұқымда сол уақыттағы дәстүрге қайшы келетін бір қасиет болған сияқты. Мүмкін Ахат аға жазған шығар. Шәке. Мұртаза, Шәкәрім, Әмір, Ырғызбайдан тараған ұрпақтар туралы жазып Төкенге бергенбіз. Өзінің сұрауы бойынша Капезге де жібердім. Суфияның Шәмел деген баласының аты аталмаған. Әйелі – Зүлиха дейді. Енді фотоларын жіберуді өтінген. Академия да сұраған еді. Семейден қайтқаннан кейін барғанымыз жоқ. Жазда Алматының ауасы маған өте қолайсыз. Туыстардан үлгілі семья ретінде Медеухан аға туралы жаздым. Өзіңіз білесіз. Қатесі болса кешіріңіз. Әлі де жинастыруға тиіспін. «Семей таңына» берген мақалаңыз шықса, сол газетті және Қапыр (Ғафур) туралы жазылған газетті жіберуді өтініп хат жаздым. Әрине сіздерде бар ғой. Дегенмен «Семей таңындағы» суреті ашық емес екен. Сондықтан менде сақталған мына суретті жібердім. Академияда кейіннен түсіріп алған еді. Денсаулығыңызға тілектеспіз.

Қапырқызы **Кәмилә** г.Талды-Курган,
5 микрорайон, дом 14. кв. 39. Калабаев или Габдулина.
Тел: 5-45-62 Кәмилә



Құрметті Қайым,

Мен сізге 31-жылы Семейде Шәкенің қызы Райханның үйіне шешем екеуіміз барғанымызды жазған

едім. Сол үйде аз уақыттың ішінде алты бала қайтыс болғанын айтқан едім. Енді солардың кімдердің балалары екенін айтайын.

Екі бала Сағиланың баласы (Ахат ағаның бірінші әйелі).

Екі бала Райханның баласы (Жәмшірбайдың).

Бір бала Қазизаның баласы (Медеуханның. Медеухан Ботантайдан туған Ырзықбайдың баласы).

Бір бала Мүкіштікі (Мүслима – Шәкенің қызы) сол кезде күйеуі Қабыш Қытайға кеткен екен. Қайта келіп осы үйден Мүкішті алып кетіпті. (Ноғай) Қабыштың бірінші әйелі Шәкерімнің қызы Жәкібала.

Құдайбердіден тараған ұрпақтардың тізімін, фотосын беруді алғаш рет сұраған Матаев Қапез еді. Сондықтан Қарауылға да жібердім. Әйелдерінің атын, руын жаздым. Семейге берген тізіммен танысқан шығарсыз. Мұртазадан, Қибадолладан, Төлеуханнан, Қабыштан ұрпақ жоқ. Сүфиянның Талғатбек деген баласынан Берік дейтін немересі бар. Алматыда Сүфиянның Мәймінә (қайтыс болған) дейтін қызынан туған жиені Мәмәсидікіне академиядан біреулер барыпты. Ешнәрсе айта алмадым дейді. Сүфиянда Талғатбек, Шәмел (әйелі Кәрімқұлдың қызы) деген екі бала болған. Екеуі екі шешеден деп телефонмен сөйлесіп едім. Жиен қыз бен маған де еш нәрсе айта алмады. Зияттың баласы Мереке Қожақапанға барып жолығыпты. Екеуінің қолында да Шәкерімнің қолжазбасы жоқ екен. Мереке академияға барып сөйлесіпті. Ахат ағаның қызы Сараға да біреулер барған көрінеді. Ол кезде мен Алматыда емес едім. Жастар мені ертіп барғанды ұнатады. Менің де білерім шамалы. Сіз ғана мені түсінесіз ғой. Академияда механика-математика бөлімінде Ғабдуллин Бақытжан деген балам істейді. Семейдің газетінен сенің мамаңның мақаласын оқыдым, бізге келсін, әңгімелессін, өткен өмірімен танысайық деген сияқты. Өзім дохторға қаралып, тістерімді қаратып жүрмін. Алматының ауасы өте қиын. Егер баратындай жағдай

болса, Атамызды жас кезімде көргенім, әкем түрмеде отырғанда Қабыш ағаның, Ахат ағаның, Атамыздың үйге келгені туралы естелік жазып жүрмін, сол туралы айтармын. Тағы бір айтарлық жағдай Қабыш аға семьясына ере алмай жолда қалғанда, қасында Қапият деген қызы болған екен. Қапият менімен жасты еді. Ахат ағаға барлық жағдайды айтқан Қапият екен. Қапият Семейде детдомға берілді, хабар жоқ. Қабыштың әйелі Мәшім Семейде көп аялдамай жас баласымен Аягөзге кеткен екен. Қайда өлгенін әзірше анықтай алмай жүрмін. Атамыздың кітабын күтіп отырмын. Әжелеріміз туралы жазған аздаған естелік кейінгі кітап жазу үшін керек болар. Атамызды көрген ұрпақтардан қалған мен ғана екенмін. Келіндерінен Қазиза апа (Ырзықбайдың келіні). Жасы тоқсанға таяды. Құлағы естімейді. Қазиза апа және семьясы туралы мақала жазған едім. Әлі ешқайда апарғаным жоқ. Денсаулық онша болмаған соң, бәрін кейінге қалдырдық. Алматының ауасы маған өте ауыр. Қарауылға барған Қазақфильмнің аппараттары бұзылып қалып, біздің адресімізді алған еді, олардан ешкім келмеді. Өзіңіз жазып жүрген документальный фильмге қосатын шығар.

Кешіріңіз, **Кәмила**



Құрметті Қайым ағай, кешіріңіз.

Мен сізден көп үлкен емес шығармын. Көз бұлдырап, қол дірілдейді. 60 жыл өткеннен кейін ұмытылған әкемнің атын сізден естуім бойыма қуат берді. Тек қатты ренжіген кезде түнде оянып, бір ауыз өлең жазып едім. Кейінгі өмірім де көптеген қиыншылықпен өтті. Оқуға, жазуға еш жағдай болмады. Берілген анықтамаларда қателік болуы да мүмкін. Кейін анықталса хабарласуға

міндеттімін. Мысалы кейбір жазбаларда Шәкәрімнің қызы Күлзия, басқа жерде Кәмпит деген қызы ерте қайтыс болған делінген. Күлзия руы Есболат, Оразбай қажының немересі Қасымжанның қызы. Зияттың елде алған әйелі. Кейін басқа біреуге шыққан дейді.

Біз Семейге барғанда Ахат ағаның өз өмірі туралы жазбасын оқи алмадық. Музейден Жұртбаев алып кетіпті. Көп жағдайларды ол кісі ашып жаза алмаған шығар. Сағила туралы, өлген екі баласы туралы жазбаған болса, мен де жазуға тиіс емеспін. Өз өмірім туралы жазғанда Баязитті қолынан көмген Талғатбек екені жазылмады. Әкем Ғафур Исабай деген кедейдің балаларына өз жерінен жер бөліп берген екен. Әлі сізге айтатын бірсыпыра анықтамалар бар. Мүмкін күзде өзім барып қалармын. Зиятты Дүдіридің 37 жылы ұсталған баласы Бәғдаулет болған жерде Сібірге апарған екен. Ол туралы Жәлештің қызы Макшупаға хат келген.

Шәкәрімнің бірінші әйелі Мәуеннің мінезі туралы айтарлықтай естеліктер айтылды. Гүлнардан әкесі туралы жауап алғанда, сол кезде Кепеуде істеген руы керей Айтмырза болыпты. Біздің әжеміз Айғаншаны құда түспей өзімен келісіп, руы сақ Әйнекбай ұрлап алып келген екен. Менің шешем Мәкейді әкелуге барғанда, Батырбай қолға түсіп қалыпты. Сол сияқты Суфияның әйелі Зағипаны әкелуі де өзгеше. Бұл жағдайлар біздің тұқымда сол уақыттағы дәстүрге қайшы келетін бір қасиет болған сияқты. Мүмкін Ахат аға жазған шығар. Шәке. Мұртаза, Шәкәрім, Әмір, Ырғызбайдан тараған ұрпақтар туралы жазып Төкенге бергенбіз. Өзінің сұрауы бойынша Капезге де жібердім. Суфияның Шәмел деген баласының аты аталмаған. Әйелі – Зүлиха дейді. Енді фотоларын жіберуді өтінген. Академияда сұраған еді. Семейден қайтқаннан кейін барғанымыз жоқ. Жазда Алматының ауасы маған өте қолайсыз. Туыстардан үлгілі семья ретінде Медеухан аға туралы жаздым. Өзіңіз білесіз. Қатесі болса кешіріңіз. Әлі де жинастыруға тиіспін. «Семей таңына» берген

мақалаңыз шықса, сол газетті және Қапыр (Ғафур) туралы жазылған газетті жіберуді өтініп хат жаздым. Әрине сіздерде бар ғой. Дегенмен «Семей таңындағы» суреті ашық емес екен. Сондықтан менде сақталған мына суретті жібердім. Академия да кейіннен түсіріп алған еді. Денсаулығыңызға тілектеспіз.

Қапырқызы **Кәмилә**. г.Талды-Курган.
5 микрорайон, дом 14 кв. 39. Калабаев или Габдулина.
Тел: 5-45-62. Кәмилә.



Құрметті Қайым, денсаулығыңыз қалай?!

Көптен хабарласа алмадым. Мен өмір бойы кездесок кедергіге ұшырап жүретін адаммын. Өткен қыста қызым ауыр операцияға ұшырап, Павлодарда болғанымды айтқан едім. Жазда Алматыда болдым. Көзім ауырып операцияға бармадым «катаракт» дейді. Нағиманың, Ләбибаның шешелерінің фотоларын дайындап қойып едім, өздеріңізді түсірген режиссер Абе-нов келмеді. Гүлнардың балаларын түсіріп, фотоларын алыпты. Сізге бұл хатты жазу себебім, сіздерге берген тізімде Ботантайдан туған Әмірде бала жоқ делінген сияқты. Әмірдің бірінші әйелі Айтжаннан Күлбас деген қыз болыпты (Күлеке деп атайды екен). Күлбас сыбанға бір бай жерге ұзатылған. Қазиза апа (Медеуханның әйелі) құдаларына барғанын есіне жақсы сақтаған.

Мен Құдайбердіден тараған ұрпақтарының өлгендерінің өмірі қалай аяқталған, қай жерде екені туралы жаздым. Немере-шөберелерінің қазір қайда тұратындарын жаздым. Әмір өлгеннен кейін Айтжанды Ырғызбай алған екен. Ырғызбайдың екінші әйелі Сәкішті жеңгедей Дүдіри алыпты. Дүдіри ұсталғаннан кейін Сәкіш Қырғызда баласымен бірге болған. Осы тізімді керек десеңіз сізге жіберейін. «Семей таңынан»

кеш те болса менің Павлодардағы балама бір газет жіберіпті. Сізге көп рахмет! Өзіңіз көрдіңіз, Гүлнардың баласы әр жерге барып жүр. Әр жерге шақырушылар бар.

Қазиза апа менсіз ешқайда бармайды. Көзі көрмейді, құлағы жөнді естімейді. Үнемі бұлдану да дұрыс емес екен. Осы апамыз, өзім туралы журналға мақала жаздым. Оның ешқандай бөгеті жоқ сияқты. Өзім Алматыға таяу бұрынғы жұмыс істеген жерімде тұрамын. Ауылдық жерде қыста қиыншылық. Көбінесе Т-Қорғанда боламын. Мен соғыстың алдында Жәлештің үйінде тұрғанмын. Медеухан ағаның семьясымен де жақын болып араласып тұрдық. Шәке тұқымының да соңғы жылдарда қиыншылыққа ұшырау себебі тікелей Атамыздың атылуына байланысты болған сияқты.

Сіздің «Қазақ әдебиетіне» берген мақалаңызды оқыдым. Мақаланың тақырыбын өзін көргенде адам тез оқуға ынталанады екен. Көп жазғаным үшін кешіріңіз. Денсаулығыңызға тілектеспін.

Кәмилә.

Алматыдағы баланың адресі.

480046 Сатпаева 96, кв. 60. Дом тел: 43-84-26.

Сл. 61-18-90. Ғабдулин Бақытжан (Башат).

Академияда механика-математика бөлімінде істейді.

Жандильдиннің де мақаласын оқыдым. Қарасартовтың балаларынан кешірім сұраған сияқты. Шәкәрімді көзі көрген ұрпақтары түгел дерлік қайғы-қасіретпен кетті. Бізден кім кешірім сұрайды деген ой алқымға келіп мазалайды.



Құрметті Қайым Мұхамедханович!

Атамыздың кітабы қолыма тиіп, бірден қуаныш, екіншіден өткен еске түсіп айтуға сөз таппай отырмын.

Сіздер Атамның еңбегі бір оралатынына сендіңіздер ғой, еңбегіңіз жалғаса берсін. Көзі көрген, ұрпақтан қалған жалғыз мен екенмін. Ахат ағамның көре алмай кеткені үлкен өкініш. Атамызды көзі көрген ұрпақтарының бәрі қайғы-қасіретпен кеткен. Неге деген сұраққа жауап таппаймын. Павлодар қаласынан жазып отырмын, қызым операцияға ұшырап соған келген едім. Өз қонысым Талды-Қорған облысы, ауылды жерде. Қыста тұру қиын.

Болмаған соң тұрақты өз баспанам, – деп бір кезде жазған едім.

Мартта Алматыға баратын шығармын. «Білім және еңбек» журналынан іздеген екен. Таяуда Алматыда өткен кездесуде мен бола алмадым. Алматыдағы балам Академияда мехмат бөлімінде, қатынасып хабарлады. Абай бөліміне де бармадым. Денсаулық жараса, баратын шығармын. Енді сізден сұрайтыным өз өмірім бастан кешкен жағдайлар туралы журналға «Білім және еңбекке» беруге бола ма, жоқ па, сол жағдайды сұраушылар табылып жатыр.

Ахаттың өз өмірі туралы жазғанын оқи алмадым. Атамыздың Әупішке арнап жазған өлеңін оқыдым. Сол Әупіш Шыңғыстың тауында келе жатқанда, біреу өлтіріп, түйесін алып кетіпті деп естідім. Оны анықтау керек.

Менің әкемді кірістірген өлеңдері кейін басылатын шығар. Олардың өз әні бар.

1930 февральдың бір жетісі,
Жүрекке салды-ау от сөнбей,
Қарағым момыным Ғафур,
Әкең болып бүгін фақыр,
Қоя алмады-ау бір күңіренбей.

(Қоңыр үнімен айтылады)

Кешіріңіз, уақытыңызды алғаным үшін. Денсаулығыңыз зор болсын!

Ғафурқызы Кәмиля.

08.02.1989 ж.



Есен-саусыз ба, қадірлі Қайым аға!

Соңғы хатыңызды алғанымға бірталай уақыт болса да, жауапты кеш жазып отырмын, айыпқа бұйырмаңыз. Нәби ақсақал науқастанып қалып, аударып жатқан мақаласының аяғын кеше ғана бітіріп берді.

Дәптерге қалай жазу керектігі жөнінде кеңес беруді ұмытып кеткен екенмін, қағаздың шетінен тым жақын бастап жазыпты. Ол кемшілік менен болды.

Бітіргенін немересінен беріп жіберген екен, ол жолда қолынан түсіріп алып, батпаққа былғап әкеліпті. Сондықтан Сізге жеке-жеке парақ ретінде жіберіп отырмын. Бұл жағына тағы айыптымын.

Ақсақалдың тексті аударуы жаман емес қой деймін. Жазуы да маған ұнады. Тек хатқа түсіру жағы онша болмады.

Бұл аударылған дүние – «Хамсаның» өзіңіз көрсетіп берген 254–259 беттері.

Енді қай беттерінде қандай мақала керектігін өзіңіз жазып жіберіңіз.

Сау болыңыз. Тәтеме сәлем айтыңыз.

Сәлеммен ініңіз **Мұрат Төлеуов.**

1.04.1987 жыл. Қарақол.



Сәлеметсіз бе, қадірлі Қайым аға!

Үй-ішіңіз тегіс аман ба? Мақалаларыңыздың бәрін оқып жатырмын. Әсіресе 28 сентябрьде шыққан «Семей таңы» Мұхаң өмірінің қилы кезеңдері туралы мақалаңыз тамаша екен, жалғасын тағы жазатын боларсыз. Расында біз кей-кейде біреулерден естігеніміз болмаса, ондай адамдардың өміріндегі көп жайларды білмейміз ғой.

Біз тегіс аманбыз. Шынар баламыз жатақханасын алыпты. Оқуын оқып жатыр. Үлкен баламыз демалысқа келген, қазір үйде. Жаңасемейде Кенжебаев Талғат деген жігіттің шешесінің үйінде пәтерде тұрады. Жұмыс істейді, әрі технологиялық институттың кешкі бөлімінде оқиды.

Бала күнгі дәптерімнен бес шумақ өлең тауып алдым. Тегі, Атамнан жазып алсам керек. Аяғында «Оян, қазақ» деп жазылып тұр – Міржақыптың өлеңі болар деймін. Сіз, әрине, оны айырасыз ғой, сондықтан жазып жіберуді ұйғардым.

Бозбала, өнер-білім үйренбедің,
Ел кезіп өсек айтып сүйреңдедің.
Әрқайсың хал-қадарша талаптансаң,
Нақақтан мен сендерге бүй дер ме едім?

Бояумен сырладыңдар сырттарыңды,
Керіліп сипадыңдар мұрттарыңды.
Қарасам ішінді ашып, дәнеңе жоқ
Не дейді надан демей жұрт бәріңді.

Болғаның малға кедей жетілерсің,
Ғылымнан бас қалғанға өкінерсің.
Әзірге құлағыңа кірмесе де,
Түбінде ғылым жайын бір білесің.

Атаңа дәулет бітсе бұлғақтадың,
Ретсіз сөзді сөйлеп ыржақтадың.
Мәз болып «Мырза» деген қошеметке,
Буынып мықыныңнан ырғақтадың.

Гибрат жаздым жасқа еткен талап,
Жаныңнан ұран салып өттім жанап.
Желіктеп, жүйрік болсаң тұра алмассың,
Бәйгедей кермедегі тұрған жарап.

Ал, сау болыңыз, Аға. Есендікпен көріселік. Тәтеме сәлем айтыңыз.

Мұрат Төлеуов.
30 сентябрь, 1989 ж.



Дорогой товарищ Карпов В.В.

На Ваше имя 11 июля 1987 г. отправлен материал в объёме 20 страниц машинописи с приложением копии одного документа и двух фотокарточек об известной и довольно крупной личности в истории Казахстана и казахской литературы, о поэте-классике, павшем в 30-ые годы безвечной жертвой.

Мною было получено уведомление от 15 июля 1987 г. о том, что данная корреспонденция доставлена по месту назначения, т.е. СП СССР.

К сожалению, до сих пор никакого ответа я не получил. Меня беспокоит дальнейшая судьба этого годами выношенного материала, к коему Ваше личное отношение и мнение предельно интересуют и в данном случае важно.

Если это моё письмо не дошло до ваших рук, я бы очень просил Вас через сотрудников разыскать его и ознакомиться с содержанием.

Быне, когда наступило долгожданное время гласности и демократии, меня несколько беспокоит такое долгое молчание и неизвестность. Конечно, я осознаю Вашу предельную загруженность и недостаток времени.

Однако меня больше тревожит мысль о том, как бы моё письмо не задержалось где-нибудь по инстанциям.

Прошу Вашего внимания!

С уважением *Мухамедханов*

Каим Мухамедханов
член СП СССР с 1940 г.

г. Семипалатинск.

31 января 1988 г.

*21 февраля кнзи Карпову, Издательского центра (СП СССР)
также Каимине Мухамедханову.
22/2*



Получено
17 мая 1988 г.
Копия

Виталий Алексеевич Коройич



ЕЖЕНЕДЕЛЬНЫЙ ОБЩЕСТВЕННО-
ПОЛИТИЧЕСКИЙ И ЛИТЕРАТУР-
НО-ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ЖУРНАЛ

ИЗДАТЕЛЬСТВО ЦК КПСС «ПРАВДА»

Москва, А-15, Бумажный пр., 14.

Тел. 212-23-27

15214

"29" апреля 1988 г.

Уважаемый тов. Мухамедханов!

Ознакомились с Вашей статьей. К сожалению, статью, содержащую множество интереснейших фактов, в данном виде напечатать у нас в журнале трудновато. Однако подумаем над возможностью с Вашей помощью использовать эту тему. Вот "Литгазета" опубликовала небольшую заметку - Вы, наверное, заметили - "Возвращение поэта". Нарушен "заговор молчания"...

Всего Вам доброго.

Зам. редактора отдела литературы

О. Хлебников



Кәке!

Сәлеметсіз бе?

Жана жыл құтты болсын!

Мен сізді осы жақтан іздеп едім. Балалар Семейде деді. Сәлем соңында менің сізден өтінерім, мүмкін болса Көкбайдың еңбектерінен (оқу-ағарту мәселесіне байланысты) өмірбаянымен қосып 5–6 беттік материал жіберсеңіз. Қазақ педагогикасының Антропологиясына кіргізсек деген ой бар. Материалдарды мүмкін болса 1-февральдан қалдырмай жіберсеңіз жақсы болар еді.

Сәлеммен **Калиев**,
Біздің адрес: г.Алматы
480100 ул, Джамбула 25, НИИ педнаук
Зам. директора Калиеву С. К.



Құрметті Қайым аға!

Сіздің «Қазақ әдебиетіне» әрдайым шығып тұратын мақалаларыңызды оқып тұрамын. Олар, әрине қызық та. Мінеки газеттің 9 март күніндегі санында «Мұхтар семинарист» деген мақалаңызды оқып шықтым.

Онда Нұрмұхаметов Қазы келтіріліпті. Шешемнің әкесінің аты Нұрмұхамет, Қажы (Қазы) деген ағасы болыпты. Ол да жас кезінде Семейде оқу оқыпты.

Жанынан өлең шығаратын. Кітап та болып шығып еді, – дейді шешем. Шешемнің жасы жетпіс сегізде, хат танымайды. Кітаптары сақталды ма десем, інісі Барактікінде болатын, қолжазбасы да бар-тұғын. Кәмпескеден кейін қайтыс болған, – дейді.

Мүмкін сіздің айтып отырғаныңыз сол кісі болып қалар ма екен? Туған жері Жанасемей ауданы, Қызыл-Құйған ауылы. Ол Баженовқадан әрі Ертіс бойында, 30 шақырым жер. «Қызыл-Құйған» деп бертін аталған

дейді шешем. Бұрын Ноғай ауылы (жоғары ауыл), Жарылғап ауылы (төменгі ауыл) деп аталған екен. Оның туған жері ноғай ауылы. Қызыл су өзенінің Ертіске құйған жері.

Қайым аға! Осы Нұрмұхаметов Қазы (мүмкін Қажі) туралы не мағлұмат бересіз? Сол туралы жауап жазып жіберсеңіз!

Ал енді сол кітабын қайдан іздестіруге болады екен? Нұрмұхаметтің әкесі Тәуке. Мүмкін ол туралы да естіген шығарсыз. Сол жердегі ел арасына жүректілігімен атағы шыққан адам.

Сәлеммен **Шаймардан Қалиақбаров**,
подполковник. Алматы. 10 март 1984 ж.



Қадірлі Олжас!

Есен-амандығынды естіп, біліп жатырмыз. Жақында Москвадан Роллан келіп, бір-екі күн болып кетті.

1986 жылы, ноябрь айында, «Қазақ әдебиеті» газеті Шәкәрім ақын Құдайбердіұлы туралы тез арада мақала жазып жіберуімді сұраған еді. Газеттің тапсырмасын орындап (07.12.1986), жазылған мақаланы (көлемі машинкаға басылған 42 бет), Шәкәрімнің фото суретін, СССР прокуратурасының ақынды ақталған шешімінің көшірмесін қосып, Шерханның өз қолына тапсырған едім. Мақаланың осы күнге дейін жарық көре алмай жатуының себебін өзің жақсы білесің.

Өз бетімен мақаланы жариялап жіберуге Шерхан, әрине жасқанды. Өзімен телефон арқылы сөйлескенмін, Олжаспен ақылдасып көрерсің дегенмін. Шерхан өзіңе айтқан болар.

Басы ашық тұрған мәселені қасақана шиеленістіріп жүрген кер кеткен кеселділер ғой.

Мен енді Шәкәрім туралы Колбинның өзіне және Карповқа жазуды мақұл көрдім. Семейде серігім, ақылдасатын адамым жоқ. Өз шама-шарқымша жазған болдым. Колбинге жазғанымды, помощнигі арқылы тапсыру үшін, Жәнібекке жібердім. Бір данасын Жәнібек өзіңе апарып берер. Не жазғанымды сенің біліп отырғаның дұрыс болатын шығар дедім. Бәрі де өзіңе белгілі мәселе ғой.

Құр бос сөзбен басыңды қатырғым келмейді.

Ағалық, достық көңілмен –

Қ. Мұхамедханов.

Семей 11 июль 1987 жыл.

P.S. Шәкәрім туралы СССР прокуратурасының шешімінің көшірмесін және ақын атаңның екі фото суретін жібердім. Мүмкіндігің болса, хат жазарсың.



Уважаемый Каюм-ага!

Как Вы поживаете? Из газетных статей я читаю о подготовке к 140-летию Абая. Вы пишете много об Абае, где Вы даете научные поправки о неточностях и ошибках других авторов в установлении стиля и принадлежности произведений Абая. Я прочел все Ваши статьи, и сам полностью Вас поддерживаю. Я тоже написал статью и выслал экземпляр газеты в редакцию «Семей таңы».

Каюм-ага, было бы очень хорошо, если бы Вы приехали сюда. Я с огромным удовольствием показал бы Вам места, связанные с Естаем – Жуга, Акколди. Вы бы прочитали 4-5 лекций о нем. Нам очень полезна была бы встреча с Вами. Мы богаты общением с Вами.

Ханафия Аскаров.

Павлодар, 25 июня 1985г.



Қайратты інім Қайымға!

«Сен Қайымға аға бол, жақсы дос бол, бұл да сенің жарамды серігің болады», – деген Мұқаң (М. Ауэзов) екеуімізді бірінші таныстырғанда.

Қандай жас едік сонда біз, қанша жыл өтті содан бері.

Біз қартайғанша сөз майданында тынымсыз бірге еңбектеніп, көркем сөз ғылымы жүгін де әлімізше қатар көтерісіп келеміз.

Мұханды қандай түсінсек, өзарада сондай айқын түсіністік.

Міне, енді қайратты Қайымды да жетпіске жеткізіп отырмыз.

Көп жанрда қатар және жемісті еңбектенген дос, қазір атақты әдебиетшілеріміздің біріне айналды.

Мен Мұхамедханов Қайыммен достығымды мақтан тұтынамын.

Әбділда Тәжібаев.
январь, 1986 ж.



Здравствуйте, ҚАЙЫМ АҒА!

Прежде всего Вас и вашу супругу от души поздравляю с праздником Великого Октября!

Аксакал, Вас беспокоит Сафтер Нагаев, с которым Вы познакомились в Пицунде. Как ваше здоровье, здоровье вашей супруги? Как долетели?

В ваших краях, наверное, уже зима? У нас ещё тепло, сбор хлопка в разгаре.

Аксакал! Мы с Вами вели разговор о нашем учёном и полиграфисте Ильясе Бораганском, я пересмотрел

всё, что о нём известно нам. Все мы благодарны Вам, так как более подробнее, чем Вы - никто не писал о нём. Ваша статья напечатана в нашей газете 21 октября 1971 года. Известный татарский исследователь А. Каримуллин в своей книге «Татарская книга», (Казань, 1974 г.) ссылаясь на Вашу статью, напечатанную в газете «Казакъ эдебияты» 2 июня 1971 года, приводит сведения о И.М.Бораганском.

Я всё же решил написать о Вас очерк, как о большом друге нашей культуры, близком товарище известных деятелей крымско-татарского народа таких, как Асан Ислямов, Амет Усни Пенерджи и Эмир Файк. Для этого, надеюсь на Вашу помощь, т.е. некоторые данные. Если Вас не затруднит, прошу выслать мне материалы и ответы на мои вопросы:

1. Нельзя ли получить экземпляр газеты «Казакъ эдебияты» от 2 июня 1971 года? (Если оригинал не найдётся, то можно фотокопию статьи).

2. Копию письма академика А.Н.Кононова к Вам от 11 октября 1966 года?

3. Копию статьи газеты «Казак тили» от 28 октября 1922 года.

4. Копию письма о Бораганском в журнале «Янги ёл» от 4 ноября 1923 года. «Матбугат дюньясында 50 еллик хезмет».

5. Копию письма Сайфи Кудаша к Вам.

6. Фото И. М. Бораганского.

7. Точный адрес его племянника, профессора Галиеева, который проживает в Семипалатинске.

8. Нет ли у Вас фото А. Ислямова, отдельно, а также совместного фото?

9. Нам не известен год смерти И. М. Бораганского. Не сможете ли Вы нам в этом помочь?

10. Вышлите своё фото. Если есть у Вас совместное фото с нашими земляками, а также с М. Ауэзовым, было бы ещё лучше.

Вообще нас интересует всё то, что относится к жизни И. М. Бораганского.

Мне кажется, лучше через ваши связи с нашими людьми А.Ислямовым, А.У.Пенерджи, Э.Фаиком и их связи с М.Ауэзовым, с О.Сулейменовым показать благородные дела И. М. Бораганского, который в начале века построил мост дружбы и сотрудничества культур тюркоязычных народов.

Если Вас затруднит снять копии документов, писем можете ли выслать мне оригиналы, я их в сохранности после снятия отошлю Вам обратно.

Думаю, Вы будете согласны. Вы прожили славную жизнь и показали хороший пример исследования творчества и дружбы выдающегося поэта казахского народа Абая, примеры сотрудничества тюркоязычных народов нашей страны.

С наилучшими пожеланиями к Вам и членам вашей семьи.

Сафгер Нагаев.

«Ленин Байрагы» - орган ЦК Компартии, Верховного Совета и Совета Министров Узбекской ССР, 4 ноября, 1986 г.



Қымбатты Кәкең ағай!

Мүшелді тойыңызбен құттықтап, зор денсаулық, творчестволық табыс тілей отырып, төмендегі алты шумақ өлеңімді тойыңызға шашу еттім.

Қабыл алуыңызды өтінем.

Басқаның жетістігінен жөні басқа,
Қуанып келдің ағай жетпіс жасқа.
Қатесін дос көңілмен сіз айттыңыз,
«Тік қасық болғандардың» дайын асқа.

Бас иді өзің ашқан шыншыл сырға,
«Атағы Алатаудай» талай қасқа.
Шыңыраудан сыр тартқан құдіретіңе,
«Білгіштер» таппады лайым табынбасқа.

Елу жыл ұрпағыңа енші бердің,
Келмеді басқанікін еншілегің.
Ғасырлар қатарынан таптың олжа,
Жер қойнауын ақтарған кеншідейін.

Мектебің болды Абайдың айналасы,
«Самородный сары алтын, «сөз сарасы».
Бір өзіндей Мұханды ұстаз тұтып,
Жүлде ала алды қазақтың қай баласы.

Абай десек, Мұханды ойға аламыз,
Мұханды айтсақ, сізді ойлай толғанамыз.
Қарт тарихтың куәсі: Шыңғыс, Көкен,
Бұл күнде өскен өлке болған аңыз.

Мақтанған сізді туған дана халық,
Сырыңа қала қанық, дала қанық.
Көкеннің хан биігі секілденіп,
Қуантып жүре берші, дараланып!

Сізді қуанышты жүректен құрмет етуші –

Сабазов Тұрысбек.

Знаменка селосы. Жаңасемей ауданы. 22. I.1986.



Құрметті Қайым аға!

Сау-саламат боларсыз. Хат жазып, мазалап отырған
Тынысбек Қоңыратбаев деген ініізі.

Өткен жолы Сізге «Қорқыт ата кітабын» жолдаған
едім, алған боларсыз. Одан бергі жерде марқұм әкемнің
«Қазақ эпосы және түркология» атты үлкен еңбегі

жарыққа шықты. «Қазақ әдебиетінде» алғашқы рецензия да басылып үлгерді, оқысаңыз керек.

Сізден өтінерім, мына бір рецензиялық сипаты бар пікірге қол қойып, маған жодасаңыз. Әрине, мұны мен әлде қарап, толықтырып, айтар ойдың ауқымын байыта түсемін. Сол себепті Сіз бөлек бір қағазға пікір жазып, қол қойып берсеңіз жақсы болар еді.

Сонда арғы жағын өңдей түсуге болады. Дұрысы «Жұлдыз» журналы болар деймін. Ханғалы ағайды қоспай-ақ қойсам да болады.

Сізден асыға хат күтемін.

Құрметпен ініңіз **Тынысбек Қоңыратбаев.**
г. Алма-Ата, ул Маршала Жукова, 53-31.
14.09.1987ж.



Қайым құрдас, Қайым дос!

Өзің де, үй ішің де дін аман деп сенемін.

Біз де сондаймыз. Екінші көзіме де операция жасаттым, оны да көретін халге келтірдім. Аяқ-қол буындары ауырғаны болмаса, шүкір, әзір қаламға тыныштық беріп жатқан мен жоқ. «Жедел толғауды» көрген шығарсың. Соны орыс тіліне аударушыларға әлгі жолма-жол дейтуғын жарықтығын даярлап өткіздім. Жаңа жырлар дәптерге түсіп жатыр. Осыдан басқа әңгіменің сені мен маған керегі қанша?!. Қарт қойнында қалам болғанға не жетсін?!.

Қайым-ау! Мынау өлеңді желітіп отырып жаздым да, шалдың өзіне көне бір адреспен жібере салдым. Қолына тиер-тимесін кім білсін. Қайран ағаның тамаша қасиеттеріне еліктім.

Енді ойлап отырсам, осы хат «Семей таңының» алдағы арнаулы бетіне жарап қалатын да секілді. Мақұл

көрсен, редакторға апарып бере сал. Егер жарық көре қалса, бір данасын маған жіберуге ерінбей-ақ қой.

Сәлеммен –**Хамит Ерғалиев.**
29.11.1988 ж.



Құрметті Хаке!
Фая жеңгей!

Сау-сәлеметсіздер ме?

Бізде бір қалыптамыз. Хаке, сізді жазушылар одағында көргеннен соң, мен аурханаға түсіп қалдым. Содан ұзағырақ жатып қалдым. Тегінде, мен жылына үш-төрт рет жатып қалып жүрем. Менің саулығымның жайы сондай. Менен озбаса қалмайтын Мұзафар мен Әзілхан. Олардың да жүректері мықты емес. Ал қазір шүкіршілік, келер күндерді тәңірден тілейміз.

Хаке, Сізге айтар жаңалығым жоқ. Бәрі де өзіңіз көргендей. Академияның сайлауы өтті. Ана газеттен оқисыз, институтымыз ремонтта. Бәрі де бір қалыпта.

Хаке, Сізге хат жазам деген уәдемді орындап отырмын. «Еңлік – Кебек» драмасын поэма негізінде салыстыра тарихи тұрғыдан қарап зерттесем деп едім. Соған байланысты өзіңізбен сөйлескендегі «Бұхар Жырау» билік сөзін хатыңызда жазып жіберуіңізді өтінем. Ол өзіңіз айтқан Тобықтыларды Ерментаудан көшіріп, Қанжығалылардан отырардағы айтқан билігі. Оны әрине Сізден басқа ешкімде білмейді. Материалды Сізден алғанымды атап жазатыныма сеніңіз. Бұл менің аздап інілік өтінішім.

Тездеп хат күтемін.
Сау-сәлеметтіктеріңізге тілектес ініңіз
Есенгелді Жакупов.
21.06.1988ж.



Есен-сау боларсыз, аса қадірлі Қайым Мұхамедханович!

Мен сіздің өтінішіңіз бойынша Шаймарден атаға жолыққан едім. Ең алдымен сізге Шаймерден ата мен Шайзада апаның үлкен сәлемін жолдауды жөн көрдім.

Қайым Мұхамедханович, менің сізге айтқан Шәкәрімнің қолда бар көшірмелерін Семейде тұрған Шаймерден атаның Тұманбай ағасы сақтаған екен. Кезінде Шаймерден атаға, мен қартайдым, енді өзің ал деген екен. Содан Тұманбай ата қайтыс болды (2 жыл болыпты). Ол кісі қайтыс болғаннан кейін бейтаныс біреулер ол үйде қолжазбалардың бар екенін біліп, сол кісінің қызы Зейнептен біраз күнде әкеліп беремін деп, алдап алып кетіп, содан қайтармапты.

Тұманбай атада Шәкәрімнің шежіресі болған дейді, ал қазір оның анық бар-жоғы белгісіз дейді. Бар болған күннің өзінде олар енді ешкімге де бермейді дегенді айтады.

Таяу арада ол кісілерге сол қалған қолжазбаларды салып жіберіндер деп хат жазамыз, егер келсе сізге бірден салып жібереміз дейді.

Енді менің сізге тағы бір қосымша айтқым келетіні Шайзада апа жайлы. Ол кісі Олжайдың үш ұлының бірі Қайдостың үлкен ұлы Бөкеншіден екен.

Ал Абайдың сүйген қызы Тоғжан бұл кісінің немере апайы. Тоғжан Сүйіндіктің тоқалы Ханшаннан туған. Сіз үшін таныс адамдар шығар. Асылбек деген кісі өзінің баласы болмай Қайраннан Әлімжанды сұрап, асырап алады екен. Сонда Шайзада Әлімжанның қызы.

Шайзада апа 1917 жылғы. Ол кісі Қараулда туып-өскен, ол жерден тек 1942 жылы кетіпті. Шайзада апа Шәкәрімнің әйелі Айғаншаны, жалғыз қызы Гульнарды, ұлы Зияттың әйелі Күлжекенді көрген адам.

Шәкәрім қаза болғанда ол кісі он үш жаста екен. Айта берсе әңгімесі шексіз, бұл кісілер көздері көргендіктен көп нәрсенің куәгерлері екендері анық. Егер сіз өзіңіз тілдессеңіз мүмкін әлі сыры ашылмаған көп нәрсеге қанық болар едіңіз.

Мен сізді жазғы сессиядан соң ертіп әкелемін деп уәде еттім. Шаймарден ата екеулеріңіздің пристаньяда спектакль қойғандарыңыз жайлы айтты. Мүмкін жазға дейін бір келерміз, себебі екеуі де қарт адамдар, сырлары іштерінде кете ме деп қорқамын.

Қайым ата, менің әзірше жинаған деректерім осылар, аз да болса жолдағанды жөн көрдім.

Хат жазған **Ақанова Гулмира** деп білерсіз.
27.01.1989 ж.



Қадірлі Қайым аға!

Қазақстанның Орталық музейінің қызметкерлері сізден Абайтану ғылымының бірден-бір білгірі ретінде төмендегі мәселелер жөнінде мәліметтер алғысы келеді.

Біздің музейде Абайдың «Қазақтың тегі туралы біраз сөз» деген қолтаңба қолжазбасы және Тұрағұлдың әкесі жайлы жазған естелігі сақтаулы тұр.

Абайдың қолтаңбасы туралы сөз – ол өз алдына бір мәселе. Біздің сұрайтынымыз – осы қолжазба мен Тұрағұлдың жазған естелігін кім, қай уақытта және кімнен алғаны. Осы мәселелер бізге белгісіз және бұл жайлы деректер біздің музейде жоқ. Аталған деректер жаңағы қолжазба мен естелікті ғылыми паспорттау үшін қажет. Екіншіден, осы қолтаңба, қолжазба Абайдың өз қолынан шыққан дегенге сіздің өз көзқарасыңыз қандай және осы жөнінде Мұхтар Әуезовтің пікірі қандай болған екен. Егер білсеңіз, осылар жайлы

бізге жазуыңызды сұраймыз. Уақытыңызды бөліп, мазалағанымызға кешірім өтінеміз. Бірақ мүмкіндігіңіз келгенше бізге хат жазып, көмек көрсетсеңіз екен.

Сәлеммен – **Қазақстан Орталық музейінің қызметкері Әбдешев Марат**. Алматы. 25.02.1988 ж.



Құрметті аға, тәте аман-саусыздар ма?

Сіздерді Ұлы октябрь социалистік революциясының 71 жылдық данқты мерекесімен құттықтаймын! Алдағы күндері де зор денсаулық, творчестволық мол табыс тілеймін.

Мына әнді Сізге арнап, өзіңізге шәкірттік жүреппен ұсынып отырмын. Артық-кемі болса ғапу етерсіз... Бұл әнді «Қазақ әйелдері» журналына ұсындық. Ол алдағы декабрь айындағы санында жарық көрмек.

Журналға «Ұстаз туралы ән» деген текст бойынша бердік. Негізінде Сізге Семей қаласының «Құрметті азаматы» атағы берілуіне арнап жазған едім.

Рашид Мұсабаевқа дайындап, орындауға бердік. Жақында радиодан беріледі. Оны өзіңізге пленкаға көшіртіп жіберемін.

Сау-сәлемет болыңыздар!
6 ноябрь, 1988 жыл. **Оралбек Жұмадилов**.



Құрметті Қайым Мұхамедханов жолдас!

Алдағы 1989 жылы қазақ совет тіл білімінің негізін қалаушы, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры, ұлттық мәдениет қайраткері Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың 90 жылдық мүшелтойы рес-

публика көлемінде кеңінен аталып өтпекші. Ғалым еңбектері, оның өмірбаянына қатысты материалдар мен естеліктерді мүшелтой қарсаңында жеделдетіп жариялау жөнінде шешім қабылданды. Осы шешімге сай мүшелтой комиссиясы Сізден өмірі ерте үзілген кіршіксіз коммунист, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз туралы есте қалған, көзбен көргендеріңізді тезірек жазып жіберуіңізді өтінеді.

Сіз осы естелігіңіз арқылы жеке басқа табынудың құрбандығына ұшырап, ондаған жылдар бойы есімі мен еңбектері аталмай, халық зердесінен көмескі тарқап, көп дүниесі үшті-күйлі жоғалған ғалымның өмірбаянына қатысты көпшілік біле бермейтін соны деректерде баяндарсыз деп үміттенеміз. Сонымен бірге Сіздің осы естелегіңіз сол бір ауыр жылдардың қыр-сырын жетік білмейтін бүгінгі жас буын мен ұлдарының бірі – Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың жарқын бейнесін жан-жақты танып, тереңірек білуімізге септігін тигізер деген ойдамыз.

Қолжазбаңызды мына адреске жіберуіңізді сұраймыз:

Құрманғазы көшесі, 29-ші үй.
Тіл білімі институты. Мүшелтой комиссиясына.
Қазақ ССР Ғылым академиясы
Тіл білімі институтының директоры,
мүшелтой комиссиясының председателі **Ә. Т. Қайдаров.**



Құрметті Қайым аға!

Жәнібектен хатыңызды алдым. Рахмет!

Өзім де хабарласайын деп отыр едім. Біріншіден, Жүсіпбек Аймауытов туралы материалыңызды (2 дана) баспаға тапсырдым. Өкінішке орай, ол екі-ақ дана етіп басылған екен.

Екіншіден, Сіздің М. Дулатов туралы бізде ба-сылған дүниеңізді де сол кітапқа қосуға бас редактор-

мен келістім (Қ. Сәрсекеевпен). Кітап редакторы да мақұлдап отыр. Ендігі мәселе мынада: сол материалды біздің газетте басылған күйінде баспаға қайта бастырайын ба? Әлде өзіңіз толықтырған нұсқасын жібересіз бе? Егер толықтырамын, жөндеймін десеніз, әлі де бір айдай уақыт бар.

Ә. Бөкейхановты тез жіберіңіз біздің газетке. Дайындап ұсынайын. С.Ғаббасовты алдым. Алдағы аптада редакторға ұсынбақшымын.

Дидахмет Әшімханов.
22.11.1989ж.



Ассалаумағалейкум, Қайым аға!

Хатыңызды алдым. Рахмет!

Екі аптадан бұрын М. Дулатовты машинкаға бастырып, баспаға тапсырғаммын. Мына ескертпе – фактіні редакторға ұсынамын, ретіне орай қосып жіберетін болар.

«Сабыржан Ғаббасовты» сәл ғана ықшамдап басшыларға ұсынып отырмын. Қарашаның ішінде шығып қалар деген үміттеміз.

Фотоларды алдық. Бір-екеуі мақаламен бірге баратын болар.

Дидахмет Әшімханов.
30.10.1989 ж.



Қадірлі Қайым!

Салған хатыңды, «Семей таңы» басқан мақалаңды оқып қатты қуандым. Құнды деректер толы жақсы сипаттаманың оның үстіне өзім танитын, көрген, білетін

ағалардың бейнелерін көз алдымнан өткізіп, солардың өздерін көріп тілдескендей болып, үлкен әсер алып қуанышқа бөленіп, мөлдір бұлақтан нәр татқандай су-сыным қанды.

Қымбатты әкелеріміз, аға-аталарымыз ақталып арамызға оралуымен сені құттықтаймын! Бәріміз қандай бақыттымыз! Күнделікті газет-журналдардан бұл кісілер жайлы материалдарды оқимын, бірақ жүрекке жылылығы әлі де жеткізілмейді, толғанып тебіреніп сүйіспеншілік ниетпен жазылған дүние дей алмаймын, мүмкін оным қате де шығар, қолдарынан келгендерін аямайтын да болар, жазып жариялағандарына рахмет айтқаннан бөтен не бар? Бәрі қуаныш!

Әкем Міржақып туралы осы тұста кім қалам тартар екен деген ойлар көптен мені мазалап, ішімнен, тек өзінді қалап жүруші едім, бұл жөнінде қателеспеппін. Жазамын деген талабыңа нұр жаусын, шын жүректен қабыл алдым, іске сәт! М.Дулатовтың революциядан бұрынғысын білемін дейсің, шынында әкемнің қысқа өмірінің ішінде қалдырған мұрасының өзі сол дәуірде ғой. Бертін келе Совет заманында істеген еңбегі бар болғаны 7–8-ақ жылдар, сол жылдар аралығында газет журналдарда шыққан мақалалары таңқаларлық сонша көп, оны өзін білесің, ал басқа атқарған қызметін саған білгенімше жеткізейін.

Біздің семьямыз бас қосып бір жерде тұрақтап көрген емес (Орынборда 1914–1918 ж). Папам болса баршаға белгілі мойнына алған міндеті ауыр, ел-жұрттың қамын ойлап жас жанын аямай дамыл таппаған кісі, өзінің сүйікті жары Ғайнижамал мен жалғыз қызы Гүлнарды достары, туысқанының қолдарына тапсырып, соқа басы қызмет бабымен жүре берген. Осы күні ой елегінен өткізсем, өзім бес жасымнан ес білгелі шешем екеуіміздің тұрмаған, бармаған жеріміз аз болмапты: Орынбор, Ақтөбе, Торғай, Атбасар, Көкшетау, Семей, Омбы, Қызылорда, Жамбыл, Шымкент. 1920 жылы Атбасардан Көкшетауға келдік Ерқосай Мұқашұлының

(әкемнің бажасы) үйінде тұрақтадық, бұл кезде папам Тәшкенде «Ақ жол» газетінде қызмет істеп жүрді. Май айының 1920 ж. сонда түскен суреті бар (М.Дулатов, Ғазімбек Бірімжанов, Ақмет Сараюсупов). 1921 жылдың күзі болар, әкем Ташкеннен Көкшетауға соғып, бізді Семейге әкелді.

Біз Семейде Әнияр Молдабаевтың Комиссарская көшесіндегі екі этажды үйінде тұрдық, үйдің жартысында Дулатовтың, екінші жағында Әлихан Бөкейхановтың семьялары тұрғанбыз. Әкем 1921 жылы Семейдің Губсовнар судында судья болып істейді.

1922 жылы Әлихан, Міржақып екеуін Семей түрмесіне қамады, бұл жерден Орынборға әкеліп абақтыдан босатылған еді. Папам Орынборда қалып Институт Народного Образования (кино) да сабақ беріп жүрді. 1922–1926 жылға дейін, 1926 жылы Қазақстан мемлекеттік баспасына ауысып саяси редактор болды. Одан кейін 1927 жылдың январь айынан бастап 1928 ж. дейін (декабрге) «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясында әдеби редакторының хатшысы (помощник редактора) болды. Папамның өз қолымен толтырған членская книжкасының көшірмесін қосып отырмын. Членский взносы декабрь 1928 жылға дейін төлеп тұрған (1927 ж. айына 4 сом 55т, ал 1928 жылы әр айына 2 сом 25т). (Бұларды өзіңе әдейі көрсетіп отырмын, табысынан (қаламақысы бар) мәлімет үшін. Профессор Бейсембай Кенжебаев ағамыз әкеммен бірге істеген «ЕҚ»-нта, маған әкем туралы жазып берген (1971ж) естелігінде: әдеби хатшы бола жүре «Ауыл тілі» газетінде 1926 ж. қызметте болды деген. Оны мен өзім де білмеймін. Елшат Ерназаров ҚазЦикнің председателі боп сайланғанда, Қызылордада «Ауыл тілі» газетінің редакциясы ашылды, Елшат редактор, ал шынында газетті шығарушы Дулатов болатын.

Менде сақталған әкемнің удостоверения личности №019050 (кісілік куәлік) паспорт орнына жүретін, оның да көшірмесін беріп отырмын. Онда туған жері

Майкаринская волости Тургайского уезда делінген. Ақтау қағазында ҚазССР жоғары соты, 21/ХІІ/1988ж №11/2 НКР-19/88 әкемді уроженец Тургайского уезда, со средним образованием, работающего помощником ответственного секретаря редактор газеты «Еңбекші казак» делінген. Жер аты әрқашан өзгертіліп аталып жүретіні бар емес пе, сондай Майқара, Сарықопа селосы бәрі бір жер, әкемнің туған жері Сарықопа Қокраулы өзенінің бойы, өзің келтіріп аларсың. Папамның дүниеден қайтқанын 1935 жылдың қазан айының соңғы күндерінде Алматыда тұрған кезімізде, НКВД өздері шешеме Сосновецтен хабар салған. Папам Сосновецте лекпом (фельшер) болып лазаретте істейтін, сол лазаретте ұзақ аурудан қайтыс болды, саған сол актыны салып отырмын.

Міне, өзің білгің келген мәліметтерді документтерге сүйеніп жазып отырмын. Көшірмесін түсіруге айналайын балаң Жәнібек көмегін көрсетті, шексіз ризамын.

Мамамның аты Ғайнижамал Баймұратқызы Досымбекова, ұлты казак, 1895 жылы Омбы қаласында (бұрынғы Ақмола облысы, Омского уезда и...) туған. Тұрмысқа шыққаннан бері Дулатова фамилиясын алып жүрді, жұрт, үй-іші оны Гая дейтін. Мен 1914 жылы Орынборда туыппын, әкем «Қазақ» газетінде істеген жылдары. Шешем 45 жасында Шымкентте өзімнің қолымда қайтыс болды. 1940 15|ІХ нағашы атам Баймұрат Досымбаев руы керей, казак, туған жері Қостанай облысы, Қарасу ауданынан. Революциядан көп бұрын еліне келген, оқуға түсетін разверстка арқылы Омбыдағы әскери-медицина училищесін бітірген кісі. Омбыдағы психиатрическая емханасында бас дәрігер қызметін атқарған. Шешем айтып отыратын: «Біздің үй іші больницаның меншікті, жеке тұрған үйінде тұрып өстік» дейтін. Әкелері оқу бітіргеннен соң, дәулеті көтермегендіктен болар, сол қаланың тұрғыны жесір келіншек Қанипаға үйленеді, бұл әкеміздің соңынан ерген қызы Ғалия (Мукучели), ұлы Омар Жұсыповтар. Омар 1884 жылы

туған, Ғалия одан үлкен. Омар ағасын қарындастары Оматай дейтін. Омар 1904 жылы Омбыдағы Техническое училищесін бітіріп архитектор мамандығын алған, соңғы 1937ж ұсталғанға дейін, Қызылжарда экономист қызметін атқарған. Ғайнижамалды Дулатовқа қолынан ұзатқан Омар ағасы болыпты.

Баймұрат пен Қаншадан үш қыз туған:

1) Сара 2) Ғайнижамал (Гая) 3) Гульшакра (Гуля) ұлдары болмағандықтан Гаясын он төртке дейін ұл ретінде (еркекшора) киіндіріп өсіреді. Соның салдарынан Гая гимназияда оқытылмай Сара екеуін мұғалім жалдап үйінде оқытады, маман сауатты зав.библиотекой болып істейтін. Гуля 1917 жылы Омбының гимназиясын бітірген кезінде «Бірлік» те қатынасқан С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» айтылған.

Әкелері 1911–1912 жылдары қайтыс болыпты. Әжемді ана дейтінбіз, мен көрген кісім, 1924 жылы қыс айында дүние салды, Омбыға маманмен Гуля тәтем барып келген. Онда біз Орынборда тұратынбыз.

Маманның апалары Сара мен Ғалия жасы сексен-тоқсаннан асып, Қарағандыда қайтыс болды. Гуля 32 жасында, Қырғызстанда 1939 жылы өлді. Оматай 1937 жылдың құрбаны, ақталған. Енді Мұхтар Әуезов ағамыз туралы айтарым көп қой, Міржақып екеуінің достығы, сыйласулары айтарлықтай ғажап, бірі аға, екіншісі іні ретінде туыстай жақын, жұрттың көзіне түсетін, екеуі де әдебиетші. Журналистика саласында да жоғары сатыда жүретін қалам қайраткерлері болуларынан да шығар, әйтеуір бір-бірін құрметпен бағалап, сырласып, пікірлесуді жақсы көретін, оны айтып жеткізуім оңай емес. Бұл кісілердің таныстықтары өмір жолдарының ұштасулары ертеректен, сонау Семейден, Тәшкеннен, Орынбор, Қызылордадан басталып келгенін білемін. Өзім бала күнімнен 1923 жылы Мұхтар аға Тәшкеннен бізге Орынборға келгеннен бері білемін, әр уақытта біздің үйге, өзінің үйіндей көріп түсетін. Ол кезде Мұхтар ағаның қалың, толқындалып келген бұйра

шашы болатын, сәнді киініп, хош иісті әтірі мұрынды жаратын, (менің әкемнің де осындай сәнді киімін сүйсінетін едім). Мұхтар аға балажан. Мені күнде «Собачьи садке» ертіп баратын, мороженое жейтінбіз (мен тәтті, суық дейтін ем).

Мұхтар аға келуіне арнап біздің үй қонақ шақырып, үлкен мәжіліс әдеби кештер өткізетіні есімде. Арнайы шақырғандар: Ахмет Байтұрсынов атекем, Смағұл Садвакасов ағам, Елдес Омаров папамның құрдас досы, Сейдақым Қадірбаев ол кісі де құрдасы, мен Сейдақымға папа дейтінмін, Ахмедсары Юсупов (Гуляның күйеуі), Мұхтар Мурзин (ұзын Мұхтар дейтін) киноның директоры. Оларға жүгіріп жүріп қызмет атқаратындар оқушылар. Иса Байзақов, Серм Қарамқуловтар.

1926 жылы Қызылордаға Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар ағаларым біздің үйге келіп түскен еді. Екеуінің «Қаракөз», «Шернияз» пьесаларының бәйге алғандарын құттықтап әке-шешем жұртты шақырып, (оның ішінде Жұмат Шанин ағам да бар) тойлағандары да есімізде.

Қашан да екі жазушы ағаларым Мұхтар, Жүсіпбектер өздерінің баспаға даярлап әкелген шығармаларын алдымен Міржақыптың қолынан өткізіп, пікірін алатын. Жүсіпбек аға жазған ертегілерінің суреттерін өзі бояумен салып келетін, бала алдымен суретке қарайтын әдеті бар емес пе, менің есімде Жүсіпбек үлкен суретші (художник) болғанын ұмытқаным жоқ.

Әдебиет кештерінде шығармаларды нақышына келтіріп артистік шеберлік пен даусын құбылтып оқитын Абдолла Байтасов болатын. Бұл ағам өте көңілді, күлегеш мінезді адам еді. Сол жылы Томскының институттын бітіріп келеген Қаныш Имантайұлы Сатпаев ағам да болған. Әкемнің жан жолдасы орыс мінезді, ғалым сынды Ғаббасов Халел ағам да орталарында отыратын. Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов үй-іштерімен бұндай мәжілістерден қалмайтын, ән салып, «темаға» суырып салып өлең шығарып Иса отыратын. Әміре ән салып топты қыздырып, дуылдатып өткізетін, әлі күнге дейін сол көріністер есімнен шықпайды.

Біздің Дулатовтың үйінде қазақтың ұлы перзенттері бас қосып әңгіме-дүкен құратын орталығы десем артық болмас. Күнделікті келіп-кетіп жүретін ағайын жекжат жұрағаттарды қоспағанның өзінде бала күнімнен бастап көрген солардың орталарында жүріп өскендігім мен үшін үлкен бақыт, мектептен өту деп білемін.

Мұхтар, Жүсіпбек ағаларымның тұрмыс күйінде семьяларында болған сәтсіздіктерінде, қол ұшын берген, туыстық ретінде жанашырлық-қамқорлық көрсеткен менің сүйікті әке-шешем, екеуінің балаларын қолдарына алып, баққан Мұқаш Әуезова 1926-1927 ж, Виктор-Бектұр Аймауытов 1925-1929ж. Бұлардан ерте Семейден (Шынғыстаудан) тобықты Өміртай (жұрт Өке аға дейтін) Ақбердіұлының қызын – Әзенді (Назира) 1922–1931ж. дейін асырап, менімен бірдей тәрбиелеп, оқытып, қолын дәрігерлікке дейін жеткізген қыздары, осында Алматыда тұрады.

Мұхтар аға мен М.Дулатовтың қызы болғандықтан деп білемін, жақсы көріп сыйлайтын.

Отан соғысы жылдары мен Шымкентте бас дәрігер болып істеп жүргенімде, сонда туған Абай атамның ұрпақтарына (Әубәкір, Кәмештерге) қарасып тұрғанымды естіп, Мұхтар аға шексіз ризашылығын айтты маған.

Кейінгі кезде дұрысы 1932–33 жылдары Мұхтар ағаның біздің фамилиядан қорыққаны да болды, бірақ мен өкпе-кек ұстамайтын қазақпын, бәрі болды, өтті-кетті, оған заман кінәлі.

Мұхтар-Міржақыпты бір-бірінен бөліп алшақ ұстаудың керегі жоқ, бөлмеген жөн.

Қайым! Өзің әкеңнен естігендей – екеуіміздің әкелеріміз дос болғаны ақиқат, дер кезінде бір-бірінен жандарын аямаған, қолдарынан келген көмектерін беріп, көрсетіп те тұрғаны да рас. Әкеңнің айтқанындай Міржақыпты Семей түрмесінен шығарып алу үшін ақша төлеген жайлы «Айқап» журналы былай жазады: «1911 жылы М.Дулатов Қызылжардан Семей облысына

саяхатқа шығады. Жолда Семей қаласында тоқтағанда, оны полиция тұтқынға алады (Бұл жайында хабар «Айқап» журналының 1911 жылғы №6 - 0-11 беттер, 1912 жылғы №1, 33 бетте басылған).

«Идарымызға келген соңғы хабарға қарағанда Міржақып 2000 сом залог салып азат етілген екен» деген тағы бір хабар «Айқап» журналында, міне екеуінің айтқаны: «біз ақша төлеп Міржақыпты түрмеден босатып алдық» деуі шындық. Оны «Айқаптан» келтіріп отырмын.

«Қозғау салу» дегеніндей, 7/І 1989 ж. Қазком-партиясын Орталық Комитетінің хатшысы Ө.Жәнібеков жолдастың қабылдауында болдым. Менімен бір жарым сағат әңгімелесіп отырды. Жазған өтінішімді өзіне табыс еттім. Ол кісі: «М.Дулатовтың мұрасын зерттеуді Қазақ ССР Ғылым Академиясының президентіне тапсырамыз, солардың берген қорытындысын (заклучения) алған соң, ҚҚ-ның бюросында қараймыз. Сіз соны күтіңіз деді. Осыдан бері Академик жұмысқа кірісіп жатыр. Заключение жазуды Жұмағали Смагуловқа тапсырған. Ол жазып бітірдім, машинкаға бердім деп хабарлады. Жан сүйсінер жастар құлшынып жан-жақты зерттеумен Мәскеу, Ленинград, Қазан, Уфаға барған Марат Әбсеметов жүрмек. Оларды бастаушы Шора Сарымбаев. Барып келгендер әкемнен көп дүниелер тауып әкеліп мені қуантуда, көпшілік үйге келіп есікті босатпайды, бәрі менен білгілері келеді.

Алдымен өзіңе өтінішім: М.Дулатов жайлы жазған мақалаңды : «СҚ-ға» басыңыз, «Семей таңы» болса да қолыңда ғой.

Өзім мединститутты бітіргеннен 50 жыл, алтын тойға жеткен де бар, жетпегендер де бар, шүкіршілік айтамын.

Әлі жұмыстан қол үзгенім жоқ. Городская детская клиническая больницада 1982 жылдан бері консультантпын. Балаларымның үшеуі ғалым-дәрігер, ал кенжем Ерлан Сатыбалдиев жазушы. «Жалын» баспасында да жауапты қызметте. Міне қысқаша семьям осылар.

Өзің сұраған өлеңдердің, кітаптардың, мұқабаларының суретін аласың. Аmandықта болсақ, міндетті түрде жолығуымыз керек, үй-ішіңе сәлем.

Достық көңілмен
қолыңды алдым

Гүлнара Міржақыпқызы Дулатова

10.02.1989 ж.

Адрес 480021, г. Алма-Ата.

ул.Тулeбаева, 174-20.

д.т. 63-43-39



Ардақты Хақа!

Денсаулық, үй-ішінің амандығына тілектестік білдіріп отырмын, Сізге аздаған өтінішімді де жолдап отырмын.

1989 жылдың 17 февральда диссертацияны қорғауды белгілеп отырмыз.

Абай мен Мұхтар елінен авторефератқа пікір түспеуі мен үшін ауырға соқпақ. Кеңестегілер де ойына түйіп қалады ғой. Осы себепті авторефератқа, не кітапқа (монография бойынша қорғалады ғой) өзіңіз бас болып, 1–2 бет пікір жіберуіңізді асыға күтемін.

Абай музейіне жіберілген жобаға пікірімізді (әрине қостаған әрі қосымша ойымызды) жазып бердік. Іске аса қалса игілікті дүние болар еді.

Төкенге т.б. жора-жолдастарға менен сәлем.

Өзіңіздің **Мекемтасыңыз.**

17.01.1989 ж.



Аса қадірлі ұстазым, Кәке!

Кәке! Өмірі біреудің сыртынан сөз айтып немесе қағаз «домалатып» көрмеппін. Сол дағдымда қалатын шығармын.

Алайда көп ойланып, көп толғанып сізге хат жазып отырмын. Себебі мені ауыр жағдайдан тек Сіз ғана алып шығады деген шәкірттік үмітім бар.

Өткен февраль айында Жазушылар одағында бір жиында сөз сөйледім. Қысқаша мынандай. Семейдегі N басқарып отырған әдеби бөлімшенің жұмысына жас талапкер ретінде мүлдем қанағаттанбайтынымды, Семей полигоны зардаптары жайлы айтқан болатынымын.

Осы сөздерді бүгінгі алтын күректтей есіп тұрған қайта құру кебіне сүйеніп айтып едім. Амал қанша, оным бос далбаса боп шықты.

«Сені N ағаң іздеп жүр» деген соң, ол кісіге «Семей таңы» газетінде кездейсоқ жолықтым.

Мен: «Мені іздеп жүр екенсіз».

Ол: «Сен кімсің», – деді.

Көрдіңіз бе?! Жанашыр ағаны. Мені түстеп танымады. 1988 жылы республикалық «Жігер» фестивалінде лауреат болғанымда өзіңіз үлкен басыңызды кішірейтіп маған батаңызды бергенсіз. Өңгені былай қойғанда, Семейдегі жанашырымыз (мақтанғаным емес) республикаға танылып қалған жас талапкерді бір жылда бір іздеп, түстеп таныспағаны қандай жұмыстың нәтижесі?!

Енді екеуара әңгімені жалғайық. Ағамыз: «Мен сені іздеп жүрген жоқпын, сені ветсанцияның бастығы Визе деген іздеп жүр. Сен қай жерден ақбөкеннің лағының өліп жатқанын көрдің. Ондай болуы мүмкін емес. Абайда өлексенің етін жейтін ел жоқ. Өтірік екенін барып айт» – деп келте қайырды.

«Бәрі де шындық» – деп тұрып алдым. Ол кісі түсін суытып: «Маған Бозтаев мына елді бүлдіріп жүрген кім?» – деді. Визе де сіздің кадріңіз екен, тауып беріңіз»

– деп әбден мазамды алды деді. Жасыратыны жоқ кішкене үрейленіп қалдым да, кетіп қалдым.

Хош, мұны бір деп қойыңыз. Бір күні мені іздеп КГБ қызметкері Ашимов Серікбол деген жас жігіт келді. Сондай өзін-өзі ойлы, терең білімді, тиянақты етіп көрсетті. Ойымда ештеңе жоқ. Әңгімелесіп жүре бердік. Амал қанша, бұл кісі өте қатты өзгеріп шыға келді. Әңгімесі (шынында сұрайтыны) декабрь оқиғасы жайлы, біздің Олжас ақынымыз жайлы. Біреудің сыртынан сөз айтқан емес. Шынымды айтсам, КГБ қызметкерлерінің бәрі осындай болса. Оған қоса жас ақын-жазушылармен, менімен «әңгіме» жүргізгендей жүргізсе, бір бесжылдықта бірде-бір жас талапкер әдебиет майданына әй, бет бұрмас... Ол менен: Жазушылар одағында не болып жатқанын жеткізіп тұруды, Олжас бара жатқан Абай ауданына баруымды «мәдениетті түрде» сұрады. Өзіне қолхат жазып беруді: «жасырын атың – Шәкерім» – деді. Мен келіспей аласұрдым. Болмады. «Бұл жай формалді» деп езеуреді. Өзі қызмет етіп жүрген КГБ-сін «формалді» десе, жарайды деп «Берік» деп жаза салдым. «Серік пен Берік» ұйқас екен деп жан қуанды.

Енді N-ға қайта оралайық. Бірнеше рет жолығуға тура келді. Әбден танып алыпты. Бұл жолы ЦК сұрапты. «Ақбөкеннің лақтары қай жерде қырылып жатыр. Визеге барып жолық» – деп бірнеше рет айтты. Мен бармадым.

– Кәке! Өзіңіз ойлаңызшы. Мен жас талапкермін, тіпті осылай болып жатқанда мені қорғайтын N емес пе? Қайта-қайта өзімнен жауап алады. N ағамның дәлелі бойынша, Дегелеңнің даласында радиация да, ақбөкен де жоқ.

Мен қазір Алматыда өтетін жас жазушылардың кеңесінен өзім бас тартып отырмын. Сөз тасығым келмейді. Бір кісідей шаршадым. Ана жолы «Шәкерім жайлы кинодан шаршап жүрмін» деп сөйлеспедіңіз. Енді жазбаша айтып отырмын. Осы айтқанымның бәрі

біреулерге «чепуха» болар. Бірақ мен өте шаршадым. Мені қабылдап, сөйлесуіңізді сұраймын.

Сәлеммен –шәкіртіңіз. **Талғат Кеңесбаев**
19 апрель 1989 жыл.



Аса қадірлі Қайым аға!

Ауыл-аймағыңыз аман, аяқ-қолыңыз тың, күйлі-қуаттымысыз?

Біз, мінеки, сөзтізбенің жобасын жолдап отырмыз. Осыны оқып, ұсыныс-пікір, ескертпелеріңізді түсіріп (егер бір бетке көп өзгерту енер болса, бөлек қағазға жазсаңыз), 10 күн шамасында қайта салып жіберсеңіз. Жобаны 20 дана етіп көбейтіп, Абай музейіне біреуін жолдағанбыз. Төкен театрдағы жігіттерге, Семейдін басқа да білікті, зиялы қауымына оқытып алар. Ал сіздегі жобаның кейбір бөлімдерін (әсіресе, тілге байланыстысын) Қинаят Шаяхметов секілді өзіңіздің жамағатыңыздағы мамандар қоса қараса, тіпті жақсы болар еді.

Өткенде, Абайдың қай шығармаларына мақала жазуды қалайтыныңызды сұратқан едік. Енді сол таңдап алған өлеңдеріңіздің және басқа да өзіңіз жазғыңыз келетін мақалалардың тізімдерін осы жобамен бірге салып жіберсеңіз. Және наурыздың 6-сында өзіңізге тиесілі екі тақырыптың («Абай және оның айналасы хақындағы архив деректері», «Абай және Семей қаласы») айналасындағы терминдерді тізіп, сөзтізбе жасап салып жіберуін өтінгенбіз. Сол хаттың жауабын қоса берсеңіз, жұмысымызды бір табан алға жылжытар едіңіз.

Аман-саулықта, қуанышта кездесуге жазсын.

Сәлеммен ініңіз **Танатқан**.
19.04.1990ж.



Аса қадірлі көретін Қайым аға!

Деніңіз сау, аман-есен жүріп жатырсыз ба? Бұл хат жолдап отырған қарағандылық журналист Аман Жангожин деген балаңыз. Өзіңізге мәлім, қазақ халқының ардақты ұлы Бұқар жырау Қалқаманұлының денесі біздің облыстың Ульянов ауданындағы Ульянов мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің территориясында Садық деген қыстақ маңында жатыр. Басы ашық, болмаса бейіт те жоқ. Осыдан бірер жыл бұрын жергілікті қазақ зиялыларының қолқа салуымен облыстық партия комитетінің бұрынғы хатшысы қазіргі республика баспасөз министрі Қ.Сұлтанов жолдастың тікелей араласуымен мұрындық болып бабамыздың басына орнатылар ескерткіш-мавзолейдің жобасы жасалып, осы жолдардың авторы облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» газеттеріне шағын шолу мақала жариялаған болатын. Сонан кейін талай жыл бойы қозғаусыз жатқан бұл іс қолға алынады. «Орталық Қазақстанның», онда мен жауапты хатшы болып істеймін, ықпалымен газетте мавзолейдің жобасы талқыланып, жырау жөнінде құнды-құнды материалдар жариялана бастады. Ульянов ауданында мавзолей қорына арнайы есепшот ашылып, қаржы жинала бастады. Көршілес Павлодар облысының Баянауыл ауданының тұрғындарына газеттер арқылы үндеу тасталды. Содан бір ғана Ульянов ауданының шаруашылықтары мен тұрғын халқы мәдениет және тарихи ескерткіштер қорғау қоғамының облыстық советімен бірге жүз мың сом қаржы жинады. Құдай жазса, алдағы жырау мавзолейін көтергелі отырмыз.

Қазір бұл іске облыстық Советтің атқару комитеті жан-жақты қолғабыс беріп отыр. 1993 жылы Бұқаржырау Қалқаманұлының 325, кейбір деректер бойынша 300 жылдық мерейтойын атап өту жөнінде аткомның

арнайы қаулысы дайындалуда. Қысқаша айтқанда, бұл тойды биылғы Қабанбай, Бөгенбай, Абылай бабаларымыздың асынан кем өткізбеудің қамы жасалуда. Мүмкіндік болса өз күшімізбен, әйтпесе астанада Бұқар-жырау шығармаларының жинағын шығарсақ па деп отырмыз. Оған жарияланып жүрген толғаулары, жаңадан табылған шығармалары, толғауларының шығу тарихы жайындағы аңыз-әңгімелерді жиып-теріп берсек пе деп қамданудамыз. Тіпті кейбір маңызды зерттеу мақалаларды да енгізсе дұрыс болар еді.

Міне, осы жерде, қадірлі Қайым аға, Сізден үлкен көмек күтеміз. Қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілі ретінде Сіз мұндай инабатты істен бас тартпайды деген сенімдеміз. Біздің негізгі өтінішіміз мынау еді: Сіздің «Қазақ әдебиеті» газетінде 1982 жылы «Бұқар жырау» деп аталатын көлемді мақалаңызда Ерәлі ақсақалдың қолжазбасында Бұқарға байланысты құнды мұралар бар екендігін атап өткен едіңіз. Солардың ішінен, менің байқауымша, Үмбетей жыраудың жоқтауынан үзіндіден басқасы жарияланған жоқ.

Қадірлі аға! Сізден өтінетініміз, бүкіл қазақ халқына ортақ мақтанышымыз, біздің жерлесіміз болып табылатын, әулиедей есептейтін Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығына қатысты сол мұраларды, атап айтқанда:

1. Бұқар жыраудың асында, зиратының басында Үмбетей жыраудың жырлағаны (толық нұсқасы).

2. Бұқар жыраудың өмірбаяны,

3. Абылай мен Бұқар,

4. Тобықты мен Қанжығалы арасында болған үлкен бір дауға Бұқардың билік айтуы деген баға жетпес жыр мен аңыз-әңгімелерді өзіңіздің ғылыми түсініктемеңізбен бірге бізге жолдасаңыз. Біз оларды әуелі Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде Сіздің атыңызды көрсете отырып жариялар едік, сонан кейін шыға қалса жинаққа жариялауға да,

әрине міндетті түрде Сіздің есіміңізді көрсетіп кепілдік береміз.

Бұқар жыраудың аруағы риза болсын!

Сәлеммен **Аман Жанғожин**, Қарағанды облыстық
Советі баспасөз орталығының қызметкері,
Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лауреаты.
13 қараша, 1991 жыл.



ҚҰРМЕТТІ ҚАЙЫМ АҒА!

Қазақта «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар ғой, өмірде ұлылы-кішілі әртүрлі істер өтіп жатады. Солардың бірін білсек, бірін білмей уақыт шіркін де зымырай береді екен. Менің сізді танып-білгеніме үш он жылдай болып қалыпты. Шығарма-еңбектеріңізді газет-журналдардан жиі көріп, құныға оқып жатамыз. Соңғы үш жыл бойы сізге амандаспақ болып жаз каникул кездерінде бірнеше рет телефон да соғып, үйге де барған күндерім болды. Бірақ сізді үнемі «Алматыда» деген хабармен өзіңізге кездесе алмадым.

Өзім бұрынғы Беген ауылынан ауысып, Бесқарағайдың Башкул совхозының орталығы Новониколаевка деген ауылындағы онжылдық орыс мектебінде істеп жатқаным биыл үшінші жыл болады. Онда қазақ тілінен сабақ беремін. Биыл бұл жерден бұрындары мүлде болмаған таза қазақ класын ашуға да қол жеткіздік. Бастауыш класта арнайы маман оқытушы болмағандықтан бұған да қазір сабақ беремін. Яғни биылғы жылы бұл жерде екі сменада жұмыс істеп жатырмын. Мұнда келгелі екі жылдан бергі уақытта мүлде ұмыт болған айтыскер ақын Нұрлыбек Баймұратовқа мектептен музей ашуға, зиратына ескерткіш-үй тұрғызуға және мектепке, ауылдағы бір көрнекті көшеге ақын есімін беруге қол жеткіздік. Музейді арнайы ашу рәсімі алдағы

жазда деп отырмыз. Сіздің Нүкеңмен түскен суретіңізді үлкейтіп экспонат ретінде ілдік. Жалпы осы сияқты аздап болса да игілікті істер атқарғансып жатырмыз. Осы жұмыстарда өзіңізбен сөйлесіп, пікір алсам ба деуші едім. Оған мүмкіндіктер болмады. Сөйтіп жүргенде бір күні газеттен Фархинұр жеңгейдің дүниеден өткенін оқып білдім. Семейге барғанда арнайы кіріп шықсам ба деген жағдаймен кезінде көңіл де айта алмадым. Уақыт өткен сайын көңілдегі орындасам деген ойдың іске асырылмауы адамды ыңғайсыз жағдайға да тірейді екен... Қазір енді сіздің 75-ке келген мерекелі мүшел тойыңыз өтіп жатыр. Қашанда жақсы ниеттегі адамдар ізгі тілегін, шынайы ниетін білдіреді ғой. Мен, аға, Сіздің бұдан былай ешбір қайғы-қасірет көрмей, деніңіз сау, ұрпақтарыңыз аман болып, барша еңбектеріңіз (әдебиет саласындағы) том-том халық қазынасына айналып, солардың қызық-қуанышын, игілігін көруге, әманда творчестволық табыстарға жете беруіңізге тілектестігімді білдіремін.

Сәлеммен: ініңіз – **Уәлихан Туқусов**. Бесқарағай ауданы, Новониколаевка ауылы. 02.02.91.



Алматыдан Семейге СӘЛЕМ ХАТ. 30/1.19.1991.

Қадірлі Қайым аға!

Сіздің 75 жасқа толуыңызбен құттықтаймын! Деніңізге саулық, семьяңызға зор бақыт тілеймін. Сізге үй берілетін болыпты. Көшіп келеді екен деген сөздерді естіп, тілектес болып қуанып жүрмін.

Аға, Сізден өтінемін: Мұхтар Мағауиннің тапсыруы бойынша Ақылбек бин Сабалдың 1911 жылы Қазанда басылып шыққан Академияда сақталған «Қырық уәзір» қиссасының 359 бетінің 120 бетін бүгінгі әріпке

түсіріп «Жұлдыз» журналының редакциясына табыс еткен едім. Осы кітаптың сыртқы мұқабасы жоқ екен. Ініңіз Мұхтар Қайым ағада бар шығар, сұрап көрсен, сыртқы мұқабасымен берсек дегендіктен Сізден сұрап отырмын. Көмектесуіңізді өтінемін (түсіріп жіберуге).

Сіздің 75 жасқа толуыңызға байланысты ҚазТагтың фотосуреті «Коммунизм туғи» және «Йеңи һаят» газеттерінде жарияланған екен, жіберіп отырмын.

Ініңіз **Рысбек Саргожин**.



Құрметті Әзілхан!

Анада, «Социалистік Қазақстандағы» сенің атыңа жазылып Бауыржан екеуіңді кінәлаған ашық хатты оқығанан кейін, өзіңе телефон соғып (23.04.91.), N туралы пікірімді аузыша айтқан едім ғой. Енді соны қағазға түсіріп, бір данасын саған жіберіп отырмын. Керегіне қарай қажетіңе жаратуыңа болады.

Газеттегі саған қарсы жазылған мақаланы тағы бір рет оқып шықтым. Ол мақалаға қарсы айтатын менің көп дауым бар.

Ең алдымен, N Абай туралы фильмдер шығарыпты деген сөз шылғи өтірік. Оны мынадан білуге болады. 1945 жылы, Абайдың туғанына 100 жыл толуына байланысты өткізілетін шаралардың тізімін қолыма ұстатып, Семей мені Алматыға жіберді. N-ға барып, Халкомсовтың қаулысын шығартып, осы шараларды бекіттіріп әкелесің деді.

Мен Алматыға келдім. N қабылдады. Кабинетіне кіргеннен кейін сәлем беріп, қолымды ұсынып едім, керенауланып әрең алды. Мен отырап-отырмастан:

– Шаруанды айт, – деді.

Мен асыға папкамды ашып, жұмысымды айта бастадым. Бар жайды баяндай келіп, бір кезде Абай тойына пәлен киіз үй тігіледі деп едім, ол шошып кетті.

– Сендер, немене, феодализмді қайта орнатайын деп пе едіңдер? Бұл барып тұрған феодализм ғой. Ол болмайды! – деп қолын бір-ақ сілтеді.

Содан кейін тойға соятын сойыс жайын айтып едім, ол одан сайын ыршып түсті.

– Сендер, немене, үкіметтің малын құртайын деп пе едіңдер? Бұл соямыз деп отырғандарың байлардың малы емес, үкіметтікі ғой! Жоқ, бір де бас мал сойылмайды. Менің басым екеу емес, ондай қаулыға қол қоймаймын! – деп қағаздарымды сырып тастады.

– Ағатай-ау, бұл әлдекім емес, Абай ғой, Абайдың тойы ғой... – дей бастап едім, ол сөзімді шорт үзді.

– Біріншіден, мен саған «ағалайтын» ауылдағы ағайының емеспін. Совнаркомның председателімін. Екіншіден, Абай болмақ тұрғай, құдай болса да сол! Абайың үкіметтен үлкен емес!

Осылай деп ол теріс қарап кетті. Менімен сөйлеспей, үстелінің сол жақ шетінде қаттаулы тұрған папкалардың бірін алып, ақтара бастады.

Сағым сынып, сүмірейіп, мен кабинеттен шықтым. Ол қош та деген жоқ. Алдына келген кісі ме, шыбын ба, шаруасы болмады.

Есіктен шыққаннан кейін, не істерімді білмей, дел-сал болып, сілейіп дәлізде тұрып қалсам керек. Қасымнан өтіп бара жатқан біреу бұрылып бетіме қарады да, қайырылып келіп маған қолын беріп сәлемдесті.

– Неге дағдарып тұрсыз? – ол бас-аяғыма тағы бір қарап алып. – Әлде келген шаруаңыз орындалмады ма?

– Иә, шаруам орындалмай, салым суға кетіп тұр, – дедім мен көзілдірік киген, жылы жүзді, отыздар шамасындағы, сида денелі бейтаныс кісіге.

– Не шаруа еді?

– Сонау Семейден Абай тойының мәселесімен келіп едім. Түк бітірмей, босқа қайтайын деп тұрмын.

Көзілдірікті кісі шапшаң сағатына қарады да:

– Сіз мені 15–20 минут күте аласыз ба? Мен бір тығыз шаруамен басшыға кетіп бара жатыр едім. Егер асықпасаңыз, Сізбен содан кейін сөйлессек?

– Күтемін, – дедім мен, бұл кісінің бір септігі тиер ме екен деп үміттеніп.

Ол кісі аяғын еркін басып, жанағы мен шыққан кабинетке кіріп кетті. Мен қайтадан бұрылып келіп, қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыздардың бірінен бұл кісі кім деп сұрадым.

– Илияс Омарович Омаров, Совнарком председателінің орынбасары, – деді ол. Омаров маған уәде еткен уақытында N-нан шықты. Содан кейін мені қолтықтап, кабинетіне ертіп апарды да, алдымен, өзінің кім екенін айтып таныстырды. Содан соң менің жөн-жосығымды сұрады. Бәрін айтып, облыста жасалған той шараларын көрсеттім. Ол бәрін мұқият қарап шықты. Қағазға қол қойған облатком төрағасының фамилиясына дейін назар аударды. Содан кейін бұрылып, менің бетіме қарады да:

– Енді не істемексіз? – деді.

– Не істеймін? Кешкі поезбен қайтатын шығармын, – дедім дағдарған күйде. Бастығы анадай жауап берген соң, орынбасарының қолынан не келеді деп ойладым. Омаров ойланып отырды да:

– Менің Сізден бір тілегім бар, қалай көресіз? – деді.

– Айтыңыз.

– Айтсам: Сіз ауылға қайтуға асықпаңыз деймін. Мен Сізді қазір қонақүйге орналастырайын. Сонда барып, жайғаса тұрсаңыз қайтеді?

– Онда не бітіремін? – дедім мен аң-таң болып. Омаров тағы да ойланып алып, мынадай жауап берді:

– N жолдас жуықта ұзақ уақытқа демалысқа кетеді. Сіз соны сұрастырып, біліп отырыңыз да, ол кісі курортқа кетті деп естіген сағатта маған келіңіз, – деді.

Мен Омаровтың кабинетінен еңсем көтеріліп, адам болып шықтым. Оның нұсқауымен Қызыл әскер

көшесіндегі (қазір Панфилов көшесі) бұрын «Советтер үйі» деп аталатын қонақұйдің екінші қабатындағы №52 бөлмеге барып орналастым. Бұған дейін Мұхтар Әуезовтің үйінде жатыр едім. Жатын орным «Советтер үйі» болғанымен, күндіз Мұханның үйінде боламын. Екеуіміздің негізгі әңгімеміз – алдағы Абай тойы. Күн сайын соның жеке детальдарын пысықтай түсеміз. Семейден келген бетте де облыстан әкелген бар қағаз Мұқаңның сарабынан өткен. Мен N-нан бетім қайтып шыққанын айтқанымда Мұхаң:

– Пәле, оның қолынан шіренуден өзге не келуші еді? – деп қатты реніш білдірген. Артынан Омаровтың ұсынысын айтқанымда қайта жадырап, шаруамыздың шешілуінен үміт күткен.

– Бәсе, Абай қадірін білетін азамат құрып бітті дейсің бе? Күткенің жөн, күту керек. Ана қазанбас кеткеннен кейін реттейін деген ғой. Қонақұйдегі айтқан орнын алғаның да жөн болған. Күн құрғатпай телефон соғып, хабарлас бол. Үйде мен де құлақ түріп, біліп отырамын, – деген.

Бірақ мен Алматыда үш күн, бес күн, тіпті бір апта жатып қалдым. N орнынан қозғалмай қойды. Бір күні ол Қырымға кетіпті деген хабар құлағымға тиді. Екі өкпемді қолыма алып, дереу Омаровқа жеттім. Ол менің алыстан әкелген қағаздарымды қолына алды да, Абай тойына жұмсалатын қаражат пен шығын жайындағы Халкомсов қаулысының жобасын өзіме ауызба-ауыз айтты да отырды. Мен, қуанышым қойныма сыймай, бас көтерместен жазып жатырмын. Ана халкомге анау, мына халкомге мынау жүктелсін деген нақты міндеттер сараланды. Тіпті тойға келген балалардың қолдарына ұстататын Абай бейнесі бедерленген арнаулы печенье шығарту да назардан тыс қалған жоқ. Бұл біздің қағазымызда жоқ еді. Оны Омаровтың өзі қосты.

Бір күніміз осылай, қаулының жобасын әзірлеумен өтті. Ертеңінде ол жоба бекітіліп, Омаровтың өзі қаулыға қол қойды. Қаулыда міндет жүктелген халкомдердің

басшыларын Халкомсовқа шақыртып алып, алдымен Абайды білесің бе деп, олардың өздеріне жеке-жеке сұрақ қойып, білетіндеріне разылық білдіріп, білмегендерге Абайды білу қазақ республикасында қызмет ететін әр азаматтың борышы екенін айтып, Халкомсовтың Абай тойына байланысты жарлығын олардың қолдарына ұстатты. Осында көрсетілген істің бір пункті орындалмай қалмасын деп, әр басшыға шегелеп тапсырды.

Ол қаулының бір данасын құшақтап келіп, Әуезовке көрсеттім. Мұхаң оны оқып шығып:

– Пәле, мына Омаров дегеніңіз адам екен ғой, асыл азамат екен ғой! Тәңір жарылқасын! Кейбір топас басшылардың көлеңкесінде осындай қаншама тұлпар жігіттер жүр десеңші. Өрелі ойы, ел деп соғар жүрегі бар өрісті азамат осындай болар! – деп Омаровқа өзгеше разылық білдірді.

Бұл оқиға көктемде болған еді. Содан кейін күзде Абайдың 100 жылдық тойы дүбірлеп өтті емес пе барлық сән-салтанатымен. Ол тек Қазақстандағы ғана емес, мәдениет қайраткерлеріне арналған Одақтағы ең үлкен, үлгілі тойлардың бірі болды. Ол той төрт жыл соғыста шөгіп қалған елдің еңсесін көтерді. Оның осылай өтуіне бар жауапкершілікті мойнына алып, аянбай күш жұмсаған ұлттың ұлы азаматы, Мұхаң айтқандай «топастың көлеңкесіндегі тұлпар жігіт», Ілияс Омаров болатын. Ал N ол той салтанатты боп өтсе, Қазақстанда феодализм орнап кетеді немесе өзіме сөз келіп, орнымнан айырылып қаламын деп қорқып, Абай тойын абыройсыз етуге тырысты. Ендеше ондай адам Абай туралы фильм жасаттырды немесе соған мұрындық болды дегенге кім сенеді? Ешкім де нанбайды.

Одан кейін авторлар N Абайдың 100 жылдық тойында баяндама жасады деп, соны бір керемет еңбек етіп көрсетпек болады. Ол баяндама жасаған жоқ, жазып берген баяндаманы сүрініп-қабынып оқып шыққан. Қазақтың ұлы ақыны туралы баяндаманы қазақ үкіметінің қазақ басшысы N тұрғанда, Қазақстанға

жаңада ғана келген Геннадий Андреевич Барков жасамақ па?

Осы арада мен өзім куә болған бір оқиғаны айтайын. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейінгі алғашқы жылдардың бірінде шопандардың ең бірінші республикалық жиналысы өтетін болды. Сол кезде мен Алматыға келіп, Мұханның үйінде жатыр едім. Бір күні Есмағамбет Ысмайылов телефон соқты.

– Біз, мына Қажекең (Қажым) Жұмалиев екеуіміз N-ның қабылдау бөлмесінде отырмыз. Басқа да жігіттер шақырылып жатқан көрінеді. Осында шопандардың үлкен жиналысы өтеді екен. Соған жасайтын баяндама әзірлеу қажет болса керек.

Қажекең екеуіміздің өз жұмысымыз басымыздан асады. Осыған сен келіп, бізді құтқарсаң қайтеді? – деді ол. Содан кейін сәл бөгелді де, сөзін қайтадан жалғады. – Баяндама әзірлейтіндерге барлық жағдай да жасалатын көрінеді. Тиісті тиын-тебенін де беретін болуы керек.

Ысмайлов осыны айтып, әдеті бойынша кеңкілдеп күліп алды.

– Жағдай болса, барайын, – дедім мен оған.

Содан соң Есмағамбет мені N-ның көмекшісімен сөйлестірді де, оның шақырған уақытында мен Совминге бардым. Барсам, Жұмалиев, Ысмайлов және басқа мен танымайтын 3–4 орыс азаматтары отыр екен. Сағат үште бәрімізді койдай қосақтап, бастықтың кабинетіне кіргізді. N, баяғысынша шіреніп, төрде отыр екен. Орыннан тұрмастан бас изеген болды да, ана жерге отырыңдар деген ишара жасап, қабырғаға жақындата қойылған ұзын үстелде шойындай ауыр иегімен нұсқады. Содан кейін маңғазданып, жан-жағына қарап алды да, шалқая түсіп, бізге айтар сөзін бастады. Алдағы өткізілетін республикалық шопандар мәжілісінің маңызы туралы, соған жақсы баяндама әзірлеу қажеттігі жайында ыңырана сөйледі. Баяндамада Сталиннен цитат көбірек алынуы керектігін айтты.

Осы кезде 2–3 аппарат қызметкерлері бірінен соң бірі кабинетке кіріп, біз отырған ұзын үстелдің ортасына қалың-қалың папкалар әкеп қойды.

– Міне, бұл жауапты міндет осы отырған сендерге жүктеледі, – деді, – төраға бізді бір жарылқап тастағандай кекжиіп. Қажетті материалдардың бәрі дайын, алдарындағы папкаларда тұр.

Осы кезде Қажым Жұмалиев баж етіп, орнынан атып тұрды.

– Біздің, мына Есмағамбет екеуіміздің өз жұмысымыз басымыздан асады. Студенттерге оқитын лекцияларымыз бар. Міне, қасымда Қайым Мұхамедханов деген жігіт отыр. Орысша, қазақшаға судай, өзі ағып тұрған әдебиетші. Осы жігіт біз екеуіміздің жұмысымызды жалғыз атқарады. Бізді бұл міндеттен босатуыңызды сұраймыз, – деді.

Н жаратпай, қабағын шытты. Содан соң маған қарап:

– Қолыңнан келуші ме еді сенің, мұндай жауапты жұмыс? – деді.

Мен орнымнан тұрып:

– Тырысамын ғой, – деп жауап бердім.

Сөйтіп, біз оңаша бөлмеде он бес күн жұмыс істеп, баяндаманы бітірдік. Обалы не, барлық жағдай жасады. Баяндаманың орысшасы біткеннен кейін мен оны қазақшаға аудардым. Сол біз әзірлеген баяндаманы ол артынан жиналыста орысша да, қазақша да, кейбір сөздерді айта алмай қиналып, қара терге түсіп, ыңкылдап-гүрсілдеп, үш сағаттай уақытта әрең оқып шыққан болатын. Театр толы шопан байғұстар қалғып-шұлғып, ұйқыларын бір қандырған еді.

Міне, сол он бес күнде Совмин аппаратының қызметкерлері N-ның маңына орынбасарларынан басқа бір жанды жуытқан жоқ. Біреу кірейін деп келсе, немесе телефон соқса, хатшылар мен көмекшілер кезектесіп: «Ол кісінің қолы бос емес», «Ол кісі баяндамаға әзірленіп жатыр», «Ол кісі бірінші хатшыға кетті», «Ол кісі баян-

дамасын оқып жатыр» деген жалған жауаптар берумен болды. Баяндаманы мына жақта біз әзірлеп жаттық. «Ол кісі» кекжиіп кабинетте отырды. Баяндама қалай деп, бізге бір рет бас та сұққан жоқ.

Абайдың 100 жылдығына N жасады деген баяндаманың да осылай әзірлегені сөзсіз. Оны халық үшін еткен еңбек еді деп айтудың өзі ұят. Он үш жыл қазақтың үкіметін басқарып, бір жыл Семейде тұрып, қазақтың ұлы ақыны Абайдың Жидебайдағы зиратына бір рет соқпаған адам оған қалай қамқорлық жасайды? Ендеше оның Абайдың бір ауыз өлеңін білмеуі де шындық.

1904 жылы Шыңғыстаудың шикі балшығынан қаланып, шөгіп құлап жатқан бейітті жөндеуге N бір тиын қаржы босатқан жоқ. Ұлы ақынның Жидебайдағы кабірі басына цементпен шегенделіп, ақынның рельефы бейнеленген биік мұнаралы мәрмар ескерткіш N үкімет басынан сырғып, Гурьевке кеткеннен кейін, 1960 жылдардың бас жағында, Д.А.Қонаев Министрлер Советінің төрағасы болып тұрған тұста орнатылды. «Абай жолы» эпопеясын жазудан кейінгі Әуезовтің екінші үлкен арманы Абайдың басына, үлгілі елдердің мәдениет қайраткерлеріне көрсететін құрметінің үлгісімен, ғажайып күмбез орнату еді. Көрер көзге қораш балшық бейіт жергілікті жұрттың көмегімен төрт құлағы мүжіліп, 60 жыл қалқайып тұрды. Оны шетелдерден келген мәдениетті қауым өкілдеріне біздің ұлы ақынымыздың зираты осы деп көрсету ұят еді. Мұханның сол асыл арманы өзінің көзі жұмылғаннан кейін ғана орындалды.

Ал мына мақалада N-ның қазақтың ұлы жазушысы «Мұхтар Әуезовпен сыйластық қарым-қатынаста болды» деп мадақтапты. Абайға ескерткіш орнату жөніндегі өзінің асыл арманын N қызмет басында отырғанда орындата алмаса, Әуезов оны қалай сыйлайды? Онымен қалай сыйлас дос болады?

Соғыс кезінде Әуезов өзін үкіметтің жабық дүкеніне тіркеуді сұрап, N-ға бірнеше рет тілек білдіреді. Сенің

категорияң келмейді деп, N соғыстың бастапқы жылдарында оны тіркетпей тастады. Совнарком мен ЦК-ның нұсқаушыларына дейін тіркелген жабық дүкеннен қазақтың ұлы жазушысының азық-түлік алуға хұқы болмады. Тек соғыстың соңғы бір жарым жылында ғана (1943 жылдың аяғында) ішінде Әуезов бар, қазақтың белгілі бес жазушысы әрең дегенде жабық үкіметтің дүкеніне тіркелді. Онда да ол дүкеннен азық-түлік алатын адамдардың кейінгі категориясына кіргізілді. Ендеше, осындай қиын кезде қол ұшын бермеген кісімен кім сырлас болмақ? Бұл Әуезовпен сыйлас еді десек N-ды халыққа сүйкімді етіп көрсетеміз деген құр далбаса ғана.

Одан кейін саған жазылған ашық хатта N бес том кітап шығарған ғұлама еді, оны Бауыржан екеуі бағаламады деп, саған айып тағыпты. Ол қайдағы, қандай бес том? Том деп Дальдің, Ушаковтың, Ожеговтың немесе «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің» қалыңдығы төрт елі ғылыми кітаптарын айтады. N шығарды деген қалыңдығы жас баланың саусағындай кішкентай кітапшаны (1969 жылы шыққан) көргеніміз рас. Ал қалған төрт томы қандай екенін білмеймін. Бірақ сол кітаптардың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік», «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік» деп аталуына қарап, жұрт N-ды араб, парсы тілдерін білген екен деп қалуы ықтимал. Құран сүрелерін саралап, аяттарды түсіндіріп, тәржіме жасайтын ол қандай діни жоғары оқу орындарында, қай медресе «Ғалиядама» немесе Бұхарада «Хұсаниядама» немесе Самарқанда ма бітіріпті. Немесе араб-парсы тілдерін оңаша кімнен, қай кезде оқып, үйреніпті? Бұл екі шет тіл тұрғай, N қазақ тілі мен орыс тілін де оңдырып білген кісі емес. Мұндай бес кітапты сол кісі жазып қалдырды дегенге өз басым мың жылда да сенбеймін. Оған оның өресі жетпейді. Үзіп-жұлып бар оқыған орман шаруашылығы техникумы ғана, онда араб, парсы тілдерін оқытпаса керек. Білікті, білімді өзгелер «халық жауы» деп ұсталып,

Қазақстан қазақ кадрларына жұтаған кезде осы шала оқуымен ол халкомсовтың төрағасы болды. Айтқанға көнгіш, айдағанға желгіш елпек біреуді төраға дегізіп қалқайтып қою кезінде керек болды.

1936–1937 жылдарда Семей облысын басқарып тұрған білімді, ойлы жақсы мен жайсаңдарды НКВД «халық жауы» деп ұстап әкетті, 1938 жылы облаткомның төрағасы етіп осы «орманшыны» әкеп қойды. Кезінде Семей жұрты оны осылай деп атаған. Бізге келгенде ол экономикадан, тарихтан, әдебиеттен, мәдениеттен мүлде мылқау болатын. Қазақша сөйлесе сүрініп, орысша сөйлесе жығылып жататын. Бойындағы бар қасиеті обком хатшысының алдында түсіп, құрдай жорғалау ғана еді. Шолақ тілінің жеткенінше жоғарғы бастықтарды мадақтап, соларға жағынуға тырысатын сол кездегі шолақ белсенділердің бірі болатын.

Семейге келгеніне бір жыл толар-толмаста ол Қазақстан Халкомсовының төрағасы болып шыға келді. Қай білімімен, қандай білгірлігімен, халыққа сіңірген қандай еңбегімен өсті ол?

Оны ешкім білмейді! Анадай білім, ой өрісімен он үш жыл ел басқарған адам кімге жақсылық жасайды, халқын қалай жетістіреді? Бауыржан оның бұл кемшіліктерін өте орынды сынаған.

Халық басшысы қандай болуы керектігі жөнінде ұрпақтарға ұлағат боларлық өнегелі сөздер айтқан. Айта берсек, ол жалғыз N-ның жеке басы туралы сөз емес. Бұл – бүгінгі басшыларға да өнеге, болашаққа және өсиет. Ендеше оның туыстарының (руластарының) біздің ағамыз пәлен жыл төраға болып еді деп күпінетін де, оның Бауыржан диалогында кемшіліктері көрсетілгеніне күрсінетін де жөндері жоқ. N-нан он есе қымбат талай асыл азаматтар айдалып кетіп, атаусыз қалды. Оның халыққа көсем болмаса да, Сталинге көсеу болып, ұзақ жыл жүргеніне ағайындарының шүкіршілік етуі керек қой. Ешкім оны лауазымды үлкен

бастық болмады демейді. Болды. Бірақ ол, Бауыржан айтқандай, жоғарыдан айтқандай жорғалап орындап, жазып бергенді жыбырлап оқып бергеннен басқа не бітірді? Халық істеген істі Қазанбай бітірді деуге болмайды.

Мойынты – Шу темір жолын салды дейді. Сол салып па екен? Салмақ тұрғай, бір тәшкі құм апарып үйген жоқ қой оған. Оның ол жолды, қазақ халқының пайдасын ойлап, Москвамен, Сталинмен тіресіп отырып салдыруға өресі де, батылы да жетпейді. Бұл қолтума қоспақты нар етіп көрсетуге тырысудан туған лақап қана. Ондайлардың бәрін «біртуар ардагер азамат» деу ешқашандай ақылға сыймайды. Ондай «біртуарлардың» туғанынан да, тумағанынан да халыққа келер пайда жоқ.

Адам істеген ісі, өрелі ойы, өнегелі сөзімен үлгілі. N-ның қандай ой кемеңгерлігін мақтан етпекпіз? Халық аузында қалған бірауыз көңілге қонар сөзі бар ма? Жоқ қой! Оған қарағанда кешегі Сағалбай Жанбаев (бұл кісі де біздің Семейде қызмет етіп кеткен) артында ауыздан түспейтін қаншама қанатты сөз бен ұмытылмас іс қалдырды десеңші!

Мақала авторлары: «Аңызы қайсы, ақиқаты қайсы?» деп сұрапты ғой сенен. Сенің мінезің жұмсақ, ешкіммен айғаласып, айтысып жатпайсың, әрине. Ал ол ағамыздың білім, білік, билігінің (даналығының) мен білетін ақиқаты осы. Егер аңыз қайсы десек, ол ағайындарының газетте айтқандары болар. Бірақ анкетаға жазылғанның бәрі ақиқат болғанымен, аңыз бола алмайды. Осыны айыра білу керек. Өрелі, өрісті, өлмейтін ақиқаттан ғана өшпейтін аңыз туады.

Бұл менің ел басқарған N туралы білетіндерім. Ал оның орман техникумында да оңдырып оқымағанын осы Алматыда тұратын Ләшкер Тәжібаев деген кісі жақсы біледі. Өзі ғылым докторы, адалын айтатын әділ азамат. Сол кісімен сөйлесуіңе болады.

«Социалистік Қазақстандағы» ашық хатты оқығаннан кейін саған айтайын деген сөздерімнің ұзын-ырғасы осы. Өзге детальдарды тегіс тізбелеп жатпадым.

Ағалық құрметпен **Қайым Мұхамедханов**,
жазушы, драматург, әдебиет зерттеушісі, еңбек ардагері.
Телефон 62-78-78
29.04.1991 ж.

P.S. Сен екеуіміз аралас-құралас болып, жақын жүрмегенімізбен, мен сені сыртыңнан сыйлап, жақсы көріп жүремін. Оның себебі соғыстың алдында сен менің туған інім Мәукен Мұхамедхановпен Семей пединститутында бірге оқыдың. Мен сендерге әдебиеттен сабақ бердім. Соғыс басталғанда екеуің де майданға кеттіңдер. Менің інім соғыстан қайтпай қалды. Сен аман-есен елге келдің. Соғыста жүргенде жазған өлеңдеріңді «Екпінді» газетінен үзбей оқып жүрдім. Әр өлеңіңді Мәукенімнен келген хаттай көріп, архивымда сақтадым. «Кесет» деген шағын поэмаңды сен соғыстан келгеннен кейін, Семей газетінің редакциясына өз қолыммен апарып тапсырғаным есіңде болар. Шетіне «Әзілхан» деп арабша жазылған жазуы болатын. Содан кейін сенің шығармаларыңды сүйсіне оқып, алыс таныс тартып жүретінмін. «СК»-ның мына хатын көргенде, күйзелуімнің бірінші себебі сол. Екіншіден, сен «Жұлдызда» жарияланған «Кітапқа кірген тарауда» да, бұрынғы еңбектерің сияқты, тек қана шындықты суреттеп едің. N-ды жақсы білетін адамдардың бірі ретінде, оның ешбір боямасы жоқ, айқын бейнесін бергеніңе қуанған оқырманыңның бірі мен болатынмын. Ақиқатты айтқаның үшін саған мынадай әділетсіз шабуыл жасалып жатқанда үнсіз отыра алмадым. Алдымен сұрастырып, әдірісіңді тауып алып, үйіңе телефон соқтым. Енді осы хатты жолдап отырмын. Үшіншіден, әдебиет біздің арамыз зой. Әлдебіреулер арыңа тиіп жатса, қалай үндемей

қаларсың? Бұл хатты жалғыз сені ғана қорғау үшін емес, әдебиеттің өзегі ақиқатты қорғау үшін жазып отырмын.

Ауырып-сырқамай, аман-сау жүруіңе шын жүректен тілектеспін.

29.04.1991 ж.

Қайым.



Қайым аға!

Сәламат-саусыз ба? Журналдың санына мақаланы (Қазан және Ташкент баспасынан шыққан жинақтар туралы) жазбауыңыз жөн болмаған екен. Мен сізде дайын, барып ал деп тапсырып жібергем, Сейілхановтың неге салғырттанғанын түсінбедім. Әлі де болса жазыңыз, Токтархан мен Болаттың бірі барып алады да, Мартаға тапсырады.

Басқа авторлар кірді деп ренжуіңіз де қате. Сіз бұрын біздің тапсырмамызды байытып, толықтырып отырушы едіңіз. Ол кезде басқа да материал іздедік пе? Соңғы кезде әр нөмірдің жоспарын жасамас бұрын «ойланыңызшы» деп бір, «ал қандай тақырыптар қосасыз» деп екі-үш мәрте телефон соғамын. Мен бұл әдеттен танғам жоқ, ғылыми кеңесшіміз де, ақылшымыз да Сіз деп білем. Журнал – біздің ортақ ісіміз, оның мазмұнды болуына ең алдымен Сіз екеуіміз жан салуымыз керек. Ал сіздің қолыңыз тимесе, материалды маған беріп, ізденіс бағдарын нұсқап қоймайсыз ба? Соның бір жолына қиянат жасамай, Сіздің архивыңыздан түскеннің бәрін Сіз әзірлеп берді деп жариялап отырайын.

Мен өз атымнан материал шығаруға күштар емеспін. Енді жазушы, ғалым атанбай-ақ қойдым. Әнеукүнгі мақаланы Сіз қажет деген соң өз атымнан беріп едім, оным ағат бопты, редакциялық мақала боп бара салса

дұрыс еді. Бірінші санындағы «Сөз басын» авторсыз бердім ғой. Сол сияқты.

Мынау менің Сұлтановқа жазған соңғы мақалам. Сіз біліп отырсыз, сөзіміз бір жерден шықсын деп әдейі жіберіп отырмын. Бұдан өзге мына жайлар бар:

1. Журнал «Жұлдыздай» дайын көркем шығармалармен шықпайды, әр материал ғылыми ізденісті керек етеді. Сондықтан жалақысы да, қаламақысы да тәуір болса.

2. Алматыға көшсе деуі мүмкін, оған дауласып дәлелдей алмайсыз, өз сөздерін сөйлейді, ең дұрысы әуел бастан журналды шығарып келе жатқан 7–8 адам бар, оларға пәтер керек десеңіз, шошып кетеді. Мен өткен хатымда солай жазғам, ол мүмкін емес деп шула-сыпты. Бұл әңгіменің емі осы сөз, мұнан жаңылмаңыз.

3. Журнал үш айда бір шығады, екі жарым ай бұрын береміз материалды. Қазір тапсырған алтыншы саны енді сентябрьге қарай шығады. Материалдар бірден ескіріп, екіншіден басқа басылымдарда жарияланып кетеді.

Сондықтан соңғы читкаға (редактор оқуына) дейін бірер материал беруге қақымыз болса, бұл өте қажет. Мені де қабылдауға шақырмай керіледі. Мен де осы мәселелерді қойғам, барғанда ауызша да айтам.

Кәке, бізге екі басқа сөйлеуге болмайды, олардың іздеп отырғаны осы. Әнеукүні келгендер түгел редакцияда кездесуде болған. Сол жиында мінбеге Рымғали шығып журналды Семейде ұрлап шығарып жатыр, оның ғылыми орталыққа иек артуы керек. Дауға түсіп барады. Өзгені қойшы, осы Семейдегі білгір абайтанушы Мұздыбай Бейсенбаевтың өзін жолатпайтын көрінеді. Оларды тартпай, ғылыми орталыққа келмей журнал жақсармайды дегенді айтып кетті. Оны Төкен Сізге неге айтпады десем, ол редакциядағы кездесуге қатыспаған екен.

Оған Серік Қирабаев, жаңа министр, Оразхан, Нұрлан бәрі қатысқан. Сұрап көріңізші, академиктердің

біреуі басқаруы керек дегенге сайған. Сол қу осында Маркен мен Қуаныштың асты-үстіне түсіп жүрді.

Мен осының редакторлығынан айырылып қалам деп қорықпаймын, тегін төрт нөмірін шығарған журналды оңайлықпен оларға бере қоймаймыз. Мәселе, ақша, қағаз және басқа қажеттерін шештіріп алуымызда. Ол үшін тізе қосып бірге күресуіміз керек.

Сәлеммен **Рысхан!**

P.S. Бұл хатты Догалақов әкелді. 2 апрельде қолыма тиді. (К.М.)



Құрметті Қайым аға!

Алдағы жылдың бірінші жартысында шығатын мерекелік нөмірді әзірлеуге кірістік. Оның жоспар-жобасын белгілеп, бағыт-бағдарын айқындауға өзіңіз тікелей араласуыңыз керек әрине.

Сонсоң осынау тарихи нөмірге өзіңіз ұсынатын материалды осы жылдың тамыз-қыркүйегінен қалдырмай қолға тигізсеңіз екен.

Сәлеммен. **Р. Мусин.**

«Абай» журналының бас редакторы
Семей. 1994ж.



Қайым!

Туыстық арнаулы сәлем жолдауға, хабарласып аман екендігінді білуге мына хатты жазып отырмын.

Аман-есен жүріп жатырсың ба? Үй-іші, балалар тегіс аман ба?

Өз денсаулығың қалай, талып- шаршамай жүретін-дей әл бар ғой. Әрине 70–80 арасындағы жастың кезеңін жеңіл деуге болмайтын көрінеді ғой.

Мен өзім осы Өскеменде кемпір екеуіміз аман-есен, жұқалаған денсаулыққа сүйеніп, елмен бірге тұрмыс қиыншылықтарын көріп жатқан жағдай бар...

Балалар семьяларымен жеке тұрады (Жезқазған, Керекуде, Алматыда, Өскеменде), бұлар жоғары білімдері бар мамандар.

Біздің жағдай қысқаша осы. Пенсияға сүйеніп күн көрген.

Енді әңгіме ретінде айтсам артық болмас, осы жылдың басында З.П өзіңе жолығып едім ғой. Міне, содан бері жылға таяп қалыпты. Мен Алматыдан (поезбен) Жезқазған қаласына бардым. Онда Күлән дейтін врач қызым тұрушы еді, күйеу бала сонда облвоенком еді. Жезқазғаннан самолетпен Керекуге бардым. Бір ұл тұрушы еді.

Жезқазғаннан 20 км жерде Қ.Сәтбаев деген қалада болдым. Шахтысы осында екен.

Уақыт өткізуге бұл облыстың бір-екі ауданында болдым. Өте-мөте көруге құмар болғаным атақты «Ұлытау» осы облысқа қарайды екен және Сарыарқаның орталағы болған, тарихта қалған жер деп Жезқазған азаматтары мақтап... Тегі, Жезқазған жері жазық, сары дала екен, адыр-адыр, төбе, жота, ал тау, орман-тоғай көрінбейді. «Ұлы тау» облыстан 100 км жерде тұрады екен – аудан орталығы. Ал таудың орталығы 82 км, ені 20–25 км дейді...

Мен ойлаймын, біздің Көкен тауы ана Ұлы таудан анағұрлым биік, орманды, ұзындығы шығыстан-батысқа шейін 150–200 км болады ма.

Бірақ Ұлы тау тарихтан орын алған. XVII–XVIII ғасырда қазақ даласының ру-басшылары бас қосып бірлік, отан жерін қорғау (шет жаулардан) шешкен дейді. Ұлы таудың батысы, оңтүстігі өзен, көлі бар.

Тобықты елінің жайлауы болыпты. Ырғыз деген өзен бойында Ырғызбай деген Абайдың ұлы аталары жайлапты. Ал Абайдың кейбір өлеңдері осы жаз жайлау жерінде шығыпты.

Айта берсе қыр көп дегендей, Қара шілік деген жерде Сәкен Сейфуллин туылған ауыл бар екен.

Қайым, осы әңгіме ретінде сен білесің бе, біздің тұқымның жақындық желісін. Қалай туыспыз. Екеуіміз де қартайдық. Бірақ жақындық ізді білмейміз. Жұмабала (апай) марқұм мына бір туыс желісін айтып еді: Уақ-Тарақты-Жылкелді-Майқы-Құдайберген, Сейітқұл, Бекқұл, Бектұрған.

Құдайбергеннен Жұмәділ, Сейітқұлдан Мұхамедхан, Бектұрғаннан Жұмағұл, Бекқұлдан Қанапия (бұл Бекқұлдың ұлын, өзін, әйелін ақтар Семейден қашып Көкенге бекіністе жатып ап, көп ауылды өртеп, адамдарды өлтіріп, малын, осындай қырғында Бекқұлды үй-ішімен жоқ қылды. Жалғыз Қанапия емшектегі ұлы өліп жатқан шешесінің бауырында далада қар үстінде тірі қалған).

Қайым! Осы тұқымнан ескіден екеуіміз ғана қалдық емес пе! Аллаға шүкір, балалар, немере-шөберелер бар, аман сау болсын, өсіп-өніп ел қатарында болсын.

Басқа айтар жоқ. Қош, аман-сау бол. Мүмкін болса хат жазып, хабар бер. Барлық балаларға сәлем айт. Мына келе жатқан 1995 жылмен құттықтаймыз.

Мына жеңгең Камал ерекше ыстық жүректен көп-көп туыстық дұғай сәлем жолдап жатыр.

Сәлеммен: **Жұмәділ – Камал**
20.XII.94 ж.

Біздің адрес: г.Усть-Каменогорск 492000 ул.
Орджоникидзе 48-54



Кәке!

Халініз қалай? Сізбен телефон арқылы болса да тілдесуге зар болып қалдық.

Жағдай қиын. Баспа қысып, бізде қысылып жатырмыз. Өзіңіздегі қолжазбаңызды (машинкаға басылған нұсқасы болса) маған жіберіңіз, мен өзім қарап, өзгерістерін кіргізер едім. Мен демалысқа шықтым, осы кітаппен отырмын. Алысқа кете алмадым, Бізге де сеніңіз, тәуір болдым, сөз өзгерістерін көріп, кіргізетіні-ңіз болса, қосарсыз.

Тұрағұлдың қолжазбасын да беріп жіберуіңізді сұраймын.

Серік Қирабай.



Здравствуйте, уважаемый Каюм!

Как здоровье и дела у Вас и вашей семьи?

Ранее обращался к Вам с письмами.

Какие материалы есть у Вас о Естае, о Майре? Вышлите, пожалуйста их.

В нашем разговоре Вы обещали дать мне ваше с Естаем фото. Вышлите мне одно фото и одно – Ерзаковичу Б.Г., который готовит книгу о песнях Естая.

С этим письмом посылаю Вам статью из газеты «Сары арка самалы», в которую включены фотографии, представленные Вами.

Сотрудник газеты выслал Вам фото по почте. Дайте знать, если не получили.

До свидания.

С уважением, **Айтжан Бадильжанов.**

1.06.1994.



Аса құрметті Қайым аға!

Сәлеметсіз бе? Деніңіз сау, ұлы Абайдың дүбірлі тойы алдындағы көңіл күйіңіз көтеріңкі болар деген сенімдеміз. Аға, Сізге өз атымнан және «Семей таңындағы» бауырларыңыздың атынан ыстық сәлем жолдаймын.

Енді Сізге тілегімді айтайын. Редакция ұжымы да Абай тойына қызу әзірлік жасауда. Тойға қатысатын қонақтарға, жалпы оқырмандарға арнап көп беттік үш газеттің көлеміндей арнаулы нөмір шығаруды жоспарладық. Мүмкіндігіне қарай оны алдын ала дайындап, бастырып қойсақ деген ойдамыз. Соған халық құрметтеген абайтанушы ғалым өзіңіздің атсалысуыңызды сұраймыз. Бүгінгі оқырман мен келесі ұрпақа ескерткіш болып қалатын оншақты беттік мақала жазып, редакцияға жолдасаңыз ғанибетті бір көмек болар еді. Бұл мақала «Абай әлемі» деп аталатын беттің беташары болады деп отырмыз. Бүгінде Абай, Мұхтар, Қайым есімдері жұртқа үндес ұғымдай естіледі.

Біз бұған мақтанамыз. Өтінішімізді аяқсыз қалдырмассыз деп үміттенеміз.

Құрметпен «Семей таңы» газетінің редакторы
Аманғали Жақсыбаев.
Семей. 13.06.1995ж.



Сәлем хат.

Аса құрметті Қайым аға!

Денсаулығыңыз жақсы ма? Ел-жұрт, бала-шағаларыңыз есен-сау ма?

Сізге хат жолдаушы бейтаныс, бейтаныс та болса сізді сырттай амандығыңызға тілектес болып жүрген бауырыңыз Аман Мұхатаев.

1. Менің сізге хат жазу себебім ертеде Тұрсын Жұртбаевтың Сәбит Мұқанов туралы естелігін оқыған едім. Онда сіздің руыңыз «Уақ» депті.

2. Біздің әкелеріміз 1924 жылы қазіргі тұрған жерімізге тағдырдың тәлкегіне ұшырап қоныс аударыпты. Тоғыз ағайынды екен. Отан соғысында жетеуі мерт болыпты, екеуі ғана оралыпты.

Әрине жеті атамды білеміз. Әкем руымыз «Уақ». Ұранымыз: Ер Көкше, Ер Қосай дейтін. Біздің жақта Жамбыл, Шымкентте басылған шежіре бар, онда «Уақты» құрама ру, Қырғыздан, Монғол, Ойрат тайпаларының ұсақ бірлестігі деген, әрине бұл мен үшін қорлық.

Қырғыздың халық эпосы «Манаста» Ер Көкше, Ер Қосай батырлардың ерлігі айтылады, онда Қазақ батыры делінген, осы кісілер біздің бабаларымыз емес пе екен?

Сізден өтініп сұрарым маған Уақтың шежіресін толық етіп салып жіберіңіз. Бұндағы қырық шақты бауырларының тірлігінде сізге риза болып, мәңгүрттіктен құтылар едік.

Өзім туралы: 1946 жылы туғанмын, мамандығым: мал дәрігерімін.

Алты ұл, екі қыз балам бар.

Тұрған жерім: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Құмөзек ауылы.

Мұхатаев Аман.

Сізден қателігіме кешірім сұрап, хабарды аңсап асыға күтуші бауырларыңыз.

14 апрель 1994 жыл.



Құрметті Қайым Мұхамедханұлы!

Қазақстан Компартиясы Ұржар аудандық комитеті мен халық депутаттары Ұржар аудандық Советінің

атқару комитеті Сізді туғаныңызға 75 жыл, шығармалық және ғылыми педагогикалық қызметіңізге 55 жыл толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Халқыңыз Сізді алдымен отаншыл ақын деп танып Қазақ ССР Гимнінің авторы ретінде Сіздің творчествоңыз әдебиетімізде өзінің лайықты орнын алып отыр.

Ал ұстаздық жұмысыңыздың нәтижесі мыңдаған шәкірттеріңіздің жүрегінде алау боп жағылған сізге деген үлкен жалынды құрмет деп білеміз.

Ғалым-энциклопедист ретінде бүкіл ғылым дүниесіне өзіңізді анық мойындаттыңыз. Сіздің абайтануға сіңірген еңбегіңіз халқымыздың рухани қазынасына қосқан аса үздік үлесіңіз. Әсіресе жерлесіміз Әсет Найманбаев туралы үзбей жүргізіліп келе жатқан ғылыми жұмыстарыңыз біздің жүрегімізге жылы, көңілімізге жақын.

Заман зобалаңына ұшырап, тарихи шындық үшін арыстандай алпарысқан ерлер қатарында болып, нәубетке қарсы жартастан қасқайып ақырына дейін қарсы тұрған табандылығыңыз бен ерлігіңіз еліңіздің жүрегінде.

Бүгінгі 75 - ке толған жасыңызда Сіз Ертіс өңірінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының мақтанышына айналдыңыз.

Сізге зор денсаулық, творчестволық табыс тілейміз.

Қазақ депутаттары Ұржар аудандық
Советі атқару комитетінің төрағасы: **Д. Сеилханов.**

Қазақстан Компартиясы
Ұржар аудандық комитетінің
бірінші хатшысы: **Ю. Барычев.**

Ұржар селосы. 3 январь. 1991 жыл.



Аман-есенсіз бе, Қайым аға!

Сізге хат жазып отырған (28.02.90 күні телефонмен сөйлескен) – Архат ауылынан Ермек Шарипжанов.

Ең бірінші, өзім туралы сізге айтатыным: осы ауылдың негізгі тұрғынымын. Ұлы Отан соғысы қарсаңында (1939 ж.) туғанмын. Әкем соғыстан қайтқан жоқ. Шешем бар. 1965 жылы Семейдің Зоовет институтын бітіріп, әртүрлі қызметтер атқардым. 1982 жылдан 8 жыл осы совхозда директор болып қызмет істедім. Қазіргі уақытта, осы үш айдан бері совхозда халықтық бақылау комитеті председателі болып істеп келемін. Семьялымын, балаларым бар.

Туған жер деген ыстық. Отан ошақ басынан басталады. Кір жуып, кіндік кескен жердің өткен тарихын білу, білгенінді кейінгі ұрпаққа қалдыру әрбір азаматтың абыройлы борышы деп түсінемін. Сондықтан ауыл азаматтарымен ақылдаса келіп: кезінде жөн білетін үлкен ақсақал адамдарды пайдалана алмай қалдық, өзіміздің әркімнен естіген дәлелсіз әңгіме негізінде бірдеме жазып қалдырсақ, өткенге қиянат болар. Олай болса, өткен өмірден, тарихтан ғылыми түрде мағлұматы бар және соны дәлелді түрде жаза алатын бірден-бір адам – Қайым аға – өзіңіз деп есептедік.

Сіздің шығармаларыңызбен, мақалаларыңызбен таныспын, оқып жүремін.

Сіз де абайтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі болғандықтан, үлкен, бай тарихи деректер бар деп есептеймін.

Сондықтан, Архат-Орда өңірінде өткен тарихи деректер туралы, әсіресе 1940 жылдарға дейінгі оқиғалар, тарихи адамдар туралы жазып берсеңіз. Басқада сізге деген құрмет болады, әрине ең үлкен құрмет – халықтың ықыласы, сізге деген шынайы мейірі, жақсылық тілеген шын ризашылық сезімі деп қабыл алыңыз.

Архат өңірі – тарихи өлке. Батырлар ауылы деп мақтан тұтамыз. З.Белібаев, С.Бекбосынов – Совет Одағының

батырлары болса, осы өңірде туып, бірақ басқа жерден еңбек зейнетін көргендер: Соц. Еңбек Ерлері Бекенбай Абжанов, Оразғали Қазанбаев, Жұмағайша Жакиналар, қазіргі ауылымыздағы тірі батырлар: Соц. Еңбек Ері Болат Бағдатов, Еңбек Даңқы орденінің толық иегері Өртқали Қасымжановтар – ауыл мақтаныштары.

Павел Кузнецовтың 1945 жылы жазған газеттегі мақаласына арқау болған «Шыңғыстаудың Баяны» - Баян Байғожинаны осы ауылдың өрені деп иемденіп жүрміз.

Совхоз орталығында З. Белібаевтың 2 бюстісі орнатылған. Соғыстан қайтпай қалған 120 боздақ ағаларымызға жауынгерлік Даңқ аллеясы жасалынған. Мамай батырға, Архат бекетінің басына жерленген 1919 жылғы ақтарды қуған қызыл әскерлердің туысқандық зиратына, С.Бекбосыновтың туған жеріне міне осындай жерлерге мемориалдық тақталар орнатқан едік. Орта мектепте кішкене ғана жасалынған музейіміз бар.

Қайым аға! Айтар нәрсе көп, осы бір кішкене хатқа бәрін сыйғыза алмаймын. Дәм тартса, соғыстың аяқтал-ғынына да 45 жыл толады, оның үстіне 9-майды сов-хозда халықтық мейрам ретінде жылда атап өтетін дәстүріміз бар. Міне, осы мейрамға сізді қонаққа арнайы шақырамыз. Келетін боларсыз.

Қайым аға! Кешіріңіз, сіздің алдыңызда білгіш-сінгендік те сыпайылыққа жатпайды. Дегенмен сіз «жә» деп осы аманатты қолға алып кетсеңіз, төмендегі мәселелер қамтылса деп пікір білдіргім келеді:

1. «Архат» деп жердің аталуы. Кейбіреулер Қозы Көрпеш – Баян сұлу аттарымен байланыстырады.

2. Архат – Орда өңіріне елдің қоныстануы, Мамай батыр туралы. Ақымбет руы, өзбектердің (сарттардың), орыстардың қоныстануы.

3. Архат бекетінің орнығуы, қазақтардың орыстарға бағынуына байланысты Архат бекеті административтік орын болғанға ұқсайды. Қандай үкіметтік мекемелер

болды екен? Телеграф-байланыс жүйесі қай жылдары салынды екен?

4. Архат бекетінің басында орыс зираты бар. Зират басындағы құлпытаста былай деп жазылған: «Здесь покоится тело Владимира Василиевича Каргина. Скончался от роду 55 лет. 6 июнь 1915 г.» Осы адамның кім екенін анықтайтын дерек болса.

5. Сіздің Ш.Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына байланысты «Семей таңы» газетіндегі мақалаңыздағы сарттар: Боқаш Аупбаев, Мұсабай Тоқтабаевтар жайлы қызықты деректер бар еді. Осы туралы толық жазсаңыз. Тоқтабаевтар фамилиясымен осы жерде біраз адамдар тұрады.

6. Архат бекетінің үстімен өткен тарихи адамдар туралы. (Семенов-Тянь-Шанский, Янушкевич, Ш.Уәлиханов, Потанин және т.б.).

7. Архат бекетінде Абайға байланысты қандай оқиғалар болды екен: Қопа деген жерде Абай билік айтқан деген тұғыр тас бар. Абдрахман мүрдесінің әкелінуі.

8. Сым тас, Күйме тас деген тау аттары бар. «Сым-тас» деп аталуы – телеграф бағаналарына «опора» - тас дінгек алған дейді.

Күйме тас – биік шың тас. Боран ақсақал шығып, Семейді көрген деген аңыз бар.

9. Орда тастағы Еңлік – Кебек тығылған қуыс тас. Әйгерім ауылы Шілікті кезең. Жалпы «Орда» деп аталуы неге байланысты екен.

10. Революция - Азамат соғысы кезіндегі Архат-Орда өңіріндегі тарихи оқиғалар.

Сіздің «Комиссар Ғаббасов» туралы еңбегіңіздегі қызыл әскер бөлімшелерінің (осы Архат арқылы өткен) аты-жөні болса, «Қызыл қырылған» деген жер аты әлі бар. Осы жөнінде қандай деректер бар екен. Ащысу бойында «Жеті орыс кеткен» деген қарасу бар. «Анненков теміржолы» деген белгі-орындар туралы мәліметтер болса.

11. Орда-Архат өңіріндегі алғаш мектептер. Архат бекетінде 2 жылдық орысша-қазақша мектеп болған деген сөз бар. Орда да 1928 жылдар ашылған (Садық Қасиманов) мектебі болған дейді.

12. Осы өңірлерде Құнанбай, Абай, Мұхтарлармен аралас-құралас болған қандай адамдар болды екен? Олар туралы қандай әңгімелер бар екен? Балқан Нұрмағанбет, Тәуірбек, Ақтайлақ, Мұсабай болыс?

13. Архат тауларының бөктерінде ең алғаш «Земство» болған деген жер бар. Алаш Қозыбағаровтың әкесі дәрігерлік құрған деген сөз бар.

14. Омбы-Семей-Верный жолы (Сергиопольская трасса) бойындағы бекеттерден осы совхоз территориясында, Қызылмола, Архат, Алжан деген елді мекендер болған екен. Осылар туралы деректер болса.

15. Осы өңірге байланысты колхоздастыру, Ұлы Отан соғысы басталғанға дейінгі тарихи дәуірлер туралы қандай деректер бар екен.

Міне, Қайым аға! Осы білгірлікті ойымыз іске асса, сіздің де, біздің де ұрпақ алдындағы атқарған аса бір тарихи маңызы болмаса да, шынайы азаматтық борышымыздың өтеуі болар еді деп ойлаймын.

Шынайы інілік ізетпен сәлем жолдаушы

Ермек Шарипжанов.

Архат селосы. 05.03.1990 ж.



Қадірлі Қайым бауыр!

Тірлігінді, тіршілігінді «Қазақ әдебиетінде» басылған мақаланды оқып, әлі де ауыр еңбек істеуге мұршанның барына қуанып отырам. Тіршілікті баспа арқылы білдіріп тұрғанға не жетсін.

Бала-шаға аман, мен де ептеп жазып бер деген тапсырмамен білгенімді жазып тұрам. Ахмет Байтұр-

сыновпен әкем бір класта оқыған алты жас кіші болса да. Осыған байланысты жазушы азамат «әйелі кім еді?» деп сұрауына байланысты, шешем мен әкем әңгімесінен Семейдің бай татарының үйінде пәтерде тұрғанда түрмеге түсіп, сол үй қожасы тамақ беріп тұрыпты. Патшаға қарсы адамға көмектестің деп қудалаған соң қорқып, қызының күтушісі тамақ апаруын тоқтатпай барып жүргенде: «Осыдан аман босасам, жәрдем берген жалғыз татардың қызметін өтермін» – дегенде қыз: «асты доғармай тасып жүрген өзім ғой, байды полиция қорқытып, ол тасыма деген», – депті.

– Онда, досым сен болдың ғой, менің босауымды неше жылға кесілсем де күт! – деп ақыры тоғыз айдан кейін жер ауасың деп, өзі Орынборға ауайын депті. Қызға үйленуге татарлар көмектесіпті, татар байының Бадрисапа атты қызы қайтыс болып, соның атымен, орыс қызын дінге енгізіп некелепті дейтін. Ақыры сол рас болды. Ахаңның әйелі Бәдрисаға Мұхамбет Салыққызы Байтұрсынова деп жазылыпты паспорттында. Ахаңнан бес жас кіші. Документте Ахаңды 1872 жыл десе, әкем менен бес жас үлкен еді дейтін. Әкем 1877 жылы туған.

Сонымен, Мұхамбетсалық деген кісі 1909 жылы Ахмет үйінде тұрған адам болды ма? Бәдрисапа жайлы айтылған семья сырын нотариус, мешіт жазбасынан қалай анықтауға болады? Білетін тарап табылар ма екен, Мұхамбет Садық деген татарды? Реті келсе сұрастырсаң дегенім ғой. Саған да бұл дерек тіпті керексіз көрінбес. Ал, маған бір семьяның тағдыры ерсі көрінбес деп кешірім сұраймын.

Сау-саламат кездеселік. Жауап хатыңды асыға күтуші **Данаш Байқадамқызы Қаралдина** ғой.

Хош-сау бол.

01.08.1991ж. Алматы.



Жолдас Қайым Мұхамедханов!

Амансыз ба?

Бұл хатты Сізге жазып отырған адамды танымайсыз. Мен Үміт Ғабдолкәрімова, Гурьев облысы, Эмбі ауданында Құлсары деген жерде тұрамын. Пенсиядағы адаммын. Өткен жылы яғни 18.10.1989 жылы Сіздің атыңызға және «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына арнап хат жолдағанмын. Жауап ала алмадым.

Міне, екінші рет хат жазып отырмын. Мүмкін, кейбір себептермен хат Сізге жетпеген болар деген оймен. Хат жазу себебім: Сізге, семьяңызға, барша қауымыңызға көп рахмет айтамын. Аналық, апалық, жүрегіммен Сізге бақыт тілеймін. Өміріңіз ұзақ, творчестволық еңбегіңіз жемісті болсын!!!

13 октябрь 1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Сурет сыры» деген Сіздің мақалаңыз және көп адам түскен фотосурет шықты. (Ішінде Ахмет Байтұрсынов бар). Сол суреттің ішінде біздің әкеміз Қарабалин Ғабдолкәрімді біз танып, бүкіл семья қатты қуандық. Ол сурет ертеде 1916 жылы түскенін білесіз. Біздің әкеміз сол суреттің біреуін сақтап, бізге балаларына талай көрсеткен. Ол кезде кітап сақтайтын сөре, фото сақтайтын альбом жоқ еді. Сурет үйдегі кітаптар арасында жүретін. Әкеміз мұғалім болған. Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Кермақас, Қарабау, Тасшағыл, Қаракөл мектептерінде 1920–1937 жылдарда оқытушы болған. 1937 жылы «Халық жауы» деп әкемізді 1–2 ай жұмыстан босатып, бір күні ұстап әкетті. Мен ол кезде он үш жаста Қарақол орталау мектебінде 5 класта оқитынмын. Әлі есімде сабақ үстінде кластан шығарып алып, Илияс, Бейімбет Сәкендердің кітаптарын ертең жіберіңдер деген еді. Сол кеткеннен Орал түрмесіне қамалды. Содан хабар болмады. Біз «халық жауының семьясы» атанып көрмегеніміз жоқ. 1940 жылы ВЛКСМ қатарына өте алмай сорладым.

Биыл Орал облысынан шығатын «Орал өңірі» газетінің (октябрь айының 2–7 аралығы) «Әділеттілік

қалпына келтірілді» 1937 жылы жазықсыз жазаға ұшырап, ақталғандар деген атпен әкеміздің фамилиясы шықты. Газетте былай деген: «Қарабалин Ғабдікәрім 1891 жылы туған, нақты қызметі жоқ, 12 ауыл Совет Тайпақ ауданы деген. Әкемнің соңғы қызмет жасаған жері: Қызылқоға ауданы, Қарақол орта мектебі, кейіннен 1947 жылы Гурьев облысына қарады. Орал облысы газетінен шығу себебі 1937 жылы бұл жер Оралға қараған еді.

Тағы да қайталап айтам, суретті еңбектеніп іздеп, газет бетіне бастырып хабарлағаныңызға рахмет.

Үйіміздегі әкеміздің суреті сақталмаған. Кітаптарды өртегенде бірге кеткен. Өйткені ол кезде бізге қорқыныш туды ғой. Оны Сізге жазып жатуды керексінбей отырмын. Сізге сол әкеміз түскен суретті көбейтіп алып едік, біреуін осы хатқа салып отырмын.

Анамыз Хадиша сексен бес жасында 1981 жылы қайтыс болды. Біздер төрт бала едік.

1. Үміт 1924 жылы туған, жоғары білімді, пенсияда.

2. Мүгілсін 1928 жылы туған, арнаулы орта білімді, пенсияда.

3. Сабыр 1935 жылы туған, жоғары білімді, Құлсарыдағы А.С. Пушкин атындағы орыс орта мектебінің директоры.

4. Ғалымжан 1937 жылы туған, арнаулы орта білімді. Мұнай су айдау станциясының бастығы.

Сізге алғыстан басқа айтарымыз.

Сау-саламат болыңыз.

Керексінсеңіз адресіміз:

Гурьев облысы, Эмбі ауданы,

п. Құлсары 2 м-аудан Жазықбаев көшесі 10-2

Ғабдолкәрімовтар.

12.11.1990 ж.



Құрметті Ғабдулқайым аға!

Елдеріңізде өткелі жатқан Қабанбай батыр бабамыздың тойы құтты болсын.

Өзім батыр болмасам да, Батыр бабаның тойын Сіздермен бірге тойлағым келетінін Сізге білдірейін деп отырмын. Кешірім, ініме сәлем айтарсыз.

Ініңіз құрметпен
Қасым Қайсенов.
16.07.1991 ж.



Ассалаумағалейкүм, қадірлі Қақа!

Алматыға барған бір сапарымда 1992 жылы Сізбен телефон арқылы сөйлесіп, жерлес өнер қайраткерлеріміз Естай, Иса, Майра т. б. туралы қолыңызда бар құжаттарды мұражайымызға алғымыз келетінін айтып едім.

Өзіңізде кімдер туралы, не бар екенін хабарласаңыз жақсы болар еді. Қимас құжаттарыңыздың фото немесе ксерокөшірмесін, басқаларының түпнұсқасын мұражайға алар едік.

1939 жылы Естай Сіздің үйде болған ғой. Өкінішке орай, Есекеңнің туған жылы да (1863, 1868, 1870, 1872, 1873, 1874 болып) әртүрлі көрсетіліп жүр. 1970 жылы 100 жылдығы тойланды. Енді биыл 125 жылдығы деген сөз шыға бастады (композиторлар одағына мүшелікке түсерде кадрлар листогіне 1968 жылы тудым деп көрсеткен).

Осының анық-қанығын Сізден білсем деп едім.

Екіншіден, Естайды ақын деушілер, айтысқа қатысты деушілер көбейіп барады.

Үшіншіден, баспасөзде жарияланған мақалаларда аты аталған әндерге қарағанда, Естай шығарды деген әндердің саны қырықтан асып кетеді екен.

1939 жылғы 5 январьда «Социалды Қазақстанда» Қасым Аманжоловтың Естай туралы мақаласы жарияланған екен. Өкінішке орай, Академия мен ұлттық кітапханаларда осы мақаланы қиып алып кетіпті. Мүмкін Есекеңнің туған жылы, туған жері туралы содан бір деректер табылып қалар деп үміттенген едім. Өткен жылы Естай Ақмола облысында туған деген пікір де айтылды «Егеменді Қазақстанда».

Облыстық «Қызыл ту» газетінде Естай 1934 жылы Қорланға жолықты, Қорланның жолдасы қой сатып, қонақ етіп, иығына көк шапан жауыпты деген мақала шықты. Илья Жақанов Естай 1931 жылы Қорланмен Шұқыр ауылында жолыққан дейді сол радио-очеркте. Төлеутай Ақшолақовқа 1939 жылы «Қорланды содан кейін қайтып көрген емеспін» депті.

Осы айтылған жайлар жөнінде Сіздің тұжырымыңызды білгіміз келеді.

Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайының ғылыми қызметкері
Айтжан Бәделханов.



Ассалаумағалейкум, Қайым аға!

Амандықта боларсыз? Денсаулығыңыз қалай? Үйішіңіз, бала шағаңыз, туған-туыстарыңыз амандықта болар?

Келген Жаңа жылыңыз құтты болсын! Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілеймін. Ал, өзімізге келсек, тегіс амандықтамыз. Өзіңіз туралы материалым «Дидардың» 4 қаңтардағы санында жарық көрді. Өзіңізбен болған әңгімені, берген құжат-материалды, кітаптарыңыздағы деректерді мүмкіндігімше толық пайдалануға тырыстым. Журналистік ойдың артық кемі болса, алдын-ала кешірім өтінемін. Семейдегі меншікті

тілшіміз Даулет Сейсенге газетті апарып бер деп едім, асығыс Алматыға аттанып бара жатыр екен. Хат көп жүріп қала ма дегенім ғой.

Ал, аға, хабарласып тұрыңыз. Деніңіз сау болсын!

Өзіңіздің Азаматтығыңызға,
Ғұлама Ғалымдығыңызға, Талабыңызға,
Мәрттігіңізге бас иетін бауырыңыз **Уалихан Тоқпатаев**.
Өскемен қаласы. Крылов көшесі, 68 үй, 72 пәтер.
2000 жыл. 5 қаңтар.

Глубокоуважаемый Каюм-аға!

Поздравляю Вас с Новым 2001 годом, началом нового тысячелетия. Желаю Вам крепкого здоровья, отличного настроения, свершения всех Ваших творческих замыслов.

Каюм-аға! Вас удивит моё письмо, однако, прежде чем его написать, более месяца обдумывала своё решение. Найдя Ваш адрес, пишу его, чтобы выразить Вам слова искренней признательности и дочерней благодарности за память о моем отце. Спасибо Вам, что Вы воскрасили имя доктора Асылбека Сеитова, в течении 63-х лет вычеркнутого из истории казахского народа, несмотря на то, что он был одним из достойнейших сынов Отечества!

Я благодарю Вас за то, что Вы произнесли с высокой трибуны на конференции по случаю 1500 летия поэмы «Козы Корпеш и Баян Сулу» имя Асылбека Сеитова, одного из первых интеллегентов из казахов. Судьба так распорядилась, что родилась я через полгода после расстрела отца. Долгие 60 лет ждала его возвращения. Мама - Нафия Садвакасовна Черманова умерла 9 апреля 1939 года. Сестре Розе в то время было 15 лет, мне 8 месяцев. Круглые сироты проживали с клеймом доче-

рей «врагов народа», мы чтим память об отце. О том, как мы жили и выжили, я написала в документальной повести об отце и его окружении в журнале «Простор» №4 за 1999 год.

Всем хорошим, что я имею, обязана своей сестре Розе Асылбековой. Я трепетно её любила, боготворила, она была добрым, светлым человеком. Очень жаль, что её сейчас нет, умерла 26 февраля 1994 года.

Только с 1997 года, благодаря Указу Президента РК представилась возможность написать статьи об Асылбеке Сеитове в республиканских газетах, сделать несколько передач на телевидении, казахском радио.

В г.Алматы увековечена память о докторе Асылбеке Сеитове установлением мемориальной доски на здании поликлиники №5 по ул. Макатаева №141. Перед арестом он открыл эту поликлинику, был первым ее главным врачом.

В Семипалатинске мой отец был 15 лет заведующим Губздрава. В течении 4-х лет я веду переписку, хлопочу об увековечении его имени там.

Решением городского маслихата и акима г. Семипалатинска №37-7 от 28 сентября 1999 года ул. Заводская (затонская часть города) переименована именем Асылбека Сеитова. Однако до сих пор решение не выполнено.

Каюм-аға! Я счастлива, что нашла Вас, человека, помнящего моего отца, разговаривавшего с ним, Вы встречались с ним в **вашем** доме в 1934 году. Спасибо за память!

5 января Ваш славный юбилей, 85-летие, о нём я случайно узнала от Бекболата Жансеитовича, председателя Ассоциации жертв политических репрессий.

Поздравляю Вас с этой замечательной датой.

Сау сәләмат болыңыз!

Сейт Клара Асылбекқызы. 2 января 2001года.
Мой адрес г. Алматы, ул, Фурманова №177, кв. 10.



КАЗАК ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ



ИНСТИТУТ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Алматы, Киров көмесі, 89 ұй.
Тел. 25-92; 26-28; 13-32.

г. Алма-Ата, ул. Кирова, 89.
Тел. 25-92; 26-28; 13-32.

№ 58-173

26 октября 1956 г.

ДИРЕКТОРУ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ИНСТИТУТА

КОПИЯ: Тов. МУХАМЕТХАНОВУ Х.

В плане Института языка и литературы АН КазССР предусмотрено рассмотрение доклада тов. Мухаметханова Х. о новых стихотворениях Абая, а также его перспективные планы научно-исследовательской работы в области заведения. При первой возможности мы просили бы комедировать его в Алма-Ата сроком на один месяц.

Директор Института языка и
литературы АН КазССР, академик
Академии наук КазССР

Кенесбаев
С. КЕНЕСБАЕВ



Күрметті Көке!

Есек-сауымз ба?

Бул катти жаап отурбак — Алматыдак, Анселеу Сейдімбеков дегек тілеулесікіз. Сиртыққабдан көп көргек, көп білетік, көкірек көзі олу, ой-ниеті тузу қарттартамыздақ, бірі деп естүмі едім. Семей тақтан қара көрікесе Сіздің сауымадабақызба алақ көкірек күлақтас болып отырамыз. Кейін ниет есейі болғанмен де, дәл қазір кат жаза қармак дегек оі жок еді. Алайда, Сіздің «Бұқар таруақықызба» оқыван етк үкеіз қалудық ретін танныдым.

Ел өмірі, қалақ табырғақа қатараста мақалдай болса да игілікті істік тандырылуы дор қуакыш көп. Көп оқуымакк бірі ретінде Сіздің мақаланызба дегек қуакышымды, аялас-рақметімді білдіріп отырмын.

«Бұқар таруақ» — естімен тандырылған, әлі тасай-талмай ұрпабымызба мойысқ бурванзатан елеулі еқбек. Жікір-дәлелдерікіз шабар күндей мақалымдыменек баурайды. Жақын отырбак тақырып төкіндегі қабардармынақыз, дурғанба-еотқба мағлұмат иелеріке дегек кісілікті түзінулерікіз, ойда түбімі арбітін, қат-қатамен түзіруікіз, кесек-кесек ұсанкыс-кікірчермен оі түйдерікіз — Сіздің мақаланызбадан баытқ аман, көптің көкірке қомақтатумен бірге, Сіздің өзікіздің де үлкен түректі аясақалымыз екенікізді мойындытпн отыр. Төкірім бойықызба қуат беріп,

көкірек көмбеліздегі асылдар сәтімек
баршакық куақыш-игілігіме айқалыққа
мар болсақ!

Каталиннің соқинда өңіңізге деген өті-
нішінді айтқым келеді. «Букар жарғау»
мақалаларында Ерлі мағжан Қытайық
Жықтай батыр туралы, Қалбай ақын
мағжан Ақсай туралы «Сабамақ» атты
поэмаларды атапты. Сондай-ақ Қы-
тайық Бөкенбай батыр туралы да ата-
жаным жылдары жарты көрген поэмалық
бар екенің білеміз ба. Егер мүмкіндігіңіз
болса осы поэмалардың бір-бір көшірме
баспақым салып жіберсе аласың ба? Бір-
сыба ақын шарға бар еді, сол үшін ХІІІ ға-
сырдағы батырлар, қаңдар, жарғау-шешендер,
дәнер, ару-діндер туралы мағжан өлең,
дастан, тәріз құлақтарың мейлінше қызық
болып отырарың.

Әрине, түрлі себептер мүмкіндігіңіз кел-
месе ешқандай өкпе жоқ.

Құрметті: Кәне, осы хаткек бірге маған
бір шағалық еңбегіңді салып отырарың. Бірқашы
дан, өңіңізбен таңқаларыңа дәкер болсақ,
еңбегіңден сізге деген құрметіме белгі болса
деген ниет еді.

Каталиннің күтемің.
Сау-сауық болсаңыз!

Құрметпен — Аманжол Сейдімбетов

12. VIII. 82 ж.
Аманжол.

قاتل
 31 وکتبا کرده
 1982 قاتل
 مایان
 خلی
 مایان

ارداتن تایم

کوبه ساله م
 بر بالاک قاییشی بولمانت ه ستم
 تو بیرای تو رقا بولسه وزده ر
 قوانیشی تومر به
 بوخار جراتوهه مؤختار توارال جانماندا
 نلا زور اقلکا کله دی . علمکیم بوزی من
 جاقس جانکات ه که نلا بايقالادی . بروت بوخار
 جراتودنلا کاب جاک ولگنی الی ایشیت ه سس
 ونی جاقس بلیت جانیشلا اکه سی جانتاب ه ده
 ول کسی نلا ایتو نیشا ابلا دات ه کی جاک کبیه
 اولدی ده ب و تراش . ول 1783 جاک بوخار دنلا
 199 که لگه جاک بولنو که راک . جوسن توارال
 ماشور جوستیک قویان ایلارس قایرا وقت ایشیت
 ایشیت جیرک بارما که که . نبلو که راک
 به ب و شس توم ه تب جانکات جازاق
 کالین نلا ونه ری الی شتقکات جوق ایشیت
 بر ه لانا تیپوگی امیا سنا پستو توشن که شتگی
 جاتر . نلا هه ب ستر کله توارال بر کسکه نه کن
 جازدم ه و دا شتقیاتی که یه الارس - ولار کدا
 کوز سالارسه .

الگه مار بولان

Қашғары Мұхтар аға!

Әлімұр
Келіңіз
Қашғары

19/1 Москвадан шыққан кәсіпкерлердің бұқаралық
Менің ойымдағы өзіндік пікірлерімді қойып беріңіз.
Кінәнің саясаты менде шайқалдың сезінісімен
түскені шайқал бар.

Науқастың қызметі шайқал емес. Сіздің кәсіпкерлер
сергіндік әдістері. Енді бұдан бөлек кәсіпкерлер Қашғар
інісіңді қалайша өскен ұмытпаңыз.

Үй-ші алаңшылық
Бұл ұстаз қы-шұрғыс шайқалдың аралықтары.

«Қызыл жұлдыз» журналының бірінші санында
Домоголовский А.Н. Ташкент шайқалында шыққан кітап
шығарып, А. Шұрғал «Восточный фронт» елге
ақпарат бергені.

Бұл екі кітаптан Н.И. Домоголовский
А.Н. Ташкент шайқалы, көрісетін, бөлісетін ақпарат
өзіндік пікір қояды.

Менің ұсынысым болса осы екі кітапты
кітаптан, Домоголовский мен (Генерал Домоголовский)
барлық мақсатым үшін. Осы өзіндік пікірлерімді. Енді қашқар
қайтадан осы мақсатпен шығарып беріңіз.
2-ші саны, Домоголовский А.Н. Ташкент шайқалы
ташкент шайқалы және А. Шұрғал кітабының
әр екі санының көшірмесін жібердім.

Ася Шұр
«Восточный фронт»
шайқалының
кітабы - 1928 г.

Қашғары 2000

7 080 1743

АЛМА-АТА 21/401 7/4 14 0619-

Прочитано
29.04.88
Камин

н/е

СЕМИПАЛАТИНСК КАРЛА МАРКСА 155 КВ 12 МУХАМЕДКАНОВУ-

ПОЗДРАВЛЯЮ ШАКЕРИМ РЕАБИЛИТИРОВАН ДИРЕКТИВНЫМИ ОРГАНАМИ ПРИВЕТОМ-
ШАРИПОВ-

НННН 110. 1. 07.04.88 06.42

01 238---/02КНС*

01 238050/08ЛОС

كايته بايگانه نه كه ستمه س
 قوتت بولست اياميني
 ديلم نه اچي - بول نه شي
 كادالوب . ساكاه قول قول تولا يون
 سولب ودم (سول) د بيلگه بولگانه
 كازير كك ده قول نه سورگانه
 با ستر ب سولب ودم
 بايگانه نه كه س . بايگانه
 نه ودم سورگانه نه كه س
 درسا سولب ودم نه كه س
 سولب
 سولب
 1988 31*
 3.17960.
 Бен Сулейменов
 Есеп (Есмағамбет) Асманов.
 X.88.

19.02
1954г.

г. Семейпалайице

ул. Сталина, 125,

кв. 13.

Мухамедханову Манбеку

Карганда
ай Забдулками



Заназисе



Куда Карандинская

ул. Карабал

д/к кв. № 246 Б/к

Кому

Мурсатеджанову

Абдулханову

222

Адрес отправителя:

г. Семейпалайице ул. Сталина
125, кв. 13. от Мурсатеджанова

Москва

Государственная ордена Ленина Библиотека
СССР имени В.И. Ленина

Зав. отделом микрофотокопирования

Разрешите, уважаемый товарищ, приве-
знуть к Вашей помощи визготовленные
фотокопии с музейных книг:

1. „Макси чигий“, „جاتسي و تسي“,
Казань. 1908 г.

+ 2. „Мураш акинни Тумар казига
сийзани“, „موراد آقيني تور تارغا“
آيتقا نه
Казань. 1908 г.

- 3. „Коксиндер“, „كوكسندر“
Оренбург. 1910

- 4. „Цаир Яки казах акиндаринин
басийи мирлари“, „تاراجي“
Оренбург. 1910.

- 5. „Акын“, „آقن“,
Казань 1912.

Фотокопии и негативы прошу выслать
наложенным платежом по адресу:

490050, г. Семипалатинск,

ул. Карла Маркса, 755, кв. 12.

Мухамедханову Абдулкаюму.

Отлапу наложенного платежа гарантии-
рую.

Мухамедханов.

30. I. 1980.



АКАДЕМИЯ НАУК СССР
ИНСТИТУТ НАРОДОВ АЗИИ

Издательство Восточной Литературы

Москва, Центр, Армянский пер. 2
тел. В 8-34-91, Б 1-61-23

№ 125-21 " 12 " марта 1964 г.

г.Семипалатинск, ул.К.Маркса, 155, кв. 13
Мухамедханову К.

Уважаемый тов. Мухамедханов!

Книга "Турко-монгольское языкознание и фольклористика" будет Вам выслана. Словаря Л.В.Будагова, также как и тематического плана на 1964 г. в Издательстве нет. I часть второго тома сочинений В.В.Бартольда уже вышла из печати. Посылаем Вам список книг по языкознанию, имеющихся у Издательства в наличии.

С уважением
Редактор

Новакова /Новакова/

Балалар бір-бірімен алашаңдағандай, бірін-
бірі алаңмен көріп емес, ақындағы, көмекші-
сің шұрақтың болсын. Азғы-өзі ілаңы-ілаңы
болсын. Ақздарына аман сөз алмасын!

Тәртіпті, іс-шаралары болсын! Осыны өздеріне
оқуы ұялдар. Мәні шын алаңмен көрсө,
аман-есем ілаңыңа ілаңмен болумен бірге,
осы алаңыңдарыңды бұл қолыңды орындағын!
Саған көмекшісің, алаңыңды (сөзің, емес),
ілаңыңды алаңың шұрағын. Бісі ілаңыңа алаңың-
балың болсын! Осы алаңыңды орындай
ақздарың маған да алаңың болды. Мәні де
ілаңыңды көтеріңің ақздарың ақздарың.

Ілаңыңда ақ ілаңың алаңыңды көрсө - алаңыңда
де бір ақзды өмірің алаңыңды, алаңыңды алаңың
болсын. Не болса да шын алаңыңды болсын.


Сүйсіңсің балаларың! Сендерде маған ілаңыңды
көрсетің көмекшісің, осы болды. Сендерге
ақзды борыңды өмірің көй. Бірақ аман алаңың.

Аман-есем көрсетің! Өміріңде бәрі де ілаңыңды.
Шыңдау көрсө. Алаңыңды, алаңыңды көрсө.

Аман алаңыңды алаңыңды алаңыңды болсын.
16/11/1952. Бәріңдеріңді сүйсіңсің! Ілаңыңды

Тілаңыңды

Партизан Великой Отечественной войны
Касым Кайсенов



Хурматлы Табулуканов ая!
 Бодоргошгоде откени кезден уйдалбай батар
 багадан ботар урты урты болган.
 Союн батар болмасада батар бабагы
 трийн сиздертен бире жойлоткы колорун
 Сизге билдирейин деп уурткан.
 Коштрим бичине болон айттарас.

Ингуз
 Курметен
 Кайсенов
 16. 7. 91 ж.

Толукдуз өз туруксуз Күйсөндү берген
 болгон айткан өлөң - Айтканду
 өзү Кайсенов
 22 III 78 ж.

Куда 2. Семейнага.
 ул Карло Маркса
 155 кв 12
 Мухамеджанов
 Кому

Толукдуз, ел өчкөн
 Билеш - Бейбарис
 жибенчиге айланган

СССР ПОЧТА СССР 4 КОП
 27 279 11 16 5
 ЧИСК СЕМПА

Индекс предприятия связи и адрес
 отправителя 491000
 2. Марск
 ул 8 марта 25
 СССР

490050
 Индекс предприятия связи места назначения

Qulparöp Sañeg, cogta Çarnap tu, çy, an, 18
Aşpanda alben ayoğa quta e ürejan,
Aarıñap Sas Sektrenjn talan, Şyzyk
Qaıřadan keleñe dıp arman qelöjan.
Bjrenler öz şygen şılıdı aıtqan,
Bjrenler Köppen oınap kılıdı aıtqan,
Bjrenler qıruc qanař Kox danıldaı
Aşpandap Çarıq üreş Şyşındı aıtqan,
Bjrenler kömıdeñi şoñın aıtqan,
Balqındai Balansala Keşın aıtqan,
Torsındai Ylejšren gen aq maraldıy
Jırkındai Şal Şeldarjan Keşın aıtqan.
Al şız aıtşaq qorıl şyldı keşındı aıtqan,
Şyrekten aqtarılyan Şerde aıtqan,
Aşpandan Şarıqıldaı Toqtıp Çıqqan,
Balansız Çerben dandı Çerde aıtqan.
Şmeıden Alma-ařaşa şız keşkende,
Şarınar, ~~Şarınar~~ Şarınar Kyn Çerkende,
Qaıřm an Şinde şızdı eřkealısın
Doşy men Şyrek şerın ter eřkende.

→ Сайыды Өрен Егиз, ағын қайтм,
Кей ~~көңіл~~ ~~сүйісі~~
Өткізген бұл ^{Сарды} ~~көңіл~~ ағын,
22 көңіл ~~жаныма~~ пен оқлау деп
Олеуар бұл-ары ~~амар~~ Сардан
Сайы.

19 $\frac{28}{14}$ 39 ? Семі.

2 мауазали Сайының Қолмазбаш.

(1939 жылы Сәздім ағзын есеуі Семейге
Келгенде оқымен (Қолма-қол) шағын
Қайдырған ескерткіші).

~
28.5.1939. Мауаземес,
~ шағын дауыс.
~

22 января 1968 г.
Москва.

Уважаемый Катю Мухамедханов!

В юбилейный год Семипалатинска особенно полезно бы вспомнить о людях, оставивших след в истории исследования края и ближних к нему стран. Хотел бы и предложить несколько вопросов. Не было ли в архивах Восточной службы корреспондента А. Гумбольдта, Семипалатинского полицеймейстера Антония Клодариана, составителя знаменитых маршрутов (1829) путешественника из Семипалатинска в страны Центральной Азии? Не было ли установить где находились Казаков сад, устроивший команданте Келпском. В саду был, как Вы знаете, жинки Достоевский и Врангель. Сад коротко описан Абрам-молот. След сада надо искать на правом берегу Иртыша. В Казаковом саду разводили для продажи ахтарская (Виргинский) табак. Печерс, что Вы знаете на сегодняшний день о Букаше? Я установил, что Букаша в 1864 году видел (в Семипалатинске и на Арката) генерал И. Ф. Бадков. Мусабай в 1865 году сдружился и принимал у себя К. И. Тутковского. Достоевский в Семипалатинске был знаком с португальцем Снесаревым, а этот именно Снесарев, повидимому, ездил в Кумудину в 1851 году, хорошо знал Е. Ковалевского. Не было ли о Снесареве какие-то еще? За последнее время я обработал много материалов о Восточном Туркестане, Семипалатинске, Китае, Вьетне и т.д. И многое из этого факты, имен и т.д. и т.д. Поработать релик, которую играл Семипалатинск во все эти годы. Буду очень Вам признателен за подробные ответы на мои вопросы. Буду очень рад, если какой-то исторический материал попадет в Ваши руки. В связи с 250-летием города.



41

РЕШЕНИЕ

ПРАВИТЕЛЬСТВЕННОГО ВРЕМЕННОГО КОМИТЕТА
ПО ПРОБЛЕМЕ СТОЛЕТИЯ А Б А Я.

Г.Алма-Ата.

От 15 февраля 1941 г.

О создании постоянно-действующего рабочего
аппарата Правительственного Юбилейного
Комитета АБЛЯ.

В целях продуктивной, систематической и целесообразной организации работы Юбилейного Комитета Абая, создать постоянно действующий рабочий аппарат Комитета.

Ученым секретарем Правительственного Юбилейного Комитета назначить тов. ЦУХАМЕДХАНОВА Габдулкаюма (Каима).



Пред. Правительствен-
ного Комитета Абая

А.Тамбаев

(А.ТАМБАЕВ)

Хайтми! Шыгармачыны
жандарманга
Сэлементізі де? ^{жандарманга}

Сизе хайтмазын отбурган дилхан,
Нуршанховтөз карындагы —
Мамике Нуршанхова.

Хайтмазы себепи: мазага отбурган де
айткан ерми дилхановтөз, газеттеге
басыпкан алек, эзге мажараның пейназ-
талуы тууралуу. Раф. аз. алек
басаткан да болар, эзге ерми э.

Мек чыгармачыны апарканга сиз
абай ауданганга кыйындыр, канга шоттон
кыйын бир таланы туурган келет. Эз
келген күйүмү бр. алекке мен з айткан
кыйын. Эз бр. мек күйүмү мек болушкан
ер. М. д. эзге дилхановтөз 18. 4. 20.

мазган (созган) хайтмазы: Мамике
Хайтмига хайт аркылы айткан мектег. 20. 2. 20 +
мажараны канга пейназ болу мажараны
туурган. Сол тууралуу Хайтмига хайт мажаран
мажараны. мажаран пейназга эзге мажаран
ер, сол себепти сизге ошот хайтми

мажаран отбурган. Болган мектегте
мажараны сол тууралуу мажараның соз-
ынык алдына жойгон, мажаран мажар-
ын пейназга, мек дилханов

жиберген болар едими.

Өзгилхан өми дарооқта у деди
Сау, маха басудр. моты
Сондоноттан катиле катер -
ички у дедди.

Мен баротт тешик
Балат ит дармалароми
Уот катиле узақ уыкыт
Гар өйер у дедди.
Осо түрало
ха барек сиздек
Кутелек.

Ков, сау
Болокыз!
Семипат

г. Семипалатинск,
Машке редакция "Экспондв"
У/П-У/Т уполном. союз писателей Семип. обл.
тов. Мухамметжанову Х.

из. Семипалатинская обл. издательств,
Машинный рк издательств. А. С. М. и и
А. С. Топукина. ай. М. Курманжанов (участник)



1 февраля 1973г.

Дорогой Забдурактай!

Пишу Вам второе письмо,
Первое написала, когда пришла
до меня "Звезда Трумэншова", с
Вашей статьей "Восход Ивенов в
Семипалатинске".

А теперь пишу, прочитав Вашу
статью в газете "Кртайш" - "Вдман
дыхаюшеш со стеною" (ровно 2 месяца,
спустя после опубликования).

Я Вас отто всего сердца благодарю
за обе эти статьи и мне очень,
очень бы хотелось, что бы обе ста-
тьи их в одну, бы опубликовали

бы свой труд в журнале.

М.Д. Вы это уже и сделали, а я

просто не узнаю об этом,
Всем же вашей публикации
еще не осуществлено и Вам
почему-либо не хочется предлагать
её в "Простор", мне кажется,
что такая статья была бы очень
уместна на страницах журна-
ла "Дружба народов".


В переписке с главным редакто-
ром этого журнала и могла
бы предложить ему Вашу статью,
если Вы этого хотите и примете
мне её.

Простите, если мое предложение
не в счёт.

Благодарю и изумо
уважающая Вас

г. Тамара Владимировна
Гиванова.

Шамсарабаново



Қаз. ССР
 Қазақстан Ғылым Академиясының
 Асаал Қанағаткерлер Кеңесінің
 туғанна 95 жылдық мерекесін өлкедегі
 Ғылыми Комитеті
 Қ.А.С.С.Р

Юбилейный комитет
 по празднованию 95-летия
 со дня рождения
 гениального казахского
 поэта
 АБАЯ КУНАНБАЕВА

3 " VI " 1940г.

№ 15
 Семіпалатинск
 г. Семіпалатинск

УДОСТОВЕРЕНИЕ 112

Дано тов. А. Мухометову том,
 что он действительно командировается в Чингиставо-
 кий р-н. для проведения докладов и литературных
 вечеров о жизни и творчестве гениального казах-
 ского поэта Абая Кунанбаева.

Срок командировки до 10 июня 1940 г.

Пред. Исполкома Семипалатинского
 Областного Совета Депутатов Буржуазной
 и Ибилейного Комитета: -

А. АКИЛОВ /

„4“ октябры 1933 г.

Хурметті Қатын!

Хайыңды, шыңыңды, қар-
 тоқасыңды алдым. Әтте ханшай
 қартыңа есі, көп-көп рах-
 меті.

Ал, енді, өси қартыңа шыңыңды
 шыңыңды шобди шабылса шітпі
 шабылса болар есі, оны за шеде-
 шыңды өмірде. Шабылса ая
 күнде, қай қытыла, қайда, қай
 нымал, қай бейте шабылса
 заман тез қабарла, іздейтін
 қарейтін.

Мен аманшық болса,
 16-17 октябрде Москвада му-
 рем, онда айта шабыл болам.
 Нуренге дейтін шабарлаң. Егер
 мүлде-ақ болса, Москвада,
 Союздың адресіне (Взрослого ст)
 наз.

Сәлем мен, - Сәбит

г. Алаш-Ата. Полиграфкомбинат. Зяк. № 2080 г. 24х30

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТЫ



ПРЕЗИДЕНТ
АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

Алма-Ата, Кирова. 59
телефон 38-96 и 39-78

31/хб-48. МНЧ-287

Директору Государственного литературного
Музея им.Абая Академии Наук КазССР

тов. Г. МУХАМЕДХАНОВУ.

и т.д. и т.п.

Очень Вам признателен за выполнение моей просьбы
в отношении выявления способностей Юрия Бердышева.
Еполне согласен с Вашим мнением, что Ю.Бердышеву нужно
закончить десятилетку, а затем заняться своим художест-
венным образованием.

С приветом

Академик

К. И. Сатпаев
К. И. Сатпаев/

2 Тимур К. И. Сатпаева

1949г.

ИЗДАТЕЛЬСТВО
С. МУСКИМОВ
1/xii 51 года

Для редактора
Дан 13/xii Кверила
Лект

АБАЙ
шәкірттері

№ 2118



Жыйнаган, түсініктерін жазган
ҚАЙЫМ МҰКАМЕТХАНОВ

Сөз басын жазган
проф. М. ӘУЕЗОВ

Алматы - 1951 ж.

Эпистола моей дочери и советница
даст мне силу, и надежду, что я
вернусь к вам.

Я надеюсь, что наше Правительство не
допустит, чтобы человек был приречен
к наказанию, за преступление, которого
еще не совершил, и чтобы будущее моих
детей ни в чем не повинных детей
было бы ~~выражено, так же несправедливо~~
несправедливо.

Говорят, что все приходит во время
свое, кто умеет ждать.

Да, мои дорогие будьте стойкими. Все
внимательнее сосредоточьте на себе!

„Богатство, счастье, покой,

Познав науки, найдешь!“ - говорит

мой мудрый Абан?

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АҢЫЗ АДАМ – АҚИҚАТ ТҰЛҒА

Лирика мен физиканың жарасымы немесе ойдың қайнаркөзі

*Туған ел – алтын бесік, ұшқан ұям,
Көз жұмылмай тұрғанда қайтіп қиям?!
Тарта гөр, Семейімнің топырағы,
Тәстіктей жеріңе мен еркін сиям!*

Қайым МҰХАМЕДХАНҰЛЫ.

(Қарағанды лагері, маусым, 1952-ж.)

Абай – қазақ өлең-жырының Күні. Ал аспан әлемінде Күннің еншілесі бар. Ол – Ай. Күн шуағы тыныстаған түнгі тылсым дүниенің ой-қырдағы жолын айқындап тұрады. Бізге Абай нұрын түбегейлі аңғартқан Ай деп Қайым ағаны айтсақ керек.

Абай ақындарымыздың жолбасшысы болса, абайтануымыздың айтулы жаршысы – Қайым.

Абай бастаушы болғаны үшін өзін түсінбеушіліктің, жалғыздықтың қияметін көрсе, Қайым Абайдың кім болғанын айтқаны үшін еркіндіктен айрылып, түрме тауқыметін тартты.

Абай бұл дүниемен 1904-жылғы маусымның 23-інде қоштасты. Қайым Мұхамедханұлы одан жүз жыл және жеті күннен кейін көз жұмды. Кездейсоқ жәйт болар, алайда Қайымның қырқы Абай туған күнге – саршатамыздың 10-ына дөп келді.

Бұл айтып отырғаным, әрине, лирикамен төркіндес. Көңілдің елең етуі. Өз-өзіңнен еріксіз таңдану. Жеке бастың күйі. Өзгеге таңар жәйт емес дегенмен, ойлантады.

Ой тізбектеліп кеткенде абайтанушы Қайым ағаның бүкіл еңбегі еске оралады. Ол – абайтануды ғылыми негіздеуші; ұстаз және ақын да жазушы; Қазақстанның

алғашқы Гимнінің – Ел әнінің авторы; КСРО Жазушылар одағының мүшесі; әдеби аудармашы; Семейде Абайдың мұражайын ұйымдастырушы; Қазақстанның Мемлекеттік силығының, Жазушылар одағы силығының, Халықаралық «Алаш» әдеби силығының және Халықаралық Абай академиясының (Лондон) Алтын медалінің иегері; профессор; КСРО және Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі; Семей қаласының, Аягөз, Жаңасемей, Абай аудандарының Құрметті азаматы; жарияланған 800-ден аса ғылыми еңбектің авторы.

(Аудармашыдан: «Гимннің» «Әнұран» деп аударылғаны дұрыс емес; гимнде әйтеуір те бүйтейік дегендей шақыру, ұран болмайды, ол елді мақтаныш еткен салтанатты ән. Ел әні!)

Қайым Мұхамедханұлының тағдырындағы сүйініш пен күйініш бір адамның өмір оқиғаларынан әлдеқайда көп шығар. Оның ат-атағы көзі тірісінде-ақ аңызға айналған. Әншейін айтыла беретін емес, нақты ақиқатқа негізделген аңыз. Оқырман қауымды осы ерекше әлемге саяхат жасауға шақырамын. Мұнда нақты ғылыми бояумен айшықталған поэзия, әйгілі аңыздармен астасқан ақиқат бар. Саяхатты Қайым ағаның өзінше деректі, анық ақпарды ту ете жасайтын боламыз.

І-тарау

ӨЗ ҮЙІНЕН ҚУЫЛДЫ

Шығыста: «Нуды күте алмаған шөл етеді, гүлді күте алмаған шөп етеді» деген нақыл бар. Құйтақандай Қайым күтімге зәру гүл болған жоқ. Бойына «бір сыр мен сегіз қыр» туа біткен бала құнарлы ортада өсті. Ол ортада шиыр жол, сұрқай тірлік, шырынсыз өмір болмады. Талабы таудай бала дүниеге келген отбасы тату-тәтті, қайырымды, тағылымды, рухани таза еді. Қайымды тәңір өзі үкілегендей болып, ол ұшпақтан

ұшпаққа көтеріле берді. Сүрініп қалды-ау дегізгенінің өзі сүйінішке татыды...

Мұхамедхан Сейітқұлұлы XIX-XX-ғасыр араларындағы озық ойлы қазақ қауымының бір қадірмендісі болған. Алаңдатпаған ауқаттылық, жұрт көрсетіп жүрген құрмет-қошемет оны масайрата алмапты. Жаратылысынан жайсаң жан өнер-білімге құштар екен. Ағайынтуыс, алыс-жақын таныс-біліс пен дос-жолдас оның отбасына үйір болғаны да сондықтан шығар. Секеннің тұңғыш қызынан кейінгі ұлы Қайым сондай отбасында өніп-өсті. Балдырған бақытқа кенелді. Кезінде тағдыр айдап келген австриялық шебер құрылысшылар салған еңселі, әдемі үй. Қазан төңкерісіне дейін Зареченская слободка деп, одан кейін Алаш деп аталған бүгінгі Жаңасемей ауданында. Белгілі Тыныбай мешітінің жанында. Іші-сырты суреттей сұлу үйдің ерекше байлығы – бір бөлмені тұтас алып тұрған кітапханасы, онда бүкіл дерлік әлем әдебиеті классиктерінің шығармалары бар. Зиялылардың «суаты» – сол. Шығыс, орыс, еуропа әдебиетінің әйгілі туындылары қатарына Абайдың 1909-жылы шыққан тұңғыш жинағы қойылған. Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт өлеңдерін оқи аласың, қазақтың: «Қазақ», «Сарыарқа», «Тәржіман», «Дала уәлаяты» гәзеттерінің, орыстың «Записки императорского русского географического общества» журналының, ал татардың: «Шура» журналы мен «Уақыт» гәзетінің тігінділерін ақтаруыңызға болады. Бұлардан басқалар да баршылық.

Үй иесі араб, орыс, татар тілдеріне жетік. Ел аузынан көне тарихи дастандарды жинайды. Сонымен қатар «Атымтай жомарттың» өзі: Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов шығарған «Абай» журналына, сондай-ақ «Сарыарқа» гәзетіне қаржылай демеуші болды. Үй есігі танымал ақын-жазушыларға ғана емес, талапты жастарға да әрқашан ашық. Онда қазақ халқының тарихы, мәдениеті, әдебиеті хақында жан-жақты әңгіме, тіпті қызу пікірталас та болып тұрады.

Қазақ театрының негізі осында қаланды. Шадыман шаңырақтың ақ дастарқаны басында жиі болатындар: Шәкәрім, Көкбай, Сұлтанмахмұт, Иса, Әміре, Жүсіпбек, Әлмағамбет, Мағжан, Әлихан, Міржақып, Мұхамеджан (Тынышбаев). Қазақ тарихының заңғар көгіндегі жарық жұлдыздар.

...Уақыт өтіп, замана өзгере бастады. Әлеуметтік толқын мен дауыл «ескі дүниені» қаусатуға кірісіп, оның екпіні Ертіс бойына да жетті. 1921-жылы Мұхамедханның ақ сарай үйі тәркіленіп, иесіне екі бөлмесі ғана қалдырылып, басқасы №20 мектепке қаратылды. Ол өзгеріс кішкентай Қайымға, әрине, қолайсыз бола қоймады: мектебі - өзі туып-өскен үй!

1928-жыл пролетариаттың «езуші тапқа» қарсы күресінің бір кезеңі болғаны мәлім. Жүздеген адам тұтқындалды. Ішінде Абайдың ұлы Микаэл, Сейітқұлұлы Мұхамедхан бар. Мұхамедхан көп бөгемей босатылса да, бүкіл мүлкінен айрылды. Кейін Қайымның өз балаларына бейнелеп айтқанындай, ол бейтаныс біреулер шықпыртып міне жөнелген өз аттарының көзінен жас ағып бара жатқанын көрді. Сейітқұл әулеті соңғы екі бөлмесінен қуылды. Жаз жайлауы Көкен, жасыл құраққа тігілетін киіз үй, сары қымыздың иісі, саф таза ауа көзден бір-бір ұшты. Әйтседе, жинақы Мұхамедхан Тыныбайдан төрт бөлмелі үй сатып алды.

Сол 1928-жылы Қайым бастауыш мектепті тәмәмдәп... ойламағаның түсіңе кірмейді болмай, кеңес мектебі бай баласын есігінен сығалатпай қойды. Екі жылдан соң колхоз жастарының жетіжылдық мектебі ашылды, бірақ одан үміттену бекершілік еді. Алайда, «сабақты ине сәтімен» ғой, бір күні Мұхамедханның көптен бергі досы Тұрлыхан Қасенов келе қалып: «Мұха, жетіжылдық мектеп ашылды, мені соған директор етіп тағайындады, ал менің мұнда тұратын үйім жоқ, соны ақылдасқалы келдім» дегені. Жақсылыққа жаны құмар адам жақынынан несін аясын: «Үй іздеп әуре болма, осында тұр, орын жетеді» деді. Сөйтіп

Тұрлыхан Аягөзден Семейге көшіп келіп, жұмысына кірісті. Қайым мектепке алынды.

Тұрлыханның Болаты – атақты балуан Дәулет Тұрлыхановтың әкесі – дүниеге Мұхамедханның сол үйінде келген.

Кейінде Қайым аға Абай мен Әріптің өлеңдерін жатқа айтатын, домбыраны шебер тартатын сүйікті мұғалімі Тұрлыханды есіне жиі алып жүрді. Әдебиет әлеміне енуіне жол ашқан әкесінен кейінгі екінші қамқоршы адам, расында, Тұрлыхан болды.

1932-жылы Кеңес өкіметі Сейітқұловтар отбасын мүлде баспанасыз қалдырды да, Мұхамедхан қаланың Солдат көшесіндегі үйшіктей ғана бір үйді пана тұтуға мәжбүр болды. Өкіметтің ол зорлығы отбасы тартқан тауқыметтің соңғы дүмпуі емес еді. Мұхамедхан оны сезді, бірақ күштіге жағынып жан сақтауды, немесе басқа жаққа кетіп қалуды ойлаған жоқ. Қайым болса, жетіжылдықты бітіріп шыққан соң жұмысқа орналасып, мұғалімдердің екіжылдық курсына, одан кейін педагогикалық институтта оқи жүріп, үй-ішіне көмектесіп бақты. Рас, оның өмірінде ол жылдары шуақты күндер де болмай қалған жоқ. Қазақ тілі курсына бір сұлу қызбен танысты. Қарапайым да ұқыпты, сәнді киінген, арқасында ұзын қос бұрымы ырғалған, мінезі салмақты, сабырлы, сыпайы. Білімдар. Ойлы, орнықты сөйлейді. Екеуі танысып, түсінісіп, жарасып жүрді. Сөйтіп, Семей мешіті молласының қызы, Ташкенттің белгілі діни тұлғасының шөбересі Фархинұр 1936-жылы сымбатты оқытушы жігіт Қайымға тұрмысқа шықты.

...1937-жыл. Қараша. Рамазан айы. Мұхамедханның отбасы да ораза ұстаған. Бір күні, сәресі сәтінде, есік алды дабыр-дұбырға толып кетті. Әлдекім есікті тоқпақтады. Үш кісі баса-көктеп кіріп келіп, отағасына мылтық кезеп: «Тұрындар! Сендер тұтқындалдыңдар!» деп ақырды.

Қару-жаракты топ ес жиғызбады, әкелі-балалы екеуін тұтқындап алып кетті. Қайымды ертеңінде босатты, ал әкесін алып қалды. Мұхамедханнан көпке дейін хабар-

ошар болмады да, әйтеуір, күндердің бір күнінде әлгі «сұсты» кабинеттегілердің: кеңеске дұшпан мұсылман діншілдері тобының мүшесі Мұхамедхан Сейітқұлұлы 10 жылға сотталып, хабарласу, хат жазу құқы жойылып, Сібірге айдалды деген «сәлемі» келді. Сейітқұловтар отағасының тұтқындалған соң үш күннен кейін атып тасталғанын бертінде, 1990-жылы ғана біле алды. Қайда жерленгені беймәлім. Үйінде фотосуреті де қалмады (бәйбішесі Мақыпжамалдың ғана суреті кейін табылды). Тұтқындалғанының ертеңінде бүкіл мүлкі, қағаздары, кітапханасы тып-типыл етіліп тәркіленген болатын. Ойраны шыққан отбасында Мұхаңнан қалған жалғыз белгі – КСРО Жоғарғы кеңесі президиумының 1989-жылғы көкек айының 25-і күні «Репрессия құрбандарына қатысты шындықты қалпына келтіру» жарлығының 1-бабы негізінде Мұхамедхан Сейітқұлұлы ақталды, деген бір жапырақ қағаз ғана.

Иә, ол «жаңалық» бертінде болды. Оған дейін, сол 1937-жылы, қара қақпан Қайымға да құрылды. «Халық жауының» баласы институттан дереу қуылды. Газеттер: «халықтың жауы болған бай баласы адал еңбекшілердің ортасында жүруге тиіс емес!» деп қиқулады. «Әшкереленген» Қайым жұмыс іздеп сенделді: темір жолда вагоннан жүк түсірді; көмір тасыды... шеті қылтиған жұмыстың ешбірінен бас тартпады, арланбады. Бар ойы өзіне қарап қалған ағайындарын, туыстарын асырап-сақтау болды. Институтқа қайтадан қызметке орналаса алғанына дейінгі аралықта көп жыл өтті...

II-тарау

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫҢЫНА

Шығармашылыққа біржола ден қойған Қайым аумалы-төкпелі өмір өткелектеріне шыдас беріп, поэзияға бет бұрды. Әуелі латын әліпбиімен, кейін, 1940-

жылдары, кириллицамен жазған өлеңдерінің кейбіреуі сақталған. Туған жер, махаббат, аңыз дастандардағы батырлар, Мәскеу, Киев туралы жазған лирикалық өлең-жырлары бар. Баспа бетін алғаш көрген туындысы – 1937-жылы Семейдің «Екпінді» гзетінде жарияланған «Шаттық толғауы» өлеңі. Ал келесі жылы Жамбылдың шығармашылығына 75 жыл толуына орай өткізілген өнер бәйгесінде даңқты жыраудың атымен аталған дастан-толғауы бірінші орынды алды. Мамыр айында жас ақын әйгілі ақсақал Жәкеңнің мерейтойына қатысты.

Қайым 1930-жылдардың аяқ шенінде 20 өлеңнің, екі дастанның авторы және әзірбайжандық сазгер У. Ғаджибековтің «Аршин мал алан» музыкалы комедиясын қазақ тіліне аударған әдебиетші ретінде жұртшылыққа танымал болды. 1939-жылы Қазақстан жазушыларының екінші құрылтайына шақырылды. 1940-жылы КСРО Жазушылар одағының мүшесі болды.

Сол тұста ол әдеби сын саласында да қалам тербеп, ауызға іліне бастады. М.Әуезовтің «Шекарада», Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», Ш.Құсайыновтың «Боран», Т.Сағыровтың «Ер Тарғын» пьесаларына, қазақтың алғашқы киносы «Амангелдіге» татымды пікірлер жазды. М.Горький, Н.Островский шығармашылығы жайында толғады. Семей ақындары туралы пайымдаулары жарияланды. Е.Ысмайыловпен бірлесіп жазған «Абай атындағы Семей қазақ театрының шығармашылық жұмыстары» делінген мақаласы 1939-жылы республикалық «Әдебиет және искусство» жоралында жарық көріп, жұртшылықтан қолдау тапты. Ал оның негізгі еңбегі, әдеби өмірінің өзегі қазақ әдебиетінің қайталанбас тұлғасы Абайға арналған ғылыми зерттеулері болды. Аса қиын да жауапты бұл бағытты оған Мұхтар Әуезов меззеген болатын.

«Мұхтар Әуезовті бала кезімде-ақ көріп өстім, – дейді Қайым естелік әңгімесінде. – Біздің үйге бір күні

арасында Мұхтар да бар бір топ мейман келді. Бізге, балаларға, мейманның келгені керек: олар домбыра тартып, ән айтып, өлең оқып, ерекше көңілді жағдай болды. Содан бастап Мұхтарды және басқа меймандарды біздің Жаңасемейдегі үйімізде жиі көріп жүрдім. Ол кезде мен жеті-сегіз жастамын. Өлеңдерін, әңгімелерін қызыға, ынталана тыңдаймын. Семейге жолы түскен сайын Мұхаң біздің үйге соқпай кетпейді.

1925-жылы Мұхамедханның үйінде Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қарагөз» пьесалары алғаш рет оқылып, сахналау жұмыстары басталды. Семейдің мұғалімдер семинариясында оқып жүрген Мұхтар келген сайын Қайымды сөзге тартып, оның әдебиетке бейімділігін байқап, баулуға кірісті, тіпті бірге туысқан ағасындай қамқор болды.

Қайымның Абайдың әдеби мұрасына, оның төңірегіндегі жас ақындар шығармашылығына көңіл аударуы, ден қоюы Семей пединститутының филология факультетінде оқып жүргенінде. Ол М.Әуезовтің қазақ әдебиеті жайындағы дәрістерін құмарта тыңдады. Соның нәтижесінде абайтануға беріліп, әрі ағасы, әрі ұстазы Мұхтардың ақыл-кеңесімен, жетекшілігімен ғылыми жұмысқа кірісті. Абай ғана емес, оның шәкірттері: Ақылбай мен Мағауия Құнанбаевтар, Әубәкір Абаев, Әріп Тәңірбергенов туралы дерек жинауға кірісіп, олардың өмірбаяндарын түзіп, шығармаларын іздестіріп тауып, мәтіндерін зерттеп, мақалалар жазды. «Абайдың әдеби мектебі» деген тақырып ашып, студент шағында ақ 13 мақала жариялады.

Мұхтар мен Қайым – ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс нығайып, екі әдебиетшінің Абайдың шығармашылығы мен өмірі хақындағы зерттеулері арналасты. Екеуінің достығы бір әке, бір шешеден туған ағайындастықтан да қымбат болды. Рухани табысу кейін, Қайым отау тіккен соң да, беки және өрістей түсті. Фархинұр Мұхтар ағасының киімдерін тазалап, жыртығы болса жамап-жасқап, Мұхаңның ерекше

жақсы көретін украиндық қаусырма жағалы көйлегін жуып беретін (Мұхтардың Қайыммен түскен суретіндегі – сол көйлегі).

1940-жылы Семейге жолы түскен Мұхтар Омарханұлы әдетінше Қайымның үйіне соғып, оның шешесі мен келіншегін қазақтың Абай өмір сүрген кездегі ұлттық киімін кигізе суретке түсіріп алды. Ол Мұханның «Абай» пьесасын театр сахнасына шығармақ режиссер А. Токпановқа Абай дәуіріндегі қазақ әйелі бейнесін жасау үшін қажет екен. Ол фото-сурет Мұхамедхановтар отбасында тарихи ескерткіш болып сақтаулы.

Мұхтар аға Семейге оралған сайын Қайымның үйінде болатын еді, ағалы-інілі кісілердей еді дедік. Ол байланыстың басқа да бір қыры бар-ды. Мұхтан Абай хақында роман жазып жүрген де, ол жұмысына Қайымның көп көмек бере алатынына көзі жетіп, одан Абайды көрген көзі тірі қарттармен әңгімелесуді, кітап кейіпкерлерінің өміріне, сол жылдарғы ауыл тірлігіне қатысты нақты деректерді жиыстыра жүруді өтінген. Соларды ортаға сала ақылдасады. Кездесудің реті келіңкіремей, бірі Алматыда, бірі Семейде жүрген кездерінде хат арқылы, немесе телефонмен байланысып, ақыл-кеңес арнасын кеңіте береді.

Алдын ала айта отырайын: Мұханның «Абай» романына, «Абай жолы» эпопеясына қатысты екеуара жазысқан хаттар – небір құнды деректер жиынтығы үлкен бір шабадан екен, ал ұлы жазушы мен талантты ғалымның қыруар еңбегін айғақтайтын әдеби-ғылыми сол аса бағалы мол дүние 1951-жылы тұтқындалған Қайым үйінде тәркіленіп, «гэпәушілердің» қоймасына тасталып, ақырындағайып болды. Мұхамедхановтардың кейін КГБ-ға, басқа да тиісті орындарға сұрау салғанынан нәтиже шықпады. Бұл жөнінде Қайымның 1981-жылы Қазақстан КП ОК-не жазған хаты да жауапсыз қалды. Сол хаттан үзінді: «...МҚМ қызметкерлері келіп тұтқындағанда менің үйдегі кітапханамнан көптеген кітапты, тарихи құжаттарды, оның ішінде «Абай жолы»

эпопеясын жазуы жылдарында М.О.Әуезовтің маған жолдаған ерекше құнды хаттарын тәркіледі. Қазірде М.О.Әуезовтің ғылыми-шығармашылық өмірбаянын жазып жүрген маған ол хаттардың тарихи мәні аса зор. Оларды 1955-жылдан бері іздестіріп жүргеніммен ешбір дерек таба алмадым...».

Қ. Мұхамедханұлының мұрағатжайынан ұстазына жазған хаттарының екеуі ғана табылды. Біріншісі:

Қадырлы Мұхтар аға!

19/х. Москвадан жазған хатыңызды бүгін алдым.

Менің ойымды да өзіңіз айтып қойыпсыз. Бірақ, кінәнің салмағы менде жатқанын сезіңкірей түскен жайым бар.

Науқастанып үйде жатыр едім, Сіздің хатыңыз сергітіп жіберді. Енді бұдан былай хат жазудан Қайым ініңіз қажиды екен демеңіз.

Үй-іші аманшылық.

Бұл арада үй-тұрмыс жайларын араластырмай, алдымен романға қажетті білгендерімді айтайын.

«Көктемдегі көбең желіс» үстінде шынында да Долгополовтың Л.Н.Толстой жайында жазған кітапшасын, Х. Шурдың «Воспоминаниясын» оқымаған екенсіз.

Бұл екі кітаптан Н.И.Долгополовтың Л.Н.Толстоймен таныс, көріскен, біліскен адам екені айқын көрінеді.

Тегінде уақытыңыз болса осы екі кішкене кітапты, Долгополовтың ісін (Дело Долгополова) қарап шықсаңыз дейім! Оны өзіңіз білесіз. Егер қажет деп тапсаңыз, ол материалдарды жіберуіме болады.

Әзірше Долгополовтың Л.Н.Толстоймен таныстығын дәлелдейтін және Х.Шур кітабының әр жерінен көшірме жібердім (Хася Шур. «Воспоминания», издание автора, Курск – 1928, тираж 2000). Ішкі бетінде: «Посвящается памяти Н.Н.Нариманова» делінген. Көлемі XV глава, 213 бет.

Енді осы кітаптан үзінділер келтірем.

Беттерін көрсетіп отырам.

Әуелі Л.Н.Толстойға байланысты:

«Вскоре мы должны были переехать из Курска в Тулу, где жилось тяжело (айдаудан қайтқан соң ғой. Қ. М.). Поэтому пробыли мы там не долго и переселились в Москву (стр. 173).

Упомяну между прочим, что в Туле мы близки были с чрезвычайно ценными общественниками – П.П.Белюсовым, известным своими трудами по статистике и новыми прикладными практическими работами в этой области, и домашним врачом Льва Николаевича Толстого – Марией Михайловной...»

(Аудармашыдан: бұл хаттың әлденеше бет болғаны «Енді осы кітаптан үзінділер келтіреміз» дегенінен аңғарылады. Әдеби мұрасын зерттеп-реттеуші балаларының айтуынша, Қақеннің 1949-жылғы еңбектерінің арасынан қолжазбаның алғашқы екі беті ғана табылған (мына ұсынылғаны). Әрине, сан қилы жағдайлар кезінде Қайым ағада мұқият сақтауға мұрша болмай, кейін қалпына келтіруге әне-мінемен қолы тимеген де шығар. Өте өкінішті. Дегенмен, «әлі де қаралатын біраз материалдары бар, хаттың қалған беттерінің табылуы мүмкін» дейді балалары.)

Екінші хаты:

«Мұхтар аға! Сізге Н.И.Долгополовтың өмірі мен шығармашылығы жайында музей архивінен және басқа дереккөздерінен табылған мол мағлұматты анықтаманы, міне, жолдап отырмын. Борис Александрович (Б.А.Акерман, - мақала авторының ескертпесі) Мәскеуге барып, Нифонт Ивановичтің отбасымен, туған-туысқандарымен танысып қайтқан болатын. Ондағылар бізге Долгополовтың кітаптары мен фотоларын беріпті. Ал былтыр Н.И.Долгополовтың қызы әкесі туралы естелік жазбасын және фотолар салып жіберді.

Біз Горький қаласындағы облыстық музейге хат жазып, жауап алдық. Музейде Долгополов бөлімі бар екен. Қаланың бір көшесіне және ауруханасына

Долгополовтың аты беріліпті. Бұл Н.И.Долгополовтың құрметті адам болғанын көрсетсе керек.

Бұл бағыттағы жұмысымызды жалғастыра береміз.

Қысқасы: бізге Долгополов туралы анау-мынау сөздерге құлақ асудың керегі жоқ. Долгополовты қорғауымыз керек. Жиренишин десек, ол аман-сау, өзін қорғай алар. Ол айтқанынан қайтпас...

*«Күшік асырап ит еттім,
Ол балтырыпты қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болып, мені атты».*

Абай».

28-маусым, 1950-жыл. Қайым».

Бұл екінші хат бүгін үлкен ғылыми зерттеу жұмысқа арқау болғандай. Мысалы, Нифонт Иванович Долгополов туралы. Ол аса көрнекті дәрігер болған екен. «Жетпісіншілер» тізіміне ілігіп, 1884-жылы Семейге жер аударылып келген. 1885-жылдың маусым – саршатамыз айларын Абайдың ауылында өткізіп, Абаймен достасқан. «Абай жолының» Федор Иванович Павлов деп аталған кейіпкері.

Бұл хат Абай заманындағы нақты шындықтарды суреттеушілер мен оларға қарама-қарсы әрекет етуші жалған ғалымдар арасындағы қызу пікірталасты ажыратып беруге, кеңес өкіметінің отандық әдебиетіміздегі Абай орынын партиялық саясатқа табандап телу арқылы оның бейнесіндегі «ыңғайсыз» белгілерді алып тастау айла-шарғысын ашып беруге негіз бола алар еді.

Немесе бұл хат Абайдың өмір жолын, шығармашылық мұрасын зерттеуші семейлік Қайым Мұхамедханұлы, Борис Александрович Акерман жайында ой өрбітуге себепшілік жасар еді.

Бұл хат, сондай-ақ, Мұхтар Омарханұлы мен Қайым Мұхамедханұлы жазысқан қыруар хаттың жойылып жібергенін айғақтай алар еді...

Әлбетте, мұның бәрі кейін болады. Ал оған дейін семейлік ғалымның тағдырында баршада болғандай қорқынышты, ауыр кезең пайда болды. 1941-жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Сол сын сағаттың өзінде билік «халық жауларының» ұрпақтарына сенбеді, күмәнмен қарады, оларды, әрине, Қайымды да, Еңбек майданы дегенге алып, қара жұмысқа жекті. Ғалым Қайым 1941 – 1942-жылдары Свердловскіде, Магниторскіде болып, батпан балғамен жер тоңын төкпектеп, топырақ шығарып, қорғаныс шебін жасасты. Аянып қалмады. Жанкештілігі үшін медальмен марапатталды да. Бірақ шексіз, мөлшерсіз қара жұмыс шыдатпады, 1942-жылы госпитальден бірақ шығарды да, жұмысқа жарамсыздығы себепті елге қайтарылды.

Қайым Семейге оралып, пединститутта оқытушылығын жалғап, ғылыми және шығармашылық жұмысқа біржола берілді.

III-тарау

ЕКІ ГИМННІҢ БІР ТАРИХЫ

Сонау бір жылдары барша қазақстандықтар да әр таңын КСРО-ның мемлекеттік гимнімен атыратын. Республикамыздың гимні содан кейін ғана жол алғанымен жұртты сол күннің игі істеріне еліктіретін, сендіретін, серпілетін, салтанатты сәттерді күттіретін, еліміздің дауысы болып баурайтын. Біздің алғашқы сол ғажайып әуенімізбен айтылған әсерлі жыр-сөздің авторы 27 жаста еді.

Тарихи оқиға 1943-жылы басталды. Мұхтар Әуезов Қазақстан КП Орталық комитетінде болмақ бір мәдени шараға шақырылған. Ол үйінде тұратын семейлік шәкіртін, жас ғалым Қайым Мұхамедханұлын ертіп барды. Жиында Сталиннің кеңестік әрбір республикада өзінің мемлекеттік гимні болуға тиіс деген қау-

лысы оқылды. Ол жалпы елде отансүйгіштік сезімді (патриотизмді) күшейту мақсатын көздеген шара еді. Содан кейін, көп кешікпей, гимннің әуені мен өлеңіне бәйге жарияланды. Оған кәрі-жас сазгерлеріміз бен ақындарымыз құлшына кірісіп кетті.

Өнер жарысындағы жеңістен үміткер ақындардың көпшілігі Мұхтар Әуезовке иек сүйеуді, оны қалайда қосалқы автор етіп алуды ниет етіпті. Уәлихан Тоқпатаевтың Қайым ағаның айтуынан жазғанына қарағанда, үміткерлердің біразы семейлік жас ақын Қайымға қызғаныш білдіріп, оның Мұхаңның үйінде тұратынын айтысып, екеуі қайтсе бірігіп жазады десіпті.

Қайым бәйгеге жазған өлеңін комиссияға өткізіп, өзі Семейге қайтып кетеді. Содан 1945-жылы Алматыға шақырылады. Мейманханаға орналаса бергенінде Әбділда Тәжібаев келе қалады да, анау-мынауға қаратпай ерте жөнеліп, үйіне алып барып, құрметті мейман етіп күтеді. Семейлік жас ақынды одан кейін Ғабит Мүсірепов шақырады. Қайым олардың неге соншама бәйек болғанын Ғабиттің үйінде түсінеді. Оны-мұны әңгіменің бір әредігінде Мүсірепов: «Қайым, бәйгені сенің өлеңің алатын шығар. Әбділда екеуіміз оны оқып, аздап түзетіп, қол қойдық» дейді.

Қызықтың шыжығы партияның Орталық комитетінде болып шықты. Оны Қайым былай әңгімелеген-ді:

«Мені Орталық комитетке шақырып алып, өздеріне өлеңімнің ұнағанын, алайда оған біраз түзету енгізген Ғабит Мүсірепов пен Әбділда Тәжібаевтың қосалқы авторлар етілгенін хабарлады. Өлеңімді алып оқысам, - бастан-аяқ өзімдікі! Бар-жоқ түзету – менің алғашқы «Ер қазақ» деген екі сөзімнің «Біз қазақ» деп өзгертілгені! Орталық комитеттегілердің ол екі сөзімнен неге безінгендерін түсіне алмадым, сірә, өз халқымызға қатысты «Ер қазақ» деген теңеуден қорыққан болар. Мен ол жағын қазбаламай: «Екі қосалқы автордың қажеті не еді?» дедім. «Олар «біз» деген сөзді қосты

емес пе?» деседі. «Өзгерткісі келген екiнiң бiрiнiң қолынан келетiн ол «түзету» шынымен шығармашылық өнер болғаны ма?!» дедiм...

Әрине, Қайым ол «түзетуге» де, қолсалқы авторлардың болуына да қарсылық бiлдiрiп, келiспей шықты. Ол болар iстiң болғанын, Мүсiреповтiң текстi бекiттiрiп келу үшiн Мәскеуге аттанып та кеткенiн бiлген жоқ.

Текст бекiтiлдi. «Қоалқы авторлар» өз дәрежелерiне қарай қомақты қаламақы алды, Қайымға ол екеуiнен артылған азын-аулағы ғана бұйырды. Дәстүр бойынша банкет (салтанатты қонақасы) ұйымдастырылатын болды да, Қайым бар-жоқ қаламақысын соған өткiзе салды. Салтанат сәтiнде Мұхтар Әуезов атақты «қосалқы авторларға» қарата қатты-қатты сөз айтты. Бiрақ көш кетiп қалған едi.

Ел әнi өлеңiнiң авторын тауқыметке ұшыратқандар оның әуен авторын да әлекке салды. Бәйгеге қатысқан сазгерлерге бәйгеге түскен өлеңдердiң өздерiне ұнағанын таңдап алу еркi берiлген екен, дарынды сазгер Мұқан Төлебаевқа Қайым Мұхамедханұлының өлеңi ұнапты. Қыранды қыран қиядан көредi. Мұқан мен Қайым табысып, өлең мен әуендi үйлестiру жолында бiрлесе тер төгедi. Өлеңдi қосылып оқып, әуендi қосылып тыңдап, әбден жарастырады. Ақырында... әуен авторы да үшеу болып шыға келсiн. Мұқанға Латиф Хамиди мен Евгений Брусиловский тiркелiптi! Ол екеуiнiң де «толықтырулары» Қайымға қосақталған «авторлардың» өзгертулерiндей ғана!..

Өзiне жасалған қиянаттан арылу үшiн күресуге жол ашылған кезде Қайым шындықты iздеп көп бейнеттендi. Мысалы, Қазақстан КП Орталық комитетiне жазған хатынан бiр үзiндi (сол кездегi «тәртiпке» қарай автордың орыс тiлiнде жазғанын қазақшаламадым, - F. Қ.):

"...Одним из наиболее дорогих своих творений считаю текст гимна КазССР. Объективная партийно-научная оценка этой работе дана в "Истории КазССР" (том 5, с. 229). Основным автором текста гимна, по

решению жюри, был признан я, что нашло отражение в последовательности имен авторов при утверждении гимна Указом Верховного Совета КазССР. К сожалению, в многочисленных изданиях последних лет мое авторское имя игнорируется из-за конъюнктурных соображений. В качестве основного автора указывали то А. Тажимаева, то Г.Мусрепова, и, наконец, дошли до того, что мою фамилию исказили до неузнаваемости (Казахский календарь, 1981 г.)".

Ал 1989-жылы, көкек айында, ҚКП Орталық комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековке жолдаған хатында былай депті (ол хат та орыс тілінде):

"...то, что я являюсь единственным автором прежнего текста, могут засвидетельствовать здравствующие ныне М.Абдыкалыков, С.Ахметов и Р.Ильишев - крупные партийные работники того времени, имевшие прямое отношение к заказу на создание гимна".

Әдеттегідей қаншама шырғалаңға тап болса да, шындық бұл жолы да жеңіске ие болды. Бірақ, өкініштісі сол, Қайымға шырғалаңнан құтылу тым ауыр болып, қырық жылдан аса уақыты сарп етілді. Оның арызы бойынша 1980-жылдары құрылған комиссияның тыңғылықты жұмысы нәтижесінде республикамыздың алғашқы гимні өлеңінің авторы – Қайым Мұхамедханұлы деген тұжырым жасалды.

Ел әніне қатысты бұл әңгімемізді тәмәмдалды деп жүргенімізде оған ұқсас және бір жәйт болғанын айтпасқа лаж жоқ. Кеңес өкіметі ыдырап, тәуелсіздік алған республикаларда өздерінің ұлттық рәміздерін жасау басталды. 1992-жылы Қазақстанда Мемлекеттік гимннің әуені мен өлеңіне жаңадан бәйге жарияланып, Қайым Мұхамедханұлы оған да қатысуды жөн көрді. Үміткерлердің өлеңдері комиссияға бұл жолы да бүркеншік атпен ұсынылды. Қайымның бүркеншік аты «Шоға» болыпты (уақ руындағы бір атаның аты). Байқаудың әр кезеңінде тәуір деп іріктелген өлеңдер баспасөз бетінде жарияланып тұрған. Өлеңдердің

көркем, қуатты, елді, халықты мадақтауы иланымды да ізгілікті болуы талап етілгені белгілі. Беделді комиссия «Шоғаның» өлеңін сол талапқа сай деп бағалап, бәйгенің екі кезеңінен кейінгі оны үздік деп атаған.

Комиссия мүшелерінің бірі белгілі жазушы Ғаббас Қабышұлы былай деп жазды:

«...Үшінші, шешуші кезең мәжілісі қашан, қайда өткізілгенін мен де, тағы бірнеше мүше білмей қалдық, қалайда шақырылмадық. Кешегі кеңестік «бригадалық тәсілдің» жаңаша қолданылғанын, гимн өлеңіне үш жүздің үш ақыны және әлеуметтік теңдік үшін әйел ақын автор етілгенін гәзеттен оқып, еріксіз таңдандым. «Бұл қалай?!» дегеніме жауап болмады. Ал «Әйтіппіз де бүйтіппіз» деп сан сабалаған дүбәрә өлең - Ағаның: «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған» деп басталған байырғы, рухы аса қуатты өлеңімен салыстыруға келмес жасық нәрсе. Қакең бұл жолы сабыр сақтады, қатты ренжімеді: «Танымал ақын емес деген шығар», деп күлді де қойды».

Мемлекеттік рәміздер жөніндегі үш комиссияға да мүше болған жазушы Герольд Бельгердің кейінде жазғаны, міне:

«...Маған 64-нөмірлі өлең бірден ұнады. Ол Қайымның қаламынан туған екен. Мен соны құптап дауыс беруді ұйғардым, ал бір таныс ақын бәйгені басқа өлең алатынын айтты. Бәйгеде текстің өзі емес, ол тексті қолдайтын кісінің (немесе кісілердің) жеңетінін сонда білдім».

Бәйге қорытындысында жеңіс, иә, баяғыша үш авторға емес, жаңаша төрт авторға бұйырды. Ол авторлардың кейбірі қолдауды әдебиет ауылынан емес, саясат ауылынан іздеп, парламент депутаттарына қолқа салғаны кейінде әңгімеленіп жүрді. Семейдегі Қайымға астаналық жоғары лауазымдылардың бірнешеуі телефон соғып, бұл жолы да өлеңін қосалқы авторлар алуы дұрыс боларын ескертті, ол «ақылға» Қайым, әлбетте, бұл жолы да көнген жоқ.

Бұл жолы да «бригадалық тәсілмен» қабылданған өлеңнің өмірі ұзақ болмады, жұртшылық наразылығы құлағына жеткен парламент жаңа бәйге жариялау қажет деп шешті.

IV-тарау

АБАЙ МҰРАСЫ және «ҚАСҚЫРЛАР ТОБЫ»

Абайдың аса тебіреністі өлеңдерінің бірінде: «Мен ішпеген у бар ма?!» делінген ғой. «Атаңның баласы болма, Адамның баласы бол!» деп өсиет айтқан дала данышпаны маңайындағы адамдардан меселі қайтып ашынғанда жазған бұл өлең жолдарын. Артында қалған өлеңдері де, ұрпағы да күштілер атанғандардан қуғын көрді. Ұлы ақын аруағын әспеттегендер де бертінге дейін «көзге шыққан сүйелдей» күй кешті.

Шығармашылық шыңы уақыт өткен сайын биіктеп бара жатқан Абай есімін баршамыз қадірлеп еске алуды үйренсек те, мән-мағынасы терең де байтақ туындыларына тәнті бола түссек те, ұлы ақынның әдеби мұрасын бізге жеткізу, таныту үшін тер төккен жандардың тағдырын біле бермейміз. Олар сол жолда бастарын бәйгеге тігіп, жұрт қатарлы жұмысын, жан тыныштығын, күш-қуатын, бүкіл уақытын, денсаулығын, өмірін де тәрк етті. Отбасының жай-күйін де ойлай бермеді. Есі-дерті кемеңгер ақынның ғибратты әрбір сөзін, қарапайым да құдіретті өлеңдерінің әрбір тармағын жиып-теріп түгендеу, аман сақтау, кейінгі көпшілікке жеткізу болды. Сондай қиын тірлік кешкен Қайым Мұхамедханұлы туралы жай ғана баяндау іспетті бір кітап емес, байсалды ғылыми-зерттеу еңбек, тіпті шытырман оқиғалы хикаят сипатты сан кітап жазуға болады. Абай жайындағы зерттеушілік ғылыми жұмысқа ден қойған ол көп жылдарын сыңаржақ сын, қаңқу сөз қыспағында ғана ма, қуғын-сүргін жолында, түрме мен лагерьдің азап пен қорлауында өткізді...

Тынымсыз ізденістегі Қ.Мұхамедханұлы 1940-жылдардың орта шенінде Абай шығармаларының оған дейін беймәлім тізімін, ондағы өлеңдерді тауып, олардың Абай туындылары екенін ғылыми текстология жасап дәлелдеп, Шығармалар жинағына енгізді. Соның нәтижесінде 1945-жылы ақынның туғанына 100 жыл толуына орай шыққан кітабына жаңа тоғыз өлеңі қосылды.

Абайдың Семей қаласындағы мұражайы 1947-жылы Қазақстан Ғылым академиясының құзырына қаратылып, академия президенті академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев мұражай директорылығына Қайым Мұхамедханұлын тағайындады. Бұрын ол орында талайлар отырған еді. «Өзі жақсылар мен көзі жақсылар» баяғы. Абайтануға дәрмені жоқ болса да, партбилеті барлар. Олардың ішінде кәдімгі шаласауаттылар да болды. Қайым ағамен әңгімелесіп отырған кездеріміздің бірінде ол, қынжыла жымыып қойып, бір директордың Абайға қатысты сурет, құжаттарды алдырып тастап, орнына Социалистік Еңбек Ері атағы бар он бір бақташының портреттерін ілгізіп қойғанын айтты. Ал келесі директор, әйтеуір, ол кісілердің Абайға ешқандай қатысы жоғын біліп, суреттерін иелеріне қайтарып беріпті.

Содан көп кейін Қ.Мұхамедханов қуғынға ұшырады. Мұражай жұмысында кеңес өкіметінің саясатына қайшылық, ұлтшылдық бар делінді. Ол республика Ғылым академиясы президиумының 1951-жылғы 28-тамызда өткізген мәжілісі қаулысының Семей қалалық мұрағатжайда сақтаулы көшірмесінде менмұндалап тұр. Мәжілісте баяндамашы Абай мұражайының жұмысында «идеологиялық ірі қателіктер барын», сондай-ақ «Абайдың әдеби мектебі» буржуазиялық-ұлтшылдық бейғылыми тұжырым таратып, зиянды насихат жүргізіп келе жатқанын» мәлімдеген. Мұражайдағы кейбір көрнекі үгіт құралдары теріс идеологиялық бағытта, қайсыбірі қазақ халқының қаскөйі болған Кенесары Қасымовты дәріптеуге арналған, ал «Абайдың туыста-

ры», «Абайдың отбасы» бөлімдерінде патриархалдырушылдықтың қалдықтары бар, қазақ еңбекшілерінің қас-дұшпаны болған Құнанбайдың сөздері жазып ілінген делінді. Алғашқы екі бөлімде хандардың, сұлтандардың, билердің, қайдағыбір шалдар мен молдалардың, болыстардың, ауыл старшиналарының және патша отаршылдарының, ал «Абайдың әдеби мектебі» бөлімінде саяси сенімсіздердің портреттері бар» деген айыптау айтылды.

Қайым директорлықтан босатылды. Ол туралы Қайым аға былай деді: «Маған байлар мен хандардың өмірбаянын паш еткен бөлім ашты деген кінә тағылды. Шіркін-ау, Құнанбай болмаса, Абай қайдан келер еді? Шыңғыс пен Уәли болмаса, Шоқанды кім берер еді? Осыны ойлағылары келмегенге не дауа?!»

(Аудармашыдан: Қайым Мұхамедханұлын Абай мұражайына директор еткен Қаныш Сәтбаев оны сыңаржақ сыннан, негізсіз жаладан қорғай алмады. Республиканың жоғарғы партиялық басшылығындағы «мықтылар» Қанекеннің де аузын аңдып, ізін бағып, қара мылтықтың қарауылына іліп қойған болатын, көп ұзатпай, 1952-жылдың басында, орнынан алып тынды.)

Қ. Мұхамедханұлының Абай мұражайын негіздеу, нығайту, толықтыру ісіне аса мол үлес қосқаны мәлім. Ол туралы тарихи-әдеби мұражайдың қазіргі директоры жазушы, сыншы Төкен Ибрагимов: «Мұражайдағы әрбір мүлік Қайым аға жайында сыр шерте алады. Қақен мұражайдың әкесі болды» дейді.

1940-жылы ашылған мұражайға Қайым бірден көңіл бөліп, жұмысына белсене араласты. Абайға, оның төңірегіндегі адамдарға қатысты нәрселерді және суреттерді жинастырып, жалпы саны бес жүзден аса құнды мүліктерді мұражайға өткізді. Мысалы, Абай мен балаларының 1896-жылы бірге түскен фото-суретін тауып, мұражайға (1941-жылы) табыс еткенінің өзі қаншалық?! Ақын қайтыс болғаннан кейін, отыз алты

жыл соң ашылған мұражайды жарақтау жұмысының игілігін Қайым аға еңбегінсіз көзге елестету мүмкін емес!

Семей тарих-өлкетану мұражайына көп көмек көрсеткен қайраткерлер қатарында Қайым ағаның да үлесі елеулі. Абай 1885-жылы өзінде мейман болған Н.Долгополов арқылы мұражайға елуден астам экспонат беріп жіберген екен. Қазақтың тұрмыс-салтына айғақ бағалы мүліктер. Қайым ақынның ол игілікті ісін сақталған тиісті құжаттар бойынша дәлелдеп, нақтылап жазып берген және сол мүліктердің 23-ін іздеп тауып берген.

40-жылдары Абай мавзолейін салдыртқан да, Жидебай қыстауындағы құрылыстарды қалпына келтіртіп, онда ескерткіш тақта орнаттырған да – Қайым Мұхамедханұлы. Оның республика және Ғылым академиясы басшыларына хат жазып, Абайды есте қалдыру шаралары ақынға ескерткіш орнатумен, салтанатты жиын-тоймен шектеліп қалмауға тиіс, Пушкинге, Лермонтовқа, Толстойға, Чеховке... арналғандай мұражай-үй және кең қанатты ескерткіш кешен салу керек деген ұсыныс-құжаттары сақтаулы. Амал не, Қайым ағаның тілек-талабы кейінге қалды. Абай туып-өскен киелі жерге Семей атом-ядролық сынаулар полигоны орналастырылып, халқымыз қасіретке ұшыратылды.

Қайым аға хақында сөз болғанда атап айтарлық жәйттердің ерекше бірі – оның өзі оқыған және оқытушы болып істеген (1939 – 1950-жылдары) Семей пединститутында әдеби ізденіс-зерттеу жұмыстарымен тынбай шұғылданып, «Абайдың әдеби мектебі» атты ғылыми үлкен еңбек жазғаны және Ақылбай мен Мағауияның, Әсет Найманбаевтың, Әріп Тәңірбергенов пен Көкбай Жаңатаевтың шығармаларын тұңғыш талдап, ғылыми-зерттеу аясына енгізгені. Бұл тұрғыда бұрын ешбір сөз-әңгіме болып көрмеген еді. Аталған осы ақындардың, Абай мектебіндегі басқа да талаптылардың жарық көрмеген, негізінен өзі іздеп тапқан шығармаларын

зерттеу барысында Қайым диссертация жазды (мәшіңкемен 318 бет, қосымша-түсініктерімен -478 бет). Ол еңбегі Абай ауылын аралағанда жазып алған естеліктермен еселеніп, неғұрлым құнды болды.

Ақын Ақылбай бірнеше дастан жазған екен, алайда қайсысының қайда екені белгісіз болып қала берген. «Зұлұс» дастанының 104 беті ғана бар. Ал Қайым ол дастанның да, басқаларының да толық нұсқасын ел ішінен тапты. Әсет Найманбаевтың ғажап әсерлі «Салиха-Сәмен» дастанын да жалықпай іздестіре тауып алып, жан-жақты талдау жасады.

Ғалымның абайтану тарихында қалуына осы еңбектері-ақ жетіп жатыр еді, бірақ ол тоқмейілісіп тоқтамады, өзіне тән білмекке құмарлықпен ілгері аттап, Абайдың ізін қуушы әдебиетшілер мектебінің іргетасын қалап, босағасын бекітіп, шаңырағын биік көтерді. Ол жаңалығы революцияға дейінгі қазақ әдебиетін, арасында Абай бар, кейінгі – кеңестік қазақ әдебиетімен байланыстарған көпір болды. Қайым сол арқылы Абайдың және оның ізбасарларының шығармаларын зерттеу, Абай алға тартқан әдеби міндеттерді шәкірттерінің түсіну, орындау қабілет-шеберліктерін саралау, жас талап ақындардың әрқайсысының жанрлық өрісін, өресін анықтау, шығармаларын сыни тұрғыдан салыстыра пайымдау әрекеттерін жүргізді. Әрбір әрекеті ойлағанындай, күткеніндей жеміс берді. Демек, жас ғалым мақсатына жетті: іздену, зерттеу жұмыстары тыңғылықты, жүзеге асырған әдеби ғылыми жаңалықтары бар. Енді жұртшылық алдына шығару, бағын сынау қажет. Ол диссертациялық жұмысын 1951-жылғы көкек айында республика Ғылым академиясының: Тіл және әдебиет, Тарих, Археология және этнография институттарының Біріккен ғылыми кеңесіне ұсынды. Диссертацияны қорғау үш күнге созылды. Үш күн бойы пікірталас болды. Ол жәйт Абайды, оның шәкірттерін ұлықтау күресінің, оған әдеби, мәдени және саяси астар берілген бір бұлыңғыр

қарекеттің басталғаны еді. Сонда, басқасы «жә» дейік, ал саясаттың ақындар мен тіл мамандарының жұмысына килігетін не жөні бар?

Мәселе тотаритарлық жүйеде. Ол қашан болсын әр саладан біреуді шашбаулап шығарады да, оны сол салаға өнеге, яғни идеологиялық бағдар етіп, өзгелерді соның ізімен жүруге мәжбүрлейді. Ақылың өзіңе болсын, бірақ біздің айдағанымызға жүр. Сталиннің бата-сымен, мысалы, Маяковский «заманымыздың заңғар ақыны» атанды, оның шығармалары көп жылдар бойы басқаларға өлерменді өлшем болды. Совет өкіметін сұханы сүймеген Горькийді «революцияның дауылпазы» деп атап, оны Кремльдің алтын торына қайтарып алды. Қазақ әдебиетіндегі жалғыз тұлға - Абай. Енді әлдекім оның «поэтикалық мектебін» ашпақшы, оған совет басшыларына беймәлім біреулерді жинамақшы. Ғылыми мәні жоқ әурешілік. Әдебиет әрқашан билікпен үндес болуға тиіс. Қ. Мұхамедханұлының диссертациясы қажетсіз. «Сарай филологтары» қайдағыбір «Абай мектебі» дегенге жол бермеуді жөн көрді, өйткені бізде бір ғана мектеп – «марксизм-ленинизм» бар!

Диссертацияны талқылау барысында профессор Х. Жұмалиев: «...автор бисаяси бағытта. 1928-жылы байлығы тәркіленген Тұрағұлды, Абайдың баласын, енді келіп Абайдың шәкірті дейді... «Көкбай Абайдың ең сенімді, ең жақын досы болды» дейді. Көкбай ешқашан Абайдың шәкірті бола алмайды. Оның дастандары... кертартпалық сарында. Қасымовтардың хандық-монархиялық қозғалыстарын дәріптейді. Қазақ хандарын дәріптеу Көкбайға Абайдың шәкірті деген құқық алып бере алмайды. Партиялық баспасөз совет жұртшылығы алдына Кенесарыны мақтау идеяларының көріністерінен бас тарту міндетін қойды» деп шықты. Басқалардың пікірлері де одан кем соқпады. Мысалы, профессор С.Нұрышев: «мұны диссертацияны қорғаушының да, Мұхтар Әуезовтің де советтік ғылымға антимаркстік көзқарасты тықпалауы деу керек!» деп екіленді.

Ғылыми жетекшісі М.Әуезовтің ғылыми еңбектерінен үзінді алып пайдаланғаны да Қайымға кінә болып тағылды. Өйткені жетекшісінің бұрын саяси қателігі үшін жауапқа тартылып, түрмеде отырып шыққаны бар.

Жас ғалымға ең өкінішті нәрсе қазақ әдебиетінің ақсақалы, сергек те сезімтал Сәбит Мұқановтың сыңар-жақ сыншыларды жақтағаны болды.

Әншейіндегідей ғылыми пікірлесу саяси сайысқа ұласып кетті. Ленин мен Маркс еске алынып, феодализмнің құбыжықтарына лағнет айтылды, панисламизм туралы шу көтерілді. «Ғалым төрешілердің» көпшілігі Абай шәкірттерінің шығармаларын оқып көрмесе де, оларды тілдерінің жеткенінші күстәналады. Лақпасөзге құмарлар М.Әуезовтің: «Абайтану үрдісінде өздерің ғылыми еңбек жаза алмасандар да, бұл салада жүзеге асқан жұмыстарды, жетістіктерді көргілерің келмей, оның бәрін бір-ақ сызып тастамақшы болып отырсыңдар... Абайдың әдеби ортасына назар аудару, жете танысу, ғылыми-зерттеу жүргізу орнына Абайды ол ортадан бөліп тастауды көксеудесіндер. Бұларың - осы тақырыпты он екі жыл бойы тәптіштеп зерттеп, тартымды еңбек жазған, шын мәнінде талантты, ізденімпаз жас ғалымды ғалым болып қолдау емес, оны іштарлықпен аяқтан шалу!» дегеніне тоқтамады. Қазақ әдебиетінің білгірі профессор З.Кедринаның: «...Мұхамедханов диссертациясының тақырыбы ауқымды, әдеби сынның аса зәру мәселелерін зерттеуге көмектеседі. Бұл жұмыс – мұрағатжайлық зерттеу емес, жетіліп келе жатқан ғылымның ықпалды құралы!» дегеніне де құлақ қоймады.

Алайда, аяусыз айтыстың ақырында естиярлық күш алып, диссертация қорғалды, бірақ егес-талас алысты меңзеп кете барды. Диссертацияның негізгі мәні абайтану жөніндегі пікірлердің тууы мен түзу қалыптасуына жол ашқаны еді. Тек Қайымның ой түйіндеріне бас қарсылас С.Мұқановтың болғаны жараспады. Қайым

да бетінен қайтпай, мәселе өзінің жұмысын бағалатуда емес, Абайдың әдеби мектебі барын мойындатуда екенін баса айтты.

1951-жылдың маусымында Қайым ғылыми жұмысы жайында арнаулы баяндама жасап, онда былай деді:

«...Абайдың қанатты сөздерінің бірі: «Шәкіртсіз ұстаз – тұл». Халыққа аса қадірлі Абайдың өзіне қол көтере алмаған жаулары оны шәкіртсіз қалдыруға жанталаса тырысуда. Қорқыту, үркіту, сатып алу, мүгедек ету, өлтіру сияқты қарулары бар «қасқырлар тобы» Абайды шәкірттерінен, жақтаушыларынан айырмашы. Абайдың әдеби мектебі барын жоққа шығарғысы келетін жолдастар ол әрекеттерімен ұстазды шәкіртсіз, ақынды тыңдаушысыз қалдыратындарын, Абайды қасіретті жалғыз, тұл ететіндерін ойлай ма екен? Абайды жоққа шығару оның біздің әдебиет, мәдениет тарихымыздағы асқақ орын-дәрежесін жоққа шығару екенін ұға ма екен? Бұл - Абай кездейсоқ құбылыс, өлді, бітті деген сөз!»

Пікірталастың соңы «Казахстанская правда» гәзетіне барып тірелді. Республиканың «бас гәзеті» 1951-жылдың 13-қазандағы санында жариялаған мақаласында Қ. Мұхамедханұлына, оның «жалған» ғылыми тұжырымдарына шұқшиып: «...Қазақстанның кейбір әдебиеттанушылары поэтикалық «Абай мектебі» деген буржуазияшы-белсенді бейғылыми тұжырымды насихаттап, үлкен саяси қателік жасады... Істің насырға жапқаны соншалық, биылғы көкек айында ҚазКСР Ғылым академиясы гуманитарлық институттарының Бірлескен ғылыми кеңесі Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың әдеби мектебі» деген диссертациясын мақұлдады, ал онда Абай «шәкірттері» деген атпен буржуазияшыл ұлтшылдар – Совет өкіметіне өтіп, оның жексұрын жауына айналғандар дәріптелді» деп айқұлақтанды.

Қайым Мұхамедханұлы кандидаттық диссертациясын қорғауы үстінде «жауған қамшыға» да, орталық баспасөздің шабуылына да, жергілікті партия

белсенділерінің нұсқауына да мойын ұсынған жоқ. Бірақ табандылығы үшін іле-шала жазаланды. Сол кезеңнен көп жыл кейінде Д. Қонаевтың «Менің кезімдегі туралы» деген кітабында жазғанындай жағдай болды. Оқиық:

«...Қазақстанның көрнекті мәдениет және ғылым қайраткерлерін жазықсыз жазалау соғыстан кейінгі жылдары да тоқтамағанын атап айту керек. Тарихшылар Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов тұтқындалып, ұзақ мерзімге сотталды. Филолог ғалымдар Е.Ысмайылов пен Қ.Мұхамедханов та тұтқындалды, соңғысының кінәсі Абайдың әдеби мектебі туралы жазғанда «ұлтшылдық қателер жібергені» болды».

Ол тағы былай деп жазды: «... Ж. Шаяхметов ұлт зиялыларына қатысты мәселелерде үлкен қателіктер жіберді. Ол қателіктер М.Сужиков Орталық комитеттің идеология жөніндегі секретары болып тұрған 1951 – 1954-жылдары ерекше асқынды. Қазақстан КП Орталық комитеті ауыз әдебиеті дастандарының озық үлгілерінің мәні халыққа қарсы деп тауып, ол дастандар туралы ғылыми еңбек жазған көптеген ғалымдарды, тарихшыларды, тіл мамандарын, тұтас ұжымдарды қаралаған қаулы қабылдады. Көркем әдебиеттің таңдаулы туындылары тас-талқан етіліп сыналды. Мысалы, «Казахстанская правда» гәзетінің 1953-жылғы маусымдағы санында шыққан редакциялық мақалада М.Әуезовтің Абай жайындағы романы қатты сыналды. Баспасөздегі сондай ұр да жық сындардан, жұртшылықтың сондай жиналыстарынан кейін жоғарыда аталған көрнекті қайраткерлер абақтыға жабылды...».

(Аудармашыдан: Мұхтар Омарханұлы Әуезовті қуғындаудың ең сорақысы да соңғысы Ғылым академиямыз бен Жазушылар одағымыздың қазақ эпостары жайында бірлесіп өткізген конференциясы болды (1953-жылы, көкек айының 11-15-күндері). Конференцияны Академияның президенті Дінмұхаммед Қонаев ашып, Мәлік Ғабдуллин баяндама жасады. Мұхаң төрт

күн бойы кергіленіп, оған «буржуазияшы-феодалшы, ұлтшыл» деген қара таңба басылды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің оны тұтқындау туралы түпкілікті шешім жасауы содан кейін. Яғни Д.Қонаев өзіне тікелей қатысты оқиганың ақиқатын айтпай, бұрмалап жазған.)

«Қазмемкөркембас» 1951-жылы шығарған «Абай төңірегіндегі ақындар туындыларының жинағы (алғы сөзін жазған – М. Әуезов; құрастырған және өмірбаяндық, текстологиялық түсініктерін жазған – Қ. Мұхамедханов)» теріс кітапқа айналды. «Абайдың шәкірттері» диссертациясының негізінде жазылған монография баспахананда тәркіленді. Ол еңбек 42 жылдан кейін, 1993-жылы, «Абайдың шәкірттері» топтамасының бірінші томы шыққан соң ғана жарық көрді. Топтаманың соңғы, төртінші томы 1997-жылы шықты. Бұл мол еңбек абайтанудың ғылыми негізіне, хрестоматиялық құралға айналды. Оған Қайым Мұхамедханов енгізген ақындардың шығармалары бүгінде қазақ әдебиеті жөніндегі оқулықтарда, ал ақындардың атында көшелер, мектептер бар. Тек бұл игі істің мән-жайы әлі баяндап берілген жоқ...

V-тарау

ТАМУҚ БАР БОЛСА, ОЛ - ОСЫ

«...Қайым аға кіммен болсын әңгімелескенде жұқалтаң аққұба жүзі арайлана жымыып, лекіте күліп қойып отырады екен. Ойды ой қозғап дегендей, сөз жүйелеп өрістеп, қаншама тақырыпты шалсаң да, аға бәріне даяр. Әдебиет, өнер, тарих, жағрафия, тіл, дін, саясат, экономика, педагогика, философия... Көнеден бүгінге дейін айта алады, айтыса алады. Айтыс қызуы артқан сайын ағаның сәл қиықша кішкене қоңыр көзі өткірленіп, дауысына шыңыл бітіп, сөзі шапшаңдайды.

Бір қызығы: сондай жағдайда да лекіте күліп қоюдан жаңылмайды... Қаншама жыл аралас-құралас, сырлас болып жүргенімде қатты ашуланғанын көрген емеспін. Тегі ағаның адами жаратылысында ашу жоқ шығар... Қанша майысқанмен сынбай, қанша шатынағанмен шашылып қалмай, ұзақ жасауы ғажап. Әлі есімде, бірде: -Аға, темір тордың тауқыметі сұмдық шығар?- деп қалғаным. Ол Мұхтар Әуезовтің сонау жылдары түрмеге түсу себебін айтып отырған-ды. Менің сұрағым өзіне қатысты болған жәйтті жағалауым екенін аңғара қойып: -Құрысын, қайтесің соны, мен өзі ұмытып та барамын, - деп күлді...».

Жазушы Ғаббас Қабышұлының осылай дегені бар.

Шынында Қайым Мұхамедханұлы өзіне жаманшылық жасағандарға кектенген емес. 50-жылдарда көрген қорлық-зомбылықты жадынан өшіріп тастағанына кейбіреулер иланбаса, – мейілі. Ал төл тарихымызды таразылауда «бәрін білмей қоймаймыз» деп жүрген біз Қайым ағаны үлгі тұтуға тиіспіз.

1951-жылғы 1-желтоқсанның кешінде үй есігінің тарсылдан талқан бола жаздап, әлдекімдер алқын-жұлқын кіріп келді де, үй ішін астаң-кестең тінте бастады. Кітаптарына, қолжазбаларына жаудай тиіп, тіркеп жазып, шығарып әкетіп жатыр. Жазу-сызуы бар қағаздарын қидай сыпырды. Мұхтар Әуезовпен жазысқан хаттары бір сандық еді, оны сол бойы алып кетті. Кейін әкелері қанша іздесе де, КГБ-ға, басқа орындарға қаншама өтініш жазса да, сонда тәркіленгендердің ешбірін қайтарып ала алмады.

Тіміскілер қағаздан басқа: жиһаз, сәндік бұйымдар, облигациялар, тіпті балалардың төсектерін, орындықтарын да тәркіледі. Ең соңында Қайымның өзін ала жөнелді. Қайым келіншегі мен балаларына жымия қарап: «Мен көп кешікпей келемін» деп үлгірді.

Қайым Мұхамедханұлы әуелі Семейдің ішкі түрмесіне қамалды да, содан кейін Алматының түрмесінде тоғыз ай отырды. Онда бірінші қабатта ма, әлде

подвалда болды ма, есінде жоқ, әйтеуір, едені бір шаршы метр, төбесі де аласа камерада отырғанын ұмытқан жоқ.

Үйшіктің едені де, бетон қабырғалары да біраздан соң ыси бастайды екен. Табаның шыдамай ыршисың, тілің аузыңа симай кетеді. Бір кезде есік ашылып, бақылаушы бір ыдыс ұсынады. Су ғой деп бассаласың, иә, су, бірақ ыдысы тесік екен, ұрттап үлгіргеніңше ағып кетеді. Дәрет қысқанда есікті ұрғылап айтасың, айдап алып барады. Ол жақтан бір тақтай кесіндісін нұсқап: «табаныңа төсегің келсе ал» дейді. Ыстық еденге төсеуіңе керек, аласың, бірақ иісі қолқанды атады. Біраздан соң үйшік суыта бастап, мұздатқышқа айналады... Соны айтқан Қайым ағаның сәл жымиып: «Егер тамұқ бар болса, ол – осы, деп ойладым» дегені әлі де есімде.

Көпшілік камераларындағы жағдай да оңып тұрмады. Ондағылар бақылаушының рұхсатымен ғана отырып, соның рұхсатымен ғана жатады. Жастықтарының «мамығы» - металл жоңқасы. Бар-жоқ тамақ – ішінде қырыққабықтың (капустаның) қасыққа ілінерілінбес бірер қабықшасы жүретін сұрқай былымық. Оны ішкенмен тоймайсың және оны тергеудің алдында әкеледі де, еріксіз қалдырып кете барасың, ал қайтып келгеніңде егеуқұйрықтың ішіп тұрғанын көресің.

Түрмеде ондай «диетадан» басқа татымды тамақ та болады, бірақ ол темір торлы терезенің арғы жағында тұрады. Оны ішу үшін: «Советке қарсы жұмыс жүргізгенім рас» деп мойындап, қою керек қағазына қол қойып бересің. Өйтпесең, көресінді тағы көріп, егеуқұйрықпен «табақтас» боласың.

Тауқыметті айларда Қайым Мұхамедханұлы тағы не көрді? Қытайлар ойлап тауышты деген азапты тартты: қырыңнан жатқызады да, самайыңа суық су тамшылатады. Тырнағыңның көбесіне ине сұққылайды. Басы-көзің бар демей тепкілейді. Тісіңді опырып, мұрныңды бет қылады. Аяқ-қолыңды байлап, басыңа

резеңке қапшық кигізіп, резеңке қамшымен сабайды. Сөйтіп, есің кіресілі-шығасылы болып жатқаныңда: «Қылмысыңды мойындап, мына жерге қол қой!» деп қағазын тықпалайды. Қайым қорлықтың бәріне төтеп берді, қол қоймады. Дене бітімі де, жаны да нәзік адамның ешқашан қайыспағанына қайран қаласың! «Өзектіге өлім бар. Менің жаным Алаш арыстарының жандарынан ардақты ма, өліп-ақ қалайын дегенді ғана ойлап жүрдім», дейді Қайым аға. Айуандық азапқа дәнниккен тергеушілер оны жасыта алмады. Қайым аға өзінің ғылыми идеяларынан бас тартпады, Абайдың әдеби мектебін жоққа шығармады, ұстазы Мұхтар Әуезовті сатпады!

Қайым аға өзіне жасалып жатқан зұлымдықтың бәрі Мұхтар Әуезовке қарсы қаскөйлік екенін бірден сезген. Әпербақан тергеушілер де біраздан соң жасырынбақты қойды, бір күні жетеуі кезек-кезек қинап, «Абайдың әдеби мектебі туралы диссертация жазуға сені Мұхтар Әуезовтің мәжбүр еткенін мойында!» деп арсылдады. «Олай деп жала жапқаннан өлгенім артық!» - Қайым Мұхамедханұлында осыдан басқа ой да, сөз де болмаған!

Бертінде М. Әуезов түрмеде қандай ойда болып жүргенін сұрағанда Қайым онда отырып жазған бір өлеңін оқып беріпті. Соның Мұхаңа қатысты шумағы мынау екен:

*«...Отқа салды, отырдым жігер қайнап,
Тордағы арыстандай көзім жайнап.
Шыңдалып шарболаттай шықтым, міне,
Отырмын өзіңменен күліп ойнап!»*

Тағдыр қанша тарынса да тәлкек болмаған Қайым тұтқындалғаны туралы сөз бола қалса: Алматы түрмесінің бір кісілік «люкс» бөлмесінде тұрдым, деп қалжыңдайтын еді.

Қайымның отбасы да күтпеген күйзеліске ұшырады. Күні кеше есігін босатпайтын дос-жолдастардың көбі

жоламай кетті. Қайсыбірі тіпті отағасыз қалған балашағаның, ол үйге аз болса да кіріп-шығып жүргендердің ізін аңдып, тиісті орындарға домалақ хат жазатын болды. Отанасы Фархинұрға «халық жауының» балаларын панасыздар үйіне тапсырып, пәле-жаладан құтылып, адамша өмір сүрсеңші дегендей «жанашырлық ақыл-кеңес» берген «қамқоршылар» да табылды. Фархинұр мен балалары үш бөлмелі пәтердің ең кіші бөлмесіне көшірілді де, кең бөлмесіне бірде әскери кісілер, бірде партия қызметкерлері орналастырылды.

Отбасының күнкөрісі қиындады. Фархинұр Ахметжанқызы үйге жақын Физинститутқа, ауруханаға жұмысқа орналасты. Оның айлығы тамаққа там-тұм жетсе де, кейде пәтерақы төлеміне жетпей, пәтерден шығып қалу қаупі төне берді.

Дегенмен, Қайымның үй-ішімен бұрынғыша араласып жүргендер болмай қалған жоқ. Солардың бірі – Абай мұражайының байырғы қызметкері Б.Акерман жиі келіп, хал-ахуалдарын біліп, жылы сөзімен де, қаржылай көмегімен де қолдап жүрді. Қайымның жағдайын жеңілдету ниетімен тиісті орындарға өтініш жазды, отбасының пәтер мәселесін шешуге араласады.

Қайым аға болса, отбасының, туған-туысқандарының не күйге ұшырап жүргендерін ойша ғана долбарлап, анық ештеңе біле алмады.

Қазақстанның Ерекше назардағы лагерьлер басқармасының өтінішін қараған республика үкіметі Ақмола, Қарағанды округтарында жаңа лагерьлерге ашуға 110 000 га жер бөлу жөнінде 1930-жылғы 13-мамырда шешім шығарған болатын. Совет жерінде тағы бір Гулаг – Карлаг солай ашылған. Ол жапан дүзде лагерьлік «төбешіктерден» құралған, тұрғындары - жартылай құлдар мен жартылай жераударылғандар - социалистік жұмаққа жауыққан өте үлкен аймақ еді. Қайым Мұхамедханов бірнеше жылын сонда өткізді.

Айтқанынан қайтпай қасарысқан жас ғалым Қайым ҚазКСР Жоғарғы сотының қылмысті істер жөніндегі

сот алқасының үкімі бойынша 1952-жылы албастыдай әйгілі 58-бап негізінде 25 жылға сотталды. «Қылмысты» Алматының түрмесінен Семей қаласының түрмесіне апарылып, сонда үш күн (29-31 мамырда) сот болды. Әрине, сот айыптының «қылмысты емеспін» деген ақиқат сөзін елемеді, кеше қызметтес, бүгін айыптап куә болған кейбіреулердің «дәлелдерін» ғана ескерді. Фашистік Германияға дізе бүктірген КСРО сол жеңістің құрметіне елде өлім жазасын қолдануды тоқтатқандықтан Қайымға да ол жаза қолданылмады. Бірақ оның орнына 25 жыл тірі өлік болу кімге керек дейсің?!. Сол да өмір ме екен?!.

Тұтқын Мұхамедханов көппен бірге ертелі-кеш жер қазды, тас тасыды. Оған да аты-жөнін ұмыттырмақ болды. Бәрі нөмірленген. Еститіндері: «Пәленінші нөмір, тұр, жүр!». Онымен қоймай, бәрін ай аралата басқа жаққа айдап апарады, араластырып жібереді. Сол «тәртіппен» Қайым аға: Теміртауда, Қарабаста, Долинкада, Дарияда, Құлайығырда... болды. Барған жерінің бәрінде «дене жұмысына жарамды» деген анықтама бұйырып, адам төзгісіз азапты хал кешіп жүрді.

Азап алуан түрлі. Ең жақын адамдарыңмен хабарласа хат жазысып қарық болмайсың. Үйден келетін хаттың айтары: «Деніміз сау, балалар оқып жүр, ауа райы жақсы». Үйдегілерге жазылар хат та соған ұқсас. Аман не?!. Ал жүйкеңе тыным жоқ: түнде адамша ұйықтай алмайсың, құпия бақылаушылар оғаш бір қылығыңды, артық бір сөзінді қожасына жеткізіп, сол үшін таңертең таяқ жейсің. Лагерь қызметкерлері тұтқындардың хаттарын ашып оқиды, елден келген посылканы ашып, керегін алып қояды. Ондай сұмпайылыққа Қайым да тап болып жүрді. Қорқыныш билеген көпшілік оны айта алмаса да, озбырлыққа қарсы тұрғандар болмай қалмады. Сол аздардың бірі – Қайым Мұхамедханұлы тұтқындар көріп жүрген қорлық-зорлықты тізе лагерь бастықтарына хат жазудан қаймықпады. Кімнің кімнен, қашан, қандай жәбір көргенін нақты атап жазған хатта-

ры кейінде табылды. «Хат жазу себебім кек сақтаушылық емес, лагерьде адами ар-намысыңды аяқасты етуге қарсы тұру, сізге осыны мәлімдеймін» деп ашық, батыл айтып отырыпты.

Лагерь күнін құрым кара бұлт үнемі тұмшалап тұрды, саңылау көрінбеді деуге болмайды екен. Соңғы жылдардағы бір әңгімесінде Қайым ағаның осылай деп, мысал келтіргені бар. «Сталин заманындағы лагерьден университеттік білім ала аласың» деген «қанатты» сөз болыпты. Жаны бар сөз екен, себебі лагерьлерде жоғары білімді саяси қайраткерлер, әр саланың көпке белгілі құрметті, атакты өкілдері болыпты. Қайым аға совет жұртшылығының сүйікті әншісі Лидия Руслановамен лагерьлес болғанын, ол анда-санда «Валенки» әнін жігерлене шырқап, көңілдерін бір желпініп тастап жүргенін айтты. Ал бір бейбақта Н.Карамзиннің «Бедная Лиза» хикаясы шыққан кітап болыпты да, Қайым аға оны сұрап алып, қазақ тіліне 15 күнде өлеңмен аударып, атын «Сормандай Лиза» деп сәтті қойыпты. Сірә, хикаяның мазмұн-мәні айдау-қамаудағы аудармашының тірлік мәнімен үндес болғандықтан шығар.

Тірліктің тұщысын қалаған пенде де оның немен тынарын біле бермейді. Ал Қайым түбі өзінің жеңерін біліп, әрбір күні үшін күресуін жалғай түсті. 1952-жылы КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Г. Маленков пен СОКП ОК бірінші хатшысы Н. Хрущевке, КСРО Жазушылар одағының Бас хатшысы А.Фадеевке хат жіберді. Сол хатынан бір үзінді:

"...литературный вельможа С.Муканов и его последователи, желая, во что бы то ни стало, опорочить, скомпрометировать и унижить своего противника писателя М. Ауэзова, действовали испытанными методами врагов Абая - клеветой и интригами. Я оказался жертвой беспринципности этих литературных вельмож и отдельных работников органов МГБ КазССР, которые пошли на грубейшие нарушения советской законности, вплоть до прямой фальсификации обвинительных ма-

териалов и применения недопустимых и строжайше запрещенных советскими законами приемов следствия. Я не мог добиться справедливости, гуманного подхода к судьбе советского человека и со стороны органов прокуратуры и суда... Каменной стеной вставали передо мной равнодушные работники и этих органов. Они, мне кажется, придерживаются правила: упавший да будет растоптан».

Бұл сөздерден қайыспас тұтқынның әділдіктен әлі де күдер үзбегені, әділетсіздікке төзбес ашу-ызасы, шарасыз шамырқанысы, арыз-шағымының жол табатынына сенімі бар.

Қайым хатын өзіндей сорлап жүрген бір тұтқынның лагерьге келіп қайтқан әйелі арқылы сыртқа шығарған.

Мұхамедхановтардың отбасы мұрағатжайында лагерьдегі Қайымның сондағы бір мәшинкашыға Фадеевке жіберуі керек хатын басып беруді сұрап жазған запискасы сақтаулы. Онда былай депті:

"Уважаемая! Прошу Вас печатать на одной стороне, через 1,5 или 2 интервала. В тексте моей жалобы встречаются имена двух исторических личностей, очень близкие в орфографическом отношении. Это - поэт Абай и хан Абылай. На что особо обращаю Ваше внимание. Эта жалоба - моя судьба. Это Вы, конечно, глубоко понимаете. Отпечатав мою жалобу, Вы сделаете мне великое добро. Надеюсь, что Вы не откажете несчастному в этой любезности..."

Жоғарыға жолдаған хаттарына жауап болған жоқ. Алайда дәтке қуат еткені – үйіне анда-санда хат жазуға мүмкіндік берілгені. Міндетті түрде орыс тілінде жазылатын, цензордың оқып тексеруімен жіберілетін ол хаттары әйелі мен балаларын сағынып сарғайған жанның нәзік сезіміне толы болатын еді. Сол хаттарынан бірнеше сөйлем оқылық:

"...Милые мои, я жив и здоров. Мне понятно, я глубоко чувствую, мои дорогие, что вам без меня трудно и скучно. Мне тоже очень тяжело, когда думаю о том,

что я не с вами. Все это, конечно, временное явление. Но пока нам с вами придется мириться с трудностями... Мои дорогие, все что есть в юности - силу духа и мысли, хватку рук, наблюдательность глаз, все отдавайте учебе, труду. У меня нет других желаний, кроме того, чтобы вы учились хорошо, были счастливыми в жизни"; "... я глубоко благодарен тем людям, которые не забыли протянуть руку своему ближнему в трудном случае жизни. Особенно я благодарен им за то, что они помогают вам. Пусть они живут долгой, богатой и счастливой жизнью. Честь и слава им!"

Сазарған сары далада, тікенек сыммен қоршап тасталған лагерде жаны сыздаған Қайымның сүйікті жары - тағдырдың тауқыметіне тап болған Фархинұрының досқа күлкі болмай, дұшпанға таба болмай жүрген қайрат-жігеріне, парасаттылығына тәнті бола, тебірене, кіршіксіз сүйген жүрегін аша алғыс айтқан. Ол өлеңін баспасөзге 40 жылдан соң ғана ұсыныпты. Әрбір сөзі жан сезімді толқытады, тербейді. Бірер сөйлемін келтірейін: «...Сен мені шексіз сүйесің, қуанышымыз да, қайғымыз да – бір. Сен - менің періштемсің! Жарына адал серік, балаларына пана асыл Ана, саған басымды иіп, сені мақтаныш етіп жүрмін!».

Қайым аға Фатхинұрын әрқашан шынайы сүйіп, аялап, алақанына салып жүрді. Жарының фотосуретін жанынан тастаған емес!

1954-жылғы желтоқсанда Қайым ақталды (А. Фадеевтің жәрдемі болған көрінеді), бірақ бостандыққа 1955-жылы шықты. Тиісті құжаттарды әзірлейтіндердің тонмойындығы бөгепті.

Азаптың ақыры қайырлы болып, Семейіне апаратын пойызбен Алматыға жеткен Қайым вокзалдан Есмағамбет Ысмайыловтың үйіне асыға телефон шалды. Өзі де тұтқын лагерінен сәл ертерек босап келген жолдасы қатты қуанды, Мұхтар Әуезовтің тағатсыз күтіп жүргенін айтып, тезірек хабарласуын қалады.

Телефон тұтқасынан шәкіртінің дауысын естіген Мұхтар Әуезов балаша қуанып, тез кел деп шақырды.

Үстінде жөні түзу киімі жоқ және бала-шағасын сағынып қалжырап келе жатқан Қайым ұстазынан біраз күнге мұрсат сұрап, қалтасындағы алты сомына билетке жұмсап, Семейге жол тартты.

Араға екі апта сала Алматыға жеткен Қайым күткен ұстазымен қуана қауышты. Сағаттан сағатқа созылған әңгімелері аяқталар емес дерсің. Екеуіне ортақ жәйттер көп. Қара құрыққа екеуі де 35 жастарында іліккен (айырмасы: Мұхтар 30-жылдары, Қайым 50-жылдары). Біріне әке, біріне аға Мұхамедхан Сейітқұлұлының өмірі де екеуара әңгіменің арқауы болды.

Мұхтар түрмеде Мағжан Жұмабаевпен, Жүсіпбек Аймауытовпен, Ахмет Байтұрсыновпен бірге отырғанын Қайымға сол жолы айтты. Мұхтарды партиядан кешірім сұрай хат жазуға Ахмет көндіріпті. Ол Абайдың ісі мен сөзін, әдеби асыл мұрасын аялап аман сақтап қалу үшін Мұхтардың бостандыққа шығуы қажеттігін, қазақ халқына керек Абайдың атын ардақтап, шығармаларын насихаттаудай ұлы мақсат-мүдде үшін бір рет дізе бүкпей болмайтынын айтыпты.

...Ақталып оралған Қайым енді ғылыми атағын қайтарып алу күресіне кірісті. Жұмысқа орналасып еді, бір кафедрадан екіншісіне ауыстырып, штат қысқартуға іліктіріп, есін шығарды. Еңбек стажын қалпына келтіру де қиямет болды. Пәтерін қайтарып алу үшін жазбаған қағаз, бармаған кеңсе, ашпаған есік қалмады. Соттың «қызығын» да көрді. «Үш әріптің» салпаңқұлақтары да ізін аңдып жылтындайды. Біз оның отбасы мұрағатжайында сақтаулы шақыру қағазды көрдік, 1955-жылғы 8-желтоқсанда жазылған. Қайымға КГБ-ның Алматы қаласындағы бір қызметкеріне келуді ескертіпті. Пәлен жылын лагерьде өткізуге мәжбүр болған соң өздеріне «майшелпек» болды дессе керек. Жоқ, олар Қ.Мұхамедхановты айдаған жақтарына жүргізсе де, айтқандарына де көндіре алмады! Ол «ақырын жүріп, анық басатын», көзі жеткен ақиқаттан аумайтын, батыл да әділ сөйлейтін, анық та ашық жа-

затын, өктем күшке өзеуремейтін, білекті емес, білімді сыйлайтын қалпынан өзгерген жоқ.

Ол домбыраны жақсы тартатын. Ал лагерьден мандолина ала келді. Кейде соны сылап-сипап, Н.Некрасовтың «Тройка» өлеңіне жазылған әнді «Что ты жадно глядишь на дорогу...» деп қоңыр үнмен баяу бастап, ойлы пішінмен айтып отыратын. Ол:

*«...Прощай, немытая Россия,
Страна рабов, страна господ.
И вы, мундиры голубые,
И ты, послушный им народ...» –*

деп М.Лермонтовқа жиі жүгінетін.

Лениннен бастау алған коммунистік идеологтар өздерін декабристер мен халықшылдардың ұрпағымыз деді. Ал олар сталиндік кезеңде бөтен ойды тұмылдырықтайтын күшке айналып, патшаның «көгілдір мундирлі» жалдаптарының ізімен кеткендерін аңғармай да қалды. Анна Ахматова 1939-жылы-ақ «көгілдір мундирлілер» мен НКВД-ның көкбөріктілерін салыстыра теңеген болатын. Киімдерінің түсінен саяси түйсіктері сезіліп тұрған ғой. Сірә, лагерьде, қиямет құрсауында, жүрген қазақ ақын, А.Ахматованың «Реквиемін» оқымақ тұрғай естімесе де, М.Лермонтовтың құлдар мен мырзалар, көгілдір мундирлер мен жаншылған халық туралы тармақтарын жиі қайталап, салыстыра сан рет ой өрбіткен болар. Соның нәтижесінде 1952-жылы жазған, ғұмырының тұмары дерлік:

*Туған ел – алтын бесік, ұшқан ұям,
Көз жұмылмай тұрғанда қайтіп қиям?!
Тарта гөр, Семейімнің топырағы,
Тәстіктей жеріңе мен еркін сиям! –*

деген сағыныш назды өлеңі көп-көп жайды аңғартпай ма?! Иә, оған сүйікті де сүйкімді адамдарымен бірге жүргеннен артық ештеңе керек емес еді. Оны сол бақытынан айырғысы келгендер...

Қайым Мұхамедханұлымен қайтыс боларынан екі жыл бұрын бір әңгімелескенім әлі есімде. Өмірінің теріскейі туралы сабақтап отырған сөзін кенет үзіп, өңі бозғылт тарта бір ауық үнсіз қалды. Ой бейнетінің белгісі-ау... Ауыр тиді. Аямады. Жыл өткен сайын артпаса, кеми қояр ма... Суалыңқыраған саусақтары көрпесінің бұрышын бүрді. Сәлден соң өңінің бозғылт бояуы шайылып, жылы шырайы орала бастады. Байырғы кешірімділігінің нышаны-ау... «Олар бұйрықты орындауды ғана білді. Сол үшін жазғыруға болар ма?» деді.

VI тарау

АБАЙ АРУАҒЫНА ІЗЗЕТ

Абайдың әдеби мұрасы. Жас ғалымды ғылым жолына бастаған, айналысуың осы болсын деп ұқтыра қызықтырған бұл әлем шексіз еді. Ол соны біле тұра оған қадам басты. 40-жылдардың басында. Абайдың ақындық шалқар ой-әуені орыс әдебиетінің алыптары Пушкин мен Лермонтовтың, Крыловтың поэтика әлемімен астасып жатқанын аңғарып, олардың өзара байланыс сырына қанығуға шын қызықты. Бұл байланыс бүгінгі абайтанушыларға өзінен-өзі түсінікті табиғи қалып болып көрінуі мүмкін. Орыс және еуропа поэзиясын кезінде оқыды, тоқыды дер. Өйткені бүгінгілердің алдында ХХ-ғасырдың ортасында Қайым Мұхамедханұлы салған жол жатыр. Абайтанудың қазіргі даңғылына соқпақ болып қосылған ол жол бірте-бірте кеңіп, жолаушылары көбейе берді. Соқпас иесі қазақтың кеменгер ақынының ой-өрісі мен өресі бүкіладамзаттық поэтика әлеміне ұласып жатқанын, олай шарықтауына табиғи дарыны, ізденімпаздығы, танымпаздығы және шығыс, орыс, еуропа мәдениетімен, әдебиетімен байланыса алғаны ықпал жасағанын алғаш рет ғылыми жүйеледі.

Ә дегеннен абайтануға ден қойған Қайым аға қара құрсаудан босап шығысымен бірнеше жылға үзілген жолын жалғап, Абайдың ел аузындағы өлеңдерін жинауға қайта кірісті де, бірінші жылы үшеуін, 1956-жылы алтауын тапты. Оларды жариялаудан бұрын шын мәнінде Абай өлеңдері екенін текстологиялық зерттеуден мұқият өткізіп, көзі жеткен соң дәлелді түсінік жазды. Оның 1955 – 1959-жылдары абайтану тақырыбына жазған мақаласының ғана саны - он бір. Негізгілері: «Мағауия Құнанбаев. Өмірі мен шығармашылығы», «Абай туындыларының текстологиясы». Соңғысы қазақ текстологиясындағы баға жетпес басты еңбекке айналып, күні бүгінге дейін бұл бағыттағы үлгі-өнеге болып келеді. Абай шығармаларын түгендей топтауы, оның ауқымы кеңдігін, тереңдігін, қайталанбас қуаттылығын танымды да тапқыр әңгімелеуі, Қазақ әдебиеті оқулығында айтылғандай, «әдебиеттануымыздың көкжиегін кеңіткен жаңалық болды».

Қайым Мұхамедханұлы 1959-жылғы 12-маусымда Ғылыми кеңесте Абай тұсындағы ақындар жайында диссертация қорғады. Сәтті болды, ойы орындалды.

Абайтанушы ізденімпаз ғалым 1970-жылы үлкен жаңалық ашты: Абай өлеңдерін 1909-жылы Санкт-Петербургта алғаш рет шағын жеке жинақ етіп шығарған адам Ілияс Бораганский екенін паш етті! Ол еңбегі Қазақстан, Ресей, Башқұртстан мұрағатжайларымен байланысып, шаң басып жатқан гәзет және құжаттар тігіндісін жылдар бойы қажымай ақтаруының жемісі еді. Сөйтіп, ол Абайдың ғылыми өмірбаянындағы тағы бір ақтандақтың орынын толтырды.

Абайдың ақындық, философиялық танымы тұтас бір кең әлем десек, Қайым аға ол әлемді өмірінің соңғы сәтіне дейін зерттеп өтті. Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай 1995-жылы шығарылған қостомдыққа сіңірген еңбегі өз алдына бір төбе. Ұлы ақынның туындылары бірінші рет ғылыми түсініктермен шықты! Көркем әдебиетіміздегі ол жаңалық Абайдың ақындық,

ойшылдық құдыретіне тәнті көпшілікті шексіз қуантса, оларға сол қуанышты сыйлаған бірегей ғалым Қайым ағаның қабағын кірбең шалды: костюмдықты ол дүкеннен сатып алды...

«Ештен кеш жақсы» дегендей, Қайым Мұхамедханұлына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Басқа да құрметті атақтар мен награда болды. Олар: «Абай» энциклопедиясын, «Абай» костюмдығын және Абайдың шәкірттері жайындағы төрттомдықты шығаруға жұмсаған ғалымдық қажыр-қайратының өтеуі сияқтанды.

Қажымас Қайым аға ат шалдырмайтын ғадетінен жаңылған жоқ: мұрағат жайларды тынымсыз аралап, керегіне сұрау салып, тапсырыс беріп, алыс-жақындағы әдебиетші ғалымдармен сөйлесіп, хат жазысып, абайтану аясын кеңітіп, жас ізбасарларын көбейте берді.

VII -тарау

ҰМЫТЫЛҒАННЫҢ ОРАЛУЫ

Баршамызға аян және бір жәйт – қазақ әдебиетіндегі шәкәрімтанудың көшбасы Қайым Мұхамедханұлы екені. Ол озбыр билік өктемдікпен атын өшірген Шәкәрімді ақтап алу күресін отыз жыл бойы жүргізді. Қазақтың төл әдебиетінің төрінен орын алуға тиіс ақынды ғалым болып қана емес, түбі бір туыстық дәстүрдің талабымен де іздеді. Әкесі ерекше ғажап адам Шәкәрім туралы арасында қызықтары да бар көп әңгіме айтатын. Шәкәрім 1912-жылы бұлардың үйінде біраз уақыт мейман болып жатты. Ел-жұртқа танымал ақын он саусағынан өнер тамған шебер де екен. Өз киімдерін, етік-мәсіні қоса, өзі пішіп-тігіп алуы былай тұрсын, музыка аспаптарын да: қазақы домбыраның түр-түрін және сайын далада кездесе бермейтін скрипканы өзі жасап алады.

Бір күні таңертеңгі шайдан кейін Шәкәрім қала аралайтынын, түске таман оралатынын айтып шығып кетеді, бірақ межелі уақытта да, одан кейін де келмейді. «Бұлай болмаушы еді ғой?» деп Мұхамедхан мазасызданады. Сөйтіп отырғандарында бір полицей келіп, оны участок бастығы шақырып жатқанын айтады. Сөйтсе, киім киісі ерекше сұңғақ бойлы бейтанысты тәртіп сақшылары тегін кісі емес, бұл шпион шығар деп ұстап, участокке алып барыпты.

Айтпақшы, Шәкәрім бүгінде қолымызда бар жалғыз фотосуретке Мұхамедхан Сейітқұлұлының үйінде жатқан сол күндері түскен көрінеді.

Шәкәрімнің әдеби бүркеншік аты - «Ұмытылған» (ақынның өзі «Мұтылған» деп жазған, - *Ғ. Қ.*). Жекебатырға айналған Шәкәрімді бір күні Шыңғыс тауының қойнауында атып өлтіріп, мүрдесін бір терең шұңқырға тастай салған қызылжағалылар оның атын өшіру, ұмыттыру үшін қолдарынан келген сойқандықтың бәрін істеген: ақынның кітаптарын, қолжазбаларын, киім-кешек пен нәрсе-бұйымдарын құртқан. Оны-мұны қағаздарын, суреттерін өртеуді кеңсенің мылқау күзетшісіне тапсырған. Шәкәрімнің бізге мәлім фотопортретін ақынды сырттай білетін, іштей құрметтейтін сол мылқау сақтап қалыпты. Байқатпай ала қойып, екі бүктеп, қойнына тығып жіберіпті. Кейін сол жарымжан адам берген болар, ол сурет сейітқұловтардың үйінде сақталған.

Әлмисақтан бері айтылып келе жатқан, «қолжазба күймейді» деген әсірелеу сөз Шәкәрімнің кезінде мүлде жоққа шығарылды. Ақынның қолжазбалары да, өзінің көзі тірісінде Семейде, Ташкентте, Қазанда шыққан кітаптарына дейін жанып кетті. Егер ұлы Ахат әкесінің үш бума қолжазбасын, бір кітабын қалайда сақтап қалудың жолын таба алмаса, ақынның әдеби мұрасынан біз мақрұм қалар едік.

Ахат та аз тауқымет тартқан жоқ. Талайды жазықсыз тентіреткен, қазаға ұшыратқан «халық жауының ба-

ласы» деген сөз оған да қара таңба болып басылып, түрмеге қамалды. Қайым, өзі де бақылауда жүргеніне қарамай, тұтқындағы Ахат Құдайбердиевке тамақ апарып жүрген. Ахат одан келе бермеуді әлденеше өтініп, ол жүрісінің ақыры жақсы болмасын ескерткен. Қайым оның тілін алмапты. Ұлы ақынның баласын қиынқыстау кезде қолдауды адами парызым деп білген.

Түрмеде бірнеше жыл отырып, әйтеуір, аман-есен босап шыққан Ахат 1957 – 1967-жылдары ұлы атасы Абайдың мұражайын басқарып, содан кейін ғылыми жұмыстармен шұғылданған. Әрине, әкесін ақтап алуға шындап кірісті де, соның нәтижесінде 1958-жылы КСРО Бас прокуратурасынан: «...айыбы дәлелденбеуі себепті Шәкәрім Құдайбердиевтің ісі тоқтатылды» деген, отбасы көптен күткен жауап алды. Алайда Ұмытылған ақынның талантын тануға, шығармаларының жарық көруіне өкіметтің ол шешімі қолма-қол көмек бола алған жоқ. Шәкәрімнің тұмшаланған түнектегі жолын ашу әлі де көп арпалысты керек ететінін Қайым Мұхамедханұлы да жақсы біліп, ақынды толық ақтап алу күресіне бел шеше кірісті.

Марқұм ақынның ақталғаны мәлімденсе де, оған ашық наразылық, қарсылық жасалмаса да, Шәкәрім туындыларын жарыққа шығаруға мұнда ешкім асықпады. Ақынның таңдап алған «Мұтылған» аты сол ұмытылған күйінде қала беретінге ұқсады. Қайым гәзет-жорналдарға мақала, партиялық басшылық орындарына хат жазып, Шәкәрімнің ұлы ақын екендігін, ресми ақталғанын, яғни оның әдеби мұрасын жарыққа шығарып, насихаттау, таныту керектігін айтты. «Әлдекімдердің әлдеқалай болар екен деген әсіресактықтары кедергі болып, ашылған жолды әдейі жауып тұрған сияқты», деп ашынды. Ахатқа жаздырған хаттарының да көшірмесі бар.

«Тоқырау» жылдарының бірінде Семей облысына Ресейден келген ресми делегация Абай туып-өскен өңірге барыпты. Делегацияны обком қызметкерлері

алып жүріп, өңірдің тарихи жерлерін аралатқан, Абайдың үйін көрсеткен, тәу етуге зиратына апарған. Зират басындағы бір сәтте Қайым Мұхамедханұлы: «Мұнда қазақтың ұлы перзенттерінің бірі – Шәкәрім жатыр» деп, делегацияға ақынның моласын көрсеткен. Ол қылығы обкомдықтарға оқтай тисе керек, олар шошып, сасқалақтап қалған. Сәлден соң біреуі Қайымға тістене күбірлеп: «Сен бізді тірідей өлтірдің!» депті. Арының асқақ сөзін қорқынышсыз айтқан ғалым айылын жимапты. Оның ойы ұлы ақынның шығармаларын халқына қалайда жеткізудің жолын ашу ғана болған.

Горбачевтің «қайта құруы» да дәрменсіз болып шықты. Басталған сөз тиянақтар емес. Қимылды еселемей іс бітпесін байқаған Қайым жаңа жол іздеді. Ол Шәкәрімнің өмірі және шығармашылығы туралы нақты деректі материал әзірлеп, ақынның ғылыми өмірбаянын жасауды жобалаған еді. Енді соны жоғарыдағыларға жеткізбей болмайды деп түйіп, 1987-жылғы шілде айында Қазақстан КП ОК хатшысы Г. Колбинге, КСРО Жазушылар одағының Бас хатшысы В. Карповқа хат жіберді. Сол хаттан бір үзінді:

"...восстановление имени Шакарима является важнейшей животрепещущей проблемой в истории литературы и всей культуры Казахстана. Об этом же недавно на пленуме Союза писателей СССР в Москве говорил Первый секретарь правления республиканской писательской организации поэт О.Сулейменов". Ақынның шығармаларын қайтадан шығару ойластырылмай отырғанына назар аударған Мұхамедханұлы одан арыда былай деген: *"Я смею высказать свое убеждение по этому поводу: кое-кому не по нутру интернационалистический дух творчества поэта Шакарима, оттого изо всех сил пытаются приписать ему национализм. Этот грязный прием мне знаком, я сам в одно время был жертвой такого метода".*

Сол тұста Қайым «Қазақ әдебиеті» газетіне Шәкәрім жайындағы ғылыми-зерттеуінің нәтижелері тура-

лы мақала апарып берген екен, бірақ редакциядағылар тартыншақтаумен бірнеше айды өткізіп, ақырында ба-спай қойыпты. Ұмытылған ақынды ұлағаттаудан се-скенген.

Өзімізде онды ештеңе болмасына көзі жеткен соң Қайым аға «Огонек» журналының редакторы В.Коротичке хат жолдап, былай деген (бірер сөйлемін ғана келтірелік):

"...чем и как объяснить, что с 1958 года, когда Шакарим был полностью реабилитирован, до сих пор не осуществлен I выпуск подготовленного Академией наук КазССР к печати в середине 60-х годов двухтомного собрания его произведений? За столь долгое время была всего лишь одна публикация (и то не в Казахстане, а в Ленинграде) четырнадцати стихотворений в переводе на русский язык в книге "Поэты Казахстана". Очевидно, что восстановление подлинной правды о Шакариме встречает серьезные препятствия со стороны некоторых ответственных чиновников в нашей республике".

(Аудармашыдан: «Поэты Казахстана» жинағын шығаруды ойластырған, оны құрастыруды Мұхтар Мағауинге тапсырып, Мәскеудегі, Ленинградтағы дос-жолдастарымен ақылдасып, баспаға жол тапқан - әйгілі жазушымыз Әнуар Әлімжанов.)

Бір ай шамасында КСРО Жазушылар одағынан жауап келді (үзінді):

"Мы внимательно ознакомились с вашим письмом по поводу судьбы выдающегося казахского поэта и мыслителя Шакарима. Переговорили с товарищами из ЦК КП Казахстана. В данное время мы ждем от них труды Шакарима, чтобы полнее ознакомились с творчеством поэта (бұл сөздері шыңғыстаулық Жекебатырдың шығармашылық мұрасына бейтараптылық емей, не-мене?! Шәкәрімнің еңбектері партия шенеуніктерінің қайсысында болды екен?!-автор). Наш Роллан Сейсенбаев ведет переговоры с журналом "Литературное

обозрение", чтобы напечатать Ваше письмо-статью на страницах данного журнала. Если редакторы предложат Вам кое-что выправить и дополнить текст, то, пожалуйста, примитесь со всей душой. Как Вам известно, Шакарим по силе и значению второй поэт Казахстана после Абая".

(Аудармашыдан: соңғы сөйлем Қайымның өз сөзін, «как Вам известно» деп қойып, өзіне көлденең тарту зой? Партияның «ақылгөйлерінде» қымсыну болмаған.)

1988 жылғы көкек айының 7-сі күні Қ.Мұхамедханұлына Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Әди Шәріповтен: «Тиісті органдар Шәкәрімді ақтады! Құттықтаймын!» деген жеделхат келді. Мұндай құттықтау естуге оның - Семейде тауы шағылып жатқан ғалымның құқы бар еді. Шексіз қуанышқа бөленді.

Көпшілік сарғайып күткен іс сәтте оңға басып, Шәкәрім туындыларын жинақ етіп шығаруды бірнеше баспа дереу қолға алды. Ақиқат жеңді. Жинақтар шықты. Алайда қуаныштың соңы үлкен өкінішке айналды. Ақын шығармалары өрескел бұрмаланыпты. Қайым Мұхамедханұлы қатты налып, орынсыз бұрмалауларды түпнұсқамен салыстыра отырып, текстологиялық мақалалар жазды. Семей мемлекеттік пединституты құзырындағы Шәкәрім ғылыми-зерттеу орталығының директоры Тұрдықұл Шанбайдың бір күні кеңсесіне Қайым ағаның келгенін, өзін үстел басына отырғызып, қолына қарындаш ұстатып, Шәкәрім шығармаларының жаңа жинағын алдына қойып: «Мен Шәкәрімнің өлеңдерін жатқа айтамын, ал сен андағы кітапқа қарап, бұрмаланған сөздерді түзетіп отыр» дегені бар. Тұрдықұл Қасенұлы кейін сол жәйтті есіне алып: «Мен оның есте сақтау қабілетіне еріксіз таңдандым! Қанша қате, қанша бұрмалау тапқан десеңізші! Ол түзетпесе, кім түзете алар еді?!» деді.

Қайымның «Ақынның оралуы» деп аталған мақаласы алғаш рет Семей облыстық «Ертіс» гәзетінде 1988-

жылы 23-көкекте жарияланды. Онда Ұмытылғанның өміріне, өлеңдеріне, философиялық ой-пікірлеріне гәзет көлеміне қарай қысқаша шолу жасалып, ақын тағдырының қандай қасіретпен аяқталғаны айтылды. Бірақ қазақтың: «бір айналдырғанды шыр айналдырады» дегені келіп, мақаланы мүдірмей оқу мүмкін болмады: әріп қатесі быжынап, кейбір тұстары-ақ басқан көздей шелиіп, мүлде көрінбейді. Жұртқа белгілі биязы, ұстамды, кешірімді Қайым қатты ашуланып, табандап талап етіп, мақаланы гәзетке қайтадан жариялатты. Ақын туралы пікірін: «Өмірі де, шығармашылығы да ерекше Шәкәрім халыққа керек, ол біздің рухани тірлігімізді байыта түседі», деп тұжырды.

Сан жылдар бойы санатта болмаған Шәкәрімнің халыққа, әдебиетке оралуы жөніндегі сол мақала ақынның «ақтаңдаққа» айналған өмірбаянын қалпына келтіру хақында 1980-жылдардың соңында айтылған алғашқы қуатты сөз еді.

VIII – тарау

БІР ӨЗІ – БІР ИНСТИТУТ

Ғалым Қайым Мұхамедханұлының мұрағатжайында сақтаулы кітаптары мен монографияларын, мақалаларын көріп, оның ғылыми еңбек бағытын ұғындыратын жүздеген папка жазбаларын шолып отырып, бір адамның тұтас бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысын тындырғанына қайран қаласың!

Ғылымға алғаш қадам басқанынан іргелі істерге құлшынулы Қайымда кездейсоқтық дер дәнеңе болған емес, бәрі де жүйеленген. КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі ашылған 40-жылдардың басында-ақ оған ғылыми жазба еңбегін тапсырушылардың бірі болған Қайым үлесі ерекше мол еді. Оның: «Қабанбай батыр» және «Бөгенбай батыр» (әрқайсысы 4 баспатабақ, 1943-жыл); «Әріп ақын» (25 баспатабақ, 1944-жыл);

«Абайдың әдеби мектебі» (32 баспатабақ), сондай-ақ: Абайдың жарияланбаған өлеңдері мен шешендік сөздері, Шәкәрім мен Әріп туралы пайымдау еңбектері жоғары бағалана қабылданыпты.

Қайым 1945-жылы «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томын дайындауға қатысқан. Мұхтар Әуезов оған қазақтың өткен дәуірлердегі ұлттық батырлары жайын баяндаған дастандар бөлімін тапсырыпты. Ғалым қолда барды сұрыптап (Қабанбай, Бөгенбай және басқа батырлар туралыны), қолда жоқты іздестіруге кіріскен. Өзінің, өзге ғалымдардың еңбектерін екшеп, көлемді қолжазба жинақ әзірлеген де, ол 1948-жылы кітап болып шыққан. Қайым одан өзінің мақаласын... таба алмапты. Ол қалай, қайда кетті?! «Мен таңданып, Мұхтар Әуезовке бардым. «Менің қолымда не бар, жоғарыдағы басшылар: қабанбайлар мен бөгенбайларды насихаттамаңдар деп алдырып тастапты, деді» деп еске алғанды Қайым аға. Мұхтар Омарханұлының дәл сол кезде «жұмысты ақсатты» деген айыппен қызметінен босатылғанын екінің бірі білген жоқ еді.

Әйтеуір, Қайымның ол ғылыми-зерттеу мақаласы түбегейлі жылы жабылып қалмады, ондаған жылдардан кейін жарық көрді.

Атап айтар бір жәйт: Қ.Мұхамедханұлының қаламынан шыққан зерттеу еңбектердің көбі қазақ әдебиеттану ғылымындағы жаңалық болды. Мәселен, Бұхар жыраудың қайда, қашан туғандығын нақты дәлелдеп, өзіне дейін сан жылдар бойы жасалған долбарларды тиянақтады. Немесе Ф. Достоевский мен Ш. Уәлиханов суретке бірге түскен жыл 1856 делініп келсе, Қайым ол екі тұлғаға қатысты құжаттарды: өмірдеректерін, жазысқан хаттарын ғылыми тәсілдермен мұқият зерттеп, суреттің екі жыл кейінде түсірілгенін анықтады. Ф. Достоевскийдің, Семейдегі әдеби мұражайының қызметкерлері оның ізденімпаздығына дән риза болды.

Тізе берсек, ғалымның зерттеушілікке үлгі мұндай еңбектері аз емес. Ол әп деп шұғылдана бастағанынан

беріде: К.Рылеев, В.Даль, Л.Толстой, Ф.Достоевский, А.Чехов, М.Горький, Вс.Иванов, Т.Шевченко, Ғ.Тоқай, К.Насири, У.Ғаджибеков, М.Налбандян, С.Стальский, Я.Райнис, Лу Син, А.Мицкевич, Е.Юрандет және басқалардың шығармашылық қырларын зерттеген әдеби мақалалар жазды. Бұл оның әдебиетке қатысты әңгімеде ұлттық оқшаулықта қалып қою рухани тынысты тарылтатынын жақсы біліп, басқалардың озық туындыларынан нәр алып отыру қажеттігіне жүгінгенін көрсетсе керек.

Әрине, ол ең алдымен қазақ мәдениетінің, әдебиетінің тарихын, тағдырын білуге, егер әсірелеп айтсақ, ғашықтыққа бергісіз құштарлық сезіммен кіріскен. «Бұхар жыраудың өмірбаяны және шығармаларының текстологиясы», «Махамбет шығармаларының текстологиясы», «Мұхтар Әуезовтің ғылыми-шығармашылық өмірі» деп аталған еңбектері бірден-бір дәлел. Абайдың шәкірті Уәйіс Шондыбаевтың туындылар жинағын баспаға әзірлеуі де - сол сезімінің және бір көрінісі.

Қайымның қаламынан туған ғылыми еңбектерге тағы бір үңілсек, онда: Әміре Қашаубаев, Естай Беркімбаев, Садыр мен Бейсенбай ақын, Шоқан мен Мақы Уәлихановтар, М.Өтемісов, М.Дәулетбаев, Жамбыл, Ж.Шанин, К.Байсейітова, Ш.Мусин, Ж.Саин, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ы.Алтынсарин, Т.Жомартбаев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, Т.Хасенов, Б.Момышұлы, Б.Қалиев, Т.Жароков, тағы басқалар жайындағы деректерге қанығамыз. Мұхтар Әуезов, Жамбыл, Естай, Ж.Саин, Вс.Иванов, Қажымұқан туралы естеліктері – қазақ әдебиеті тарихының қорына қосылған нағыз сүбелі үлес. Ұлттық театр өнеріміздің тууы, қалыптасуы хақындағы толғаныстары өз алдына бір төбе...

Шынында, тізе берсең, тауысқысыз емес пе? Иә, бұл бір бөлігі ғана болуы да мүмкін. 1977-жылы тұңғыш Қазақ совет энциклопедиясының 12 томы жарыққа шықты. Соның әрқайсысында Қ. Мұхамедханұлы

қаламының ізі бар! Халық өмірінің барша сала-сын қамтыған материалдардағы көптеген фактілерді сұрыптау, салыстыру, анықтау, түзету, толықтыру және соның бәрін мұрағатжай қорларындағы деректер негізінде жазу қаншама уақытты, құмарлықты, күш-қуатты керек еткенін бір құдай білсін! Қайым аға зейнетке шыққанына қарамаған, тыныш тірлікті қаламаған. Абай энциклопедиясын шығаруға қам жаса-са жүріп, қазақстандық мәні бар тарихи-әдеби тақырып атаулының бәрінде қалам тартқан.

Оның ғылыми еңбектеріне берілген ең жоғары баға қазақ әдебиетінің абызы Мұхтар Әуезовтің пікірі болғаны аян. Тағдырлары тоғысып, жолдары қиылыс келеді. Шәкіртінің кандидаттық екі диссертация қорғағанына куә ұстазы бір әңгіме кезінде: «Сенің екі диссертацияң да – ғылымға қосылған мол үлес. Мазмұндылығы мен жаңашылдығы жағынан екеуі де докторлық диссертацияның талайына татиды. Шектеу-лі ереже шіркін болмаса, докторлық дәрежені алар едің» депті.

Иә, саяси астарды сылтау етпегеннің өзінде, оның текстологиялық еңбектеріне әділ бағаны М.Әуезовтен басқа бере алар ешкім жоқ та еді. Диссертациясын орыс тіліне аударып, Мәскеуге, БАК-қа (Бүкілодақтық аттестация комитетіне) жіберу шарт болды. Ал одан шарапат күтудің қисыны жоқ. Құнарлы да бай өз тіліндегі дүниені өресі жетпес өзге тілге аударту бос әурешілік қой. Өзге тіл жазба еңбегінің мазмұнын, рухын жеткізсе де, қазақ тілінің дыбыс үндестігі мен сөз үйлесімділігі жарасып, көңіл пернелерін дөп басатын талғамды көркемдігін, нәзік те қуатты нақышын игере де таныта алмайды. Ал жалпы советтік әдебиеттануда текстологиямен айналысып жүрген маман екеу-ақ: Д.Лихачев пен И.Жирмунский. Олар да орыстілді авторлардың ғана еңбектерін күйттейді. Қазақ тілді Қ.Мұхамедханұлының ғылыми жұмысын жан-жақты талдаушы бола алулары екіталай.

Тындырымды ғалымның үлкенді-кішілі еңбектерінің бәрі де - отандық ғылымға қосылған әдеби-тарихи мәні бар дүние. Диссертацияларына арқау болған тақырыптар да, марқұмның мұрасында қалған жүздеген материал да - оның шәкірттері зерттер, өнеге алар рухани байлық. Қайым дерек жинауға жауапкершілікпен карап, мақалаларын зерлей жазған. Бір мақаланы жазу үшін оның көлемінен әлдеқайда көп дерек жинаған. Бір тақырыпты жан-жақты игеріп жазған мақалалары бір папка десек, оған дайындық барысында жинаған құжаттар он шақты папка екенін көреміз. Ол қолына түскеннің бәрін сан көбейтуді қуып жаза бермеді, әңгіме арқауын мейлінше ширатып, дерек көзін тап баса мейлінше сапалы, қысқа да нұсқа етіп ұсынды.

Оның жазғандары жаңалық болушы еді дедік. Шын мәнінде солай. Ол бір жаңалықтың шетін көрсе, оны игілікке жарату үшін өзінің уақытын да, күш-жігерін де, тіпті қаржысын да аямайтын. Соның түпнұсқасын таппай тынбайтын. Құдай біледі деп айтайын: кешегі кеңбайтақ еліміздің баспасөз, кітапхана, мұрағатжай атаулысында, жазушы-аудармашылардың біразының мұражайларында Қайым Мұхамедханұлынан алған мақала, хат, тапсырыс дегендей құжат бар. Өйтіп ізденбейінше қапысыз жазу мүмкін еместігіне мән берудің үлгісі.

Жаңашыл ғалымның сол қырынан бір мысал - Илияс Бораганскийдің кім екенін анықтағаны. Абай өлеңдерін алғаш басып шығарған адамды іздеу жұмысын былайша баяндайды: *«1966-жылы Мәскеуге, КСРО-ның Ленин орденді мемлекеттік кітапханасына Илияс Бораганскийдің кім болғанын сұрай хат жібердім. Ондағылар ешқандай дерек таба аламаған да, менің хатымды КСРО Ғылым академиясының Азия халықтары институтының кітапханасына жолдаған. Олардан да көп кешікпей келген жауапта І. Бораганский жайында ешқандай материалдары жоғы, менің өтінішімнің шығыстанушы профессор Б. Данцигке*

жіберілгені айтылыпты. Б. Данциг маған хат жазып, Азия халықтары институтының Ленинградтағы бөлімшесінде қызмет істейтін профессор Кононовпен, сондай-ақ Ленинград мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіндегі Новичовпен хабарласуға кеңес беріпті. Ол келесі хатында бұл екеуінің әдрістерін жазып жіберді де, мен аталған екеуіне хат аттандырдым.

Кононовтан жауап хат келді. Оның тапсыруы бойынша іздеу жүргізген қызметкері Дулинаның жолы болыпты. Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінің 1855 – 1905-жылдардағы шолу құжаттары арасынан: **«Илияс мырза Бораганский с 20 августа 1898 года преподает турецкий язык...»** деген дерек қағаз табылыпты! Бірақ, амал не, ол жақ одан басқа ештеңе тауып бере алмады да, мен тығырыққа тағы тірелдім.

«Илияс мырза...»

Арада екі жыл өтті. «Қазақ тілі» гәзетінің тігіндісін қарап отырып, оның 1922-жылғы қазан айының 28-і күнгі санынан ірі әріпті: **«Бораганский – ақсақал»** деген тақырыпты көріп үңілсем, ол Башқұртстан үкіметінің оны 70 жылдығымен құттықтауы екен! Бәрекелді, енді Башқұртстанмен хабарласуым керек!

Қуанышым қойныма сыймай, Башқұртстанның орталық кітапханасы мен мұрағатжайына хат жібердім. Олардан қайыр болмады. Ешбір дерек таба алмапты. Сондада үміт үзбедім. Башқұрт ақын-жазушыларының бәріне хат жазып, сұрау салдым. Қарт жазушы Сайфи Құдаштан келген жауапта маған қажет деректің қай кітапханаларда болуы мүмкін екені айтылыпты. Содан соң КСРО-ның сол кітапханаларына хат жаздым. Сөйтіп, 1970-жылы Бораганский туралы мақала мен оның портреті басылған журнал қолыма тиді!»

Міне, ол болмаса, кім деген сауалдың жауабы осы емес пе? Абайдың алғашқы баспагерін іздеу, ол іске

қашама уақыт, төзім, жүйке, қаржы жұмсау Қайымнан басқа кімнің қолынан келер еді? Келген күннің өзінде зауқы барлар табылар ма еді? Әлдекімдер үшін мәні шамалы көрінер бұл дерек қазақ тарихының Абай тарауына қажет екенін ғалым Қайым, зерттеуші Қайым түсінді!

Қажуды білмеген Қайым ағаның бастаған ісін аяғына жеткізу талабы, табандылығы кім-кімді болсын еріксіз таңқалдырары және сөзсіз. Мәселен, оның өзімізден тыс жерлердегі мұрағатжайларға, басқа да орындарға жолдаған өтініш-сұрақ хаттарына жауап: араб, татар, башқұрт, орыс, т.б. тілдерде келеді. Қайым солардың бәрін бір өзі қазақ тіліне аударып, пәленбай қызметкері бар ұжымның жұмысын жалғыз атқарды. Тағы бір ерекшелігі: ол өзінің бүкіл еңбегін, оның ішінде шәкірттерінің, студенттердің жазба жұмыстарына білдірген пікірі, берген бағасы да бар, әрпін маржандай етіп қолмен жазатын. Сондай-ақ, қай материалының қай папкада жатқанынан жаңылып көрмеген. Басқа жақта жүргенінде бір материалынан дерек қажет бола қалса, үйіне дереу телефон шалып, ол материалдың қай папкада жатқанын, оның нешінші бетін қарай қоюды өтінеді екен және ешқашан қателеспепті. Ұстазының ондай ой сергектігіне тіпті ол төсек тартып, екі өмірдің ортасында жатқанында хал-ахуалын білуге келген шәкірттері куә.

Ол кітаптардағы, гәзет-жорналдардағы өзіне қажет мақалаларды қолына қарындаш алып отырып оқыған. Құп көрмеген қате тұстарына сұрақ белгісін қойып, немесе түзете түсінік жазып, аямай «шимай салады» екен. Гәзет мақалаларын қиып алып, сол тақырыптас материалды жинайтын папкасына салып қоятын, кейінде керегіне жарата сілтеме жасайтын болған.

Әдеби шығарманың қадір-қасиетін ерте түсінген, сол ыңғаймен бірнеше тілді меңгерген, бойында құлшыныс-талап бар Қайым айтулы аудармашы да еді. Оның әдебиетке бет бұруына аудармашылық әсер

етті деуге де болар. 14 жасында бір күні Ыдырыс Мұстамбаев үйіне ертіп барып, араб әрпімен жазылған қалың қолжазбаны ұстатып: «Мынаны оқып көрші», - депті. Мұхамедханның үйінде жиі болатын кісілердің бірі Ыдырыс еді.

«Бірнеше сөйлемді мүдірмей оқып бердім, - деп еске алады Қайым аға. - Содан соң ол:

- Осы қолжазбаны арабшадан кириллицаға түсіріп бере аласың ба? Шамаң келе ме? - деді.

- Келеді, - дедім. Қолжазбаны үйге алып кетіп, күндіз-түні дерлік әуре болып, жиырма күнде жасап, апарып бердім.

- Ұқыпты екенсің, жақсы жасапсың, - деді Ыдекең, шолып шығып. Шынайы риза болды. Қолымды қысып, құшақтап, арқамнан қақты. Кетуге ыңғайлана бергенімде кідіртіп, ақша ұсынды. Мен ыңғайсызданып қалып, ақшаны алудан бас тартып едім, ол:

- Мұның жарамайды. Сен еңбек еттің, ал еңбектің ақысы төленуге тиіс, - деп ақшаны алдырды. Менің ең бірінші еңбекақым сол болған».

Сөйтіп ол қаламын кәсіби аудармашалыққа да бұрды. Әзірбайжан У.Ғаджибековтің «Аршин мал алан» музыкалық комедиясын 1940-жылы қазақ тіліне аударып, оны Семейдің қазақ драма театры қабылдап, өнер кестесіне енгізді. Мемлекеттік опера және балет театрының сахнасынан да бірнеше жыл бойы көрсетілді.

Қайым аға 1941-жылы А.С.Пушкиннің «Русалкасын» қазақшалады.

Бомаршенің «Фигароның үйленуін» қазақ тіліне аударуға ресми тапсырыс алғаны жөніндегі дерек те отбасының мұрағатжайында сақтаулы. Ол аудармасының қолжазбасы да өзі 1951-жылы тұтқындалғанда басқа еңбектерімен бірге тәркіленіп, ол да із-тұссыз кетті. Қайым оны кейін, тұтқыннан босап келген соң, қайтадан аударған екен, өкінішке қарай, қолжазбасының үзінділері ғана табылды.

Лагерьде жүргенінде «Сормандай Лизаны» аударғанын айттық. Ал 1955-жылы Қазақ мемлекеттік әдебиет баспасының тапсырысы бойынша Боккаччоның «Декамеронын» қазақшалады.

Ол татар тілінен 1973-жылы аударған «Қожанасыр үйленеді» атты пьеса Семей сахнасында он жылдан астам уақыт бойы қойылды.

Польша драматургы Е.Юрандеттің «Заман осындай» драмасы да Қайымның сәтті аудармаларының бірі болды.

А.Фадеевтің «Жас гвардия» романы желісімен М.Граков сахналаған драманы да аударды.

1968-жылы С.Анисимовпен бірлесіп «Жас шағымның қаласы» деген киносценарий жазды. Ол Семейдің 250 жылдығына арналды. Сол мереке қарсаңында Абай мұражайын әңгімелеген жолбастауды жазып, оны орыс тіліне М.Шаталин аударды.

Қайым телеклуб сахнасынан ұлы отандастары хақында айына бір рет әңгіме өткізіп тұруды 1970-жылдан бастап, ол игі ісін біразға дейін мұқияттап іске асырды.

Бірнеше пьесаны, көптеген өлеңді қазақшалаған Қайым аудармашылық әсерімен өзі де пьесалар жазды. Ұзын саны жүзден асады. Бірақ ол еңбектері әзірше, өкінішке қарай, жеке кітап болып шыққан жоқ, ал шыққандары «күзеуге» ұшырады. Мысалы, Қазақстан КП Орталық комитетіне 1981-жылы жолдаған өтінішінде (жоғарыда аталған) М. Әуезовпен жазысқан хаттарын қайтарып ала алмай отырған халіне күйінгенімен қатар мынадай жолдар бар:

"...мною в 1978 году сдан сборник избранных пьес "Комиссар Габбасов", "Майданнан - майданга", "Ер Билицай", "Перне", "Хаджа Эфенди женится" в издательство "Жалын". Однако до сих пор этот сборник не выпущен, а какая-то мизерная часть его объема, переданная издательством "Жалын" в издательство "Онер", вышла в этом году в плачевно исковерканном

виде (сборник "Волшебный занавес", "Онер", 1981 г.). Грубо попирая элементарные нормы и законы авторского права, издатели, по существу, занялись настоящим издевательским оперированием главных сюжетных линий, ключевых сцен, центральных героев произведения, в результате дали жалкое сознательно-пародийное антипредставление моему тексту".

Сол хатында: «Шығармаларымның тағдыры шырғалаңға ұшырап, жанымды ауыртып жүр...» десе, әдеби мұрасының ол шырғалаңнан құтылуы, арада ондаған жылдар өтсе де, әлі күнге дейін беймәлім. Орын алған қателіктер түзетілген жоқ. Қайым Мұхамедханұлының әдеби, ғылыми еңбектеріне текстологиялық зерттеу жасауды қолға алған да ешкім көрінбейді.

IX тарау

«АДАМ БОЛА БІЛІНДЕР»

Өзінің қалауымен, әдетімен басынан асып жататын жұмысы Қайымға жайшылық жандардың ұғымындағы «жеке бас тірлігі» дегенді ұмыттырып жіберіп, дем алуға да уақытын қалдырмайтын. Үнемгі ой жұмысы, оқу-жазулар, ішкі толқыныстар, дүдәмалдар, салыстырулар оны жайшылық топтан екшеп шығарған еді. Әйткенмен, төңірегіне үңілуге уақыты болмай жүретін «томаға тұйық» немесе «өзі мен өзі әлек» деп күлкіге айналдыруға жатпайтын ғалымның басынан кісі сенгісіз хикаялар өтетін.

Қайым ағаның асыл жары Фархинұр оған үй-ішінің ұсақ-түйек шаруа атаулысын жүктемейтін. Үлкен отбасын асырап-сақтайтын қаржы тауып жүргенінің өзі қаншалық! Алайда, соғыстан кейінгі кез болар, бір күні дүкеннен нан әкелу керек болып, Қайым «мен әкеле қояйын» деп кетіп, дүкенге барып, сатушыдан бір кило нан өлшеп беруді өтінеді. Сан жылдар бойы

нанды грамдап сатып алуға мәжбүр болған әдетінен әлі жаңылмаған ағаның ол қылығына сатушы мәз болып күліп, бөлке ұсыныпты.

Бірде темекісі таусылып қалады. Ол «Беломорканал» деген шылымды ғана шегеді екен және оны Фархинур апай әкеліп жүреді екен. Ол жолы апайдың қолы тимейді де, өзі баруға жиналады. Қайым аға әмиән ұстап көрмеген, үйге қажеттінің бәрін әйелі, ересек балалары сатып алып жүрген. Темекісінің бір қорабы қанша тұратынын білетін әйелі сонша ақшаны санап ұстатады да: «Бағасын артық-ауыссыз төлегенде, керек нәрсеңді кезексіз-ақ алауыңа болады», деп ескертеді. Біраз уақыт өтеді. Ерінің институтқа баратын мезгілі таяп қалады. Фархинур мазасызданып, дүкенге барса (дүкен өздері тұратын үйдің астыңғы қабатында екен), Қайымы балаша тымпиып, кезекте тұр! «Кезексіз алу ыңғайсыз ғой» деп күңк етеді. Сатушы елең етіп: «Аға келді де үн-түнсіз тұрды, сізді тосатын шығар деп ойладым, жалғыз қорап темекі алуға келгенін білмедім» дейді.

Отбасында болсын, жолдас-жора ортасында болсын әрқашан сыпайы, биязы Қайым – он баланың әкесі – баршаға беделді болған. Үй ішінде ренжу, қатты сөйлеу дегенді білмеген.

Қайым балаларымен шүйіркелесе, ақылдаса қалған кездерінде: «Адал, әділ болыңдар. Адам бола біліндер!» деп отырады екен. Ол ат-атағын, беделін, еңбегін, қызметін ешкімге, ешқашан пұлдап көрмеген. Бас пайдасын ойламаған. Республикаға еңбегі сіңген зейнеткер болуы себепті мәртебесі биік емханада қаралуына, сондай ауруханада жатуына құқы болса да, оны құнттамаған.

Мұны оқығанда кейбіреулердің: «Өй, шіркін!» деулері мүмкін. Ал Қайым аға әу баста өзінің ақыл-ойы қалыптастырған қарапайым қағидасын бұзған емес, адам бола білу ұстанымынан жаңылмады. Ақын жерлесі Қалихан Алтынбаев бірде: «Қайым қай биікке болсын еңтікпей шығып жүрді... Өйтуге өзгелердің жүрегі шы-

дамады» деді. Мұны Қайым ағаның табиғи сана-сезім тазалығынан нәр, қуат алған жүрегі мықты болды деп ұққан жөн болар.

Х тарау

БАУРАП АЛАТЫН

«Жақсыда жаттық жоқ» дегендей, Қайым аға бір көрген кісіні жылы шырайымен баурап алатын. Танысып, білісіп, әңгімелері жараса кеткенде көп жылғы дос-жолдастарша шүйіркелесетін. Оның үйінде кейде бірлі-жарымды, кейде топтап мейман болмаған күн сирек шығар. Қызметтестері, шәкірттері, оны мұны шаруамен шалғайдан іздеп келгендер... Көбінесе бүгінде тарихта аты қалған жайсаңдар: атақты балуан Қажымұқан, жазушы Всеволод Иванов, ақын Естай жиі келетін. М.Әуезовпен қарым-қатнасы өз алдына, Жамбыл, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Марғұлан, А.Жұбанов, Ж.Саин, Е.Ысмайылов және басқалармен араласты. Алыс-жақын қалаларда, жазушылар қауымының Кавказ бен Қырымдағы, Мәскеу төңірегіндегі шығармашылық үйлерінде, санаторийлерде Фархинұр екеуі болғандарында қалмақ әдебиетінің классигі Д.Құғылтиновпен, әйгілі орыс әртістер Е.Моргунов, С.Мишулин, Е.Миронов және басқалармен небір көңілді сәттерді бірге өткізді. Көркемдеп жазылған тартымды, дәлме-дәл деректі хикаяға бергісіз естеліктерінде сол бір күндер жайында шерткен сыры бар.

* * *

1938-жылы бүкіл еліміз Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына 75 жыл толуын тойлауға әзірлікті бастады. Семейге Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Сәбит Мұқанов келді. Ол тойдың

қашан өтетінін, оған жер-жерден кімдердің қатыса алатынын айтты. Бір жаңалық: Жамбылға арнаған әңгімелері, ән-күйлері, өлең-дастандары арнаулы комиссиядан жақсы баға алғандар шақырылады екен. Ол бәйгеге Семей мұғалімдер институтының соңғы курс студенті Қайым Мұхамедханұлы «Жамбыл» атты дастан-толғауымен қатысып, жүлде алды. Халық ақындары мен жыршыларының өнер жарысы 18-19-мамыр күндері болып, оған Мәскеуден, Ленинградтан меймандар қатысты. Мұхтар Әуезов баяндама жасап, Иса Байзақов пен Нүрпейіс Байғанин жырдан шашу шашты. Ол жиын ресми шара емес, халықтық тойға айналды.

19-мамырда Жамбылдың Ленин орденімен марапатталғаны хабарланды да, қарт жырауды құттықтауға Семейден Алматыға баратындардың тізімі жасалды. Ішінде Қайым бар. Олар қоңыр қаңылтыр шатырлы үлкен үйге ат басын тірегенде Жамбылдың әдеби хатшысы топ алдына шығып, сәл бөгеле тұруларын өтінді. Жәкең мен Орынбай Тайманов (ақын) намазға жығылған екен.

Сәбит Мұқанов Жамбылды жас ақындар атынан құттықтауды Қайымға тапсырыпты.

Сол күндер туралы Қайым Мұхамедхановтан естіген әңгімені «Абай» журналының ғылыми қызметкері М.Сұлтанбеков былай баяндады:

«Жамбылды идеологиялық және саяси насихаттың кейіпкері еткендері жарамады. Өкінішті болды. Ал Жамбылдың намаз оқығаны, өзі жайындағы желпінді сөзге елпілдемегені, жоғары награда алғанына мән бермегені мені таңдандырды, мен іштей қуандым. Ол ақын Орынбайға қарап: «Осының бәрі о дүниеде маған қалай болар екен?» деп басын шайқады. Өкімет Әулиеата қаласын «Жамбыл қаласы» деп атау жөнінде қаулы шығарғанын естігенде бабаларына жыр арнап, кешірім сұрады. Ал Сталиннің құттықтағаны хабарланғанда уытты әжуамен жауап өлең айтты».

Сол тарихи кездесу күндерінде жас жазушылар қарт Жамбылды ортаға ала суретке түсті. Жазушылар

одағының Жамбылға арналған салтанатты пленумы кезінде (20-22-мамырда) Қайым қазақ әдебиетіндегі қаламдас аға-інілерімен, құрбы-құрдастарымен де суретке түсіп, жырауға арнаған дастанын биік мінберден оқыды. «Мен дастанымды оқып болып, оны президиумда отырған Жамбылға апарып ұсындым. Ұлы ақын ерекше риза болып, қатты құшақтап, батасын берді, - деп еске алады Қайым аға. - Бұрылып кете бергенімде Сәбит Мұқанов тоқтатып, екеуіміз Семейде түскен фотоны қалтасынан алып, сыртына қолма-қол бір шумақ өлең жазып, залдағыларға оқып берді де, фотоны маған сыйлады. Ол шумағындағы ой-тілек Жамбылдың шыншыл болу, өлеңнің қадір-қасиетін білу туралы жыртілегімен үндес еді, тегі Сәбит соны ескерген де болар.

Қайым одан кейінгі салтанаттарда: жазушылардың құрылтайларында, ақындар айтысында Жамбылмен бірнеше рет кездесті, жырларын тыңдады. 1945-жылы Жәкеңді ақтық сапарына аттандырысты.

* * *

Жамбылға арналып өткізілмек салтанатты жиынға аттанған Қайым онда тағы бір құрметті кісімен – ақын Жұмағали Саинмен танысамын, одан арыда дос болып кетеміз деп, әрине, ойлаған жоқ. 1938-жылдың мамырында семейліктердің делегациясын Алматыда Саин қарсы алып, әр жердегі кездесулерде, жиналыстарда – салтанатты шаралардың бәрінде бірге жүрді. Жай ғана таныстықтың ақыры екі ақынның өзара түсіністігіне, достығына ұласты. Ал бір жылдан соң, 1939-жылдың көкек айында, Жамбылдың ең дарынды шәкірті Саяділ Керімбеков пен Жұмағали Саин Семейге келді. Қуана табысқан сол күндердің бірінде Жұмағали мен Қайым қала сыртына шығып дем алып қайтуды ұйғарысты. Табиғат жаңа оянып келеді. Кең дала бусана керіліп жатыр. Тап-таза көгілдір аспан шексіз күмбез тәрізденіп көз тартады. Үйлесімді ғажап көрініс көңілді желпіп, қиялыңды тербейді. Бір сәтте Жұмағали қарындаш

сұрап алды да, бірдізерлей қалып, ақ паракқа әлдене жаза бастады. Сәлден соң көтеріліп, ол қағазын Қайымға ұсынды. Өлең екен. Қайым қастерлеп сақтаған ол өлең мінеки:

ҚАЙЫМҒА

Құлпырып жастық шақта жайнап тұрған,
Аспанда алтын күнге құлаш ұрған.
Қартайып жас жеткен соң талай жүйрік
Қайтадан келер ме деп арман қылған.

Біреулер өзі сүйген сұлуды айтқан,
Біреулер көппен ойнап-күлуді айтқан.
Біреулер құрыш қанат көк дауылдай,
Аспандап шарқ ұрып жүруді айтқан.
Балғындай балаусалы кезін айтқан,
Торғындай үлбіреген ақ маралдың
Гауһардай жалтылдаған көзін айтқан.

Ал, біз айтсақ қызыл гүлдей күнді айтамыз,
Жүректен ақтарылған сырды айтамыз.
Ақыннан Саяділдей толқып шыққан,
Балауыз, шырын дәмді жырды айтамыз.

Семейден Алматыға біз кеткенде,
Сағынар, сағынысар күн жеткенде,
Қайым-ау, сен де бізді еске аларсың,
Досыңмен жүрек сырын тербеткенде.

Өрен жүйрік Саяділ, ақын Қайым,
Өткізген біз бұл жерде жаздың айын
Әр кезде сағынышпен ойласын деп,
Өлең ғып бір-екі ауыз жазған - Саин.

Жұмағали САИН.
Семей, 28-көкек, 1939 ж.

1939-жылы маусымның 21-інде Қазақстан жазушыларының екінші құрылтайы ашылды. Оған республика жазушылары ғана емес, Кеңес Одағының шартабынан меймандар келді. Мұхтар Әуезов, Иван Шухов, Леонид Соболев қатысты.

Құрылтайға Семей облысы делегациясының құрамында барған Қайым Мұхамедханұлына павлодарлық ақын Естай Беркімбаев ерекше әсер етті. «Кең мандайлы, көзіне ой тұнған, қас-кірпігі қалың, қияқ мұртты, шоқша сақалды кісі екен, - деп жазыпты Қайым аға естелігінде. - Жанына жақын бару қиын болды. Делегаттар, ақсақал ақын-жазушылар, әнші-күйшілер, журналшылар қоршалап ала қояды. Ол домбыраны келістіре тартып, ән шырқайды...

Біз үйге қайтқанда бір пойызда, бір вагонда болдық. Жолаушы жұрт жол бойы біздің вагонға жиналып, Есекенді ортаға алып, әңгімелесіп, ән салғызып мэйрәм болысты. Ақын ақсақал, жасы 70-те болса да, жігітше көңілденіп, көріктеніп отырды. Мен одан Семейде түсіп, менің үйімде біраз уақыт мейман болуды өтіндім. Ол келісті.

Үйде оны сөзбен, әңгімемен мазалаған жоқпын. Дем алуына, тынығуына жағдай жасадым. Өте қарапайым кісі екен. Күй-күтім талғаған жоқ. Қоңыр үнді домбырасын анда-санда қолына алып, баяулата ән салады.

Әрине, екеуі сырласа әңгімелесті де. Жас ақын, ғалым Қайым өзіне ғажап ұнаған ағасының өмірі мен шығармашылық жолын білуге құмартты. Бірде ең алғашқы әні туралы айтып беруді өтінді. Естай сәл аңтарылып, содан кейін ойға шомып біраз отырды да, пәстеу қоңыр үнмен әңгімесін бастады. Қайымның естелігіне үңілелік: «Алғашқы әнімнің аты - «Хорлан». 20 жасымда шығардым. Ол ғашықтықтан туды. Сұңқар болысындағы Қыпшақ-өрік руы сұлтанның Хорлан деген қызы бар екен. Мен оны бір тойда байқап қалдым.

Ән шырқап отырғанмын. Ынталана тыңдаған топтан ерек екі қызға көзім түсті. Көркемдеуінің аты Хорлан екен. Тойға сіндісі екеуі келіпті. Мен бірден ғашық болып қалдым. Сол кеште таныстық, сөйлестік. Ол да мені ұнатып қалыпты. Сөйтіп... екеуіміз табыстық. Айрылмасқа серттестік. Келесі жылы қызды алып қашатын болдым, себебі менде айттырар мал жоқ. Бірақ алып қаша алмадым. Әкесі қалайда біліп қойып, басқа біреуге ұзатып жіберді...».

Арада алты жыл өткенде Естай Хорланды әдейілеп іздеп барып, көріп қайтқан. Олар 1931-жылы, жастықпен хош айтысқан, кәрілікке аяқ басқан кездерінде, соңғы рет көрісіпті.

Естай Қайымның үйінде екі апта құрмет-қошемет көріп, үйіне кемемен қайтқан. Екеуі содан кейін 1945-жылы - Абайдың 100 жылдығына арналған салтанатты жүздесіпті. Тойды өткізу жөніндегі комиссияның жауапты хатшысы Қайым оны құрметті мейман ретінде әдейілеп шақырған. Естай сол жолы Қайыммен хоштасу өлеңін және фотосуретін кейін Ахмет Жұбановқа табыстап, олар сазгердің «Замана бұлбұлдары» кітабына енгізіліпті.

Қайым Естаймен кездесулерін, оның «Хорлан» әнінің тарихын дос-жолдастарына айтып беріп жүрген. Сол әңгімелері бір күні гәзетте жариялансын. Басқа біреу өзінің көріп-білгені етіп қымсынбастан жазыпты. Оны естіген Қайым аға ашу шақырмай, сәл жымыып: «Е, мейлі. Әннің шығу тарихы жұртқа тарай берсе болды емес пе?» дей салыпты.

* * *

1948-жылдың маусымы... Семейлік ақын-жазушылардың бір тобы ұшқыр қайыққа отырып, Ертісті өрлей әуежайға жол тартты. Көрнекті орыс жазушысы Всеволод Ивановты қарсы алмақшы. Қайықтың соңында қайнағандай бұрқырап қалып жатқан суға қызыға

қарап тұрғандарында жолаушылардың бірі Всеволодтың Максим Горькийге оқып берген бірінші әңгімесі «Ертісте» деп аталғанын еске алды.

Олар кешіккен ұшақты әуежайда ұзақ күтсе де, құрметті мейманды қуана қарсы алды.

«Оның сол алғашқы жүздесудегі әлпеті маған қалайда ерекше ұнап, өмір бойы көз алдымда тұрды. Дархан даланың баласына тән кесек тұлға, кең маңдай, сәл таңқыш мол мұрын, - деп жазыпты Қайым аға, «Партизан хикаяларының» авторын еске алуында. - Көзәйнегі қалың болса да, көзінің күлімдеп тұрғанын байқадым. Ол бізбен өзінің жиі кездесіп жүрген байырғы таныстарын көрген кісіше жайдары амандасты. Жасы 53-те болса да, жігітке тән шалт қимылды. Жайдары. Жүрісі ширақ».

Малды ауылды, ірі кәсіпорындарды аралағанда, жергілікті газеттердің редакцияларында болғанда, қысқасы: «совет әдебиетінің ту ұстаушылары» көруге тиіс жерлердегі кездесулердің бәрінде Қайым Мұхамедханұлы құрметті мейманмен бірге жүрді. Ол Семей қаласын аралағандарын, әсіресе мұражайларда, оның ішінде Абайдың мұражайында болғандарын ерекше ілтипатпен еске алатын еді. Өйтпегенде ше?! Абай мұражайын ашу үшін ұлы ақының киім-кешегін, бұйымдарын, қолжазбаларын іздестіруге қаншама уақыт, қаншалықты күш-жігер жұмсалды десеңізші! Мұражай шағын-шағын бес бөлмесі бар ағаш үйде орналасқан. Ол кезінде кемеңгер ақын Семейге келгенінде қонып жүрген үй болатын. Всеволод Иванов қызыға, құмарлана аралап көрді. Алған әсерін кейін М.Әуезовтің «Абай» романы хақында жазған мақаласында тұщына айтыпты.

Қадірлі мейманы мен екеуінің қаланың көрікті жерлерін аралап, көп әңгіме-дүкен құрғандарын Қайым ризашылықпен еске алып отыратын.

«Достоевский тұрған үйде болғанымызда, - дейді Қайым, - Всеволод Вячеславұлы маған:

- Қайым, сен ғой Абай мұражайының директорысың. Олай болса, сен Федор Михайловичті ұмытпауға тиіссің. Ол Шоқан Уәлихановтың өмір бойғы досы болды емес пе? Қолжазбаларын Шоқан сыйға тартқан, таңдаулы қайың тозынан жасалған жәшікте сақтағанын білесің, - деді. Мен ол жәйтті білмейтін едім, сәл абдырап қалдым да:

- Иә, екеуі шынайы дос болған, - дедім.

- Бұл үйді мұражайға айналдыру керек, мен облыс басшыларымен сөйлесейін, - деді Всеволод».

Қайың тозынан жасалған жәшік туралы мағлұматты кейін, Анна Григорийқызы Достоевскаяның естелігінен оқыдым. Болашақ әйелімен әңгіме сәттерінің бірінде Федор Михаилұлы: «Мына ғажап жәшікті қарашы! Мұны маған сібірлік досым Шоқан Уәлиханов сыйлады. Бұл – менің ең бағалы бұйымым. Қолжазбаларымды, хаттарды, өзге де қымбат нәрселерімді осы жәшікте сақтап жүрмін», депті.

Всеволод Вячеславұлының бір көргенін, бір оқығанын есінде сақтау қабілеті күшті екен. Достоевскийдің үйін, жераударылған петрашевшілердің үйлерін аралап шығып, телеграф ғимаратына бет алдық. Оған жақындай бергенімізде мейманым:

- Омбы мен Семейді жалғастырған телеграф сымы 1872-жылы тартылды, - деді...

Екі-үш күннен кейін Ертісті өрлеп, Өскемен қаласына барып қайтуды әңгімеледік. Всеволод сәл жымысып отырып:

- Семейден Өскеменге, одан ары Зайсанға пароход алғаш рет 1863-жылы жол тартқан болатын. Пароходтың аты «Ура» еді. Қызық, ә?! «Ура», - деді де, қарқылдап күлді.

Всеволод Иванов Семейде болған күндерінде Қайымның үйінде жатты. Фархинұрдың қолынан дәм татып, алты жастағы Розамен бала мінездене сөйлесіп жүрді. Қайымның құлдыраңдаған қызы ақ-сұр костюм киген, жымысып отыратын мейманға: «Міне, менің ауы-

лым. Міне, менің үйім» деп басталатын әңгімені оқып берген-ді.

Мейман мейлінше дем алды. Ал Қайым екеуінің әдебиет, тарих, көркем өнер жайындағы әңгімелері таусылмастай болатын. Қайым ол туралы да жазыпты:

«...ол бір кеште қазақ әдебиетіне қатысты ойларын ортаға салды. Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов үшеуінің «Аманкелді» фильмінің сценарийін жазу жайында пікірлескендерін еске алды. Өзі туралы аздап айтты. «Мен көзім жетпеген жәйтті мандытып жаса алмаймын... Осы Семей облысында туып-өстім. Қазақ ауылдарына жиі барып жүрдім, қазақ балаларымен бірге жүріп, бірге ойнадым. Ол кезде қазақша жап-жақсы сөйлейтінмін... 1916-жылғы көтерілісті білемін. Оған қатысқандармен сөйлестім. Ол турады кітап жазуға да кіріскенмін...» деді.

Екеуінің одан кейінгі әңгімесі қазақ жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аудару жайына ойысты. Всеволод Вячеславұлы жолма-жол аударма дегенді ұнатпайтынын айтты. Ол аудармашы Маршакты ерекше құрметтейді екен. Маршак Шекспир мен Бернстен аударма жасағанда жолма-жол аударманы неге керек етпеді? Ал Абайдың туындылары, біразына ақынның өзі, кейбіріне басқалар ән шығарған ғажап дүниелері де, орыс тіліне аударылмай, кең тарамай жатыр...

Қайым Мұхамедұлының ақжарқын мінезді, білімпаз әңгімешіл Всеволод Ивановты керімсал кейіпкер еткен естелік-жазбалары мейлінше көркем тілмен көсілте жазылған, бас алмастан оқисың. Оны жазушының жары Тамара Владимирқызы Иванова жоғары бағалапты. Қайым ағаны туған күнімен құттықтаған жеделхатынан, Переделкиноға дем алуғы шақырған хатынан ризашылығы анық аңғарылады (Вс. Ивановтың семейлік досы жазушылардың Мәскеу маңындағы Переделкино шығармашылық үйіне бір барып қайтуға уақыт таба алмады). Айта отырар бір жәйт: Т.Иванованың Қайым Мұхамедханұлы еңбектеріне назар аударып жүргендігі

(Қайым аға ондай ниетті жерлестерінен де көрмеген). Ыстық ілттипатқа бір куә мына үзінді:

"Пишу Вам второе письмо. Первое написала, когда дошла до меня "Звезда Прииртышья" с Вашей статьей "Всеволод Иванов в Семипалатинске". А теперь пишу, прочитав Вашу статью в газете "Иртыш" - "Одним дыханием со степью", - деп жазыпты Тамара Владимирқызы 1973-жылы. - Я Вас от всего сердца благодарю за обе эти статьи, и мне очень, очень бы хотелось, чтобы, объединив их в одну, Вы опубликовали бы свой труд в журнале... Такая статья была бы очень уместна на страницах журнала "Дружба народов". Я знакома с главным редактором и могла бы предложить ему Вашу статью, если Вы этого хотите и пришлете мне ее. Простите, коли мое предложение не к месту..."

Өзіміздің мәдениет қайраткерлерімізбен, әдебиетшілермен, тарихшы қауыммен әңгімелерінде, сұхбаттарында Қайым Мұхамедханұлы ортаға салған мәселелер, қамтыған тақырыптар қыруар. Әрқайсысы жеке-жеке зерттеу жұмыстарына арқау, өзек екені анық. Бәрі де көркем тілмен тұжырымды жазылған.

Төңірегіндегі көпшілік Қайымды ғалым деп қана емес, Қазынаны сақтаушы деп те бағалайтын. Басқалардың өзінде сақтаулы қолжазбаларын ғылыми зерттеулерге қажет қазына деп Қайымша күтіп ұстаған, ұқыптап сақтаған жан сирек шығар! Абай немересі Мәкеннің (Тұрағұлқызы) өздерінің ата-тегі жазылған көне дәптерді Қайым ағаға сеніп тапсырғаны сондықтан деп ойлаймын. Ол кісі Қайым Мұхамедханұлын кіршіксіз қадірлейтін. Жасы сексенге толғанда тойына әдейілеп шақырып, құрметтілерінің құрметтісі ете сиплап, қасына отырғызып, көпшілікке: «Міне менің жанымда Қайым отыр, Гүлнәр Дәулетова отыр!» деп масаттана жар салғаны бар.

...Арада жылжып жылдар өтті. Қайым аға естелік кейіпкеріне айналды. Онымен таныс-біліс, қызметтес, сапарлас болған адамдар ғажап қарапайым, кішіпейіл,

ақ көңіл ғалым-жазушының жүріс-тұрысын, кісіге қарасын, жылы жымиысын, әдеппен ақырын ғана күлетін әсем әдетін, ойлана сөйлейтін әрбір сөзін еске түсіріп, сағынышты сезіммен жазып жүр. Қайым Мұхамедханұлының шағын да қарапайым бейнесі бүгінде таутұлғаға айналып, көптеген шәкіртеріне шапағатты үлгі-өнеге бола бастады. Бұл құбылыс - мәдениетіміздің, әдебиетіміздің кешегі мен бүгінгі, ертеңгі тарихын өзара жалғап, тоғыстырып тұратын сетінемес өрнек деу ләзім.

* * *

ОЙ ТҰЖЫРЫМЫ

КӨҢІЛ КӨГІНДЕГІ СҰХБАТ

Менің осындай сұхбат жасау тілегіме Қайым Мұхамедханұлы қалай қарар еді деген ой кештім. Оның өзгелерден бір ерекшелігі: ойдың орнықтылығын, сөздің нақтылығын, деректің барынша дәлелділігін, шындықтың шырайлылығын қалайтын. Иә... енді ортамызда жоқ ақсақалмен әңгімелесу мүмкін емес. Алайда ойланып көруге болады! Оның толып жатқан ғылыми еңбектері, көсемсөз мақалалары, естеліктері, аракідік қағаз бетіне түсіре салып жүрген ой түйіндері - қандай сұрағымызға болсын жауап тауып алуға жәрдемдесетін байлық көзі. Рас, кезінде көп сұрағымызға жауап алғанбыз. Дегенмен, алынбай қалғандар, бүгінге қажеттер бар. Мәселен:

- *Ұзақ та ой-шұңқырлы болған өткен жолыңызға көз жіберіп отырып, көрген-білгендеріңізді қорытындылап бере аласыз ба?*

- Өмірде әркімнің өз тағдыры, өз жолы бар. Қорытынды жасайтын кез де көп күттіре қоймайды. Өкінгеніңді елемей жетеді... Ғылыми-зерттеу және әдеби жұмыс ауқымындағы еңбегім аз ба, көп пе, сапа-

лы ма, сапасыз ба, - оған өзім төреші бола алмаймын. Десем де, айызымды қандыра еңбек еткен жылдарым аз емес сияқты. Дүниеге қақаған қаңтарда келсем де, өмірімде аяз бен бораннан гөрі жылы, сәулелі, нұрлы күндерім көп болды.

- Небір елеулі ғылыми еңбектеріңіз жеткілікті. Көбі - академиктік деңгейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстар. Солай бола тұрса да, докторлық диссертация қорғамағаныңыз қалай?

- Оған себеп те жеткілікті. Оның неғұлым дәлелдісін айтсам, ол: ойда жоқта, жазықсыздан жазықсыз репрессияға ұшырап, жаныма да, тәніме де тым ауыр соққы тигені; ғылыми және қоғамдық жұмыстарымның шамадан тыс көп болғаны; жастың да, денсаулықтың да мұрша бермегені; отбасыма қарайлап, он баламды өсіріп-жеткізуге көп алаңдағаным; КСРО Жазушылар одағының мүшесі болған соң, шығармашылық жұмысқа ден қойғаным.

- Негізгі болмаса да, қоюым қажет сұрағым: етек-жеңі жиылған көп те саналуан еңбектеріңізді өмір бойы неге жарыққа шығармай сақтадыңыз? Ол әлде кейінгілер керек ақиқатына көздерін жеткізгенше іздесін деп «тығып қойған» педагогтік бір тәсіліңіз бе?

- Қолжазбалар ақпардың ақиқатын анықтау үшін сақталуы қажет.

- Абайдың әдеби мектебін қалыптастыру, сондай-ақ, ұлы ақынның шығармашылық мұрасын адал, әділ зерттеу жолында ғылыми-зерттеушілік ұстанымыңызды дәлелдеуге көп жылыңызды жұмсадыңыз. Сол үшін Сізді түрмеде азаптады, қинады, лагерьге айдады. Ғылыми идеяларыңыздың өтемі сол болғаны ма?

- Мұхтар екеуіміз идеямызды қорғай алдық. Әріптестеріміздің, дос болғандарымыздың көбі сатылып, жалақорға айналды. Олар Мұхтардың отыз жыл бойғы еңбегін жоққа шығаруға тыраштанды; мені Әуезовтің құйыршығы деді; Шәкәрімді қарақшы деді. Тағдыр бізді

төкпештеді, бірақ жасыпта алмады. Мені қойшы... Абай, Мұхтар, алашордалықтар әділетсіздік тауқыметін көп тартты. Әсіресе Мұхтар пәлеқор-жалақор тобырмен өмір бойы дерлік алысты-жұлысты... Иә, біз ғылыми идеямыздан ауытқымадық. Уақыт – төреші деген рас. Ол бәрін де өз орнына қойды. Біздің идеямызды бүгінде ұлтымыз қуаттап, мақтаныш етіп отыр.

- Замана өзгерді, жаңарды, жақсарды. Абай мен шәкірттерінің шығармаларын жан-жақты ғылыми зерттеу енді әрі кең түрде әрі неғұрлым әділ жүргізілетін болар?

- Абай идеологиялық мақсаттарға пайдаланылып келді. Ұлы ақынның философиясы әлі зерттеліп болған жоқ. Мұхтар да жоқ. Кейбір академиктер Абайды әлі күнге түсіне алмай жүр. Менің төртомдық болсын дегенім ескерілмей, екітомдығы шығарылды. Әрине, ғылыми түсініктермен шықты. Бірақ жұмыс әлі көп. Абайды әбден білу, жете түсіну қажет. Бүгін де бар жалған ғалымдық жаңылыстарды, бұрмалауларды түзету үшін зерттеу ғылымының өзін жетілдіру шарт. Абай: «адасқанның алды –жөн, арты –соқпақ» деген. Өмір - алдамшы. Біз бүгін қандай мемлекет құрудамыз? Идеологиямыз қандай? Халқымыздың тарихы жазылып жатыр... Кейбір рулардың өмірде болмаған батырлары ойдан шығарылып, беталды әспеттелуде. Ондайлар шын батырларды көлеңкелеп, тарихты бұрмалауға жол ашты. Мен тарихшы емеспін, алайда ұлттық әдебиетіміздің өзіміз өмір сүріп отырған дәуірдегі тарихын таза жазуға ғалым қазақ ретінде міндеттімін. Біреулер өтірікті жазады. Біреулер сол өтірікке сенеді. Біреулер жалған атаққа құмар. Сондайға жол беруіміз халықтығымызға сын емес пе?

- Сіз Абайға қатыстының бәрін білетін сияқтысыз. Бәрін болмаса да, көбін білесіз. Поэтикалық парасатты сөз әлемін Сіз жақсы көріп қана қоймай, жақсы зерттеп білгенсіз. Егер Ұлы жолбасшыңызға бір сұрақ қояудың сәті түссе, ол сұрағыңыз қандай болар еді?

- Онда Абайға қарапайым ғана сұрақтың бірін: «Сіз қалай ақын болдыңыз?» дегенді қояр едім, ал ол күліп: «Адам жүре ақын бола алмайды, ақын болып туады» дер еді.

- *Бақыт деген не? Сіз оның не екенін білесіз зой?*

- Меніңше, нағыз бақыт – еркін, азат болу, ақиқатты айту, ештеңеден, ешкімнен қорықпау. Тек осылай өмір сүру керек! Адам - осындай болғанда ғана адам!

Алла БЕЛЯКИНА,
филолог, журналшы. 2005 г.

Орысша нұсқасынан еркін аударған –
Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,
жазушы, журналшы. 2010 ж.



МАЗМҰНЫ

Хаттар Сөйлейді	5
Аңыз Адам – Ақиқат Тұлға	265

*Бұл кітаптың жарық көруіне демеушілік жасаған
қазақтың ұлтжанды азаматы, «Менау әже» қорының
президенті Өмірханов Мақсұт Асылбайұлына
«Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет
орталығы» қоғамдық қоры зор алғысын білдіреді.*

**ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ:
ХАТТАР СӨЙЛЕЙДІ**

**КАЮМ МУХАМЕДХАНОВ:
ПИСЬМА ГОВОРЯТ**

Басуға 30.10.2015 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Баспа табағы 21,0. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 989.

Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-і.
050002, Алматы, М.Мақатаев көшесі, 41 үй.